

Лаоов  
171904

МЕХТИ ГУСЕЙН


# АПШЕРОН



АЛМАТЫ • 1954








МЕХТИ ГУСЕЙН

# АПШЕРОН

РОМАН



ҚАЗАҚТЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ — 1951

ССРО Министрлер Советінің  
қаулысы бойынша  
МЕХТИ ГУСЕЙНГЕ  
(ГУСЕЙНОВ МЕХТИ ӘЛІҰЛЫНА)  
«Апшерон» романы үшін  
1949 жылы  
үшінші дәрежелі  
СТАЛИНДІК СЫЙЛЫҚ  
берілді

Дүниеде ізденбейтін пенде болмас,  
Біреулер іздер теңіз, бірі — інжу тас.

НИЗАМИ

## БІРІНШІ ТАРАУ

### 1

Көз жетер төңіректің бәрінде де шоқ-шоқ оттар са  
маладай жарқырап тұр.

— Қарашы, осы оттар туралы өзіңе айтып едім ғой,  
— деді Жәміл, жақындап қалған қаланы нұсқап.

Таирдың Бакуді ең алғаш көргені осы. Терезеге сүйеніп тұрып, ол алысқа тесіле қарап келеді.

Таир өзі туған аулы мен соған іргелес кішкене қаладан басқа еш жерде болған емес. Сондықтан да үлкен қала қаранғы тұңғыйығынан жарқыраған оттар теңізіне жүзіп шыққан сайын, оның көзі таңданғаннан шаранадай жарқырап, үлкейе түсті. Таир шыдамсызданып, әр-нәрсені тәптештеп сұрап келеді:

— Ал Қара қала қайда?.. Баилов ше?

Жәміл, өзінің бұйра шашын тарап тұрып, алысты нұсқады:

— Қара қала әнекей! Баилов әне бір жерде. Әттең, айқын көрінбей тұрғанын қарашы.

Жәмілдің жауабын немкеттіге санап, қорланғандай болған Таир жолдасының қолын сілкіп қалғанда, Жәмілдің шашын тарап тұрған көк тарақ жерге ұшып түсіп, ортасынан қақ бөлінді.

— Аһ, ғапу ет! — деп Таир өзінің қолапайсыздығы үшін кешірім сұрады да, тарақтың сынықтарын жерден көтеріп алды.

салмақпен мыйығынан күлді де, тарақтың сынығын ала беріп:

— Жолымыз болады екен, — деді. — Мұның екіге бөлінгені тіпті жақсы болды: біреуін мен алайын, екіншісін сен ал.

Поезд ойпаннан жүйткіп шыға келді де, ендігі сәтте дәрмені кемігендей бірдеп-екі баяулай түсті. Үйлердің бейнесі барған сайын анықтала бастады. Қарсы келген электр поезд пәрменімен зуылдап өте шықты.

Жыйналатын уақыт та келді. Таир тырсыйған, іші толы аспалы ала қоржынын нығына асынып алды да, Жәмiл өзінің сырланған ағаш чемоданын қолына ұстады.

— Бізге қанша уақыт керек, тәйірі! Міне, даярланып та болдық. Тігіншіге «әзірлен» десе болды, инесін өңіріне түйрей салады да, сапарға даяр бола қалады... Тек, тарақтың сынып қалғанын айтсайшы. Оған мен кiналымын, Жәмiл.

— Әй қойшы! Со да сөз болып па? Жүр, кәне!

Бірнеше минуттан соң поезд тоқтады. Үлкен қаланың кішкене бөлегі Таирдың көз алдында: электр жарығына малынған перрон жарқырап-ақ тұр, морозный тиеген кішкене арба ма, фартукты бір әйел, ішіне биік пальма егілген ағаш күбі ме керек; бір тұста темір-жолшылардың қабырғаларға ілінген үлкен портреттері, ресторан жақтан жаңғырта ойнаған музыка естіліп жатты.

Бұлар перронға шыққанда қоңырсалқын самал есіп қоя берді. Қыз-бозбаланың әзілдесе, сыңқылдасып күлгені мен жолаушылардың жүкшілерді шақырған дауыстары паровоз гудогі мен музыка үніне араласып, ұласып жатты. Бүкіл қала айқай, шуға толы, мазасыз екен деген ойға келді Таир, сондықтан ол осы сапарында адасып қалам екен деп қорқып, Жәмiлден көз жазған жоқ. Таирдың бойы үйреніп болғанша, кенеттен алуан түсті оттар зымырай жөнеліп, көк бойлап кеткенде, ол есі шыққандай селт ете қалды. Таир түйдегімен атылып, бытырап бара жатқан ұшқындарға қарады. Бейне бір соккы тигеннен есеңгірегендей, алғашқы тітіркенуден әлі бойын билей алмай тұрғанда, зеңбірек даусы қосарлана дүңк-дүңк ете қалды. Таир танданғандықтан әуеден көзін айырмай, демін анда-санда бір алып, орнында мезгілін тұрып қалған-ды. Әйтседе, ол зәулім биіктен



аккан жұлдыздай күйылыгып барып, сөніп жатқан ракетадан көзін алған жоқ. Ракета оты сөнген кезде, Таирға әуе қап-қараңғы болып көрінді. Ол сасқалақтан жолдасына дыбыс берді:

— Қайдасын, Жәмiл?

Ракеталар шоғы әуені тағы да тіліп-тіліп өтті. Таир жолдасын екі қолымен бірдей қармалап құшақтай алды:

— Немене, бұл?

Жәмiлдiң өзі де таңдана қарап тұр. Салютті вокзал жақтан оның да көргені осы. Әуеге фонтанша атылған алуан түсті, сансыз оттар бұл жерден айрықша жарқырап, анық көрінеді екен.

Үлкен бір буда жүк арқалаған жүкші, байқаусызда Жәмiлді қағып өтіп, қойнына сыймай келе жатқан қуанышын білдірді:

— Бүгін Жапонияның да шаруасы бітті!

Таир ғана емес, бұрыннан Бакудi жақсы білетін Жәмiлге де, бүгінгі кеште бұл төңіректі қоршаған нәрсеңің бәрі де — беттерінде қуаныш нұры ойнаған адамдар да, тіпті өзгеше болып көрінді. Айналаны кернеген шаттық тасқынына ел біткен елсуреі шомып кеткендей, жұрттың бәрі де бір-біріне жүрек сырын ақтарып, бар шынын айтқысы келді. Жалпыға бірдей ұлы думан қуанышта әркімнің де үлесі бар еді.

Шығырдай айналып, моншақтай шашырап төгілген қызыл-жасыл от ұшқындарынан көз алмастан Таир әлі қарап тұр. Ол салютті бұған дейін газет суреттері мен кинофильмдерден ғана көріп келген-ді, енді шын салтанатты өз көзімен көріп, ерекше сезімге бөленді. Баку туралы Жәмiлдiң әңгімесі бойынша алған әсерлерінен гөрі қазіргі көз алдында жайнаған тамаша көріністің бояуы әлдеқайда күшті екеніне Таир енді түсінді. Өзінің бойын билеп кеткен қуанышты жасыру қыйын болды да, ол өзінен-өзі күліп жіберді.

— Баку қандай тамаша! — деді ол. — Шын айтам, мен нағыз бақытты адам екенмін...

Оның соңғы сөздерін ақырғы рет түйдегімен дүңк-дүңк атылған зеңбірек даусы жұтып жіберді. Ғажайып бір зор күш Таирды құшағына орап алғандай болды. Оның күнге күйген қошқыл беті жүз құбылып кетті. Таңданғаннан шарасынан шыға үлкейе түскен қара көзінің алдында алуан түсті сәулет оттары әлі де жарқырап тұрған сыяқтанды. Ол тағы да:

— Бақу қандай тамаша! — деді. Бүкіл қала оған түстегідей тамаша болып көрінді.

Жәмiл оның қолынан ұстап:

— Жүр, жүр! — деді жетектей жөнеліп. — Бұл жерден жақсы көрініп тұрған жоқ. Вокзалдан шықсақ қала алақанға салғандай көрінетін болады.

Мұнан да тамаша көріністерді слестеткен Таир Жәмiлдің соңынан еріп, тайғақтау басқышты асыға аттап төмен түсті.

Шыныда да, Таирдың көз алдында бұрын-соңды көрмеген тамаша көрініс жайнай түсті. Вокзал жанындағы асфальттанған кең алаң айнадай жарқырайды, оған тете сквердің кішкене қоршауын айнала сығылысып жеңіл машиналар тұр. Биік вокзалдың маңдайын жарқыратқан оттар жарығына шағылысып, ол машиналар жалт-жұлт етеді. Таир кілт тоқтай қалып, төңірегіне жалтақ-жұлтақ қарады. «Бақудің әрбір тұрғын адамына бір-біреуден келетін шығар, сірә!» — деп ойлады ол, төңірегіндегі алуан түрмен боялған, сансыз машиналарды көзінен өткізін тұрып.

Жарығымен Таирдың көзін шағылыстырып, алдын кесе зулап өте шыққан екі машина, алаңды бір орап барып, әлгі машиналардың қатарына тоқтай қалды. Алаңда жүріп келе жатқан Таир бірнеше қадам аттап үлгірмей-ақ, оның қарсы алдынан тағы да бір жабық машина әлсін-әлі дыбыс беріп, тормозын сықырлата барып, кілт тоқтады. Машина кабинасынан, негр сыяқтанған қап-қара, бұйра шашты шофердың басы жылт ете түсті.

Ол даусы қырылдап:

— Әй, құлағыңа мақта тығып алғанбысың? — деп зекіді.

Жәмiл өзінің досын қолтықтай алып, сүйрелей жөнелді:

— Саған айтып жатыр! Аулаққа шығайық!

Таирдың маңдайынан тер шып ете түсті.

— Оңбағыр мына шамдар көзіме түк көрсетпей қойған жоқ па... — деді де, «ұялған тек тұрмас» дегендей, сасқан пішінін сездіргісі келмегендей маңдайындағы терін сүртті. — Ойбай-ау!.. Мына жерге дүниедегі бар машина жыйналыпты ғой!..

Жәмiл күлімсіреп, Таирға шекесінен қарады.

— Бұл түк емес қой, тәйір! — деді ол. — Соғысқа дейін бұдан он есе көп болған-ды!

Екеуі тротуарға шығып, трамвай тоқтайтын жерге қарай аяндады. Әйшекттей жалтыраған асфальт бетінде сансыз машина дамылсыз заулап, жұлдыздай ағып жағты. Кең тротуарлар жұртқа лық толы, жып-жып етеді. Жәміл мен Таир трамвай тоқтайтын жерге де келіп жетті.

Қалтарыстан оты жарқырап трамвай да көрінді. Орағыта егілген сквердің қоршауын жағалай түскен темір жолмен вагондар жылжып келе жатты; трамвай айдаушы жолды асықпай кесіп өтіп жатқан адамдарға белгі беріп, тынбастан қоңырау соғып келеді.

— Бізге осыған отыруға да болар еді, — деді Жәміл, трамвайды көрсетіп, — бірақ та мұнымен ұзақ жүру керек, және де бұл біздің көруімізге тиісті тамаша жақсы көшелермен жүрмейді. Кішкене күте тұрайық, қазір басқасы келуге тиіс...

Әр тілде сөйлескен жұрттың даусына құлақ салып, асыға басып жанынан өтіп бара жатқан қыз-бозбаладан көзін айырмай Таир қарап келеді. Олардың сынқылдаса күлісіп, жарқын-жарқын сөйлескен дауыстары Таирдың құлағынан кететін емес.

— Жәміл, сеніңше, Бакуде қанша адам тұрады? — деп сұрады ол.

— Қанша дейсің? Соғысқа дейінгі шамасы...

— Миллион шамасы болған шығар... — деп Таир оның сөзін бөліп жіберді. — Я, я, есіме жаңа түсті. Мектепте өзіміз де оқығанбыз...

Трамвай тоқтайтын жерде жұрт көбейіп, молая берді. Адамға лық толған үш вагонның үшеуі де гүл еккен скверді жағалай айналып, темір жолмен сырғый жөнелді. Олар көзден таса бола берген кезде, айналмадан тағы да бір трамвайдың оты көрінді. Таир алыстан-ақ вагон «маңдайында» көзге анық шалынған «үштік» цифрды көрді. Бұл оған өрескел көрінгендей боп кетті.

Ол Жәмілден:

— Әлгі кеткен тап осы емес пе еді? — деп сұрады.

Жәміл қасындағы жолдасының қалаға жаңа келгендігін өзге жұртқа білдіргісі келмей:

— Жоқ, бұл емес, екеуінің номері бір де, бағыты екі басқа... — деп, жайлап қана жауап берді.

Жәмілге ілесе Таир вагонға кірді. Ол нығындағы қоржынын алып, Жәмілдің чемоданы жатқан трамвайдың

артқы бұрышына қойды. Халық көп, сығылысып тұр. Вагон іші әрі тығыз, әрі қапырық.

Жәміл сыбырлағандай жай ғана сөйлеп, жолдасына түсінік беріп тұр:

— Жұрт кино, театрларға асығып барады... Қазір Бакудің ең жақсы кезі. Жазғы театрларда ине шаншар бос орын болмайды...

Таир жанқалтасынан қол орамалын алып, шып-шып терлеген маңдайын сүртіп тұрып:

— Жұрт ыстықтап қайда барарын білмей отырған шығар, — деді.

— Сентябрь айында мұнда бұдан әлдеқайда салқын болады. Бұдан екі — үш апта бұрын осында керемет ыстық еді, асфальтты бассаң табаныңды шоқ қарығандай болатын...

— Сондай-ақ шыжғырған ыстық болды ма?

— Не дегенің!.. Сеніңше қалай, барлық жерде де біздің ауылдай деп ойлап па едің?.. Ауылдың тұрған жері әрі биік те, әрі жан-жағынан самал соғып тұрады ғой... Жоқ, баурым, мұнда олай емес... Теніз шалғай жатса, мұнда тұру өте қыйын болар еді...

Таир өз құлағына өзі сенбей тұр. Таңданғаннан қабағы түйіле қалғанда, екі қасының арасы да жыйрыла қалды. Досының жүзіндегі мұндай өзгерісті өзіне жорыған Жәміл тынышсыздана бастады: «Бұл туралы ертерек неге айтпады екен, деп Таир маған ішінен ұрсып тұр-ау»... Осындай ойға келді де, ол дереу серпіліп:

— Бірақ үнемі мұндай бола бермейді, — деді. — Ыстықтан не қыларыңды білмей тұрасың ғой... Ст-жалынға іліккен екем дейсің... Кенеттен жел соғып, қоңырсалқын бола қалады... Онан кейін тіпті бешпетсіз сыртқа шығады екенмін деп ойлама да!..

Гүлдерінің бірде-бір жапырағы селт етпей тыныш тұрған сквер кейінде қала берді. Трамвай жүрісін шапшаңдатты. Ол енді октай тұзу, кең, ұзын көшемен зырлап ала жөнелді. Көшенің екі бетінде қызыл жалаулармен әшекейлеген неше қабат үйлер тізіліп қалып жатты. Үйлердің маңдайларында Отан соғысы батырларының портреттері ерекше көз тартады. Көше шам-шырақтары біріне-бірі шағылыса жалқын атып, Таирдың назарын алыстан-ақ тартып әкетті.

Азербайжанда совет өкіметінің орнатылу құрметіне бұл көше «28 апрель көшесі» боп аталған-ды. Қазір бұл

арада жұрт көп, ың-жын еді. Таир Жәмилдің сөздеріне құлақ түре тұрып, биік үйлерге көз салып, ұрыс майданында даңқын шығарған адамдардың бейнесін мәңгі есінде сақтағысы келгендей, Батырлардың мандайшаларда ілулі тұрған портреттеріне тесіле карап келе жатты. Бірақ трамвай барған сайын ілгері зырлап кетті де, Таирдың көз алдынан нешәтүрлі жаңа суреттер бірінен соң бірі өте берді...

Көшенің бір бұрышынан солға бұрыла беріп, трамвай жүрісін бәсеңдетті. Оң жақ бұрышта ашық қоңыр бояумен мәнерленген әдемі үй көрінді. Сол үйдің электр жарығына малынған үлкен вестибюлінде бейне шайқалған теңіздей толқындалған адамдар көрінді. Таирдың көзі бадырая қалды.

— «Низами» кинотеатры, — деді Жәмил, әлгі үйді нұсқап. — Мұның суретін газеттерден көрген шығарсың-ау?

— Көруін көрдім-ау, — деді Таир, киноның есігінен көзін айырмастан, — әйткенмен, осынау көріністің барлығын суретте көрсету оңай болып па?

— Жаңа фильм көрсетіп жатқан болар, сірә. Бүгін билет алу кезкелген жылмуырын жігіттің қолынан келе қоя ма... Апыр-ай, үй қандай тамаша? Бүкіл қаланың сәні ғой!..

Трамвай тағы да кең көшеге түсті.

— Мынау Киров атындағы проспект. Ал анау, — деп Жәмил, ағаш еккен алаңды нұсқап алдына қолын сілтеді. — Жыйырма алтының алаңы. Онда Шаумян мен Азизбековтың, Фиолетов пен Джапаридзенің ескерткіштері бар. Бұлар даңқты батырлар болған!.. Ағылшындарға Бакуді бермеу үшін, өздерін ажалға қыйған олар... Ескерткіштердің қарсы алдында пионерлер Үйі бар.

— Пионерлер Үйін дел әскерткіш тұрған жерге салғаны несі? — деп сұрады Таир.

— Оның мәнісі, — деді Жәмил, — пионерлер өз клубына келген сайын ескерткішті көріп, жыйырма алты комксарды еске түсіретін болсын дегені. Балалар социализмнің өзінен-өзі құрылмағанын, ол үшін талай адамдар өмірін қыйғанын білсін деп орнатқан ғой...

— Балаларым-ай, олар адам болғанда қандай еді! — деп, үстіне кенеп шалбар, кенеп камзол киген, шамасы жетпіс жастағы, толықша келген салдарлы карт адам

сөзге араласа кетті. — Я, жыйырма алты комиссарды айтсаңшы, сабаз!.. Олармен бірге майданға түскен біз де аз емес едік. Біздің арамыздан қаза тапқандар да көп болды. Тарихи замандар гоі о бір, данқты, тамаша уақығалар да аз болған жоқ-ты.

Сыртқы түрі мұғалімге ұксас қарт, бүршікті жуан таяққа сүйеніп, Таирға жақын тұр еді. Ол жеткіншекке мейірбандылықпен сүйсіне қарайды. Қарт ойының шығандарды кезіп, алысты қармап тұрғанын аңғару қыйын емес-ті. Оның көз алдында мәңгіге ұмытылмас 1918 жыл уақығалары тізбектеліп келе қалған-ды.

— Балаларым, сонау бір өткен күндердің данқты тарихын үйреніңдер!.. — деді ол, бәсең дауыспен, басы болар-болмас қалтаңдап. — Бұл қаланың әрбір қышы, дәл осы жердің әрбір бөлшегі қаһарман ерлердің қанына боялғанын сендер білуге тиіссіндер...

Қарттың еркін сөйлеген сөзінен оның жай кісі еместігін байқады Жәміл.

Ыңғайлы бір кезін тауып:

— Ал өзіңіз кім боласыз? — деп сұрады Жәміл.

— Мен, балам, сол естен кетпес күндердің тірі куасімін... — деді қарт, даусын өзгертпестен. — Ол кездерде мен Баилловта жұмысшы едім. Ал қазір пенсионермін... Балаларым жұмыс істейді, өзім болсам соларға қараймын да, шүкір етіп, қуанам...

— Ата, сіздің балаларыңыз қандай адамдар?

Қарт дәл осы сұрақты күткендей-ақ, қолын орағыта бір сілтеп тастап:

— Бакуді көзінің қарашығындай кім қорғаса, менің ұлым да сол, — деп жауап берді де, есікке қарай қадам басты. — Міне, мен де келіп қалыппын... Қош болыңдар, достарым... Артық айтқан сөзім болса, мендей кісіге сын тақпасыңдар...

Ол алға қарай жайлап жылжып барып, трамвай тоқтаған кезде түсіп кетті. Таир қарттың әрбір қыймылынан көз айырмай қадала қарап қалыпты. Алыста калған жарқын күндерін есінен шығармай, сонымен жаны рақат тапқан осындай адаммен ойда жоқта кездесу бала жігітке ерекше әсер етті.

— Қарттың әңгімесі көп шығар, — деді Жәміл, өзінің жуан таяғымен тротуарды тықылдатып, жайлап басып кетіп бара жатқан қартты көз қырымен шығарып салып. — Уақыты болса талай кепті шертер еді-ау. Мұн-

дай адамдар Бакуде жетіп жағыр. Біздің Рамазан ұста да тап осындай кісі...

Қаз-қатар жарқыраған терезелер де, жалпаулар мен плакаттар да, мейрамдағыдай сонді киінген адамдар тобы да Таирдың көңлін енді аударма алмады. Ол тек қарт туралы, оның ойлы көздері, орнықты жүріс-тұрысы, қыймыл, келбеті туралы ойлады; оның ақыл айта сөйлеген қоңыр даусы Таирдың құлағында ызындады да тұрды.

— Таир, біздің Бакуді көзінің қарашығындай сақтаған, міне, осы адамдар! — деді Жәміл.

Екі дос үндеместен келеді. Трамвай дөңгелегі айналған сайын Таирдың көзіне Баку өсіп, үлкейіп бара жатқандай болып көрінді; құдіретті бір ағын оны жағадан жұлып әкетіп, тұңғыйық теңіздің дауылды толқынына сүйрелеп алып бара жатқандай. Алып қаладан алған алғашқы ғажайып әсерлерін жеткізіп айтуға тілі жетпейтінін Таир түсінді. Я, Жәміл дұрыс айтады: «Баку жайын тілмен жеткізе алмайсың, — деді гоі ол, — оны өз көзіңмен көру керек».

Жәміл кезекті демалысын өзінің туған аулында өткізген. Келген бойда туған-туысқандарымен көрісіп, амандық алысты да, сол күні-ақ Таирға барғанды. Таир оның бала шағындағы досы болатын. Екеуі жұбын жазбай бірге өсті, бірге оқыды, балалық шақта ғана болатын ерекше татулық екеуін айрылмастай дос еткен.

Таирдың анасы Гүлсәнім, бір қатарлы тас үйдің террасында тұрып Жәмілді қарсы алды.

— Есен-саумысың, күнім! — деді Гүлсәнім бала жігіттің сәлемін қош алып. Ауылдан кеткеннен бергі бір жыл ішінде Жәмілдің өсіп, жігіт болып қалғанын байқады да, қуана тұрып тағы да: — Баку саған жаққан екен, қалақам, бетіңнен жарылқасың, айналайың!..

Алақанымен жағын сүйеніп, басын бір жағына қыйсайтып тұрып, Гүлсәнім Жәмілге мейрімдене қарады. Досының анасын бұрынғы таныс үйінде көріп Жәміл де рақаттанғандай болды, жанары жарқырап шыға келді. Ал Гүлсәнімге Жәміл алыс сапардан жаңа ғана қайтып келіп тұрған өзінің туған ұлы Таир сыяқтанып кетті.

Жәмілдің кең кеудесін жапқан мол шымқай қызыл галстугі қаны тамған шырайлы бетіне үйлесе қалыпты. Оның үстінде жақында ғана өтектелген қаракөк шал-

бар, қара жолақ ақ көйлек бар-ды, көйлегінің сыртынан белін жіңішке белбеумен буыныпты. Өткен жылға дейін ұстара көрмеген ұлпа жағы, негі ұстарамен теп-тегіс боп қырылған, ал жоғарғы ернінде ұстара ізі түскен жіңішке мұрты көмескілеу ғана қарауытып тұр. Жылтылдаған кішкене қара көздері бұрынғысынша күлім қағады.

Ол әйелге қолын соза беріп:

— Гүлсәнім апай, Таир қайда? — деп сұрады.

Таирдың шешесі сүйгісі келіп, жақындап келе жатқанын сезген Жәміл басын қыйсайтып, бетін тоса қойды. Гүлсәнім оның мойнын құшағына орап алып, сол жақ бетінен құшырланып тұрып сүйіп алды да, өзінің күсті алақанымен бала жігіттің маңдайын, бұйра шашын сыйпады.

— Анаңды сендердің алдарыңда алсын да, балам! — деді Гүлсәнім. — Таир таң саз беріп келе жатқанда кетіп еді, қайда жүргені белгісіз.. Жаңа бір зурешілігі бар.. Аң аулайды!..

— Өндіремі бар ма, сірә?

— Өндірмегенде ше! Бірде қырғауыл, бірде кекілік атып әкеледі!..

Бакуден аулына келгенше Жәмілден бір ой кеткен жоқ-ты, осы ойын ол Гүлсәнімге айтуға бел бұды.

— Мен Таирды ертіп әкету үшін келдім, — деді ол, өзінің пікіріне қосылар-қосылмасын білмеген солқылдақ дауыспен.

— Ай, білмеймін-ау! — деп жауап қайырды Таирдың анасы, төмен қарап. — Заман солай болған-ды, үйде отырғасы келгендерін көрсеңші, сірә.. Барлығыңды да дедектетіп тартып әкетіп бара жатқан бір Баку. Таирдың өзі де бірнеше рет айтқан-ды — жолдастарының барлығы да кәсіпшілікке барып жатыр, олар көзді ашып-жұмғанша даңқты еңбек ерлері болып шыға келеді!.. — дейді де, газеттерді аударыстырып, ойға шомады да отырады. Оның не ойлап жүргенін кім біліпті.

— Өзі тез қайтар ма екен? — деп, Жәміл тақтақ жолға қарады.

Тау үңгірлерінен шыққан жол жыланша иреңдеп биіктерден қасқайып асып келеді де, ауылды жарып өтіп, бір дөңнен құлағанда көрінбей кетеді. Көз ұшында соңынан кішкентай вагон қорабтарын сүйреткен паровоздың ақ түтіні көрінді: паровоз гудогі әрең-әрең естіліп тұр. Күдістенген темір жол жотасының арғы жағынан кең жа-



зықтық анылды. О жерден де, бұ жерден де қаракөк құрақтар арасынан кішкене көлдер айнадай жарқырап көрінеді.

— Ол анау жерде болуы керек, сірә, — деді Жәміл көлдер жақты нұсқап. — Әйткенмен, үйрек, қаз аулаудың кезі ме қазір?.. Өзі жаяу кетті ме, әлде астында аты бар ма?

— Салт кеткен, балам. Бір ұзын арқан да ала кеткен. Оны неге бола әкеткенін білмеймін... Қанша сурасам да айтпай-ақ қойды. Оның қандай қасарма екенін білесің ғой? Ал, балам, үйге кірмей тұрғаның қалай, төрлет, отыр. Қайда жүрсе де ол енді кешікпей қайтуға тиіс.

Кең жазыққа ойлы көзбен қарап тұрып, Жәміл: «Арқанның не керегі болды екен?» деп ойлады. Ол шыдап отыра алмай үн қатты:

— Апай, Таир осы қарақұйрық аулауға кетпеді ме екен?

Таудың терең сайынан бір салт атты шыға келді. Жәміл алақанын көлегейлеп, кішкене көзін онан сайын қыса түсіп алысқа қадалып қарап қалды.

— Соның өзі болар, сірә. Бір нәрсені тақымына қысып алған тәрізді...

Гүлсәнімнің қошқыл жүзі күңгірттеніп жүре берді.

— Одан нені болса да күтуге болады.

— Қазір қарақұйрық аулауға ертерек қой, — деді Жәміл, күдіктене сөйлеп: — Жақындасын — көреміз, мүмкін, тіпті қарақұйрық емес шығар...

Салт атты жақындап келеді. Енді ап-анық көрінді — ердің қасынан асыра көлденең сұлата салған аңы бар екен.

Жәміл ойлы пішінде:

— Я, апай, анық қарақұйрық екен, — деді.

— Өз баламның қолынан не келетінін өзім білмегенде кім біледі... Ол ешқандай тыйым салғаннан қорықпайды.

Жылмаңдаған тор байтал лезде-ақ құйғытып көшеден шыға келді. Әр тұстан арсылдап шыққан төбеттер дүрмегімен салт аттының соңына түсті. Қарақұйрықты тезбе-тез өз нығына асылдыра салып алып, Таир екі аяғымен бірдей ердің үстіне тіп-тік тұра қалды да, атына камшы басты.

— Ой, ана оңбаған неменің қылығын қарашы!.. — деді, үрейі ұша қалтырап кеткен Гүлсәнім. -- аяғы та-

йып кетсе болғаны, төбеттер ғой оның тамтығын қалдырмайды...

Торы байтал құйғытқан күйде бір қалтарыстан көрінбей кетті. Иттер жайларында қалып қойды.

— Алай, Таир жақсы атты әскер бола алады, — деп Жәмiл досын амалсыз мақтады. — Қарақұйрық, сiрә, онша үлкен болмауға тиiс. Әйтпесе Таир ер үстiнде табан тiреп тұра алмаған болар едi ғой...

— Ой, шырағым-ай!.. Сен оны әлi бiлмейсiң ғой... Оның шығармайтыны бар ма! Сөздің шыны керек, сенiмен бiрге кеткенi маған тыныш болар едi.

Торы байтал көршi шарбақтың деңгейiнен зулатып өте шықты да, көздi ашып-жұмғанша террастың алдына келiп, қаққан қазықтай дiк етiп тоқтай қалды.

— Мәссаған!.. Жәмiл келiп қалған ба?.. Саламатсың ба, досым, саламатпысың! Мұнай кәсiпшiлiгiнiң даңғы батырына колхозды ауылдың ержүрек ұлынап сәлем! — деп Таир өз досын көтерiңкi көңiлмен даурыға сөйлеп қарсы алды.

Қарақұйрықтың арқанмен маталған тiрi лағын қолына ұстаған бойы, ол аттан қарғып түстi. Қарақұйрықтың лағын шидей аяғынан тiк бастырып жерге қойып, арқанның бiр ұшын белбеуiне қыстырды да, Таир құшағын жайып, Жәмiлдi қапсыра құшақтай кеудесiне қысты.

— Қош келдiң, Жәмiл! Қарақұйрық етiнен жасалған майлы шашлықтың күткенi де қадiрлi қонақ болар!..

Осыдан соң Таир қарақұйрықты террасқа шығарып, бұрышқа байлап тұсады. Кiшкене айуанат мөлтендей қарап, қарақаттай көздерi жаудырап тұр; сәл ғана сытыр бiлiнсе-ақ дiр-дiр қалтырап кетедi. Тағы ешкiнiң үрейi ұшқан лағы бұрышқа тығыла түсiп, мұнды көзiн алысқа, сонау қыяларға қадайды. Кiшкене мақлұқты қыйнамай босатып жiберуге досын көндiрем деп Жәмiл соншама күш салса да, Таир өз дегенiнен таймады. Ол жанқалтасынаң үлкен шаппа пышағын суырып алып, жалаң-жалаң еткiзiп:

— Соямын, калай да соямын! — деп дiкеңдеп тұр.

— Сойма... Мүлде балапан ғой!—деп өгiндi Гүлсәнiм, аянышты дауыспен. — Мұның етiнде қандай дәм болмақшы?..

Бiрақ Таирды көндiру оңай болмады. Ол қайрақ тауып алып, шаппасының жалпақ жүзiн қайрап отырып:

— Апатай-ау, — деді, — қонағымның кім екеніне қарасайшы! Осындай сыбағалы қонақасыдан қонағымды қалайша құр қалдырам! Жоқ, қалай да соямын!..

— Досым-ай, өзің, шыныда, пағыз қасарма екенсің, — деді Жәміл. — Тап маған бола сойғың келсе, мен мұнына риза емеспін, рахмет... Сен өзің анау бишараның сыйқына қарасайшы...

Шидей аяқтарын алма-кезек көтеріп басып, қылдай жіңішке мойнын жоғары созып, кішкене мақлұқ танауы желпілдеп солқ-солқ дем алып тұр. Көздерінде үрей, аянышты қайғы дағы бар. Таир да аяп кетті білем:

— Жарайды, сендердің дегендерің-ақ болсын, еркіне жіберейін! — деп ризалық білдірді. Қайрақты аулаққа лақтырып жіберіп, шаппа пышағын жауып қалтасына салып алды. Сөйтті де, ол столға жақындап келіп, досының қасына отырды. — Ал, әңгіменді айта бар: Бакуде не жаңалық бар? Саған батыр атағын қашан береді?

— Ол менің қолымда емес қой.

— Бәрі де адамның өзінен! — деді Таир, қолып сермеп тастап. — Білесің бе. Жәміл, шыны айтқанда, мені бір нәрсе солай қарай жетектейді де тұраты. Теңіздегі бұрғылау туралы мен көп оқыдым. Өзің жұмысты сонда істейсің ғой, солай емес пе? Теңізде жұмыс істеу жақсы ма, қалай? Менің қолымнан келер ме еді?

— Бастапқыда мен де жұмысқа онша ынталы болмадым, ал қазір ықласымның құлағандығы сонша, тілті. Бакуден шыққым келмейді. Теңіздегі бұрғылау дегенің, баурым, өзгеше бір дүние ғой!..

— Ондай іске мені қабылдар ма екен? — деп Таир тағат таппай шыдамсыздана отырып, досына шүбәлі көзбен қарады.

— Қабылдамағанда қайтуші еді? Жұмысқа ынтамен келген кісіні бізде өте бағалайды...

— Олай болса, мәселе шешілді. Мен барамын, Жәміл! — деді Таир, шорт кескендей қолын тағы да сермей түсіп.

Гүлсәнім террастың басқа бір шетінде, ас әзірлемекші боп от жағып жатыр еді, баласына мойнын бұрып ашулы көзбен бір қарап қойды. Гүлсәнімнің назарын екеуі де байқап қалған-ды. Екеуі де «ай, жібере қояр ма екен» деген ойға келді.

— Қабағыңды түйін, сонша неге ренжідің, ана? — деп сұрады Жәміл.

— Ешбек Ері атағын осында жүріп алуға да болады, — деді ана. — Мұның ешқайда сыйысуы қыйын болар!

Таир мүдіріп қалды. Өзінің қысылғанын досына байқатқысы келмеген ниетпен апасына ренішті бір сұрақ қойды:

— Мен нені бүлдіріппін, сонша?

— Бүлдіргенің аз болды ма? Анаған бір, мынаған бір соқтығасын... Председательдің тісін қайрап жүргені анау. Бригадир болса, сен туралы айтпайтыны жоқ...

— Председатель тісін қайраса, ол өз атын маған неге берді?

— Берсе сенің әкеңнің беделін сыйлағандықтан ғана шығар, — деп жауап қайырды Гүлсәнім.

Ол баласына қарамастан, қазандыққа еңкейіп, отты үрлеп жатты. Ал Таир алақанымен екі тізесін соғып қалып, өзін ақтай бастады:

— Атыңнан айналайын, Жәміл-ау, бұл кісі маған жақсылық ойлағысы келмейді! Құлағымның етін жеп болды мұқым. Сондағы айтатын сөзі біреу-ақ! «Ешкімді сынама, өзіңе сор тілеп алма!» дейді. Ал, шындығында, маған тағатыны кіна дерлік жай емес мүлде. Бір күні мен тақпақ өлең шығарып, сазыма қосып клубта айтқанмын. Өлең председатель мен бригадир туралы болатын, бірақ олардың көңліне ауыр алғандай ештеңесі де жоқ еді...

— Не деп сынап едің?

— Сынарлығы болған соң сынадым да! Білесің бе, жақында бізде комсомол жайыналысы болып өтті. Сол жыйналыста мен, бүкіл ауыл, селолардан мұнай кәсіпшіліктеріне жастардың кетіп жатқанын айттым. Жұрт өздігінен, өз ынтасымен барып жатыр... Біз ғана артта қалуға тиісіміз бе? Осыны естіп председатель іле-шала біздің үйге шапқылап жетіп келіп, маған әкірендесін-ай: сен менің кадрларымды ыдыратқалы жүр екенсің, ойлағаның достық емес, қастық екен дей ме-ау, тағы да әлдеқайдағыларды қабаттап соғып жатыр. Ал мен оған сасқаным жоқ: «Мұрат ағай, — дедім, — мұнай да біздің өз ісіміз емес пе? Өзіміздікі! Соғыс кезінде мұнай кәсіпшіліктерінде жұмыс қолы азайды ма? Азайды! Біз Бакуге көмектесуге тиіспіз бе? Тиіспіз! Біз көмектеспегенде, мұнайшыларға енді кім көмектеспекші?» Ал содан кейін

мен осы туралы тақпақ өлең айттым. Жәміл, менің осыным дұрыс емес пе, өзің айтшы?

— Мың мәртебе дұрыс! — деп жауап қатты Жәміл. — Қазір мұнай кәсіпшіліктері жұмыс қолына өте қат!

Гүлсәнім колхоз председателін жақтады:

— Жұмыс қолы мұнда да керек... Баку мұнай берсе, біз ет пен сүт, май береміз...

— Тыңдашы, апа! Ет пен май менсіз-ақ болады ғой... Мысалға өзіңді-ақ алайықшы. Сен өзің сауыншысың, сауыншы болғанда да таңдаулысың... Колхоз сыйырларының бәрін өзің сауып үлгіріп жүрдің ғой? Ал шөп шабұды алсақ, менен басқалары да жетіп жатыр. Тоқетерін айтқанда, мен кетем, бітті, сөзім осы!..

Осыдан кейін, Таир мен Жәміл күн сайын кездесетін болды. Таир Баку жайында әбден қанған соң, жол жабығына кірісті.

Баласын өз дегеніне көндірем деген Гүлсәнім әрекетінен ештеңе де шыққан жоқ. Екі аптадан кейін Таир Жәмілге ілесіп сапар шеккен-ді.

## 2

Жас жұмысшылар жатақханасында таңертең ерте оянған балалар терезе алдында жанып тұрған фонарь жарығында, бір керуетте айкасып ұйқтап жатқан Таир мен Жәмілді көрді. Вокзалдан кеш келген екі дос жұрттың ұйқысын бұзғысы келмей, екеуі Жәмілдің қойкасына жата кеткен-ді.

Жас қонақтың кім екені, қайдан келгені туралы балалар өзара сыбырласып, сөйлесіп отырды. Жүзі күнге күйіп қошқылданған, егеудей қара шашын артына қабырған, жалпақ бетті, дөң маңдайлы, жоғарғы еркіне жақадан тебіндеп мұрт шыға бастаған Таир ақ одеял үстіне қолын айкастыра салып, ұйқтап жатыр.

Балалар біресе Таирға, біресе оның терезе алдында жатқан кішкене қоржынына қарайды. Қойкасы Жәмілдің қойкасымен қатар тұрған, тығыншықтай қара жігіт қана Таирдың өзінен гөрі қоржынына тесіле қарап қалған. Бұл жігіттің тамақсау, ашқарақ екенін, барлығы да жақсы білетін — ол буфетке елдің бәрінен ерте барып, бәрінен соң шығатын. Өзі жұмыстан кеші қайтып, буфет жабылып қала қалса, ол жолдастарының кішкене тұмбаларынан жейтін бірдене іздеп, ұдайы шарлаумен болатын. Ештеңе табылмаған күнде, қойкасына сұлай кетіп,

түні бойы дөңбекшіп, қаршы сыйпалап, уйлен шығатын. Оның ашқарақтығына балалар баспаққыда күліп жүрді де, кейіннен үйреніп кетті.

Біржыя күліп отырып, оның көбіне айтатыны астың жайы болатын:

— Тамақты көп жеуге мені шешем үйретті, бауырларым. Бала кезімде бір нәрсені тауыса ішіп, жемесем, ол мені жақсылап тұрып соғатын, сондықтан мен қазір, қандай жағдайда болса да, тастан жұмсақ нәрсенің бәрін қылғып жіберуге даярмын. Шынып айтқанда, мен жалаңаш жүруге бармын, бірақ аш жүре алмаймын. Сондықтан да қолыма ақша түссе-ақ бірден тамаққа жұмсаймын. Ал менде жейтін тағам табыла қалса, кім, алғысы келсе де ала беруіне болады. Сендерден мейлі тәтті, мейлі ащы болсын, жейтін бір нәрсе көрсем де қағып әкете берем.

Жәмiл онымен тату дос болып жүрді. Оның шын аты ертегіде айтылатын Самандар<sup>1</sup> дейтін құс атымен аталса да, Жәмiл оған «Мешкей» деген ат қойды.

Бір күні Жәмiл жатақханаға жаңа сатып алған кітаптарын алып келген-ді. Самандардың көзі шатынап:

— Мұның не, қымбаттым! — деді. — Ақшаны босқа шашуға дегің қалай шыдады? Кітапқа ақша шығара ма екен?

Жәмiл Самандардың бар сырын ашып берген мұндай аңғырт сөзге мыйығынан күлді де, кітапты терезе алдына ұқсатып жыйнап қойды.

Сол күннен бастап Самандар жолдастарының кітап оқуға деген ынтасын талай рет кiналады. Бірақ оған қараған ешкім де болған жоқ, — техникалық кітаптар, романдар мен өлең жыйнақтары көбейе түсті.

Жас жұмысшылар кәсіпшілікке ертемен кетеді, техминимум оқуынан қолы босаған кешкі уақытта олар үнемі кітап оқиды; ал Самандар, кітаптың беттерін лажсыз аударыстырып отырғанында да ойы тамақта болатын.

Қазір оның Таурдың қоржынына сұқтана қарап тұрғаны да сондықтан.

— Мен мына қоржынды ақтарған болар едім, әттең, тек Жәмiлдікі емес, анау жас жігіттің қоржыны ғой деп қорқып тұрмын.

<sup>1</sup> Екібасты самұрұқты айтады, (Аударушының ескертуі.)

Самандардың ойын басқа жаққа аударғысы келген бір жолдасы:

— Шыда, достым, Одан да жуынуға барайық. Оған дейін Жәміл де оянады ғой, — деді.

Олар өздерінің бас жағында ілулі тұрған сары жолағы бар ақ сүлгіні алды да, шығып кетті.

Көріктен жаңа ғана балқытып шығарылған дөңгелек жалпақ темір сыяктанып, теңіз жиегінен жаңа көтеріліп келе жатқан күн көзі терезенің көкшіл әйнегіне сәулесін нашыратты.

Жәміл күн шыға тұруға, әлдеқашан-ақ дағдыланған-ды. Ол жаңа шыққан күн сәулесі бетін шарпығанда оянды да, іле-шала көзін ашты. Ұйқылы көзімен қасындағы койкаларға қарады да, Самандар көзіне түспеген соң, ішінен бір нәрсе ойына түсіп, езу тартты: «Нәлесін қара сен, менің тұрып кетіпті-ау». Ол орнынан ұшып тұрып, жалма-жан киінгісі келді де, бүгін демалыс екені есіне түсе кетті; ол енді терезе алдынан өзінің демалыста болған екі апта ішінде жыйналып қалған буда-буда газеттерді алды да, бірінен сең бірін тездете қарай бастады.

Жәміл әдеті бойынша Бакуге алғашқы келген күннен бастап, өзі жұмыс істейтін трест туралы хабар, мақалаларды іздестіріп жатыр. Ол хабарларды оқығанда Жәміл үнемі қабағын шытып, жақтырмаған пішінін көрсететін, — трестегі бұрғылау жұмысының артта қалғандығы, оның өз басының қайғысы есепті намысына тигендей болатын. Ал бұрғылаудың артта қалу себебін Самандар өзінше түсіндіреді. Жолдастық бәсеке кеңестерде Жәміл Самандарды надансың деп сөгетін болса, Самандардың үнемі айтатыны бір сөз — бұрғышылардың орасан көп уақыты кітап оқуға кетеді. Кейбір қызған кездерде Самандар, тіпті, бұрғышылардың ісі өнбейтін себебі сол деп өңештейтін. Бірақ Жәміл дәлелді өткір сөз айтып тастаса, келісті жауап таба алмай қалармын деп сескенген Самандар қаперсіз ысқырып, мәселені біттіге санаған түр көрсеткендей маңызданып бөлмеден шығып кеткенде, бәсеке әңгіме де аяқталатын-ды.

Алайда, бұл бәсеке олардың достығына бөгет болмады. Екеуі қаншама керілдескенмен кешке ұйқтар алдында татуласып жататын; Жәміл не бір жылы сөз айтып, не күлімсіресе, немесе Самандар өзінің быртылған алақанымен Жәмілдің жауырынынан қағып қойса болды.

әкпелері ұмытылып кетуші еді. Келесі керіскенше екеуі тату-тәтті болып кешкі оқуға, ойынға, сауық кеш болатын мәдениет Сарайына бірге барып жүреді, немесе теңіз жағалап қыдыруға бірге шығады.

Кей-кейде Жәмілдің менмендігі басым түсіп, бір араздаса қалса, екеуі көпке дейін татуласпай жүретін. Бірақ бұл өте сирек болушы еді. Мұндай жағдайда екеуінің жүзінен де реніш көлеңкесі кетпей, тұнжырап жүруші еді. Екеуі де төсекте жатып алып дөңбекшіп, көпке дейін ұйқтай алмайтын. Түннің бір уағында Жәміл ақыры тіл қататын:

— Білесің бе, Мешкейім, сен бар ғой, нақ түйе сыяқты ашушансың. Мен қасарсам сенің менен де өткен қасарма болғың келетіні қалай?

Самандар оншалық менмен емес-ті, бірақ қандай болса да, өзіне біреудің зәбірі өтсе кектесе білетін. Достық бір-бірінің артық айтқан сөзін кешіруді ғана емес, сонымен қатар, бірін-бірі сыйлауды талап етеді деп санайды ол. Шынында да, солай болып шығатын. Олардың екеуі де мұнай кәсіпшілігінде бірге жұмыс істеген күнінен бастап, бірге тұратын дәл осы бөлмеде басталып, барған сайын нығая түскен айрылмас достығын жүректерінің терең түкпірінде сақтайтын. Бұл достық жүректерінің терең түкпірінен қалайша өшпес орын алғанын, мүмкін, олардың өздері де сезбей қалған шығар.

Жәмілге қарағанда, Самандар әлдеқайда қарапайым, ақкөңіл, жолдастарынан ештеңені де бүкпейтін. Ал Жәміл өзінің ішкі бір сырын бар жолдастарынан жасыратын. Оның соншама жасырып жүрген құпиясы — теңіз бұрғылау буровойында телефонистка болып қызмет істейтін Ләтифаны сүйетіндігі. Қайткенмен де мұны Самандар біліп алған. Бір күні Жәмілдің ішкі ойын өзгелерден жасырып жүргені жайында емеурін білдіргенде, Самандарға ол дәрекі жауап қайтарып, Ләтифаға мүлде қызықпайтынын айтып, ол жөнінде Самандардың бұдан быдай сөз қылмауын талап еткен-ді. Сол күннен бастап Ләтифаның аты олардың бөлмесінде оқта-текте еш болмаса, аталмайтын болды.

...Жәміл газеттің соңғы бірнеше сандарын қарап шықты, бірақ өз тресі туралы ештеңе көре алмады.

«Бірә, іс жаман болмауға тиіс», — деп ойлады ол, қуанып. Олай болған күнде ендігі таласта Самандардың мәңгі көмітер дәлелі жоқ деп ойлағаны еді.



Осындай ойға ионған Жәмил аяғының ұшынан баса ішке кіріп, орамалмен беті-қолдарын сүртін тұрған Самандар мен Биландарды бірден байқаған жоқ-ты. Ол екеуін байкасымен-ақ Жәмил езу тартып күлді де:

— Саумысын, достым! Халиң қалай, Мешкейім? — деді.

Жауап күтпестен ол екінші жігітке қарап:

— Саулығың қалай, Биландар? Ой, достарым-ай! Ауылда ішім пысты ғой. Мұнда бізде не жаңалық бар?

— Анау қоржынның ішінде не бар, соғы айтшы, барлығынан тиімдісі сол болар, — деді Самандар, бет орамалын бүктеп бас жағына іліп жатып. — Қабаттап пісірген лаваш<sup>1</sup> па, немесе жаңғақтың қалуасы ма? Ауылдан жейтін бірдеңе әкелудің орнына сен кітап әкелді ме деп қорқам.

Самандар қоржынды ақтарып қойған екен деп шүбаланған Жәмил оспақтап:

— Өзің ол қоржынның ішін көрмеген адам сыяқтанып тұрсың-ау, ә?

— Жоқ, жоқ, нансаң, көргенім жоқ!

— Саған нансам тас болып қатып қалайын!

— Қоржын сенікі ме?

— Жоқ, Таурдыкі.

Балалар әзілдеп «саңлау» деп атайтын көзімен Самандар Таурды бір шолып өтті де:

— Көдімгі өзің айтатын Таур осы ма? Неғылғанмен, сен оны мұнай кәсіпшілігіне алып келгенің ғой? Сазы қайда? Өзі ашуг дейтін едің ғой.

— Ол сазын алған жоқ. Бақу жанына жаға қалса сазын да жібере жатады ғой.

Балалар алғашқыда сыбырласқандай, тіпті жай сөйлесті, бірақ бірден-екі дауыстарының қатты шыққанын өздері байқамай, айқайласып кетті де, бөлме іші азан-казан болды.

Жәмил шапшаң киініп өзінің сырлы чемоданын ашты да, жаңғақтан жасалған сары қалуа мен үстіне нешестүрлі оймыш салған жентек нан, ұсақтап тұрап қуырған ет алды. Бұлардың барлығын да бөлменің қақ ортасындағы бетін газетпен жапқан кішкентай столға жайып тастады.

Самандардың «саңлау» көзі жарқырап кетті, ол жал-

<sup>1</sup> Жентектен пісірген тәтті нан.

ма-жап бір кесек нан, бір уыс от алып, тағалаған үлкен солдағ ботинкасымен еденді тарапалдита ерсілі-қарсылы теңселе басып, екі ұртын тоқтыра бұатындатып жеумен болды. Самандардың өкшесіндегі темір таға еден сырғының бірсыпырасын сыдырып та тастаған-ды.

— Байқап бас, достым, сенен баска да жұрт бар ғой, мұнда, — деді оған Биландар.

Бірақ бұл сөз оның құлағына кірген жоқ, тамаққа құшығып, есі шыққан Самандар, қарқылдап күле жүріп, қылғумен болды.

Самандардың күлкісінен Таир оянып кетті. Ол ұйқылы-ояу көзімен ештеңеге түсінбеген бойы, күбідей болған Самандарға қарап қалды. Содан кейін, қайда жатып шыққанын есіне түсірді де, аққаладай тізілген тамаша кіршіксіз ақ тістерін жарқыратып ыржыя күлді.

— Сені соншама ерте оятып жібергенімді кешір, достым, — деді Самандар, айтайын деген сөзін де тамақпен бірге жұтып жатқандай қылғынып. — Өзің білесің, Баку кім-кімге де жақсы, тек бір жаманы: мұнан әжем пісіретін дәмді бозбашты<sup>1</sup> ешқайдан кездестіре алмадым.

Самандардың тамақты тоя жеуді тәуір көретіні туралы Жәмілден талай естіген Таир, екі қолын төбесіне қойып дембелше жуан жігіттің тамақты шайнағанда екі жағының тобықтай бұлтылдағанын бақылап жатты. Одан кейін Таир койкада отырып киіне бастады. Көк тарақтың сынығымен түрпідей қатты ұзын қара шашын желкесіне қайыра тарады. Самандардан көзін айырмай қалала қарағанда Таирдың жүрегінде бұл жігітке деген достық сезім өсе бастады. Ақкөңіл Самандар досына әрқашан да жақсылық ойлайтын, ешуақытта кек сақтамайтын, досының басына іс түскенде көмек беретін болып көрінді оның көзіне.

Жәміл жаңа ғана қарап шыққан газеттерін қайтадан ақтарыстырды. Көзді ашып-жұмғанша ол баска жайдың бәрін ұмытып кетті, оның барлық ойы енді треске аударылған-ды.

— Бізде не жаңалық бар? — деп сұрады ол Самандардан. — Кеше сен Рамазан ұстаны көрдің бе? Қазір бізге газеттер ұрсып жатпаған сыяқты ғой.

Самандар жаңалықтардың жайына кетті:

— Треске жана басқарушы жіберген. Ұмытпасам,

<sup>1</sup> Семіз еттен жасайтын тағам.

оның фамилиясы Неманзада ғой деймін. Ол жұмысты қатты қолға алған болуы керек. Өзі жұрттың бәрі мақтайды... Кеше бізге Рамазан ұста келіп кетті, сені сұрады. Сенің бүгін, ертең келегіңді айттым. Тамаша қарт қол...

Бұл сөздер Жәмилдің жанына майдай жақты. Бакуде жұмыс істеген уақыты ішінде ол өзінің қарт шеберін жанындай жақсы көріп те үлгірген-ді.

Баку мұнай кәсіпшіліктеріне Рамазан ұста ертеден белгілі болатын. Апшеронда оның аяғы баспаған жерді табу қиыны. Тәжірибесі аз шеберлер қиыны жағдайларда үнемі одан кеңес алуға келеді. Жер қабатының сыры оған өз жүрегінің терең сырындай мәлім еді. Ол оқын білім алған жоқ, бірақ көп жылдық тәжірибе оған сирек кездесетін қабілет дарытқан: сурахан жер қыртысын раманин жер қыртысынан көзін жұмып тұрып, сыйпалап айыра біледі. Рамазан ұста өзінің достарын жыйнап алып, оларға, мені мұнайы жоқ жерге көміңдер деп сөзін айтыпты-мыс деген сыяқты тамаша аңыз шығарған жұрт. «Оныңыздың мәні қалай, ұста?» — деп сұраған одан. Оның қайтарған жауабы: «Мен жатқан жерге мұнайдың өзі қалай да ағып келеді». Бұл аңызды естігенде Рамазан күліп тұрып: «Бұл ойдан шығарған әңгіме шыныдыққа жанасады, — денті. — Менің бұрғылаған скважиналарыма мұнай орнына су шығып көрген емес!»

Шынында, Рамазан ұста бұрғылау шебері болып істеп-пеннен бері текке бұрғылап көрген емес.

Оның еңбегі сіңген шебер болумен ғана атағы шыққан жоқ, сонымен қатар, ол қарт большевик болғанынан да мәлім, — революцияға дейін оған Сталин жолдаспен бірге жұмыс істеуге тура келген-ді. Рамазан ұста талай рет ұсталып та қалды, талай рет түрмеден қашып та шықты.

Шебер келіп өзін сұрағанын білгеннен кейін жұмыс үстінде тунжыраған ызғарлы қарттың, шынында ақкөңіл, қамқоршы екеніне Жәмилдің тағы да көзі жетті. Ол Самандардан:

— Ұста не айтты дейсің? — деп сұрады.

— «Жәмил тезірек қайтса екен» — деді. Өзі осында едәуір отырып әңгімелесті. Онысы маған өте ұнады. Ол сонау өткен жылдар туралы әңгіме айтты. Қартқа көпті көруге тура келген екен. Бізбен қоштасып кетейін деп тұрып, өзінің келгенін саған айтпауды сұрады.

Жәмил қасын керіп таңдана тұрып:

Неге? — деді.

— Сен өзін әбден өзімеішіп желкесіне мініп ала ма деп ойлағандығы болуы керек, сірә... Біздің шеберіміз де жақсы, бірақ оны Рамазан ұстамен қатар қоюға болмайды.

Мұндай шеберді барлық жерден кездестіре беруге болмас деген ойға шомып Жәміл төмен қарап, үнсіз отырып қалды. Ол Рамазан ұстаны Самандар жұмыс істейтін буровойдағы шебермен салыстырып байқағанда, табанда-ақ, шынына қалғанда, Самандар бастығы да жаман емес деген ойға келді. Сонан соң ол тағы да трестің жай-жапсарын сұрай бастады.

— Сонымен, жаңа басқарушы келді дейсің бе? Ал сен оны көрдің бе?

— Жоқ, көргенім жоқ. Бұрын ол басқа тресте болса керек. Оны бізге сен кеткеннен бір апта кейін жіберді. Ол барлығын тәртіптеп жатса керек. Әзірше ол туралы кесіп айту қиын. Алайда, істі түземесе оны да мақтап қоймас.

Жәміл шыдамсызданып Самандардың сөзін бөліп жіберді:

— Бұрғылау жоспары қалай, соны айтшы. Мен кеткенде тек алпыс процент қана орындалған-ды. Ал қазір көбейді ме, азайды ма, қанша болды екен?

— Жоспар деген қалуа жеумен бірдей емес қой! Жаңа басқарушы бір апта ішінде адам естімеген кереметті орната қойсын дейсің бе?

Бұл әңгіме Таирды онша қызықтырған жоқ. Ол Жәмілдің нығынан тартып қалып:

— Мұның қай жеріне жуынуға болар екен? — деп сұрады.

Жәміл оған сабын, бет орамал алып беріп:

— Жұр, көрсетейін, — деді.

Екеуі жіңішке, ұзын коридорға шықты. Қонақ үйдегідей бірқалыптас бірнеше есіктерден өтіп, коридордың ең шетіндегі жуынатын бөлмеге келді. Осы арада бір-біріне қарама-қарсы алюменьнен жасалған екі бет-қол жуғыш тұр екен. Әрбіреуінде бес-бестен шүмек, бәрінен де үздіксіз су тамшылап тұр.

Таир өзінің үйінде ертемен тұрып, сарқырап ағып жатқан булақтың мұздай салқын суына сүңгіп үйренгенді. Енді ол, жуынатын бөлмеге минут сайын келіп-кетіп жүрген жас жігіттерден уялып тұрды да, сәл кідірістен соң жеңін түріп, көйлегінің жағасын ішіне қайырып алып.

жуына бастады; суланған бет орамалдың бір жақ ұшымен бетін, мойнын қызарғанша ысқылады. Өзін бірінші рет көрген әуесқой балалардың көз қарасынан тезірек таса болғысы келген Таир жуынатын бөлмеден шықты да, жедел басып бөлмеге кірді.

— Тезірек тамақтан, — деп асықтырды Жәміл. — Бүгін біз треске барып, сенің мәселенді шешуге тиіспіз.

Ол тумбасынан щетка алып, ботинкасын тазалауға коридорға шықты.

Бөлмеге қайта келгенде Самандар оған тағы да бір жаңалықты хабарлады.

— Сонымен, Жәміл, кеше паркте Ләтифаны көрдім. Өзін жақыннан, жақсылап көріп едім, достым, ол, шынында, сұлу екен. Тек, қасында кекірейген бір бозбала жүрді. Ләтифаның көкірегі жоғары-ау деймін, сірә. Әттең! Сен болсаң қолың түсті, үстіңе мазот ісі сінген жұмысшысың ғой! Ал Ләтифа кем дегенде бір инженерді көздеп жүрген шығар...

Әзіл Жәмілдің жанына тиіп кетті. Самандардың әңгімесі ешқандай әсер етпегендей, Ләтифамен ешқандай ісі жоқ адам сыяқтанғысы келген Жәміл, бұл әзілді елеусіз қалдыруға тырысты. Бұл туралы ешкімде шұба қалмасын деген оймен барлығына естірте айқайлап:

— Ой, қалқам-ау, менің ол қыздағы жұмысым қанша? — деді. — Мейлі, маған десе тіпті теңізге түсіп кетсін... Бірақ сен менің қарапайым жұмысшы екеніме босқа күлесін. Бүгін жұмысшы екем, өзім қаласам енді бес—алты жылда инженер болам. Немене, мұны қолдан келмес қыял дейсің бе? Мен әлі он сегіз жасқа толғаным жоқ қой. — Бір минуттей ол үнсіз отырып, сонан кейін Самандардың «мазот», «күс» туралы сөздері Таирдың ынтасын суытып жіберуі мүмкін деген ойға келіп, іле-шала:

— Промысылдағы жұмыстың ең жақсы қасиеті бір жерде табан тіреп тұрып қалмайсын, күнбе-күн өсе берсін. Тіпті өспей қалғың келсе де қала алмайсын. Сені еріксіз оқытады, үйретеді, жетектей береді.

Таир ет пен нанды қосып асықпастан жей отырып, жайлап сөйтесе де өз сөзіне зор сенімді, салмақты сөйлеген Жәмілге құлағын тосты:

«Жоқ, осы сенімім — сенім, — деп ойлады Таир. — Шынында, мұнда мен іздегеннің бәрі бар. Осында келгенім жақсы болды. Ауылда оқымай қалған болар едім

ғой. Енді білімсіз қайда бара аласың? Ал мұнда болса ше? Нені қаласам да өз еркімде».

Бірақ кенеттен оған бір қобалжу пайда болды:

«Ал егер, Жәміл мұның бәрін кәсіпшілікте жұмыстан бос бір минут уақыт та болмайды екен деген ойға келмесін деп әдейі айтып отырса не болады?»

Оның дәл осындай ойға келгендігін білгендей Жәміл тағы да сөйлеп кетті:

— Сендер біздің шеберімізді әлі жақсы білмейсіңдер. Ол өз шәкірттерінің жайыш ғана ойлайды. Ішіне еш те бір құпия сақтап қалмайды, бар білгенін жұртқа үйретеді. Өз білгенін басқаға үйретпей, білгенінді күндейтін шебер жоқ деуге болмайды. Жоқ, Рамазан ұста ондай адам емес.

Таирды енді алғашқы ойының салмағы аударып бастады: «Мен мұнда келгеніме өкінбеймін». Орнынан тұра беріп Жәмілге:

— Ал жүрейік. Тек тресте ешкімді таба алар ма екен-біз?

— Табамыз, табамыз, — деді Жәміл, басын изеп. — Басқа ешкімді таба алмасак та трест басқарушысы үнемі өз орнында болады ғой.

Дәл осы кезде біреу есік қақты.

— Рұқсат болар ма екен?

Бала жігіт пен бір қыз кіріп келді.

Екеуі бәрімен амандасқаннан кейін, бала жігіт:

— Отыруға рұқсат па? — деді.

Екеуі жатақханаға рұқсат алмастан кіріп келгеніндей, жауап күтпей-ақ отыра қалды.

Таир ол екеуінен көз айырмай, орнынан қозғалмастан тұрып қалды. Бұлар кәсіпшіліктің қызметкерлері екен деген ойға келген-ді.

Қыздың жасы он алты — он жеті шамасында. Сұнғақ бойлы, өкшесіне түскен ұзын қоңыржирен шашы бар. Ол Таирдың көз қарасын сезіп қалғандай, ұялып төмен қарады. Ал қыздың қосшысы, қолтықтаған папқасын столға қойды да, айналасындағылардың барлығына көз жіберді. Бала жігіт шашын машинамен алдырыпты, жаңалықта қырылған екен, — ернінің үстінде қылтыйып жіңішке мұрты көрінеді.

— Ай, балалар-ай, — деді ол, — осыларың жөн-ақ па? Ештеңеге түсінбеген балалар тырс үндеген жоқ.

— Тап осылай бола берсеңдер мұнан бұлай сендердің жатақханаларына ешкім келе қояр ам екен?

Ақырында:

— Ал, біз соншама не жазыпсыз? — деп сұрады Самандар.

— Одан артық не керек екен!.. Сендерге жолдастық жөнінде көрші трестен комсомолец келген екен, ал сендер оны сыбап жіберіпсіңдер ғой!..

Өз койкасына сүйеніп, шеткері тұрған Биландар шыдамсызданып:

— Білесің бе, Дадашлы жолтас, сен комсомол ұйымдастырушысы болғандықтан, мұнда не болғанын тексеріп, анығына жетуге тиіссін. Ол жігіттің сөз саптауы дұрыс болған жоқ! — деді.

— Дұрыс емес? — деп Дадашлы таңдана бұрылып, Биландарға қарады.

— Ол одақтастар көмегі туралы айтты!.. Ал біздер оған: «Егер де олар нағыз одақтас болса, соншама ырғалып-жырғалғаны қалай, басынан-ақ бізге неге көмектеспеді?» — дестік. — Биландардың үлкен көздері ашуланғандықтан шатынап кетті. — Менің бес ағам бірдей майданға кетті, өзім де күн-түн демей кәсіпшілік жұмысына барлық күшімді жұмсап жүрмін. Барлығы да осылай істеді. Сондықтан да біз жеңдік. Ал ол одақтастар туралы көкіди. Соғысы дұрыс па екен? Міне, сондықтан да мен қарсылық еттім. Ал ол шіркін одақтастарды бағаламауға болмайды, дейді. Сөз болғанына! — Баға берерлік дәрсесі болмаса несің бағаламақсың?

Биландардың ашуға тығылғанын байқаған Дадашлы басу айтты:

— Жарайды, ұқтым!.. Қазір біздің келген жұмысымыз ол емес — жарыстың нәтижесін тексеріп жүрміз!.. Кешке, сағат сегізге клубқа келіңдер!.. Ал, Жәміл, ауылда не жаңалық бар екен?

— Ондағы жұмыс та мығым. Біздің колхоз көршідегі Карл Маркс атындағы колхозды жарысқа шақырған!.. Міне, Таирды ала келдім.

Дадашлы Таирға қарап:

— Мұнда жұмыс істегісі келе ме? — деді. — Несі бар, өте жақсы.

Оның сынап қараған көз қарасы Таирға онша ұнамады.

— Соғыстан кейін бізге адамдар өте қажет!.. Ал сен,

жолдас, комсомолецің бе? — деп, Дадашлы папкасын ақтаруға кірісті.

— Я, комсомолецпін, — деп, комсорогтың сұрағанындай ресми келбетпен тік жауап қайырды Таир.

— Неліктен жақтырмай қалдың?..

— Жақтырмағаны қалай? — деп Дадашлының сөзін бөліп жіберді.

Қыз Таирға жалт қарады да, қайтадан төмен қарап үнсіз қалды.

Қыздың жалт еткен қозғалысы Таир көзінен қақас қалған жоқ-ты. Қыздың ұзын кірпігін жарып жалт-жұлт еткен нұрлы көзі Таирға ұнап кетті. Бұрынғы ақындар тәрізді өлең шығарған болса, ол мына екі шүңгіл қара көзді екі кесемен, ал қыздың қос бұрымын шубалған арқанмен теңеген болар еді.

— Сен өзіңнің есеп карточканды ала келдің бе? — деп сұрады Дадашлы, бұрынғысынан да қатал дауыспен, Таирдың қызға көз қарасы жүрегіне қадалғандай. — Ләтифа, — деп қызға қарады ол, — кейіннен мұны аудандық комитетке ілестіріп барарсың, есепке тұрсын.

Дадашлының өзіне тапсырма бергеніне таң қалған Ләтифа, Таирдың есеп карточкасы туралы жауабын күтпестен:

— Мүмкін, ол біздің кәсіпшілікте жұмыс істеуге қала қоймас? — дегенде даусы дірілдеп шықты, бірақ қыздың үлбіреген ерніне қарап қалған Таир ол құбылысты аңғарған жоқ-ты.

— Неге қалмасын? — деп Жәмил де сөзге қосыла кетті. — Біз қазір треске барамыз. Жұмысқа кісі керек деседі ғой.

— Бірақ, мен есеп карточкамды әкелгем жоқ...

Таир мен Ләтифаның көздері күтпеген жерден кездесіп қалды.

— Олай болса, жіберетін болсын, тап күні бүгін хат жаз! — деп ескертті Дадашлы.

«Сенсіз-ақ білемін, — деген ойға келді, қыздан көзін айырмай қадала қарап отырған Таир. — Апыр-ай, мына қызбен жиі кездесіп жүре алар ма екем?»

— Балалар, бүгін клубта «Аршин Мал-алан» картинасы болады. Біз барлығыңа да билет сатып алғымыз келеді. Барғысы келгендер бізге жазылсын... — деді Ләтифа. Кенеттен Таирдың бақшия қараған көзіне көзі түсіп



жетіп: «Осынша неге бакшия қарайды екен?» деген ойға келді Ләтифа.

— Мені жаз!

— Мені де! — деген дауыстар естілді.

Таир ғана үнсіз отыр.

— Ал сіз ше?

— Мен де... Бір рет көріп едім, тағы да көргім келеді.

Ләтифа:

— Жазайын. Сіздің атыңыз кім? — деп сұрады.

— Таир...

— Таир?

Оқыс шыққан тандану сұрағы Таирды таң-тамаша қалдырды.

— Немене, жаман ат па?

— Жоқ, неге жаман болсын? Бүрсігүні «Таир мен Зүһра» картинасы болады...

— Солай ма?.. Рас, мен оны көрген жоқ едім. Алайда, ол туралы қиссаны жатқа білемін.

— Ондай қисса бар ма еді? — деп сұрады Ләтифа балалық пішінмен елпектеп.

— Бар, өте ескі жыр. Азербайжандағы ашуг атаулы оны жатқа біледі...

Бұл әңгімені Жәмил зор ынта қойып тыңдады. Ал Самандар өзінше күбірлеп, күңкілдеумен жүр, «Жұрттың бәрінен көш келіп, ерте жетіп үлгірді», — деп ол Таирдың қылығы Жәмилге қалай әсер ететінін білгісі келіп аңдып, Жәмилдің қасы мен қабағына қараумен болды. Самандар Таир жөнінде: «Бір орында отыра алмай тықыршып кеткенін қара байқұсыңның» — деп ойлады.

Дадашлы орнынан тұрып жатып:

— Шынын айтқанда, мен қатты шаршадым, — түңгі вахтадан шығып келген бойым еді... — деді.

— Өзара айтқанда, сендер ойсырап артта қалып барасындар, — деді Самандар, оның сөзіне жауап бергендей, көмсортың жұмыс істейтін промыслын еске алып.

— Мениң бригадам төрт жүз процент орындайды.

— Жалғыз гүл көктем шығарып көгерттес...

— Көрерсіз... Балапанды күзде санайды. Кетейік, Ләтифа, басқа жолдастарға да хабарландырайық.

Екеуі есікке бара бергенде Таир Ләтифадан көз айырмай тағы да қарады. «Жақсы қыз», — деген ой келді оған.

— Кетейік, Таир, — деді Жәміл орнынан тұра беріп, досының қолынан ұстап.

Жәмілдің артынан еріп бара жатып Таир «жақсы қыз» деген ойына қайта оралды. Содан кейін:

— Исмаилзада қазір кеңсесінен табылар ма екен? — деп сұрады.

Коридорды бойлап жүріп келе жатқан Дадашлы:

— Әлгіде ғана машинамен кетіп бара жатқанын көргем, — деді.

Таир мен Жәміл трест басқармасының қабылдау бөлмесіне кірген-ді, онда стол басында кітап оқып отырған орыс қыздан басқа ешкім жоқ-ты. Қыздың жарқын қою шашы тастөбесіндегі орайына шоктай сәнді таралыпты. Қарапайым көйлектің ішінде талдырмаш сымбатты дене тұрғаны байқалады. Ол қыз үлкен көкшіл көзімен келгендерге қарады да, Жәмілдің сұрағына, — Күдірет жолдас жаңа ғана кетіп қалды, енді екі сағатсыз қайтпайды, — деп жауап қайырды.

— Қазір сағат он екі, — деді қыз сағатқа қарап. — Екіде келеді.

Достар қабылдау бөлмесінен шығып, екінші қатардан төмен түсті. Асфальт күйіліп, темір қоршаумен қоршалған үлкен шарбақтың қақ ортасы түрлі түсті гүлмен айқын-ұйқыш безеліп тұр. Сентябрьдің шуақ күні болатын. Ауа мөп-мөлдір, кіршіксіз тап-таза. Жарық сәулесін Қаспий теңізінің көк толқынында ойнатап, биікте асыл күн жарқырап тұр. Теңізден соғып тұрған самалдың қоңырсалқыны аспан айналып жерге түскендей ыстықты сездірер емес. Таудың салқын ауасына үйреніп қалған Таир, терлеген дымқыл маңдайымен өзіне таныс қоңырсалқынды сезді.

— Жүр, — деді Жәміл, досының қолтығынан алып, — қаланы аралайық. Біздің қарамағымызда бүтіндей екі сағат уақыт бар.

Таир жүріп келе жатып: «Жұмысқа алмаса қайтпекшімін? Онда бүкіл ауылға құстана болғанмын-ау», — деп уайымдады. Бірақ ол өзінің бұл ойын Жәмілге сездірмеуге тырысты.

Трест басқармасы қасынан жанап өтетін асфальтты жолдың бетіне машиналардың салмақты ізі түсіп бұжырланып қалған. Жол тауға қарай төселіп жатты. Екі дос жоғары өрлеп келеді. Олар көтерілген сайын үлкен қаланың көлемі өсе түскендей. Екеуі өрге шыққанда:

— Кеше кешке сен — Банлов қайда, Қара қала қайда деп сұраған едің ғой, — деді Жәмил досына. — Қазір көресің.

Жәмил баяулап басып келіп тоқтады. Қала, күбі қоршауы сыяқтанып, көк қойнауды орағытып қоршап алған. Алыстан үлкен заводтардың корпустарын тасалап, қою кара түтіні будақтаған биік трубалар көрінді, Жәмил сол түтін шыққан жақты сілтеді:

— Міне, Қара қала мынау. Заводтарда жай күндері де, мейрам күндері де жұмыс тоқталмайды.

— Онысы қалай? — деп Тапрдың білгісі келіп тұр.

— Қалайы несі? Олар жұмысты тоқтата қалса ғой, бүкіл мұнай кәсіпшіліктерінен келіп кұйылып жатқан мұнайды айырып үлгіре алмайды. Қазір әрбір минут қымбат. Кейбіреулер соғыс біткені шын болса, көпшікті басқа орнықты қойып алып, тып-тыныш ұйқтауға болады деп ойлайды. Шынында, біздің шебер айтқандай, нағыз ер бұл дүниеде емес, ол дүниеде ғана ұйқтайды...

Өзінің досын үндемей тыңдап тұрып Тапр, күн жарығымен анық көрінген қала бейнесіне таңдана қарай қалды. Қазір оның көзіне қала кешегіден әлдеқайда үлкен болып көрінді.

— Банлов қайда? — деп сұрады ол.

— Қазір сен Банловтың нағыз орталығында тұрсың, — деп жауап берді Жәмил күлімсіреп. — Әне, сонау жерден кәсіпшіліктер басталады. Қазіргі сен көріп тұрған үйлер де Банловта тұр... Анау дөңесте тұрған ағашты ажырата аласың ба? Ол пісте ағашы. Ондай жеміс біздің Рамазан ұстаның шарбағында да бар. Ол ағаштың жасағанына кемінде жүз жыйырма жыл болған шығар. Сол себепті өз несінен оның жасы екі есе үлкен, сонда да болса пістесінің көптігіне көзін тұнады. Жақында бір жұмыс болып шебердің үйіне барғанмын. Алыстан қарағанда ағаш алқызыл жеміспен көміліп тұрғандай болып көрінді. Ал жақындап келгенімде, оның бұтақтарында мошпақ тізіліп тұрғандай болды. Рамазан ұста қазір жемісін жыйнап алған болуға тиіс... Баку — тамаша қала ғой. Шынында, Апшеронда су кемдеу, ыстықтап жер қызып кетеді. Ал мұндағы жеміс дегенің... керемет!

Екеуі көп жерді аралап келе жатыр. Ал Тапр жүргісі келмей аяғын ерине басып келе жатты. Мұны аңғарған Жәмил оған сұрақ қойды.

— Немене? Қаланы көріп, әлден-ақ тойып қалдың ба? Ерте-ақ тойған екенсің.

— Жоқ, жоқ! Әйткенмен де, күдігім барлығы рас-мені жұмысқа қабылдай ма, жоқ па? Осыны тезірек білген жақсы болар еді.

Таирдың бұл тынышсыздығы Жәмілге жайлы тиген жоқ.

— Мұның әбден дұрыс, — деді ол. — Егер де трест сені жұмысқа алудан бастартса, Рамазан ұстаның өзіне барамыз. Ол сәтте орналастырады. Рамазанмен қалай санасатынын білесің бе?

Достар трамвайға отырып, қаланың орталығына тартты. Банловтан шығып, трамвай тоқтайтын «Азнефтіге» келіп түскенше Таир тынышсызданып, ойланумен болды: «Менің Бакуге кеткенімді ауылдағылардың бәрі біледі. Жұмысқа орналассам жақсы. Ал егер орналаса алмасам! Онда ешкімге қарайтын бетім қала ма?» Жәмілге ілесіп ескі бульвардың аллеясымен қанша жүрсе де Таирдан мазасыз ой кетпеді. «Шешем не дер екен?! Ал колхоз председателі ше?.. Әрине, ол тәлкек етеді ғой, қай жерде болса да, кекетіп, мұқатумен болар: «Өге бір керекті жігіт болсаң Бакудегілер сені жіберер ме еді!» — дейді-ау, ә?..»

Олар теңіздің жағасына түсті. Лайлы толқын ішінде кемпіркосақ тәрізденіп, төгілген мазут шайқалып тұр. Теңіз жағасындағы тас қоршауға сүйеніп тұрған Таир толқынды бақылап қалыпты. Толқындар дүрмегімен түйлектеле келіп, тасқа соғып өткенде, көбік ата сарылдап барып кейін лықсып кетеді.

— Мұнысы несі? — деп сұрады Таир. — Жұрттын бәрі де Каспий теңізі өте көк болады, деп жазады ғой. Мұнысы қалай?

— Жұр, мен саған нағыз көк теңізді көрсетейін! — деп Жәміл өз досын теңіз саяхатына арналған қайықтар мен моторлы кішкене кемелер шыпылдап ырғала толқын тұрған пристаньға қарай жетектей жөнелді.

Басқарушыға кешігіп қаламыз деп қорыққан Таир Жәмілдің қолынан шап беріп ұстай алып, кейін сүйреді.

— Жоқ, жоқ, Жәміл, соңынан көрсетерсің. Кейін қайтқанымыз абзал!

— Асықпа, достым! Ертең кешкі сменада екеуміз бірдей буровойға баратынымызға саған уәде беремін... Ал қазір асығудың түкке қажеті жоқ. Жұр... сайрандап қай-

тиміз! Жыбырма — жыбырма бес минуттен кейін бұл қайтып келеміз де, Несманзада келетін уақытқа дәл үлгіретіміз... Қарашы, жұрттың бәрі отырып жатыр! Болса бірейік... Қайықта музыканттар да бар екен, өте көңілді болатын болды!

Шынында да, қайықтап музыка даусы шығып жатты. Таур жасғайынан-ақ музыка ойнап, өлең айтуды сүйетін. Кеманча мен тараның<sup>1</sup> жиі естілген сүйкімді үніне әсерленген Таур досының ықтыярына көнген-ді.

Жастар қайыққа лық толды. Қыздар мен жігіттер қатар отырысты, музыканттар өзгеше көтеріңкі сезіммен толғана шерткенде, әншілер көкірегің кенеп ән салуға даярлана бастады. Күн көзі ұйысқан кесек-кесек ала бұлттардан оқтын-оқтын шығып алып, қайта тасаланады, қайтадан шығып, бақшия қарайды. Күн ысып кеткен соң, бәрі де теңіз үстіне шығып кетуге асықты.

Трест туралы ойдан арылу қиын болса да, дәл қазіргі, өзінің бірінші кездестірген жаңа жағдайы Таурдың көңілін бірте-бірте бөліп әкетті.

Қайыққа жаңа келіп түскен балалардың біреуі, талдырман, бойшаң ересек бір баланы көріп, жанғырта сөйлеп:

— Мойманға сәлем! — деді. — Ал, достым, бүкіл Бакуде сені ауыздан түсірген біреу болсайшы! — осы сөзбен ол жанқалтасынан «Коммунист» газетінің жаңа номерін суырып алды да, жазып жіберіп, газеттің ішкі бетін қолының сыртымен қағып қалып, тағы да сөзге кірісті: — Өз суретіңді көрдің бе? Шеберді де, сені де мақтапты! Мақтағанда да қандай, тіпті, мұнан кейін сенімен әзілдесуге де қиын болар деймін!

— Қойшы әрі, о не дегенің? Мен ғой... — деп сасқалақтаған бала жігіт ұялғаннан сөзін аяқтай алмай төмен қарап кетті.

Әңгімеге құлақ түре отырып, Таур газеттегі суретпен әлгі бала жігіттің кескінін салыстырып, ішінен күншілдік, қызғаныш сезіміне бойұра бастады. «Бұның жасы ғой менің жасымнан үлкен емес, — деп ойлады ол, — мен жұмысты қалай істеуді көрсетер едім! Енді бір айдан кейін «Коммунист» газеті менің суретімді мұнан екі есе үлкен етіп шығармаса менің атым өшсін осыдан!»

<sup>1</sup> Музыка аспаптары.

Суеской бәлэ жігіт сурет астындағы жазуды дауыстап оқыды:

«Белгілі буровой шебері Волковтың шөкірті жас жұмысшы Мейман Файзоллаұлы. Өз мамандығын жете меңгере отырып, ол күндік тапсырмасын жүз сексен процент орындайды».

— Қойшы, жарқыным, — деді қайықта отырғанның біреуі дауыстап оқып отырған жігітке қарап. — Мейман тара ойнап отыр ғой! Сен немене, біз газет оқымайды деп ойлайсың ба?

Таирға Мейман нағыз бақытты адам болып көрінді.

— Сыйқына қарасаң, осындай қарапайым жігіттің қолынан іс келер-ау деп ойлау қиын. Бірақ... кәдімгі жігіттің сойы тәрізді!»

— Бері қарашы, — деп Таир сыбырлап өзінің досына бұрылды. — ана жігіттің кәсіпшілікте жұмыс істегеніне қанша уақыт болды екен, осыны сұрап білші!

Таирдың сұрағына түсінбей қалған Жәміл:

— Оның саған не қажеті бар? — деп сұрады.

— Жайша, тек білгім келіп еді.

— Сірә, екі жыл шамасы болар деймін.

Бұл жауап Таирды торықтырып тастады. Анығын білгісі келген ол Мейманмен өзі сөйлесе бастады.

— Жолдас, сіз кәсіпшілікте қашаннан бері жұмыс істейсіз?

— Алты ай болды...—деді, беті қызара түскен Мейман.

«Дегенмен, көп уақыт екен», — деп ойлады Таир. Сенбеген адамдай Жәмілге қарап ол:

— Алты ай болды! — деп бала жігіттің жауабын қайта айтты.

— Енді не деп ойлап едің? Алты айдан бұрын ол үйренуші болған шығар, немесе курстан өткен шығар...

Мотор гүрілдеп кетті. Қайық жағадағы пристаньнан шықты да, бірден шапшаң жүріске түсіп, толқынды тіле ілгері ентеледі.

Жағадан алыстап шыға бергенде, Жәміл Таирға қайық қапталында бұйраланған толқынды көрсетін:

— Міне. Қаспий теңізін нағыз көк деп айтатын себебі осы! — деді.

Таир, көкпенбек болып мөлдіреп, толқып жатқан жалпақ су бетімен қайық жылжып түскенде күмістей жарқырап топ-тобымен үркіп, бытырай қашқан кішкене балықтарға қарап, қарсы соққан желге бетін төсеп, кеуде-

сін кере дем тартып, теңіздің дымқыл ауасын сіміріп келеді. Музыка даусы барған сайын шарықтап, көтеріле түсті. Таулық «қаракабақ жырын» шырқап көтере бастаған әншінің даусы жаңғырығып, әуендеп жатты.

— Тыңдашы, Жәмiл, бері кара, — казір Рамазан ұста буровойда жұмыс істеп жатыр ма?

Бұл сұрақты Жәмiл естіген жоқ. Оның бар ықласы музыкада болатын. Ал Таирға әншінің әні ұнаған жоқты, ол өз ойымен болып отыр. «Барлығы да адамның өзінен. Мынау алты айда даңқын шығарған, ал мен болсам... көздегеніме бір айда-ақ жетем!»

Таир терең ойлы көзін алысқа тігіп келеді. Кенет, көкжиектен аралды көзі шолып:

— Мынау қандай жер? — деп сұрады.

— Нарген аралы... Онда түнде маяк шамы үнемі жапырып тұрады да, өткен-кеткен кемелерге жол сілтейді... Революцияға дейін ол аралға тұтқындарды жер аударатын болған. Ал казір, ол жерде жана кұрылыс жасалып жатыр, көріп отырсың ба? Жана салынып жатқан үйлер, жаңа орнатылып жатқан скважиналар...

Қайық Баилровка қарай бет алды. Бір тұстан судан шығып келе жатқандай теңіз буровойларының мұнаралары көрінді...

— Сендердің буровойларын қайсы, Жәмiл?

Жәмiл бұған да жауап қатқан жоқты. Ән шыңына жетіп шырқала түсті. Әнші кенеттен ән ырғағын келтесінен үзіп қайырып тастағанда, отырғандар ду қол соқты. Таир Жәмiлдің бүйірінен жайлап түртіп қалып:

— Кешігіп қаламыз-ау деймін... — деді.

Таирдың ойын сезгендей руль ұстап отырған кісі қайықты тез бұрып жіберді. Қайық кілт бұрылып жағаға қарай тартты. Қайық пристаньға жақындағанда сағат екіден жана ғана асып еді.

— Япыр-ай, Жәмiл, басқарушы не дер екен, ә?

Құдірет Исмаилзаданың жасы қырыққа толғанмен, ол көрмеге жас көрінетін. Кейбіреулер, әсіресе, кәсіпшіліктен бірнеше тәулік кетпей жұмыс істейтіндер, басқарушының ыржыя күлген жалнақ бетіне, бұйраланған жылтыр қара шашына, шомбал денесіне қарап, Құдірет өзін-өзі жақсы күтетін шығар, ұйқысын да қалдырмайтын бо-

лар келіп де жиі көтеретін-ді. Тіпті, өңсіз шаршағанша ол қайта, семіре түсетін шығар-ау деп ойлайтын.

Бүгін де мұнай кәсіпшіліктерінде бұрын бірге жұмыс істеген екі жолдасының біреуі өз промыселіне бұрылау түтігін сұрай келіп отырып, Құдіреттің ажарына тандана қарап отырып сөйледі.

— Осы сенің не сыйқырың бар. Өзіңнің бұрынғы басқарған тресіңді де алдыңғы қатарға шығара білдің, ешбір қамсыз адамдай шырайың мынау, осының сыры неде?

Исмаилзада:

— Оның себебі, маған тағдырдың өзі жақтас, — деп жауап берді.

Бірақ мұнай кәсіпшілігінде қызмет істеп шашы ағарған қызметтес жолдасы Құдіреттің көңтерілі еместігін жақсы білетін еді, ол сөзін әзілге айналдырмай, әңгіменің шын бетін ашқысы келіп, сұрағын қайталап айтты:

— Жоқ, қалжыңы жоқ, жұмыс істеу әдісіңді шын білгім келіп отыр. Мүмкін, шын сырыңды айттарсың?

Исмаилзада тағы да қалжыңға шаптырғысы келгендей:

— Енді не демекпін? Осыныша жасқа келгенше ажарының таймаған сырын ғана айта аламын. Табысым жұрт қатарлы; сенер болсаң, өзгеден артық ұйқтамаймын, ұйқым да шала. Ал демалыс алмағаныма он екі жыл болды. Сөйте тұрса да, өмірде қартаймайтын секілдімін. — деп Құдірет ыржыя күлімсіреді де: — көңтерінің де ең мықтысымын-ау деймін.

— Жоқ, атама, олай деп сені көре алмайтын біреулер де мін таға алмас. Әңгіме басқада, айрықша бір мәнін бар сыяқты. Сол мәнін түсін түстеп біле алмай жүрмін.

Құдірет күсті жуан саусақтарымен жіп-жінішке, ұзын сапты папирос алып, шақпақ шағып тұтатты да:

— Енді саған бұл сырды ашып-ақ айтайын, — деді. — Өз шешемнің айтатын ұшы-қыйырсыз жақсы ертегілері болушы еді. Осы жолы солардың бірі кәдеге жарып қалар деп отырмын.

Жолдасы:

— Ол қандай ертегі? — деп асыға тіл қатты да, Құдіреттің оған қарай стол шетіне жылжытып, сауытын ашып қойған папиросынан алды.

Құдірет бірден жауап бермеді: будақтаған темекі түтігін қолымен желіп сейілтті де, бет әлпеті бірден өзгеріп, терең ойға шомғандай пішінге көшті.

— Мен, әрине, әңгімені шешемдей шерте алмаймын



Ол кісі менің кішкене қызым Ширмандың ұғымына ала-  
сықтан, қызықтыра сөйледі, сол себепті өзіменің өзі  
өсекше, сенімді, ұятты болып шығады. Сөздің қысқасын  
айтқанда, ерте заманда бір данышпан патша болынты,  
деп Құдірет жымыйып қойды. — Сондай адамдар болын-  
ғы ғой. Сол патша өз қоластындағы елдің қалай тұра-  
тынын білгісі келіп уәзір, нөкерлерін қасына ертіп алып-  
та, қарауындағы қалалар мен қыстақтарды аралапты.  
Сол сапарында патшаның көңлін айрықша бір уақытқа  
аударған екен дейді-ау, жап-жас бір ағаш шебері өн-  
дете тұрып, темір төстің үстіне салған ағашты балтамен  
шапқылап кеп жатса керек; қанша құлаштап ұрса да,  
темір төске балтасы тимейді екен. Соған таңданған пат-  
ша уәзірінен:

— Мына жігіттің қолы осынша шеберлікке қалай  
жетті екен? — деп сұрапты дейді.

Уәзір былай жауап беріпті:

— Патшамыздың дәрежесі арта берсін! Бұл ағаш  
шебері өзінің ойымен тату-тәтті тұратын болуға тиіс.

Бұл жауап патшаны терең ойға қалдырыпты. Ол, кеш-  
ке қараңғы түскенде басқа киім киініп, ағаш шеберінің  
үйіне баруға ұйғарыпты. Патшаның қызметшілері ағаш  
шеберінің қайда тұратынын біледі екен. Кешке таман  
киімдерін өзгертіп киінген патша уәзірімен келіп шебердің  
есігін қағыпты. Шебер үйінің есігін ашып, күлімдей тұрып:

— Туысқандарым. — депті, — сіздерге кім керек?

Уәзір:

— Жолаушы едік, үйіңе қондыра аласың ба, жарқын-  
ным? — деген екен.

Шебер:

— Қонаққа төрім де өзір, ықлас, құрметім де дай-  
ын, — депті. Бұлар ішке кіреді. Ағаш шебері ойына:

— Қонақ келді, — дегенде, ол да шын ықласымен  
жайраң қағып, хош алыпты:

— Хош келіпсіздер! Барым өзір, жоғым жай.

Патша, айтқаны келген уәзіріне ойлы көзбен қараған  
екен дейді-ау.

Патша уәзірімен астанасына қайтыпты. Екі-үш  
жылдан кейін ол екеуі қоластындағы елін тағы да ара-  
лауға шығыпты. Баяғы таныс шеберіне тағы да кездес-  
кен екен, ол бишара бұл жолы сақал-шашы ағарып, бе-  
лі бүкірейген шалға айналды.

Патша уәзіріне қарап:

— Мынаған не болған? — деп сұрапты.

Уәзір былай деген екен дейді:

— Патшамыздың дәрежесі арта берсін! Сірә, әйелімен тату тұрмайтын болар.

Киімдерін өзгертіп киінген патша мен уәзір шебердің үйіне тағы да қонаға келіпті. Екі қонақты үйіне ілестіріп кіргенде, әйелі келген кісілерді ала көзімен атып албастыдай жыйырыла қарап, ерінің жер-жебіріне жетіп ұрса бастапты:

— Қараң өшкір, қараң өшпей-ақ қойды-ау! Мына немелеріңе не тауып бермексін? Етімнен ет кесіп бермекпін бе?

Патша уәзіріне қарап, мысқылдап күлген екен дейді.

Ертегіні тыңдап болған соң, Құдіреттің досы:

— Еңбегін жанып, ажарлы болуынның себебі, сонда әйелің Ләйладан дегің келе ме? — деп күліп жіберді.

Бұған Құдірет жауап саптап үлгірмей-ақ, кабинет есігі ашылып, бейтаныс бір кісі келіп кірген-ді. Басқарушы келген адамның бас-аяғына көз жүгіртіп өтті. Құдірет біресе келген адамның еңкіштеу келген дене бітіміне, біресе әр жеріне ақ кірген сақалы қырылмаған жұқа өңіне қарады.

Келген кісі сәлем бергеннен кейін, Құдірет әрі жай-баракат, әрі риялы шырайда езу тартты да, — бұл оның ежелгі бір машықты әдеті болатын, — үн қатты:

— Хош келіпсіз, — деді ол, оның алдында тұрған өз тресінің бір қызметкері екенін байқап: — Сіз кім болып істейсіз? фамилияңыз кім еді? — деп сұрады.

Келген адам жағымпаздық еткісі келгендей ернін маймылға ыржайтып, ұзын сары тістерін сақсыйтып:

— Атым — Қонақ, фамилиям — Қонақов... Ал өзім тресте транспортты басқарамын... Сізді шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіз, — деді.

— Сіз мені қандай жағдаймен құттықтайсыз? — деп сұрақ қойды Құдірет, Қонақовтың жағымпаздығын өзінің жақтырмағанын жасыра алмай. — Мен соншалық бір ерекше жағдайға тап болып па екем?

Құдіреттің кекесінің байқамаған Қонақов бұрынғысынан бетер еңкейе түсіп:

— Біздің тресте сіздің қызметке тағайындалғаныңызды құттықтау өзімнің борышым деп санаймын. Мен науқас болып, ертерек келе алмадым. Жаңа басшылықты сыйлау дегеннің өзі...

Исмаилзада оның сөзін кенет бөліп:

— Менің келгеніме бір апта боп қалды, енді қазір «жаңа басшы» емеспін. Осыдан басқа айтар сөзіңіз бар ма еді? — деді.

— Біздің трест бұрғылаудан артта қалып келді. Ески басшылықтың жеткілікті беделі болмады. Сіз сыяқты көрнекті басшы келген соң... енді сенімім зор...

Исмаилзада қолын жайып таңдана қарап, Қонақовтың сөзін тағы да бөліп жіберді де:

— Өзгеден асқан еш те бір артықшылығымды өзім білмеймін, — деп бұрынғысынша байсалды қалпында, Қонақовқа тесіле қарап: — Сөйтіп, менде осы сөзді айтудан басқа жұмысыңыз жоқ па еді, Қонақов жондас?

Сасқанынан Қонақовтың қыртыс-қыртыс мандайынан моншақтап тер шыға келді.

— Жоқ, басқа жұмысым шамалы.

— Олай болса бара беріңіз, маған баркас<sup>1</sup> даярлатыңыз. Бүгін теңіздегі барлық буровойларды аралағым келіп отыр. Түсінікті ме, немесе тағы да түсіндіру керек пе?

Қонақовтың ерні жымырылды да ұзын сары тістерін қайтадан жасыра қойды. Ол сасқанынан үндемей бір орнында мелшініп тұрып қалды. Құдірет оны ыңғайсыз жағдайда қалдырғысы келмей:

— Сіз неге сасып қалдыңыз? Егер де өзге бір шаруаңыз болса қысылмай-ақ айтыңыз. — деді.

Қонақов жанқалтасынан қол орамалын алып мандайын сүртті де, есікке қарай шегіншектей бастады.

— Жоқ, бұдан басқа айтарым жоқ... Сізді құттықтауды борышым деп санап едім... — ол есікке таянып барып, жайлап ашты да жып беріп шығып кетті.

— Ол бишараға саспасқа не жорық! — деді де, Құдіреттің қасында отырған жолдасы, қарқылдап күліп жіберді. — мейірімсіз «жаңа басшылық» оның үйреншікті сөзін айтқызбады-ау, қап, әттеген-ай!

Кабинет есігі қайтадан ашылғанда. Жәмил мен Таур көрінді. Екеуі басқарушымен сәлемдесті де, кіруге рұқсат сұрады.

Исмаилзада ол екеуін жайрандай қарсы алды:

— Келіңіздер, балалар! Не жаймен жүрсіндер, қақтарым?

<sup>1</sup> Моторлы кішкентай кеме.

Жәміл ілгері шығып, өзінің теңіз буровойында, Рамазан ұстаның қоластында жұмыс істейтінін, екеуінің де кадр бөлімінде болғанын баяндады. Содан кейін Таирды нұсқап тұрып:

— Мұның осында жұмыс істегісі келеді, — деді, — жетіжылдықты бітірген... Екеуміз ауылдас едік. Мен өзім мұнда өткен жылы келгенмін... Демалысымды ауылда өткізгенімде Таирға Баку жайында әңгімелер айтқан едім. Оның да осында келгісі келді...

— Бұған дейін де менің келгім келген-ді, — деп Таир жолдасының сөзін бөліп жіберді. — Шынын айтқанда, мұндайшы болуды әлдескәшаннан арман етіп жүрмін.

— Ал бұған дейін қайда жұмыс істеп едің? — деп сұрады Құдірет.

— Мен мал шаруашылық колхозында жұмыс істедім, — деді Таир. — Исмаилзада жолдас, менің басқа жолдастарым да Бакуге келгісі келіп жүр. Қолхозда жұмысты біздерсіз-ақ үлгіреді ғой, фермадағы жұмысты әйелдер де істей алады... Шешем сауыншы еді. Өткен жылы орден алды...

— Өте жақсы! — деп Құдірет көтере сөйлеп, бұлармен жете сөйлесу керектігін ескерді де, сұр матамен қапталған диванды нұсқады: — Неге түрегеп тұрсындар! Отырындар.

Екі дос қатарынан отыра қалды.

— Ал колхозда мал басы өсіп келе ме, қалай?

Өзінің жұмыс туралы өтінішіне басқарушыдан жауап күткен Таир оның бұл сұрағына таң қалғандай, сәл мүдіріп қалды.

— Өсіп келеді, Исмаилзада жолдас... Өткен көктемде сыйырымыздың бәрі де бұзаулады. Аздап құрғақшылық болғандықтан, пішен-сабан жетпей қалды. Бірақ Карл Маркс атындағы көрші колхозда мал азығының қоры мол еді, содан қарыз алдық. Ал содан кейін біз өзіміз шөп ектік, қазір әрі қарызымызды өтедік, әрі қор жыйнап алдық...

— Өз әкең кім болған еді?

Таир қынжылып: «Тап анкета бойынша сұрағандай сөйлейді екен» — деп ойлады.

Оның осы ойын дәл тапқандай Құдірет:

— Мен босқа сұрап отырғаным жоқ. Ойына анау-мынау келіп жүрмесін. Сені жете білуім керек қой.

— Окем соғыс басталысымен елді... Колхозда бағушы болатын.

— Апыр-ай, өліп қалғаны қыйын болған екен, — деп Құдірет қынжыла сөйледі. — Біздің ауыл шаруашылық басшыларымыз жақсы жылқышы жеткіліксіз деп ұдайы айтып жүруші еді... Әкең сонда көптен ауру ма еді?

— Бұрын ол тіпті сап-сау еді... Ал соғыс басталысымен аһлап-уһлеп жүдей бастады. Кейіннен суық тиіп ауырып, ақыры, қайтыс болды... Ол сан рет алғыс алған, өте жақсы жылқышы еді. Өзі баққан аттарын әскерге алғанда ол қатты қайғыланды.

— Жақсы, солай-ақ болсын, ал сын сағаттар тұнн аттар да қажет болатынын оның білмегені ме, әлде?

— Әрине, білді! Буденный жолдастан ол бірнеше рет хат алған-ды... Уақыт жеткен күні Қызыл Армияға апар беретінін де білген... Әйткенмен де, білесіз бе... Өзі өсірген аттары қолынан кетіп бара жатқан соң өте аянышты болған шығар деймін.

— Олай деп бекер қайғырған ғой. Оның өсірген аттарына қызыл жауынгерлер мініп жүретініне мақтануға тиіс еді.

Таир:

— Мақтануын ол мақтанатын! — деді. — Өзі өсірген аттарын арбаға жекпей, жауды кескілейтін ержүрек жауынгерлерге мінгізуді өтініп, ол Буденный жолдастың тап өзіне дербес хат та жазған болатын...

Біраз үнсіз отырысты. Құдірет телефон тұтқасын алып, біреумен жайлап сөйлесті де, бәсен дауыспен:

— Қазір саған Таир Байрамұлы деген бала жігіт барады. Жастар жатақханасынан соған орын бергейсін. — деді.

Тұтқаны іліп қойды да, Жәмілге қарап:

— Менің атымнан Рамазан ұстаға сәлем айғ, — деді Құдірет, — Таир кешкі сменада істейтін болады. Бірақ менің шартым жеңіл емес. Кәсіпшілікте жұмыс істейтіндердің барлығынан күшті жігер, табандылық талап етіледі. Егер де сен, Таир, орта жолдан қайтатын болсаң қазір айт, қысты күнгі үскірік, жазды күнгі аспан жерге түскен ыссыға шыдай алмай, өкініп жүрмейтін бол. Ал содан кейін жас жұмысшыларды мен жұмысқа бір ғана шартпен аламын: олар әрі жұмыс істем, әрі оқуға түссін.

— Таир ойлансын дегендей, Құдірет біраз кідірді. — Осыған риза болсаң бар да жұмысқа кіріс. Түсінікті ме? Әлде тағы да түсіндіру керек пе?

Өзінің сүйген сұрағын қайталады да, ол ергеден келе жатқан үйреншікті әдетін әлі тастамай жүргеніне риза болғандай тағы да балаша жайбарақат жымыйып қойды.

Таирға тресте Исмаилзада карамағында жұмыс істеу оңай болатын сыяқты көрінді. Оның үстіне, Құдірет тарапынан қойылған шарттар бәл байлаған істен ауытқыға алмайтынына Таирдың көзі жеткендей болды.

Істері оңға айналғанына риза болған балалар басқарушының қолын кезекпен қысып, шығып кетті.

Құдірет жолдасына көзін қысып қойын:

— Маған бақ қонып жатқанын көресің бе? Басқа трестерде жастар жетіспейді, ал маған өздері келіп жатыр. — деп, терең ойға шомғандай көзін алысқа жіберді. — Бұлардан келешекте талапты өндіріс командирлері шығады. Азербайжан мұнайының тағдырын осылар шешеді. Я, қымбаттым, бақ деген алданғысын ойлағанға қонады!

Құдірет орнынан тұрып, екі жағын қусырып, өсінеуін басты да, терезе алдына келіп, ұйқы көрмей қызарған көзін кең ашып алдына қарады. Кәсіпшіліктің тек бір бөлегі ғана көрінді. Жақында ғана орнатылған бұрғылау мұнарасындағы жүк көтерген кран қатарланып жатқан жаңа түтіктерді забойға түсіруге ыңғайлап, тікесінен қойып жатты. Оның қатарында мұнай беріп тұрған терең скважинаның қачалкасы тең шайкалып, мұнайды жөбелей сауып алып жатыр. Оның арғы жағында үшінші кәсіпшіліктің жаңа ақтаған кеңсесі, бір қатар үй қылаңданып көрініп тұр. Ол үйдің жанынан, неге екені белгісіз, қачалкасы мелшиіп қарап тұрған бір буровой мұнарасы көрінді.

Құдіреттің осы трест басына келгеніне небәрі жеті — сегіз ғана күн өтті. Осы аз уақыт ішінде ол әрбір скважинаның жайын, оның қуатын, қанша мұнай беретін мүмкіншілігін бес саусағындай біліп алған-ды. Тоқтап қалған қачалканы көріп ол тұнжырап кетті, көптеген телефон аппараты тұрған дөңгелек столға келіп, ішкі телефон тұскасын алды да, үшінші кәсіпшілік кеңсесін сұрады.

— Самедов жолдас, — деді Құдірет шаршаған дауыс-

мен, — жұрттың бәрі скважинаны сен сияқты білмей-  
тын болса, тресттің артта қалуына тапталатын түгі жоқ.  
Бір мың тексерілімді скважина тұрып қалыпты. Жоқ,  
жоқ, мен осы арадан ап-анық көріп отырмын. Және  
оған жақын жерде ешкім көрінбейді. Тексеріңіз, жаркы-  
ным, қалай да тексеріңіздер!

Телефон тұтқасын орнына қойды да, Күдірет досы-  
ның жанына келді. Досы орнынан тұрды. Екеуінің ойда  
жоқта біріне-бірі көзі түсіп кеткен-ді. Досының көңлін  
қайтарғысы келген Күдірет жоқ, айтседе, оның қазіргі  
көз қарасы бүтіндей мың метр жаңа бұрғылау түтігін  
берудің оған сонша қыйын соғатынын ашық айтып тұр-  
ғандай.

— Сенің орнында басқа біреу болса, — деді ол ақы-  
ры тіл қатып, — бір метр түтікті де бермеген болар  
едім... қазір менің жайым өте ауыр екенін өзің білесің  
ғой.

— Ол сөзің дұрыс қой, бірақ трестің бұрынғы артта  
қалғанына сен кінәлы емессің ғой!

— Мен болайын, басқа болсын, — қандай айырмасы  
бар? Елімізге біз күн сайын көптеген тонна мұнайды  
кем беріп отырмыз. Мүмкін, тіпті біздің арамзда оған  
немкетті қарайтын адамдар да бар шығар. Бірақ мен  
өзім мұндай жағдайда жай тауып, тыныш жата алмай-  
мын. Осыным дұрыс емес пе? — деді ол келтесінен. —  
Әлгіде сен менің қалай жұмыс істейтінімді білгің келді.  
Менің бар мақсатым алға өрлеу ғана... Сенесің бе осы-  
ған, мен артта қалсам, өзімнің туған қызымның бетіне  
де, әйелімнің бетіне де тіке қарай алмаймын! Қарай ал-  
маймын, сенесің бе? Өйткені менің артта қалғанымға ме-  
німен бірге олар да қыжылады. Сөз жоқ, апталап кө-  
сіпшіліктен шықпай, мына диванда аңда-санда қалғып  
отыру оңай болмайды ғой... Ал осындай ерлік бола ма?  
Оған қоса, семьяма, кішкене қызымның тәрбиесіне де  
көңіл бөлуге тиістімін ғой... Бұл маған қосымша міндет  
есепті. Мен мұнайдың құнынасын ғана ашып қоюға тиіс  
емеспін... Маған көрнекті инженерлердің еңбектерін оқу  
қажет болатын жағдай кездесті... Ал жұмыссыз артта  
қалып жатқанда осындай қоршап-метпей міндеттерінің  
ешіқайсымен де шұғылдануға мұрсаң болмайды.

— Сөзіңді бөлгенімді кешір, Күдірет... Менің баққау-  
ымша, осында Ләйла келе жатқан сияқты. Меніңше, он-  
дай әйелі бар адам қайсы жоқ? — деді ол.

сі өрлеп барады... Гапу ет, мен өңді көтейін... Ерлі-зайыптылардың кездесуіне бөгет жасау жақсы емес.

Ләйла кіріп келіп, екеуіне де амандасты. Құдіреттің досы тағы да кешірім сұрап, шығып кетті.

Жаңа трестке тағайындалғаннан бері Құдірет үйінде сирек болып жүрді. Сондықтан әйелінің қазіргі келуі оны қатты қуандырды. Ол Ләйланы әйелім деп қана қарамай, жақын серігім, жан жолдасым, бірінші көмекшім деп біледі. Жұмыс қауырт уақытта екеуіне сирек кездесуге тура келді. Екеуі бірін-бірі көп уақыт көрмей жүрген кезде, дара отыру Құдіретке де, Ләйлаға да ауыр тиетін. Соңғы аптада Ләйланың да жұмысы басынан асып жатты, ол да үйге кеш қайтып жүрді. Үйіне келісімен Ләйла трестегі еріне телефон соғады, Құдірет тресте болмай қалғанда Ләйла кітап оқып отырып, түннің бір уағына дейін күтетін. Құдірет келе қоймайды, сондықтан Ләйла да шаршап, кітабын жауып, төсекке қыпсап кетеді.

Күйеуін жұмысқа байланыссыз басқа бір дәлелмен үйге келмей қалады деген ой Ләйланың басына кіріп те шықпайды. Құдіреттің, айтпаса да, қатты шаршап жүргенін Ләйла жақсы біледі; тіпті наукастанып жүрген күндерде де ешкімге айтпағанын да біледі. Қосылған күннен бастап-ақ ерінің болмашы сәтсіздігі өз сәтсіздігіндей көрініп, Ләйланың жанына қатты батады да қынжылтады. Сол себепті ол жан жолдасының әрбір басқан ізіне қадала қарап, оны көзінің қарашығындай сақтауға тырысатын.

Бұл семьядағы сүйіспеншілік ерлі-зайыптылардың бір-бірін еркелетіп, жақын тұтатын әдетінің өзгеше маңнасы, өзгеше сыйпаты еді. Екеуінің бірге өткізген күндерінде көзге түсерлік сырт мінез өте аз болды. Сыртынан қараған адамдарға бұл ерлі-зайыпты адамдар арасында айрықша махаббат жоқ сияқты болып көрінетін. Сондықтан да басқаның өміріне қол сұққанды сүйетін кейбір-үшкір тілді сумақайлар, Құдірет пен Ләйла бірін-бірі сүймейді, деп өсектейтін. Ерлі-зайыпты адамдардың өміріне бөгде біреулердің өрт салғысы келген жағдай да болды.

Ләйланың жолдас әйелінің бірі жақында:

- Сақ бол, шырағым, — деп қойып қалғанды: — Құдірет басқаға көз салып жүрген болуы керек...

Жолдасының бұл сөзіне Ләйла ұнатпаса да, сыр бер-



мен жоқ, өлеусіз қалдыруға тырысты. «Біздің арым дала-  
ғы қарым-қатнасты түсінуге сенің қабілетің жетпейді»  
деп өзінің салғысы келіп бір оқиды да, жолдасын р-  
жіткісі келмей, жай ғана:

— Білесің бе, қымбаттым, — деді Ләйла, — Құдірет-  
тің қасиеті мен кемшілігін бірдей жақсы көрем. Егер де  
сенің осы сөзің шын болса, онда Құдірет ойнап-күлу,  
көңіл көтеру үшін олай істемеген болар, ол мұны тек  
мені жап-тәнімен сүйетіндіктен істеген болар.

Бұл өзгеше мінезді сықақ етіп күлген жолдас әйелі:

— Сонда ол сені сүймеген болып, немесе сенің өзін  
оны сүймейтін болып шығады ғой... — деді.

Мұнан кейін Ләйла шыдап тұра алмай, жалт бұрыл-  
ды да, жолдасымен қоштаспастан жөніне кетті.

Міне, қазір Ләйла ерінің алдында тұр. Екеуі үн-түн-  
сіз бір-біріне қарады.

Тыныштықты бірінші бұзған Ләйла болды:

— Құдірет, секретарыңа айтшы, бір стакан шай әкел-  
сің!

— Өзің неге отырмайсың? — деді Құдірет, жауап  
берудің орнына.

— Секретарь қызың қайда?

— Демалуға жібердім.

Тағы да біраз үнсіз тыныштық.

Шаршағандықтан Ләйланың көзі кішірейіп кетінгі.  
Озық трестің де, қалық трестің де адамдары соғыс уа-  
қытында да, қазірде де демалыс туралы ойлаған емес.  
қалықтары олқылықтан шыққысы келсе, озықтары бі-  
рінші орынды қолдан бергісі келмейді. Көзінің астында-  
ғы кіртіген әжім, бетінің қансыздығы. Ләйланың да  
жұмысты Құдіреттен аз істемегенін аңғартқандай.

— Сен шаршаның ба, Ләйла?..

— Жоқ, мен өткен түнді үйде өткіздім...

— Онда, тыныш ұйқтамағаның ғой...

— Дұрыс айтасың, жақсы ұйқтағаным жоқ. Саған  
телефон соғып едім, теңіздегі буровойға кетті деді. Теңіз-  
ге түнгі сағат төртте шығу қауып емес пе?..

— Түнде ай да жарық еді. Теңіз беті тып-тыныш  
болды!

Кешегі күшті жел туралы Құдірет тіс жарып үнде-  
ген жоқ.

— Құдірет, шайнегің жоқ па?

Қазір! — ол басқа бөлмеге барып электр шайнегін алып келді.

— Шай ішпегеніне көп болды ма?

— Бүгін таңертең ішкенмін...

Шайнекті шаң басып, никелін көрсетпей тастағанын байқап, Ләйла мыйығынан күліп тұр. Оның қолында түйіншегі бар-ды. Күдірет оны әлі байқамаған сияқты.

— Өзін қазір қайдан шықтың? — деп сұрады Күдірет.

— Үйден шықтым...

— Мынауын не, жарқыным? Мен аш емеспін ғой.

— Тресті алға шығарғаныңша саған тамақты өзім тасыйтын боламын, — деді Ләйла, түйіншегін шешіп жатып.

Басқа жағдайда болса Күдірет Ләйланы кұшақтап, «Мақтанышым, махаббатым» деп екі бетінен кезек-кезек сүйген болар еді, не керек, қазір қызмет үстінде отыр.

Террас жақтан келе жатқан адамдардың дыбысы білінген соң, Күдірет сол жаққа қарады.

— Сәмедов жолдас!..

— Я, мен өзім, Исмаилзада жолдас! — деген дауыс естілді есік сыртынан. — Мың тоқсаныншы буровой туралы баяндағым келіп еді.

Ол кабинетке бірден кіре алмады; үйінен жана ғана келген секретарь оны кідіртіп қойды:

— Токтай тұрыңыз, ол кісіге аз ғана сөйлесуге мүмкіндік беріңіз.

— Келіңіз, келіңіз! — деді Күдірет.

Кәсіпшіліктің меңгерушісі табалдырықтан аттамай тұрып-ақ:

— Скважина қайтадан жүргізілді, — деп баяндай бастады, — терезеден қарауыңызға болады.

Күдірет терезеге бармастан Сәмедовты:

— Рахым етіңіз, стол жанына келіп отырыңыз, — деп шақырды.

Сәмедов рахмет айтып, отырудан бастартты да, өкшесімен кейін айналып, шығып кетті. Күдірет әйеліне қарап:

— Жігіт болғанда қандай, жігіт емес-ау, алтын! — деді. — Мұндай адамдармен көп істі тындыруға болады. Я, бізде жұмыс қолы кеміс. Бірақ мен ондай сылтау-

мен ешуақтың өзімді ақтамақ емеспін. Трест олжылық тап шығады, қалай да шығуға тиіс!

Ләйла Құдіреттің асты күйшарлана асап, шайдың қайнауын да асықпай күткеніне қарап, өзінің қолғабын риза болды.

4

Мәдениет Сарайынан шыққандар «Аршин Мал-алаһ» Вали мен Теллидің дуэтин қосылып айтып келеді.

Таир өлең айтуды сүйетін, бүгін екінші рет көріп келе жатқан кинофильмнің барлық ариясы мен дуэтин түгелдей жатқа біледі. Бірақ ол қазір фильм туралы да, өлең туралы да, азан-қазан дуылдасқан жастар тобы туралы да, даладай кең кино залы туралы да ойлап келе жатқан жоқ, — өзінің Бакуде қалар-қалмасы туралы ғана ойлап келе жатыр.

Таир Жәмил, Самандар, Биландармен бірге жүріп келеді; шын ықласымен өзін жұмысқа тез орнастырған Құдірет Исмаилзада, контордан қайтып келгенде қуанышпен қарсы алған бірге жататын жолдастары, өзі киноға бастап алып келген, жастарға орын іздеп, тынышсызданған Ләтифа Таирдың көз алдынан ұршықтағы зыр айналып елестеп өтіп жатты.

— Біз күн сайын көңіл көтеріп, ойын-сауық көреміз. Осының өзі қандай тамаша! — деді Жәмил, Таирды қызықтыра түскісі келіп, ол Бакуді асыра мақтаудан да именген жоқ-ты. — Егер де сен осында тағы бір — екі күн болсаң өз аулыңды ойлауды да ұмытып кетерсің.

Таирдың алдында жайылған жаңа өмір бет алысы оны барған сайын, еліктетіп, жетектей түсті. Ол, қала шуына, бас айналдырарлық көше қозғалысының шапшаңдығына бірте-бірте үйрене бастады.

Досының үндемей келе жатқанын байқаған Жәмил оны өзінше түсінді. Таирға Баку жайлы болмайды-ау, жабырқауы да сол шығар деген ойға келді де, оны көңілдендіру үшін тынбастан сөйлей берді:

— Шының айтқанда, бұл жолы ауыл маған бұрынғыдай болып көрінген жоқ... Жым-жырт болғанда қандай көңілсіз-ақ қой... Немене, Таир, әлде ішің пысты ма?

... Олар трамвай тоқтайтын жерге жетті. Көшеде адамдар тобы секідей соғылысады. Теп-тегіс асфальт беті шам жарығымен жалтырап жатты.

Басқаларының бәрі де Таирға қалада қарап жауап құтулі. Таир сәл жымыйып қойды.

— Ал қалай, достым? — деді, шыдай алмаған Самандар.

— Әрине, ауыл қалаға қайдан жетсін! — деп Таир шексіз ұзын, кең көшені қолымен нұсқап, алысқа көз салды... — Мұнда, осы бір көшенің бойындағы адамдардың өзі біздің бүкіл ауыл адамынан он есе артық... Я, солай болуға тиісті.

— Қазіргі кезеңе, тәйір!.. Үлкен мейрамдарда бұл ариадан өте де алмайсың!

Дәл осы кезде бұлардан шеткерілеу тұрған жас жігіттер... ойнай бастаған гармонь даусына қосыла бірырақпен шапылдап алақан соқта да, шеңберлене тұра қалысты.

Таир солар жаққа қарады. Шеңбер ортасына лып етіп шыға келген орыс бала жігіт, алақанымен тізесін соғып, желкілдеп көзіне түскен сары бұйра шашын шұлғып қойып, екі табанын кезекпен тарсылдатып билей жөнелді.

— Аналарға қара! Төртінші кәсіпшіліктегі балалар ғой... Әй, Миша! Жоспарды орындағаннан кейін сенің басың шырқөбелек айнала бастаған ғой деймін, сірә! — деп айқайлады, Самандар гармоньшыға. Ол енді жолдас-тарына бұрылып, — жүрiндер, — деді, — мен жауынгерлік гайтағы биін билеп берейін.

— Мына орыс жігіті біздің биді де ойнай біле ме?

Таирдың бұл сұрағы Самандарға сәлекет болып көрінді:

— Ойнайды, ойнағанда қандай десейші!.. Ой-ойнамайтын несі бар?

Балалар Таирды өздерімен бірге сүйрелей, әлгі топқа келісті.

Биші барған сайын өршелене түсті. Ол алақан соғып тұрған қыз, жігіттерге өзінің бар өнерін көрсете түсейін дегендей гармоньшының алдына барып, нешәтүрлі қып-пай қыймылмен ұршықтай үйірлді.

Бір кезде ол қара шашты армян қызының алдына барып тізе бүкті де, құлашын сермей орағытып қолын бұлғап билеуге шақырды:

— Қалқам, сіз де!..

Жас қыз шеңберге шығып, дөңгелене сызылып жөнелді.

— Әй, Миша, гайтағыны ойнашы!

Таирдың шұбалтанғанына қарамастан, гармоньыны үлкен шеберлікпен ойнады да, орыс балалар дәл бір ырақпен алақан соғып тұрды.

Самандар шеңбер ортасына шапшаң секіріп шығып, резина доп сыяқты шыр айналды.

Топ-толық етшен жігіттің жеңіл айналып билегенін көрген барлық жастар:

— Жаса! Жаса! — деп айқай салды.

Топ барған сайын өсе түсті. Өтіп бара жатқандар тоқтап, мойындарын соза қарап, билеп жүрген Самандарды көруге ынтықты. Ал ол шанды аспанға көтерін армян қызға қарай секіріп барып, биге шақырды. Шаршағанына қарамастан ол қыз билеуге тағы шықты. Самандармен бірнеше айналғаннан кейін әлсіреп, қайтадан орнына келіп отырды. Биден озып шыққанына мадақтанған Самандар аяғының ұшымен жүріп келді де, өзінің жіңішке даусымен шіңкілдеп: «Их Ах» — деп бір орында дік етіп тұрып қалды.

Шапалақ әр тұстан сатырлап ала жөнелді. Самандардың икемділігіне таң қалып Таир: «Өзі қандай тамаша жігіт!» — деді ішінен.

Трамвай да келді. Жастар вагондарға лық толды.

Жастардың осынау жер жаңғыртқан көңілді ойыны Таир үшін тосын жаңалық еді. Өзінің сонау алыстағы туған аулынан, орыс жігітінің гайтағыны ойнағанын, армян қызы азербайжандықпен есі кеткенше билегенін Таир ешуақытта көрмеген-ді.: Мұның барлығы Таирды өзгеше бір сезімге бөледі, бұл сезімнің қандай сезім екенін оның өзі де айыра алмады. Мұндай жағдай тек Бакуде болуға тиіс, бұл қаланың тамаша әдет-ғұрпының діреуі болуға тиіс деп ойлады, өл. Шынында, салмақты Таирға жастардың мұндай бейқамдығы таң қаларлық болып көрінді, ол бірдей-ақ мұндағы балалар мен қыздар көбінесе осындай сауықпен айналысады екен деген ойға тірелді.

Ол осындай ойда отырып, вагонда қатар отырған Самандар мен Мишаның әңгімесін құлағы шалды.

— Миша, мұрныңды көтеріп, сен мұнша дандайсың берме. Сенің жеткенің жүз елу болса, менің жеткенім екі жүз...

— Мыналар не туралы айтып отыр? — деп сұралы Таир Жәмілден.

— Жоспар туралы ғой... Олардың бригадылары жарыста...

Таир тыңдай қалды. Самандар мен Миша қызарбақтаса бастады.

— Егер де мен өзіме сенбеген болсам, менің гармонымды әлдеқашан-ақ шаң басып қалған болар еді ғой... Он күннен кейін ескі екі скважина жөнделіп шығады. Сонда көрерміз.

— Көрерміз, көрерміз... — деді де, Самандар мысқылдай қарқылдап күліп жіберді. — Жалғыз өзі ғана жұмыс істеп жүргендей болуын қарашы, шіркін-ай, біз болсақ ұйқтап жатыппыз-ау, шамасы... Біздерге бола қынжылмай-ақ қой! Сен екі жүзге жеткенше үш жүзге жеткізбесем атым-ақ өшсін!.. Өзің қалай ойлайсың, туды қолдан бере қою оп-онай деп пе едің?

Таир:

— Туы не? — деп тағы сұрақ қойды.

— Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы туын осылардың тресі екі жыл ұдайы немденіп отыр.

Самандар мен гармоньшының сөзіне басқалар да қосылды.

— Бұлардың ісін бұлдірген ойын-сауық үйірмелері болуы керек, — деді біреу. — Өлең айту, би билеумен жоспар орындай алмайсындар ғой.

Орындаймыз! — деп Миша айқайлап жіберді. — Біз Ләйла Исмаилзадаға өлендетіп келіп: «Жолдас трест басқарушы, рахым етіңіз де, бізге кабинетіңізде тұрған туды бере қойыңыз!.. Әйтпесе, бір ту дегенге бір орында тұрып қалу қолайлы болмас!» дейтін болармыз.

— Олай бола қояр ма екен, сірә!..

— Болатып шығар!..

Вагонның іші шуға толды, кімнің не туралы айтып жатқанын айыру қиын. Самандар Таирға қарап сенімді түрде:

-- Қанша күшенгендерімен осылар не өндірмек дейсін... Тапқан екен, түге, туды қолдан беріп өзіміз қол күсырып қарап отырмақпыз ба, біз сонда неменсе, жүмыртқа басқан тауық болғанымыз ғой!..

Жол бойы, жатақханға келгенше, одан соң шешініп ұйқыға жатқанша Таир Самандар туралы ойлаумен болды:

«Япыр-ай, өзі бір тамаша жігіт екен!»

## ЕКІНШІ ТАРАУ

### 1

Жәмiл мен Таир буровойға барғалы теңiз жағасындағы пристаньға келгенде, Каспийдiң ақжал толқыны ышқына гүрiлдеп жағадағы жартасқа соғып жатты. Күн батардағы алтын сәуле көбiк шашқан теңiздiң бетiне төгiлдi. Бiрiне-бiрi соғылысып жалданған асау толқын қыя түскен күн сәулесiнен от алған тәрiздi, теңiзде өрт болып жатқан сыяқтанып көрiндi. Бұрнағы күнi түнгi қаланың отына сүйсiне қараған Таир, ендi толқынның бiрiнен-бiрi асып жатқан жалынынан көз айыра алмады. Ол Каспий, Баку туралы Жәмiлдiң әңгiмесiн тағы да еске түсiрдi де, алдындағы жайнаған көрiнiстердi ештемемен де теңеуге болмайтынына көзi жетiп, көнiл сездi. Бiрақ мұнда бұрыннан өмiр сүрiп келе жатқан және бұл көрiнестердi күнбе-күн көрiп жүрген адамдар Каспийдiң ұлылығына, оның бояуының шексiз байлығына Таир сыяқты тандана алмайтыны сезiлдi. Олардың көзi бұл керемет көрiнiске тойып қалған болуға тиiс. Жәмiл де, басқа жұмысшылар да теңiзге ендi қарағысы келмейдi екен деген ой келдi Таирға. Табиғат кереметiне тандана берiлген Таирға бұл мiнездер түсiнiкеiз едi. Оның тоймас көзi табиғаттың құлпырған алуан түстi бояуынан айрылар емес, ол бояулар күн батардағы бұлт сыяқтанып, бiрде шымқызыл, бiрде алқызыл бояумен араласып, су бетiнде ланылдап жатты. Таирдың қазiр көзi көргендерiне тандана берiлгендiгi сонша, тiптi қайда, неге келгенiн ұмтып қалды.

Қайдан шыққаны белгiсiз, кенет сол жақтан Чапаев атындағы баркас шыға келдi. Кеме толқынды тiле пристаньға келiп тiрелдi. Түнгi сменаның жұмысшылары бiрiнен сон бiрi палубаға қарғып мiнiп жатты. Үстiнде матростын жаңа көйлегi бар капитан жұмысшыларды асықтыруда; бұлшық етi бұтылдаған қолып былғап, желмен қарлығып қырылдаған жуан даусымен айқай салды:

— Тез болыңдар, онсыз да Рамазан ұста алдыңда кiналтымын!

Капитанның неге асығыс екенiн Жәмiл Таирға түсiндiрiп тұр:

— Сiре, ол бiр жерде «тастап алған» болуы...

сондықтан он бес минут кешікті. Біз осы кезде буровой-  
да болуымыз керек еді. Рамазан ұста оның сыбағасын  
бәрібір береді.

Ең соңғы жұмышы барқасқа қарғып мінгенде,  
мотор қайтадан дүрілдеді. «Чапасев» жайлап пристань-  
нан шықты да, орағытып барып теңіз ортасына қарай  
тартты.

Лезде-ақ Таирға жер жиегі мен бұтағынан айрылып  
сыйдйған ағаштардан құралған орман тәріздес буро-  
войларға толы теңіз қолтығының алыстап қалып бара  
жатқаны көрінді.

Жәміл:

— Білесің бе, қазіргі мұнай кәсіпшілігі тұрған жер-  
де бұрын теңіз болған, — деп түсіндіріп өтті. — Адам  
қурлықты теңізден тартып алған ғой. Мұндағы алғашқы  
буровойлар Киров жолдастың ұсынысымен орнатыл-  
ған. Дұрыстап қарасаң мұнаралардың шатыраш тәртібі-  
мен орнатылғанын байқайсың. Бұрын ол тәртіпті сақта-  
май, қалай болса солай бұрғылапты.

— Онысы несі? — деп сұрады Таир. Таирдың ойын-  
ша, соңғы жылда Жәміл өзінен озып кеткен сыяқты,  
тіпті ол досына ашықтап-ашық қызғана қарап жүр.

Жәміл тәжірибелі мұғалім, көпті көрген көне адам  
сыяқты көтеріңкі даусымен сөйлеп берді:

— Ертеде кәсіпшіліктердің бәрі жеке қожасымақ-  
тардың қолында болған, олардың әрқайсысы өзі үшін  
ғана кам жеген. Ал жер астында не болып жатқанымен  
олардың ісі де болмаған. Бұл жер күні ертең халыққа  
керек болып қалатынын олардың ешқайсысы ойламапты  
ғой. Бакуге совет өкіметі орнап, Киров жолдас келген-  
де барлығы да өзгере бастаған. Барлық жер — халық  
иілігі деген Киров, — егер де скважинаны біліп қазса,  
мұнайды да әлдеқайда мол алуға болады. Сондықтан  
жерді сүйе білу керек, сақтай білу керек.

Таир да, өзінше шаруа баласы екенін, жердің не еке-  
ніне жақсы түсетінін Жәмілге көрсеткісі келіп

— Ол, әрине, мұны дұрыс айтқан, — деді. — Жер  
шамшыл келеді; егер де жерге ойыңа келгенінді іс-  
теп, тыныс алдырмай, тыңайтпасаң, ол шамданады да,  
өштеңе бермей қояды.

Жәміл бұған қосылмай басын шайқап:

— Жоқ, достым, мұнай жерінің сыры мүлде басқа,  
— деді. — Біздің үйретушілердің сөздерін тоқысаң мұ-



ның жағдайы әлі ақ білетін болғасын. Олар ұйғатын сөздері тамалды. Өзден кешкелер арасында дамытылып тұрған батыны гөй. Біреу скважинаны мұнай ала бастағандықтан, екіншісі мұнайды одан тартып алу үшін оның дәл қасынан бұрғылайтын көрінеді... — деп, Жәміл кенет жағаны нұсқады: — Ана қолтықты көресің бе? Дәл бір суретші салған сыяқты.

Кеме теңіз буровойларының созылған қатарына теңелді. Әуемнен таласқан биік, тіп-тік, әшекейлі асыл заттан орнатқан мұнарадай буровойлар теңіз түбінен көтеріліп, көкке өрлеп барады. Таир оларды сүзегідегі тағайындалған орнатылған ерекше бір сарайларға ұқсатып, тесіле қарап қалыпты.

— Өздері теңізге батпай ма? — деп сұрады ол шыдай алмай.

Жәміл мырса етіп күліп жіберді.

— Темір қазықтармен теңіз түбіне қалай қойған соң, қалай батсын дейсің?

— Желден де жығылмай ма?

— Инженерлер барлығын да есептеп орнатқан ғой, достым.

Таир біраз үндемей отырып, тағы да сұрақ қойды:

— Су астына бататын тереңдігі қанша?

— Мынау біреусі су астынан он бес метрдей әрік орнатылған, ал біздің буровойлар одан да тереңірек болар.

Осыны айтты да, сөйлеп кетті:

— Бұрын бізде мұндай техника болмаған. Жерге келтірмей бұрғылау теңізде мүмкін емес екен, ал енді теңіз үстіне буровой сыймай кеткенін өзің көріп тұрсың ғой, — деді де, Жәміл мақтанышты көскінде жақын жердегі бір буровойды нұсқап қойды.

Ол буровой есіз тұрған секілді, маңында жан көрінбейді. Тосын көрген кісі бұл скважинаны құр бекер қазған екен де, мұнай шығара алмаған соң қазбай тастап кеткен ғой, деп ойлауы мүмкін еді.

— Қазір, мына буровойдан біз күн сағын жүз елу тоннадан артық мұнай аламыз, — деді де, Жәміл Таирдың планбай тұрғанын байқап қалып, оның күдігін жойғысы келіп: — Мына бір жіңішке түтіктерді көресің бе? Осы түтіктер арқылы сонау теңіз жағасындағы қазанға мұнай үздіксіз ағылып құйылып жатады, — деді. — Сыртынан қараған адам мұны теңізге лақтырып таста-

таған, қажетсіз бір коқыр-соқыр темірлер екен ғой деп ойлауы мүмкін, ал, шынында, осы түтіктер арқылы бір минут те тынбастан мұнай ағумен жатады...

Баркас буровойлардың жаынан ағып өте ыақты да, теңіздің қақ ортасында көз ұшында бұлдырап дара тұрған мұнараға қарай тартты.

Үдете соққан толқындардың түйгішінен баркас суға батып кететін секілді көрінді. Кеме төңкеріліп кетпек пе екен, деп Таирдың қалтырап, түкірігін жұтып, қорқып келе жатқанын көрген Жәміл қайрат бере сөйледі.

— Бұл не дейсің, тәйір! Токтай тұр, көрерсін әлі, теңізде жақсылап тұрып алай-түлей дауыл соққан шақтарда — төрт тәулік буровойдан шыға алмай, теңіз ортасында қаматын кездеріміз болады әлі. Керек десең, ішер асты да тасып жеткізе алмай қалады.

Таирдың көзі ұясынан шығатындай Жәмілге адырағ қалды:

— Онысы қалай, ә?

— Неге десең, дауыл кезінде кішкене баракпен жағаға шығуымызға болмайды, шыға қалсақ, теңіз түбіне барып балықтарға жем болуымыз мүмкін. Жұрттың бәрі бірдей жағаға дейін жүзіп шыға алмайды ғой Жағаға дейін қанша жер екенін көріп тұрсын ғой!

Таир, барған сайын толқымен ойнап шоршып бара жатқан баркастан көз айырмай қарап, Рамазан ұстаың буровойына дейін қанша қалғанын минут сайын көзімен өлшеп, оған баркастың қанша уақыт жүруге тиісі екенін болжауға тырысып келеді. Ол қорқынышты ғана басынан кешіріп келе жатқан жоқ, сонымен қатар, балалық әуесқойлығы да қозып барады. — Бакудің даңқын бүкіл жер жүзіне жайған мұнай шығаратын кәсіпшілік — буровойды тезірек көрсем деген шыдамсыздығы да жағаласып қалмай келеді. Буровойдағы жұмысшылардың бәрі де оған белгісіз бір машинаның жылдам қозғалысына үлгіруге тырысып, терлеп-тепшіп дамылсыз жұмыс істейтін сыяқты болып көрінді.

— Бері қарашы, Жәміл, буровойда жұмыс істеу өте қыйын ба?

— Неге қыйын болсын? Қазір өзің көрерсін. Ең қыйынын машина істейді... Техника не үшін керек деп ойлайсың?

— Шебердің өзі қазір буровой басында ма екен?

— Қалай да басында болуға тиіс! Ол өте сирек де-  
жалады. Күтпеген жерден авария бола қалса, еңбегіміз  
босқа кетеді ғой.

— Қандай уақытталар болуға ықтымал?

— Не дерің бар ма... Білмейсің ғой. Жер астында  
не болып жатқанын минут сайын біліп болмайды ғой.  
Кейбір уақытта бұрғының айналып тұрғанын көресің  
ғой, ол бір елі де тереңге бармай кұр айнала береді.

— Онысы несі?

— Неге десең, тасты жерге барып ұшы тіреледі де,  
күші жетпей, не сынып, не бұзылып қалады... Сонсон  
барып бұрғыны суырып көр...

Бір кезде баркас әлденеге соқтығып қалды. Таир  
жағт қарады да, Рамазан ұстаның буровойына келіп  
«Чалаевтың» тірелгенін көрді. Капитанмен қатар тұр-  
ған қара жігіт, қапатың шетін ұстай алып, арқан сы-  
яқты шығырышықтап құлантай лақтырып, тоқтайғын  
жердегі қазыққа ілді. Баркас үрейленген асау ат секіл-  
ді басына жүген кигізілгендей тұра қалды; толқынның  
екпінінен кейін лықсып түскен баркас буровойдан ытқып  
барып, мұнара жанына қайтып тірелді де, тоқтай  
қалды.

Жұмысшылар буровойға шыға бастады. Жүрегі жиі  
дүрейдіп, жұмыс істеп жатқан мотор қыймылымен бу-  
ровой шығатын кішкене көпір дір-дір етеді. Таир сол-  
қылдап тұрған тактайды басқанда, табиғат құдіреті мен  
мотор күшінен мұнара түп тамырымен жұлынып кете-  
тіндей болып көрінді. Ол қорыққаннан Жәмілге жар-  
масты. Жәміл қарқылдап күліп жіберіп:

— Саған не болды, достым? Өзің нағыз қоянжүрек  
екенсің ғой... Жүр! Бәрі солқылдаса да мейлі! Өз аяғы-  
мыздың асты мықты. Сен өзің, тіпті! Алды-арты осы  
дейсің бе, тәйір! Буровойымыздың төтеп берген дауылы  
осы ғана болып па...

Таир жалғыз-ақ сәт жоғарыға көз жібергенде, ас-  
панға талас темірден өріп салған зәулім мұнараны,  
оның ең басында торғайдай бұлдырап көрінген жұмыс-  
шы көзіне түсті. Ол адамның өмірі тырнағының ұшында  
тұрған сыяқты болып көрінеді. Жел ұйтқый соға қалса,  
немесе жазатайым тайып кетсе ғой, анау жұмысшы-  
ның қауырсындай ұшып кетуі сөзсіз. Олай болған  
жағдайда оны аман алып қалу қыйын-ақ шығар!

Таир бұл жайды ойлағанда денесін мұздай суық бір

нәрсе аралап өте шыққандай болды, көргенінің бірден жасырынғандай бұтып, төмен қарады. Содан кейін оның көзі еріксіз буровойдағы машина, аспаптарға түсті. Епалдымен оның назарын аударған — бұрышпау балтасына түсетін қысымды өлшейтін дрилметр еді; мұның жайын Таир кейіннен білсе-ді. Дрилметрдің ұзынша ирек қара жазу тілі діріл қағып тұр. Мұнан кейін Таир дрилметрдің қасында еденде отырған буровой шеберінің көмекшісі Васильевті көрді. Ол алақанымен басын сүйеп, шығыршықтап ораған ұзын темекісін саспастан тартып отыр екен... — Таирға: «Бұл кісі машинаның сырын басқаларының барлығынан да жақсы білетін шығар», деген ой келді.

Жеміл ротор қасында турбинаның төрт бұрышты сабынан көз айырмай тұрған Рамазан ұстаға жолдасын жетелеп алып келді де:

— Ұста, мен айтқан Таирдың өзі осы жігіт! — деп ілгері итерменеді.

Таир жан-жаққа алақтап қарап тұрған көзін қарт ұстаға тіге қалды. Рамазан ұстаның ағарған шашы жапырылған көне фуражканың астында ұйпаланып тұр. Қабағын түйген бойы, саз-балшықты ертіндіге малынған өзінің жалпақ күс алақанын кенеп киіміне сұртті де, Таирға ұсынды. Терең ойға шомып, ештеңе көрмеген көзі Таирға келіп тірелгендей, қарт ештеңе айтпастан, үнсіз тұр еді. Ақырында, жауап күтіп не айғарын білмей сасып тұрған Таирды жаңа байқағандай, ол жай ғана:

— Тіпті жақсы болыпты! — деді.

Оның әртарапқа шарықтаған назарынан аулақ болаып дегендей, Таир мелшиіп, тұрып қалды.

Жеткіншектің буровойға келгеніне шебер немкетті қарағандай болып көрінді. Бірақ бұл немкеттілік көпке созылған жоқ. Басқа бір жерде саз-балшық ертіндісін даярлап жатқан жұмысшыларға нұсқау беріп, қарт шебер тағы да Таирға келді де, бірінші қатал сұрағын берді:

— Ал, бағам, ссында өз ынтаңмен келдің бе, әлде сені біреу алып келді ме? — Осыған жауап берші.

«Алып келді ме?» деген сөзді Рамазан ұста ерекше бөліп, қатты айтты. Таир қалай жауап берерін біле алмай, сасқалақтап Жемілге қарады. Жеміл өз досын қып-йып жағдайлан тез құтқармақ еді:

— Өзі келді, ұста! — деді ол қатты дауыстап. — Бу ровайда жұмыс істеді көптен арман еткен!.

Рамазан лам-мен деген жоқ. «Өзі келді» деген сөз оған әсерін тигізіп, Таирға деген жылы сөзім тұтқиыл да, ұстаның қамқоршыл жүзінде айрықша белгі жоқ-ты.

Кенеттен мотор тоқтап, әсіресе, Таир үшін ауыр тыныштық басталды.

— Келгенің тіпті жақсы, — деп мақтады да, қарт шебер жұмысшыларға бұрылды. Бір жас жұмысшы Таирдан көз алмай қарап тұрғанын байқаған Рамазан ұста: — Гриша, балам, неге сонша қадала қарайсың? Ол да сен сыяқты жасөспірім, — деді.

Рамазан ұста Гриша деп атаған жас, өзінің барлық тұлғасымен Самандарды еске түсіреді, оның Самандардан айырмасы, жалғыз-ақ — шашы жирен екен. Бір минуттен кейін, скважинадан түтікті суырып алуға жұмысшылармен бірге кетіп бара жатып, ол Таирды бүйірден батыра түйіп өтті. Кешірім сұраудың орнына, Гриша жаңа келген жас жігітке күтпеген жерден дөрекілік білдірді:

— Әй, жігітсымақ! Аяққа оралғы болып неғып тұрсың?

Күтпеген жерден болған соққыдан тәлтіректеп кеткен аяғын әрең басқан Таир сары балаға ашулана қарады. Бұл қорлау оның арына, менмендігіне қатты тиіп кеткендіктен шебер естиді екен-ау деп санаған да жоқ, катулы жауап қайтарды:

— Сен өзің жігітсымақ!.. Аяққа оратылып жүрген, мен емес, сенің өзің!.. Жолда кісі тұрғанын көрген соң басқа жақпен оралып өтпейсің бе!..

Бұл керіске Гришамен бірге келе жатқан жұмысшы да қосыла кетті:

— Бері қара, жеткіншек, кемеге отырған екенсің, капитанмен дауласпа! Келгеніңе он минут өткен жоқ қой!.. Алғашқы түрің мынау екен, бара-бара не болмақсың?

— Дәл осының өзі болады! — деп озбыр жауап қайтарды Таир. — Қолленең көк аттының қобызына қосылып билей алмаспың!

Рамазан үндеген жоқ. Ол өзінің жаңа шәкіртін сынағандай, Таирдың әрбір қыймылынан көз айырмай қарап, әрбір сөйлеген сөзін қалт жібермей тындап тұр:

Ішінен Таурдың озбырлығын мақұлдаумен қабат, қазіргі Таурдың мінезі мен өзінің балалық кезіндегі мінезінен ұқсас бір нәрсе тапқандай болды. Рамазан өзінің жастық шағындағы ауыр жылдарды ұмытпаған. Ол өз басынан сөз асырмай, ешкімнің діңкіліне көнбестен өсіп еді. Қазір Таурдан көзін айырмай бақылап тұрып: «маңдайың шерткенді көтермейтін балаларды жаныммен жақсы көрем» деген ойға келді. Басынан кешкен бай өмір тәжірибесі, өзіне айтылған артық сөзді көтере алмайтын, менмендігі күшті адамдардың, әдетте, не нәрсені бәлсін басқалардан жақсы істеуге жанын салтынын байқатқан болатын. Сонымен қатар, ол қарт көп адамдардың менмендігі оларды талай тамаша іске бастайтынын, үнемі озық болуға талпындыратынын, өз жолдастарының ортасында беделді болып көрінуіне жетелейтінін жақсы білетін-ді.

Гриша өзінің кіналы екейіне мойынұсынуға даяр еді, бірақ Таурға ештеңе деп жауап берген жоқ, шебердің нұсқауын күтіп, скважина жанына барып тұрды.

Мұндай шексуді, әдетте, Рамазан ұстаның өзі баса тын. Бұл жол да солай болды.

— Жарайды, осы салғыласқандарың да жетер! — делі де, Гриша мен оның қасындағы жұмысшыға: — Түтікті суырындар! — деп бұйрық берді.

Жұмысшылар бұрғылау аспабын суыра бастады; Гриша бұрғылау түтігін кілтпен айналдырды да, кілтті жолдасына ұсынды, ол да бірнеше рет айналдырды. Түтік бөлініп шықты да ілгері қармақпен жоғары көтеріліп, жай айналып бір шебер сызғаннан кейін буровой көпіріне көлденен сұлады. Бұл іс ұзаққа созыла қойған жоқ-ты. Жұмысшылардың бар қыймылын бақылаған Таур бәрін, бірдең-ақ білгісі келіп, Рамазаннан:

— Бұл немене, ұста? — деп сұрады.

Қарт шеберге жас жігіттің бұл асығыс құмарлығы ұнап кетті, әйтседе ол, әдетінше, қабағы салыққы күйде:

— Асықпа, — делі, — уақыт жеткенде бәрін де білерсін.

Таур өзіне шебер кейіп қалған екен деп білді, алай да, Гришамен шексіз қалғанына өкінген жоқ: «Өзіне сол керек, бәлем! Мейлі, не болса ол бәлсын. Менің әркімге бір жалбақтай алмайтынымды біліп қойсын!»

Рамазан ұста көкке карап темір мұнараның жоғары палатасында тұрған жұмысшыға айқайлап жіберді:

— Сақ бол, Қайдар балам, қапыда қалма!

Таир да шебердің осы сөзі арналған жоғарыдағы жұмысшыға қарады; Қайдардың көтеріліп келе жатқан блокты ілгішпен шапшаң іліп алып, кенет төмен түсіріп, түтікпен байланыстырып тұрғанын көрді.

— Ал енді сіздер кірісіңдер, — деп, Рамазан ұста жаңа сменаға келген жұмысшыларға карап, сонан соң Таирға бұрылып: — Балам, сен де дайындал, қазір мұнараға шығасың.

Мұндай тосын сөзді естігенде, Таир селк ете қаады, оның аса қорқатыны да тап осы бір жағдай еді.

Бұл Рамазанның жаңа шәкірттерін сынайтын өзіне ұнамды, ескіден келе жатқан әңісі болатын. Шебер ең алдымен шәкірттерінің жүректілігін көзбен көргісі келетін-ді. Осы сыннан өткендерді қарт шебер құрметтеп коллективке алып, содан кейін олардың, басқа кемшіліктері мен кұналарын кешіретін: — Жеткіншек қорқак болмаса болды, одан өзге мінезі түзеліп кетеді деген ережені қолданушы еді.

Қарт шебер салмақты қолын Таирдың иығына салып, екінші қолымен мұнара төбесін нұсқады да, қайрат бере сөйледі:

— Еш те бір қыйындығы жоқ, қорықпа. Жоғары шық, не істеудің керектігін көрсетеді саған. — Рамазан ұста жоғарыдағы жұмысшыға тағы да дауыстап: — Қайдар, балам, түс деймін!

Дегенмен, шебер Таирдың сасып қалғанын байқады.

— Немене? Әлде жоғарыға шыққың келмей ме?

Таир зорлана озу тартып:

— Жоға, тәйір! Шықпайтың несі бар дейсің?

— Онда Қайдардың орнына бар. Өзінің жасын нешеде?

Шеберге бажырая караған Таир, мадактанғандай, айқайлап тұрып:

— Он сегізге аяқ бастым, ұста, — деді.

Қайта бұрынғыдан да саскалақтамаса Таирдың үрейі әлі басылған жоқ-ты, бірақ онысын сездіргісі келмей тұрып, бір уақығаны есіне түсірді.

Бала кезінде ол жолдас балаларымен бірге түннің бір уағына дейін отырып, атасының ертедегі бір шайқы туралы қызықты әңгімесін тыңдаған-ды. Таирдың өз

өкесі дүңгелек аяқта отырған. Атасы өзі шайқанның өтсеуіне баратын үлгіні қамал мұнарасы төбесінде қорықпата қыстағы тұлғаны айтыпты. Солға шайқай төмелік қарсы түсіп, найзадан жараланып калса да, өзіне жола айшып, қорықпатадан күйініп шығыпты... Атасы өңірмені айтып бола бергенде, тыңдап отырған балалар арасында, қайсымыз батырмыз деген талас туды. Жәміл Таирға: «Егер сен бізден батыл болсаң, молаға таяқ алып барып қалап келші», — деді. Таир бастапқыда жүрексініп отырды да, кейіннен орнынан ұшып тұра келіп, қолына таяқ алды. Анасы Таирдың екіленуін басқысы келіп тоқтау айтты, өкесі баласының табанды батылдығын қуаттағандай үндемей отырды. Жолдастарынан ұялған Таир, қысын ұстап тұрған анасының қолынап жұмақна сытылып шығып, ата жөнелді. Бейіт бес жүз қадамдай жерде болатын. Түн тастай қараңғы. Таир қанша қорықса да, шегінісі келген жоқ; бейітке жүгіріп барып, жақадан өлік көмілген борпылдақ тас топыраққа таяқты сүйгіте салды да, өкпесін қолына алып қайға жүгірді. Үйге қайтып келгенде оның беті күлдей құп-қу боп кеткенін отырғандардың бәрі байқады. Жолдастарына мақтана қаран: «Ір болсаңдар, өздерің барып тексеріп қайтыңдар!» — деді. Таирдың жүректілігіне бәрі де қайран қалысты; өкесі: «Ал, барыңдар да тексеріп келіңдер», — деді. Бірақ Таир: «Жоқ, — деді, — Жәмілдің жалғыз өзі барып тексеріп келсін». Жәміл қорқып аяғын қыя баса алмады, тобымен бейітке барып, Таир шаншып кеткен таяқты көріп қайтты...

Міне, қазір Таирдың құлағында Рамазан ұстаның даусы:

— Неғып тұрсың? Әлде қорқып тұрсың ба?

Жоғары қарағанда Таирдың көзі қарауытып кетті. Темір мұнара оған екі есе биік, баспалдақ тіп-тік болып көрінді. Бірақ, мүдіретін уақыт қалған жоқ-ты. Ол «ажал екі келмейті» деген ойға келді де, өзінің қас-қабағына қарап қасында тұрған жұмысшылардан бөлініп шыға келді. Жінішке, тік басқышпен тырмысып, жоғары өрмелей бастады; үш метрдей көтеріле беріп, төмен қарады да, қайтадан өрмелей жөнелді. Енді шегінудің ешбір жолы қалмаған-ды: шебер де, жұмысшылар да Таирдан көздерін айырмастан қарап тұр.

— Өзі тіпті ауылда тұт ағашынан жеміс алуға өрмеден шығып та көрмегені ме? — деп, Рамазан ұста Таир-



дың қорқа шығып бара жатқанын байқап, Жәміден әдейі Таирға естірте сұрап тұр.

Жолдасының қалай өрмелеп бара жатқанын басқалардан да қатты бақылап тұрған Жәмід, одаңда бетер қатты сөйлеп:

— Ауылда одаң басқа не бітіреді дейсіз?

Жарты жолға дейін көтерілген Таир тоқтап, төмен қарады. Жаңа ғана жағылған электр шамының сәулесі түсіп шайқалып жатқан толқынды көргенде, көзін еріксіз жұмып жіберді. Самолетке бірінші рет мініп, машина жерден бөлініп кеткендігін сезген адамдарша оның ішінен бір нәрсе үзіліп кеткендей болды.

Жүрегі аттай тулаған Таирдың басына шыға келген ой: «Осындай іске мені зорлап қосқан кім болды екен?» Әйткенмен, оның өнбойына өз менмендігі қуат бергендей, жоғары қарай тағы да өрмелей жөнелді. Қайдардың тұрған жеріне жеткенде Таир, шебердің оны босқа сынап тұрмағанын білді. Үйренбеген кісіге бұл ара қорқынышты да болатын.

Төменнен Рамазан ұстаның даусы шықты:

— Я, балам, қорықпайсың ба?

— Жоқ, ұста, қорқатын не бар мұнда? — деді Таир. даусының қорқыныш дірілін басқысы келгендей айқайлап сөйлеп.

Бұл сәтте ол өзімен қатар тұрған өзге жұмысшыны бірінші рет байқады. Ол Таирға жоғары көтерілген түтікті скважинаға қалай түсірудің қажеттігін көрсетті; бәрін түсіндіріп болғаннан кейін жұмысшы:

— Сен де осылай істе! — деді.

Таир түтікті бірінші ұстағанда, жабысқақ саз-балшық ертіндінің қолына жұға қалғанын сезді. Ол түтікті шапшаң бұрай бастады. Подъемник сырылдап төмен түсті. Ілкі кеткен түтікке кейінгі кеткен түтік барып соққанда мұнара солқ-солқ ете қалды. Таир сасқалақтап бір қалды да, кішкене темір алаңда өзінің орнықты тұрғанына көзі жеткеннен кейін жүрегі оршына түсті: «Шынында, қорқатын несі бар?» — деді де, енді төмен қарамасқа бекінді.

Түтіктерді төмен түсіріп, Таир бір сағатқа жуық істен еді; төменге бір қарап қалғанда, Рамазан ұстаны көзіне түсіре алмады: «Мүмкін, ол менің жоғарыда қалғанымды ұмытып, қалаға кетіп қалған шығар?» — деген ойға тіреліп, мұңайып қалды; жалғыз минут уақыт-

тың өзі де көпке созылғандай болды. Келесі түтікке қос соза бергенде, төменнен таныс дауысты естіп, енді Таир балаша қуанып кетті. Қарт шебер оған түс деп тұр. Мұны Рамазан ұста ойнап айтады ғой деп ойлады да, төмендегі жұмысшылардың мазағына қалғысы келмегендей тағы да біраз күте тұруға бел байлады.

Алайда, шебердің бұйрықты даусы тағы шығып қалғанды:

— Түсе ғой, балам!

Таирдың шұбаланғанын байқаған қарт шебер, енді өзінің ойнап айтпағандығын дәлелдегісі келіп, мойын соза жоғары қарап тұрды.

Бір шығынақ нәрсені басып кетіп, сындырып алмайын деген адамдай, Таир баскышқа қарай, қорқа соғып қадам басты; баспалдақтың әрбір сатысын ептеп басып, төмен түсе бастады.

Ақыры, ол бұровойдың көпір тақтайына аяқ басқан кезде, электр жарығымен өз киімінің саз-балшық ертіндісімен былғанып қалғанын көрді. Рамазан ұста Таирдан тұнжыраған назарын аудармастан көңілін аулағысы келіп:

— Сен ең қыйын сыннан өттің, — деді. — Алай-түлей дауы болғанға сені тағы бір сынаймын. Егер де онда да қыйыншылықтан таймасаң, онда маған нағыз дос болғаның.

Шебер бұл жолы да Таирға риза бола тұрып, баяғы самарқау тұнжыр қалпында қарады.

— Бастадық! — деп топталған жұмысшыларға бұйрық берген ұста өзі шеткері шықты да, қасында жатқан машинаның жылжымалы ысыртпасына барып отырып, тартып болған темекісінің күлін қағып түсіре бастады.

Жүргізіп жіберілген ротор айналымын барған сайын шапшандата түсті.

Таир шебер қарттың орнықты, бірқалыптас қыймылын аңдып, өзі оның не ойлайтынын түсінуге тырысқанмен де, құр болжаудан өштеңе бидіре алмады. Сол кезде ол, Рамазан ұстаның жанына келіп, жаңалық хабар айтып тұрған бір қызды байқады. Ол қыз қайта кеткенде, шайқалып тұрған электр жарығынан Таир қыздың сүйсінісін анық шалып қалды. Қыздың екі иінінде ілгері асатын сұлап жатқан жуан, ұзын қос бұрышты көрікті. Қыздың үстінде қаракөк юбкасы мен қос төскал-

талы сәтен кеудешесі бар екен, кеудешенің бір төсқалтасында үшкірлей ұштаған екі қарандаш сорапын тұр. Қыздың қолында газетке ораған қалың кітап бар екен.

Кенеттен Таир қызды тапый қойды: Даданымен жатақханаға келіп, балаларды киноға алып барған қыз осы болып шықты.

Қыз Жәмилге ұяла қарап, амандасты да, Таирдың ғаз-балшық ертіндісіне былғанған қамзолын көріп, мазақтағандай езу тартты, — бұған қарағанда, ол Таирды да таныған сыякты.

Қыздың езу тартқанын байқаған Таир: «Не менің жұмыста тосын адам екеніме, немесе менің бүлінген костюмыма күліп тұр-ау, бірақ ол менің әлі арнаулы жұмыс киімін алмағанымды білмейді ғой», деп ойлады.

Шынында, одан басқа жұмысшылардың бәрінде де арнаулы жұмыс киімі бар болатын және ешқайсысының да үсті Таирдың үстіндегі былғанған жоқ-ты.

Таирдың ұялып қалғанын байқағандай Ләтифа күлкисін тыйып, тез-тез басып, ілгері жүріп кетті. Қыздың ізіне қарап, орнынан қозғалмай қалған Таир Ләтифаның екінші бұрымы арқасында сұлап жатқанын көрді.

— Бұл кешегі қыз емес пе? — деп сұрады ол Жәмилден.

— Дәл сонын өзі... Я, немене?

— Ол да осында жұмыс істей ме?

— Я.

Таир қызды жақыннан көргісі келсе де, үлгіре алған жоқ-ты, Ләтифа буровойға келіп тоқтаған кемеге қарғып мінді де кетіп қалды.

## 2

Шынын айтқанда, карт шебердің тұнжыраған беті Таирға онша ұнаған жоқ. Рамазан ұстаны өте ашуланшақ адам деп ойлаған Таир, өзінің Бакуде қалар-қалмасын әлі біле алмады.

Оның шебер туралы бірінші алған әсері, шеберге өзінше берген бағасы әлі өзгеше қойған жоқ еді. Рамазанның өзіне бір сәт жылы жүзбен қарамағанын ойына түсірген Таир: карт мені бастықтың бұйрығына бағынбағандықтан ғана қабылдаған екен, ол мені үнемі мұңаңду, кеміту, кекетудің орайын аңдып, ұрысумен бағынды.

акыры, менің мұнай кәсіпшілігінен кетіп, аулыма қайтуыма мәжбүр етеді, деген ойда болды; оның бұл ойы бірте-бірте нығая түссесе, сөйілген жоқ. Әрине, бұл ой Таирдың көңліне қаяу салды.

Рамазан ұста буровой басында жас жұмысшыларға да, тәжірибелі мұнайшыларға да нұсқау беріп жүрді; Таирмен бетпе-бет кездесе қалса бұрынғысыша тұнжырап, бұған көңіл аудармағандай болып көрінді. Өзінің шұбалы ойы туралы Таирдың Жәмилмен сөйлескісі келіп еді, бірақ екеуінің сыбырласып жүргенін шебер көріп қалар деп гайсалды.

Бір күні Таир шебердің көмекшісі Васильевтің қартқа: «Рамазан Ескендинович, сен демалсаң қайтеді, буровой басынан шықпағаныңа үш күннен асты ғой», — деп тұрғанын есітіп қалды. Мұнан кейін Таир, шебердің өзіне көңіл аудармай шытынап жүргені, оның шаршағандығынан екен ғой деп өзін-өзі жұбата бастады. Оның үстіне, Ләтифаның үлкен қара көздері де Таирдың мазасын алды да тұрды. Мұнан соң, Рамазан ұста, шынында, мен ойлағандай емес, ол көрер көзге ғана ызғарлы, тұнжыраған адам екен, деген ойын орнықтыра түсті.

Сол сәттен бастап-ақ Ләтифаның келбеті Таирдың көз алдынан кетпеді. Жұмысшылардың скважина басында асып-сасып, бір-біріне айқайласқан әбігері ғана Таирдың қыз туралы ойын бөлгені болмаса, буровой басындағы жұмыс бірқалыпты жүріп жатса да, Таирдың көз алдынан сәттен кеуденелі, сұңғақ денелі, ұзын бұрымды қыз кетпейтін: ондай жағдайда Таир өз-өзінен жымыйып, әлденеге сенер-сенбес әсіренкі болатып да жүретін.

Таңертең, жасылкөк жиектен алтын күннің шымқызыл сәулесі шапшырап көрініп, теңіз толқыны жуасып жатқан кезде үйге қайту үшін, Таир жолдастарымен бірге баркасқа келіп мінді. Жағаға жақындап келгенде ол Ләтифаны көрді. Өзінің түнгі жұмыста шаршағанын ұмытқан Таир қызға, оның күн сәулесімен нұрлана түскен бетіне қарады; қыз оған бұрынғысынан да сұлуырақ болып көрінді. Қарапайым көк көйлек қызға жарасып-ақ тұр екен. Өзінің жаңа танысын Таир, аудандық қаладағы үстеріне жібек көйлек киген, бет-аузына опа-далап жағынған кербездермен салыстырып, Ләтифаның олардан әлдеқайда сұлу екенін, бұл қыз-

дың бояусыз бетінің өзі шырайлы, сүйкімді екенін байқады.

Ләтифа бұл әлемді тек аяқарымен ғана емес, көздің ұятын сезді де, барқасқа жақындап кезіп, басын еріксіз жоғары көтеріп Таирға қарады. Таирдың күнге күйіп қоладай қоңырайған бетін, жаңа ғана кара мұрт шала бастаған қалыңдау ернін, сұр гимнастержасын, галифесі мен биік өкшелі, тар қонышты етігін көрген Ләтифа тағы да үйреншікті мысқыл шырайда езу тартты. Осы арада ғана Таир Ләтифаның ссылай күлетін ежелгі әдеті екенін, оның Таирды мазақтамақ ниеті жоқ екенін, қайта өзінің қызға сәл да болса ұнағандығын байқады; қызбен бір ауыз болса да тілдескісі де келгенді, бірақ Ләтифа ыңғай көрсетпестен аяғын тып-тып тез басып, барқасқа секіріп мініп кетті.

Ілгері шығып кеткен Жәміл жан-жағына қарады да қасында Таирдың жоқтығын байқап артына қайрылып: — Жол білмейсің ғой, байқа, адасып кетерсің! — деп айқай салды, — кейін қалып қойып жүрме!

Бұл дауысты Жәмілден үш қадам кейін келе жатқан Рамазан ұстаның да құлағы шалғанды; түнгі жұмыстан шаршап қайтқан қарт та тоқтай қалып, Таирды тосып алды. Таир олардың қасына жете берін еді, езу тартқан ұстаның мұрты жыбыр-жыбыр етті.

— Ал, буровой ұнады ма саған? — деп сұрады ол, Қарттың бұл ықласына Таир емескіп қалды да:

— Жақсы жұмыс, ұста, — деді ол. — Буровайдан тұлабойым май-май боп шығатын болармын деп ойлағыман. Кинодан өкпей сондай бір мұнайшыларды көретін едім.

Рамазан ұста асфальт жолдың қасында мұнай жүретін түтіктерді жөндеп жатқан жұмысшыларды нұсқап:

— Ондайлар да бар, балам... — деді. — Дегенмен де, келгенің дұрыс болды. Біздің мамандығымыз қиыны болса тұрса да, аса құрметті болады. Жаңа скважина тапсырғанында, үлкен үлес қосқаныңды сезесің. Киров жолдас маған үнемі: «Рамазан жолдас, мұнайшының сырты ғана қара, ал оның жүрегі асыл алмас», — дейтін.

Қарт шебер Кировтың есімін ең жақын, ең қымбатты есім ретінде сүйсініп атағанда, Таир Сергей Миронович туралы газеттер мен кітаптарда оқығандарын бірден есіне түсірді. Азамат соғысы кезіндегі оның тамаша ерлігі, әсіресе, Астраханьды қорғаудағы ерлігі, Азербайжандағы жұмысы, Бакудің Нагорный паркінде Кировқа

арнатқан ескерткіш, — осының барлығы Таирдың көз алдынан тізбектеліп өтіп жатқандай болды. Тап қазір өзінің Кировты білетін, онымен талай кездескен адаммен қатар жүріп келе жатқанына Таир сенбеді. Таир аузын ашып, Кировпен сондай жақын жүргеніне әлі де сенер-сенбесін білмей, қарт шебердің басынан аяғына дейін қарап өтті.

Рамазан ұста, ұйысқан қалың ұзын қасының астынан Таирдың бас-аяғына қадала жалт-жұлт қарап, бала жігіттің күдігін білгендей:

— Немене, менің сөзіме шұбаң бар ма, балам? — деп сұрады.

Таир қып-қызыл болып кетті де, іле жауап қайырды:

— Жоға, ешбір шұбам жоқ! Сіздер жақын дос болдыңыздар ма, осыны айтыңызшы?

— Сергей Миронович мүлде қарапайым кісі еді. Біз бірінші кездесуден бастап дос болып алдық, — деп, қарт ауыр күрсінді. — Әттең, сатылғандар атқан оқ оны біздің арамыздан алып кетті ғой, оған әлі өмір сүре беру керек еді! Ол Ленинградқа кеткеннен кейін де мені ұмытқан жоқ-ты. Бірнеше рет хат жазды, бізден барғандардан да мен туралы сұрастырыпты. — Рамазан ұстаның көз жанарынан қайғының ізі көрінді, ол жаһымен басын шайқап қойып: — Оның өлімін естігенімде жарты жасым кемігендей болды... Я, ол Азербайжан үшін көп жақсылық істеп еді. Азғындардың оған атқан оғы менің жүрегіме тигендей болды! — Ол түйілген жұмырығын сермеп, тісін қайрап: — Жүр, балам, жүр, — деді. — Күн сайын мына мұнараның қасынан өткенде мен оны ылғый еске түсіремін. Мынау сен көріп тұрған скважинаны бұрғылағанымызда, ол күні-түні осының басында болған-ды.

Буровой басында қарт ұстаның тұнжырап жүргенін көрген Таир қазір оның сөзінен соншалық ақжүрек, адалниетті ерекше жылылықты сезіп, қайран қалды; ол Кировпен дос болған адамның жаман болуы мүмкін еместігін ойлады.

Рамазан ұстамен қатар жүріп келе жатып, Таир енді қарттың анау-мынау адам еместігіне, даңқты ер адамның жолдасы екендігіне мақтанды; кез келген адамға мұндай кісінің қатарында жүру сыяқты бақыт кездесе бермейді, деген ойға тірелді.

Трамвай тоқтайтын жерге келгенде, Рамазан уста жас жігіттермен қоштасып, жөніне кетті. Уста педәуір алысқа ұзағаннан кейін Таир Жәмілге қарап:

— Шынымды айтсам, жүрегім орныққан жоқ-ты, — деді. — Бәрі де бүлінген екен деп ойлап едім. Қарт шебер бүгін маған қойнында жатқан жыланға қарағандай зәрлі қарады.

— Олай ойлайтын себебің қалай?

— Себебі, қарт шебердің жүзінде еш те бір жылылық нышан болған жоқ.

— Оның мінезі сондай. Оның жүзіне ғана қарайтының не? Шебердің бар жылуы ішінде, жанында ғой. Жұмыс кезінде ол қатал кісі, анау-мынауынды білмейді. Аздап тұйық екені де рас. Ол екі баласын бірдей майданға аттандырды ғой, соғыс біткелі қашан, баласының ешбіреуінен де хабар жоқ. Сондықтан болар, үйіне де сирек барады. Қарт ана көз жасын көл етіп отырғаны, ал оны көргенде қарттың дәті қайдан шыдасын. Өзін қалайсын, сірә, әйелдің жайын білмейсің бе, әлде? Мысалға өз шешемді алшы. Өз ағам туралы шешеме: қайғырсам қайтейін, жалғыз сенің балаң ба екен, қаза тапқандар да, хабар-ошарсыз кеткендер де көп қой деймін. Қанша айтсаң да ананы жұбату қайда! Ал Рамазан ұстаны алатын болсаң, ол өз қайғысын жүрегінің терең түпкіріне көміп тастаған, бұл туралы ешкімге де жұмған аузын ашпайды.

Жатақханаға келісімен-ақ, Таир шешесіне хат жазды да, өзінің Бақуде қалатынын айтып, келетін біреуден сазын жіберуді сұрады.

Содан кейін Жәмілдің қойкасымен қатар қойған өзінің қойкасына жатып еді, бірақ соңғы күндер көрген, білгендерін көз алдына елестетіп, көпке дейін ұйқтай алмады, ақыры есіне Ләтифа келіп түсті.

— Бері қарашы, Жәміл, олар қайда тұрады?

— Оларың кім? — деді Жәміл.

— Ләтифаны және сонымен бірге тұратындарды айтамын.

— Менің байқауымша, бірінші көргеннен-ақ соған ғашық болып қалдың-ау деймін.

— Жоқ, әншейін сұрап жатырмын, — деп қолын сілтеді Таир, өзінің ұялғаннан қызарып кеткенін сезіп.

— Әрине, әрине... Алдымен жай-жапсарын тәптеп-

теп біліп алып, содан соң киноға ертіп барасың да, бірге жүрші, сөз саласың ғой. Қызды айналыңыру саяси бұйым болып па, өлең де айта аласың, саз да тарта аласың ғой.

— Сен тіпті сазымды да тап сол үшін сұратып жатырсың дерсің-ау!

Жаңға ашылмайтын сырдың жайын қозғап алармын деп үрейленіп кетті де, әңгімені басқа жаққа аударғысы келген Жәмил асыға сөйлеп:

— Жаңа келгендер үшін ертеңнен бастап техминимум жүре бастайды, — деді. — Бүгін таңертең біздің кенседе осы жайында жарнама ілінген екен. Оны маған Би-ландар айтты.

— Оның не керегі болғаны?

— Не керегі болғаны несі? Бір орнында қалшыйып тұра бермейсің ғой, мен өзім үш — төрт күннен кейін емтихан тапсырып, жоғарырақ жұмысқа шыққым келіп жүр.

— Олай болса, өте жақсы екен. Қайда жазылуға болады.

— Жазылатын неменесі бар! Өзің бармасаң, сені өздері іздеп-ақ тауып алады.

Жәмилдің: «Ілгері басу өзімізден», — деп сүйіп айтатын сөзі бос сөз еместігін білді де, Таир: «Оқымасам мұнда неге келдім? Оқыймын», — деген қортындыға келді. Ол:

— Жақсы, сонда біз жұмысты қашан істейміз, қай уақытта оқыйтын боламыз? — деп сұрады.

— Жұмыстан бос уақытымызда оқыймыз, — деді Жәмил, есінеген бойы. — Мен қатты шаршап қалыппын. Ұйқтап алайықшы, сонсоң бәрін де айтып берейін.

Тым-тырыс олла қалып еді, кенеттен созылған гудок даусы естілді.

Таир жалт етіп басын көтеріп алды:

— Мұнысы несі?

— Пароход қой... күн сайын, дәл осы сағатта Астраханьға пароход жүреді.

— Теңіз қойнауында тұрған кемелер қандай көп... Олардың бәрі қайда барады?

— Көбі тапкерлер... Мұнай тасыйды.

— Мұнайды буровойдан алған бойда тасып әкете ме?

— Жоға, о не дегенің!.. Өзіңе көрсетіп едім ғой. Мұ-



найды біз мұнай айыратып заводтарға жібереміз. Айырағаннан кейін олар басқа қалаларға жібереді. Сквжиннадап шыққан мұнайдай нешетүрлі жүздеген заттар алынады...

— Япырм-ай, не дейсің? — деп Таир төсегінен атып тұрып, Жәмілге қадала қарай қалды.

— Неменеге таңданысын? Ол заводтарды аралатып бізге көрсеткен болатын, сонда бір инженер, жақында жаңадан бір зат шығара бастағандарын айтты. Баку мұнайын басқа ешқандай мұнаймен салыстыруға болмайды. Қара алтын деген сөз бе, біздің мұнай бриллианттан да қымбат! Олай болмаса біздің Баку мұнайына шетелдіктердің іштері неге күйеді дейсің, жарайды, ұйқтайықшы. Рамазан ұста: Гитлердің жотасын күйреткен Баку мұнайы дегенді аузынан тастамайды. — Жәміл үндемей қалды да, кенеттен әлдене ойына түсіп, шынтақтап басын көтеріп алды: — Сен осындағы театрда әлі болған жоқсың ғой?

— Несі бар?

— Ертең барамыз.

— Қайсысына барамыз? Мұзыкалы комедияны мен айрықша жақсы көрем.

— Ә, қойшы әрі! — деп Жәміл қолын сілтеп тастады, — онда ауызға алар түк те жоқ! Самед Вургунның «Ханларасын» көріп пе едің?

— Жоқ, көргенім жоқ, біздің ауданда оны көрсеткен емес-ті.

— Мен бір рет көргенмін, қатты ұнады. Ол пьесада Сталин жолдастың жастық шағын көрсетеді екен.

— Олай болса барамыз, — деп ризалық білдірді Таир.

Үйдің іші тып-тыныш бола қалды, екеуі де ұйқыға шомды.

### 3

Залға лық толған жұртты көргенде Таир таң қалды. Бұл керемет үлкен залды өз ауданындағы театрмен теңегенде, бұған қала адамдарының жартысы осында келген сыяқты болып көрінді. Адамның көптігі сонша залда ине шаншар бос жер қалмаған. Жұрттың бар даусы бір жерден шыққандай гу-гу етеді. Тастөбеде

Ілулі тұрған әшекейлі үлкен шамның жарығымен адамдардың алуан түске бөленген әдемі киімдерін көрген кезде Таирдың көзі ұялағандай боп кетті. Жұрттың бәрі Таирға карағандай, барлығы да мұның жупыны киімі жайында сыбырласып отырғандай болып көрінді. Оның үстіне кигені ауыл халқының әдеттегі киімі, — сұр гимнастерка, галифе шалбар, биік өкшелі етік болатын.

Үшінші қатардағы орынға Жәмилмен бірге отырғаннан кейін де Таир ұялумен болды; маңдайынан тер моншақтап, төмен қарап отырып, өзі туралы не айтар екен деген оймен көршілерінің сөзіне құлағын түріп отыр.

Ешкімнің өзінде жұмысы жоқтығына әбден көзі жеткен Таир қуанып кетті де, шынында, ойын көрушілердің ешбірі өзінің мазақтап күліп, күстаналамағанына таң қалды. Қыз-жігіттер әрқайсысы өз істері туралы, әсіресе, көргелі отырған пьеса туралы сәйлесіп отыр.

Ақырында, шам сөнді. Залдағы шу бірден-бірге сөйле бастады да, перде ашылған кезде жұрт тым-тырыс бола қалды.

Пьесаның бірінші көріністері Таирға онша түсінікті бола қойған жоқ-ты. Ол Жәмилден түсінік сұрағанда, қасындағы көршілері қабақтарын шыта сыбырлап:

— Шуламаңыз! — деп жатты.

Дегенмен, Таир, залдағы басқа көрушілер сыяқты, сахнада болып жатқан уақытқаға беріліп, артистердің қыймылы мен сөздерінен қайғы мен қуаныш, ыза мен ынғызарлықты сезіп отырды. Уақытқа әбден шиеленіскен кезде Таир театрда отырғанын мүлдем ұмытып кетті. Оған, әсіресе, Ханлар анасының тапқырлығы ұнады — жандармдар Кобоны ұстауға келгенде ана намаз оқый бастады. Ананың айлакерлігіне сүйсінген Таир еріксіз қарқылдап күліп, бар даусымен айқайлап жіберді:

— Жарайсың, бәрекемді!

Жандарм анаға қамшы сермегенде, Таирды ыза көреп, өзінің туған анасын соғып жатқандай болып көрінді; орнынан ұшып тұра келіп, опасыз полицейскийдің желкесінен бүріп алып, лақтырып жібергісі де келіп отырды.

Қамшының астына алынған Ханларының анасы бүрісіп қалған кезде, Таир шыдай алмай, орнынан ұшып тұра келді. Егерде Жәмил оның театрда отырғанын ескертіп, «отыр! Не болды саған?» деп қолынан ұстамағанда, Таир сахнаға жүгіріп барған болар еді.

Міне, ана, ақырғы күшінен айрылып, талықсыз қалғанға ұқсайды. Жұрттың бәрі інінен тына қалыпты. Бір кезде ержүрек әйел кенеттен бас көтеріп, сөйлей бастады; оның сөздері Таирға таныс сыяқты болып көрінді де, өзімнің сазыма қосып айтқан да болар едім, деген ойға келді. Ана жыры мынадай еді:

Жауыздың шынжырындай қолды бунал,  
Өмірдің тауқыметі басты зілдей:  
Басылман жарсаң дағы жаңды қыйнап  
Асыл ер мейманыма күңіренбей!

Осы бір ауыз өлеңді Таир бірден-ақ жаттап алды. Ол жұрттың бәрінен бұрын қол шапалақтай бастады. Содан кейін, жас Сталин мен меньшевик Мамулияның арасындағы таласты бар назарын аударып тындап отырды. Пьесаның барысынан Мамулияның опасыз екенін бұрын сезген-ді, дәл қазіргі минутта ол жұмысшы габына қарсы бұл жаудың соншалық пасық екеніне жете түсінді. Сталин Мамулияны қол-аяғын сөзбен бұғандай жеңіп шыққанын көргенде Таир күбірлеп, меньшевикті лағнаттап отырды:

— Жоғал әрмен, жоғал, ергежейлі неме! Алыптың алдында саған не бар!

Театрдан жатақханаға жеткенше Таир спектакль туралы сөйлеумен болды. Жәміл скеуінің ойлары барлық мәселеде бір жерден шығып келді, тек бір ғана мәселеден олардың арасында қызу талас туды: Ханлардың кешірімес қатесі бай қолында тәрбиеленген Мейірбанға деген махаббатында деп санады, Жәміл.

— Оның Сұхбат докторды сүймегені бекер болды, екеуінің жүректері бір-біріне арналған жүрек еді.

Таир оған қарсы болды:

— Жоқ, жоқ, сенікі дұрыс емес. Ол қыз Ханларды ерлігі үшін сүйді. Бәрібір, Сұхбат Мейірбанды Ханлардай шын жүрегімен қатты сүйге жүрегі тұрмаған болар еді...

Жәміл қарқылдап кеп күліп жіберді.

— Махаббат жайын сен жақсы білуің керек. Бірінші көргенде-ақ Ләтифаға құмар боп қалдың ғой.

Уялғаннан Таирдың беті оттай қызарып кетті.

— Несіне күлесін, маған! — деп қызарақтады ол. —

Мен Ләтифа туралы емес, спектакль туралы айтып келем.

Талас бөлмеге келгеннен кейін де басылған жоқ. Пиғыз қызған кезде есік ашылды, Самандар мен Биландар келді. Олар өздерінің жұмыс киімін алып, қабырғаға ұқыптап ілін қойды.

Самандар қарнын ілгері торсыйтып шалқая:

— Ал, қалай театрда болдыңдар ма? — деп сұрады.

— Я, болдық, — деді Таир нығыта сөйлеп, және ол жуанның аш көздерінен оның ойы театр туралы олардың пікіріне емес, тамаққа кетіп тұрғанын сезді.

Шынында да солай болды, Самандар уһлеп койкасына отыра кетіп:

— Қарғыс атқыр буфет тағы жабылып қалыпты. Сендерде жейтін ештеңе жоқ па? — деді, үнін бәсеңсітіп.

Жәмiл терезе алдында қағазға ораулы жатқан, арасына сыр салған нанды алып оған ұсынды:

— Ала ғой, сорлы, әлгі пері бүгін буфетті тіпті ашпады. Егер де мен мұны алып қоймаған болсам, сен бишара түнімен азап көріп шыққан болар едің.

Самандар, шаршағанын ұмытып, жалмандап тамақ жей бастады.

Достар арасындағы талас қайтадан басталды. Самандар Жәмiлдің нанын жеп отырса да оның жағына шыққан жоқ.

— Таир дұрыс айтады! Мейірбанға Ханлар сыяқты тамаша жігітті сүймеске не жорық? Ол жұмысшы болғанда несі бар екен? Жұмысшылар арасынан ертеде де тамаша адамдар шыққан.

4

Үш күннен кейін Таир Ләтифаға көшеде жолықты. Онымен сөйлескісі келген пішін білдіріп Ләтифа жүрісін бәсендетті де, өзі Таирға жақындай түсті.

— Есенбісің, Таир.

— Сондай...

Олар бір-бірінің қолын қысты. Қыздың келбетінен Таир бұрынғыдай мазақ күлкіні байқамады. Ол күліп тұрды, бірақ оның күлкісі бұл жолы өзгеше еді.

— Бүгін таңертең Күдірет Исмаилзада бұровойда

болды, — деп хабарлады Ләтифа. — Ол сен туралы  
рады.

— Неге?

— Негесі қалай? Білгісі келеді. Сірә сен оған ұна-  
қалуың керек, шеберге ол сені мақтады.

— Шын айтасың ба? — деген Таирдың көзі алақан-  
дай болып жарқырап кетті. Бұған Ләтифа амалсыз сән-  
кылдап күліп жіберді.

— Исмаилзада сенің әкең туралы да айтты, баққан  
аттарың әскерге алғанда ол ренжіген тәрізді ғой.

— Ал оның несі бар екен?

— Аттарынан айрылу оған аянышты болған, демек,  
ол колхоз игілігін жанындай жақсы көргені ғой, мұны-  
сы өте дұрыс!..

— Ал ол мен туралы не айтты?

Таир былай деп сұрақ қойғанымен, өзі қорықты: Лә-  
тифанын көзінше Исмаилзада мен туралы жаман пікір  
айтып қойса қайтемін деген ойға келді. Бұл қорқыныш-  
ты қыз да байқамай қалған жоқ, ол былай ойлап қалды:  
«Бұл қандай менменшіл!» деді ішінен, әңгімені басқаны  
аудару үшін:

— Қайда барасың? — деп сұрақ қойды.

— Кітапханаға кетіп барамын. «Кұрбанәлі-бекті»  
оқығым келеді...

— Е, Молда-Насреддиннің әңгімесін... Ол бөлек шы-  
ғарылмаған ғой. Сен оның барлық жыйнағын сұрауға  
тиіссін

— Мен тек мұндағы кітапхананың қайда екенін біл-  
меймін. Сен маған көрсетіп жібересің бе?

— Неге көрсетпейін? Жүр.

Ләтифа оны асфальттаған кең көшенің шет жағында-  
ғы мәдениет Сарайына алып келді.

— Мен сені кітапханаға тіркеуді сұрайын. Мұның  
менгерушісі менің жолдас қызым.

Мәдениет Сарайының есігінің бірінде: «Жылжыма-  
лы кітапхана» деген маңдайша ілінген.

— Егер де саған керек кітап мұнда болмай қалса,  
онда сен Сабыр атындағы кітапханадан сұрауына бо-  
лады. — Ләтифа есіктен бірінші болып кірді. — Ой,  
Зивар жоқ... — деп ол қоршаудың арғы жағында тұрған  
орта жастағы әйелден сұрады: — Немене, Зивардың бұ-  
гін демалысы ма?

— Я.

— Анастасия Ивановна, сіз мына жігітті кітап алуға қаза қылаңыз ба?

— Әрине.

Ләтифа мыйғынан күліп Таирға қарады:

— Тағы қандай пайдалы қызмет істей алам, саған?

— Онысыз-ақ мен саған қарыздармын ғой.

Таир бұл сөзді әкесінен қабыл алған-ды. Бірақ бұған Ләтифа түсінген жоқ:

— Не дедің?

— Көп-көп рахмет айтып тұрмын.

— Рахмет айтатын ештеңесі де жоқ.

Ләтифаның арнайы іш тартуына елжіреген Таирдың оны қалай да құрметке бөлегісі келді. Ол аңдамай сөйлеп қалды:

— Сенін енді мен туралы қам жемеуіңе болады.

Бұған Ләтифа өзінше түсініп, кетуге жыйналды. Оған қолын ұсынып тұрып, бұрынғысынан да ишаратты шыраймен езу тартты:

— Жолыққанша қош бол!

Таир солғындау қалпында қолын қысты, бірақ одан кейін есін жаңа жыйнағандай:

— Ал енді, сені шығарып салуға рұқсат ет, — деді.

— Жоқ, жоқ, рахмет... Менің асығыс жұмысым бар...

Ол тездетіп кітапханадан шығып кетті.

Орта жастағы кітапханашы Таирды жазды да, оған кітап берді.

Таир көшеге жүгіріп шығып, алақтап жан-жағына қарады. Ләтифа ешқайда көрінбеді. Шабандығы мен салбырлығына риза болмай, өзін-өзі сөгіп, ол жатақханасына келді. «Нағыз жақсы қыз», — деп ол іштен қайталап Ләтифа туралы ойынан жазбады.

Бұл немене екен? Мүмкін, оның жанын махаббат тербетіп жіберген болар?

## 5

Баркаста алты кісі келеді. Таирдан бір нәрсе күткендей барлығының назары соған аударылған. Ол баркастың тұмсығындағы Жәмилдің қасында отыр.

Теңіздің беті айнадай жып-жылтыр. Баркас әлпешекше жайымен ғана шайқалып келеді. Терістіктен сөкқан қош пісті майда жел бетті сыйпай желпіп келе-

ді. Шаршағандықтан жүреынықыраған Клеңнің үсті де кеш түсе бастады. Күн бағып та көтті, бірақ ауылдың шым қызыл сәулесі өшіп болмаған кез.

«Чапаев» баркасы, теңіздің айнадай тымық бетін шайқап, кешкі смена жұмысшыларын алып келе жатты. Таир ауылдан анасы беріп жіберген сазын қабыназ суырып алып, баптай бастады.

Рамазан ұста оған дем беріп:

— Өлең айт, тарт, балам. Өлең адамға қайырым ұмыттырады... — деді. Қарт шебер жұмыс киімінің жағасын көтеріп алғанда, қарт өзінің балаларын есіне түсіріп келеді-ау деп ойлады Таир. — Бұл саз дегенін сондай тамаша нәрсе, оны тек тыңдасаң-ақ болсаң: бірден жасарып кетесін.

Таир сазды кеудесіне қысып алып, ескі жыраулар сарынына басты:

Сен менің айым, күнім көкте күлген,  
Тіршілік, дәулет, бақыт, көктемім сен,  
Бар арманым, тілегім жалғыз өзін,  
Айтқан сөзің кетпейді көкейімнен.

Таир өзінің сүйгенін іздегендей төңірекке көз тікті. Бірақ айнала жалтыраған көк теңіз еді, тек әр жерден көрінген буровой мұнаралары ғана су бетінде қалқып бара жатты.

Өлеңнің сөздері де, сарыны да тындаушылардың жүрегіне жылы тиіп, олардың беттері күлімсіреп, шарайлана түсті. Жәміл масаттана айқайлап жіберді:

— Жаса, Таир, жаса! Бәрі де бар сенде, саған тәуір. Зуһра ғана жетіспейді.

Жоқ, қателестің, Жәміл, — Таир Ләтифа туралы айлаған-ды. Әйтпесе оның өлеңі осындай ой тербеткендей сыңқылдамаған болар еді. Буровой басындағы Ләтифа менің даусымды естімес пе екен деген дәмесі, Таирды саз шегін қатты шертіп, бұрынғысынан да анық қаттырақ сыңғырлатуға мәжбүр етті, оның сазының өсем даусы мен әуезді әні шыңға көтеріліп, жүректі тербете түсті... Ләтифа әр кездескен сайын оның бойынан бұрын байқамаған өзгеше бір жаңалық қылық табатын-ды, бұл тапқырлығына өзі де қуанатын. Қыздың әрбір жылы сөзін өзіне арналған, іш тартқандықтың белгісі деп балайтын. Өздерінің сәтте айрылғысыз кететініне сенген

қашан өкінетін. «Мен сені сүйем» деген сөздер оның аузынан әтін шығуға дайыр тұрған көздері де болмай қалған емес. Бірақ ол әрқашан да таяу тұрған адамдардан. —өсіресе, Ләтифаның өзінен ұялатын.

Баркас буровойға жақындап келеді. Өзінің жүрек сезімін ең болмаса өлеңмен ашқысы келген Таир өлеңінің соңғы шумағын дарқан бір леппен қайырды:

Бейіш құсы таңданар бұйра шашың,  
Тоты құс үнің тындар салып басың;  
Сорлы еткен мені сенің қара көзің,  
Көрген жаңда кім мені аямасын.

Таир жырын бітіре бергенде, тыңдаушылардың бетінен әттең, өлең бітіп қалды-ау, деген өкініш байқалды. Таир сазды қабына салды да, бауын байлады, көңіл толқынның жасырғысы келіп, құлапа сөйлеп:

— Концерттің бірінші бөлімі бітті! — деп басқалалардың барлығынан бұрын орнынан тұрып, буровойдың көңіріне қарғып түсті.

Оның көзі жанарынан, ескі заманнан бері ақыннан ақынға көшіп келе жатқан әдет — сүйгенінің өзі туралы айтылған өлең үшін құрмет көрсетуін күткен дәмені байқауға болатын. Бірақ Ләтифа ешқайдан көрінбеді. Ол бүгін жұмысқа шықпаған шығар деп ойлаған Таирдың жүрегіне бір нәрсе инедей қадалғандай болды. Буровоймен екі арада жіңішке тақтай көпірмен жалғасқан мәдениет будкасына қарай ол тағы да көз жіберді, — әдетте, телефонистка жұмысының үстіне қосымша мәдениетші міндетін де атқаратын Ләтифа көбінесе сонда болатынды. Ләтифаны көре алмаған Таир: «Мүмкін, ол аурып қалған шығар», — деген ойға келді. Алайда, кенеттен біреудің жеңіл басқан қадамының дыбысы естілді. Бұл келе жатқанның Ләтифа екенін бірден білді. Кірпік қаққанша олар бір-біріне қарап та үлгірді. Таирдың бірдене айтқысы келіп еді, бірақ жұмысшылар барқастан түсе бастады, — олар өтіп кеткенше күте тұруға тұра келді.

Бірақ олардың барлығы өтіп болған соң да, тіпті жай сөздердің өзін ұмытып қалғандай Таир тіл қатпады. Ақыры ол:

— Қайырды кеш, Ләтифа! - - деді.



Өз даусының бірізден шықса да, екі ағайын үнсіз қалды.

Білінер-білінбес езу тартқан Ләтифа өлемесі ұстап қайтарды да, олардың неге көшкенін сұрады.

Сөзді жалғастыра беру мүмкіндігіне Таур қуаныштан бітті. «Ол мені тезірек көргісі келген болуы керек», — деген ойдың сәулетіне бәленді Таур. Сөйтті де, тез жауап қайырды:

— Баркасты күтіп қалдық. Капитан бір жерден таңда да «тастап» жіберіпті.

Бірақ ол, дәл сол сәтте Ләтифаның бұл түсінікке көңілетті қарағанын, бір жаққа баруға асығыс сөзін білдіріп қалды.

— Сен қайда асығасың?

— Менің сменам бітті.

«Менімен кездесуге онша ынтық емес тәрізді», — деген ой Таурды қатты қыйнады, ол төмен қарады.

Айтқан сөзіне өкінгендей болған Ләтифа көзімен музыка аспабының қабын нұсқап, әдеттегіше жылы жауабын берді:

— Мынау сенің сазың ба? — деді ақырын ғана.

— Я... Ауылдан шешем жіберіпті. Мұнсыз маған тіпті көңілсіз болар еді ғой.

Ләтифа таң қалғаннан қасын керіп:

— Сен ойнай білесің бе? Баркаста өлең айтқан сен бе?

— Я.

— Тіпті тамаша естілді ғой!

Таур өзі күтпеген өткірлікпен басын көтеріп алды, алқынған түрі Ләтифаға тура қарады:

— Мұнан қандай пайда?

Егер де ол өзінің бойынан мұнан да күшті өткірлік тапқан болса, онда: «Егер де саған менің ойыным ұнайтын болса, сен мені неліктен сүймейсің?» — деп сұрақ қойған болар еді.

Өзінің жастығына, тәжірибесіздігіне қарамастан, Ләтифа оның жүрегіндегі сырының үстінен шықты. Ол өзінің жүрегіндегі қуанышты бүркей алмай: «Я, мен сені ұнаймын!» — деп ойлады ішінен.

— Ләтифа, менің айтқаным дұрыс емес пе?

Дәл осы кезде Рамазан ұстаның даусы естілді.

— Таур, сен қайдасың? Біз сені күтіп отырмыз. Балам!

— Қош, мен кеттім, — деді Таур, айрылысудың оған қанышты екенін Ләтифа түсінісін деген шетпен.

Ол Жәмілге барып, өзінің мақтаушысынан да гөрі махаббат сезіміне бөленгенін білдіргісі келіп, сыбырлады:

— Көрдің бе? Оның келбеті мені сүйетінге ұқсайды...

Таур мен Ләтифа сөйлесіп тұрғанда Жәміл аулақта тұрған-ды, бірақ сөйлесу кезінде олардың арасында ешқандай сүйіспеншілік жақындық болмағанын сөздерінен байқаған болатын. Досының бетінен мыскылдау пішін байқаған Таур өкпелеп қалды:

— Сен немене, сенбейсің бе?.. Немесе көрмедің бе?

— Мен Ләтифаны көрдім-ау, бірақ оның саған ғашық екенін байқамадым, — деді де, өзінің жауабына риза болған Жәміл мәз-мәйрам қарқылдап күлді.

Ұялған Таур Жәмілдің қасынан тез кетіп, қарт шебердің қасына барды да, әскерше екі қолын жанына ұстап, сіресе тұрып рапорт берді:

— Мен осындамын, ұста!

Рамазан ұста түнерген ұзын қабағының астымен көзін сүзе оған бір қарап, оның кешіккен себебін білетінін байқатты, бірақ бұл туралы тіс жарып сөйлемеді. Ол жұмысшыларға даусын шығара команда берді.

— Басталық!

Бір минутен кейін буровойдың барлық механизмі қыймылдай жөнелді.

## 6

Бұрғылау түтігі жетпегендіктен, сағат он бірдің кезінде, скважинадағы жұмыс тоқтап қалды. Түтікті кеше әкелуге тиіс еді, әлі әкелінбей, жағада, пристаньда жатыр.

Рамазан ұста буровойды жағалап теңселіп жүріп, кәсіпшілікті керекті заттармен қамтамасыз ету міндетін атқаратын бастық — трест қызметкері Бадирлиді сөгіп, дауыстап кеюмен болды. Қарт Қүдірет Исмаилзадаға бірнеше рет телефон соқты, бірақ оны кабинетінен таба алмай, бұрынғысынан жаман күйгелектеп, қатулана түсті. Ақыры, ол телефон арқылы «Чапаевтың» капитанымен сөйлесті:

— Мұнда кел де, мені треске алып кет!

Баркас та келді, басқарушыға шағынута Рамазан уста да жүріп кетті.

Бұлтан шыққан ай бұровойға жарық шашып, теңіз беті ай жарығымен кабыршақтанып, күмістей жарқырап жатты.

Жеке бөлініп шыққан Таир мен Жәміл жарамсыз болған бұрғылау түтіктерінің үстінде отырып, бұрынғыдан да жомарттықпен өзінің жарығын төге түскен қалаға көз жіберді. Баку мың құбылған алуан түсті жасыл сәулелермен құрсалғандай. Оның сәулесі тастай қараңғы тұңғыйық теңіз түбін жарқыратқандай болып тұр.

Жәміл электр нұрына бөленген Баку қойнауын нұсқап, таңдана сөйледі:

— Жақсылап кара! Бұл жарық туралы мен саған Бакуге келе жатқанда жол үстінде айтқанмын.

Таир үндемеді. Ләтифа кетісімен ол қайғыланудан арыла алмады. Оның барлық ойы қызда болды. Жәмілдің күлкісі, шебердің түнерген көз қарасы оның жанна қатты тиді. Бірақ ол бұл туралы Жәмілге білдіргісі де келмеді. Ол қаладан, оның жарқыраған шамдарына: көз айырмай мелшініп қалды. Ол жақтан өзіне Ләтифаның көздері қарап тұрғандай болды. Жәмілге қосылып ол да оны мазақтап тұрғандай болды... Я, шынында, Жәміл дұрыс айтқан болуы керек, деп те ойлады ол.

— Ал қалай, саған ұнай ма? — деді Жәміл, оның нығынан қозғап.

Өзінің ойынан бөлінген Таир, үндеместен басын шайқады.

— Саған не болды? Бір нәрсеге ренжідің бе, әлде? — деп таңданды Жәміл.

— Жоқ, маған ешкім де ештеңе деген жоқ.

— Олай болса сен не үшін солбырайып отырсың?

— Маған мұнда көңілсіз, — деп жауап қатты Таир өзінің өкпесін жасырып. — Алыстағы туған ауылды өкпенді жүрегім.

Таирдың бұл жауабынан Жәміл бір бүкпенің жатқанын байқады. Оған достықпен тағы да сұрақ қойды.

— Сен онда не қалдырып кетіп едің?

— Барлығын да! — деп Таир кенет сөзін бөліп жіберді. — Маған не жетпеп еді? Менің жақсы атым бар еді! Оған мінген кезімде жүрегіме қанат бітетін. Бұлақтан құмырасын толтырып су алып тұрған қыздардың

қасынан шауып өткенімде, олар мені жылы жүрегімен шығарып салатын-ды.

— Е, сенің ойың қайда кетіп қалған! Ат сенікі емес, көлхоздікі еді ғой. Ал қыздардың көздері дейтін болсаң...

Арттан біреудің қадам басқан дыбысы естілді. Бұл буровой шеберінің көмекшісі Васильев еді. Ол Таирдың сазын алып келе жатқан-ды.

— Жігіттер, іссіз отырудың қажеті не, Таир өлен айтсын, ал біз тындайық, — деді ол, азербайжанша сөйлеп, оның сөзінен орыс акценті емескі ғана сезіліп тұрды.

Жәмил Васильевтен сазды алып, оны Таирға ұсынды:

— Дұрыс айтылған! Сенің қолың босаса-ақ болғаны, өзіңнің аулыңды айтасын.

Таирдың қаны бетіне шапшыды. «Жәмил қандай хабаршы!» — деген ой келді оған. Ол тұнжыраған бойы, сазды қолына алып, бауын ағыта бастады.

— Маған не айту керек, ұста?

— Не айтқың келсе, соны айт.

Таир сазын баптағанша Васильев те оның қасына келіп отырған-ды.

Сазын кеудесіне тіреп Таир өзінің туған өлкесін тағы да есіне түсірді. Оның көз алдынан таулар мен жазық дала, бұлаққа су алуға келе жатқан құмыралы қыздар өтіп жатты. Ол саздың шегін шертіп қалып, әндете жөнелді:

Сәулем-ай, айырылдым сенен неғып?  
Шыдай алмай барамын естен танып.  
Бар құмарым, арманым жалғыз өзің,  
Айтар тіл жоқ, жүрмін тек азаптанып.

1

Өленді естіген басқа жұмысшылар да келе бастады. Бірақ Таир ешкімді де байқамастан қыял канатында алысқа шалықтап, өленін жалғастыра берді:

Ерке жел, қыздың шашын қозғай берме,  
Көкірегіне шер болып орнай берме.  
Тағдыр жазса тыйғылар көзден жасым,  
Қыз жетер арманына — кепіл басым.

Қызықпен бізге келмей қармап екен,  
Мәңгілікте бізге қолы ұстап екен,  
Қайдағы екен бізге қармап,  
Сөзіміз бір елден бізге біткен.

Жан-жақтан қостаған дауыстар шықты:

— Жақсы-ақ! Көп, көп рахмет!

Тесті жемісіншілардың өзі қоршап алғанын көңілдеріне қарағанда ғана көрді.

— Ал енді біздің концертіміздің екінші бөлімі аяқталды! — деді ол, мәз болып, күліп. — Біздің қарт шеберіміз ендіктен кешігіп қалды екен? Өзі қайда жоғалып кетті?

## 7

Құдірет Исмаилзаданың үйінде болмағанына тәуліктен астам. «Азнефть» құрамында жаңа скважина орнату процесі күні-түні талқыланып жатты. Исмаилзада мен геологтар арасындағы қызу таластың алдында ғана аяқталғанды.

Теңіз буровойларының жұмыс қарқынына көңіл толмаған Құдірет, мәжілістен кейін, үйіне сокнастан, бірден өз тресіне тартты. Жұмысты бірқалыпты істеуге не бөгет болып жатқанын анықтағысы келіп, ол бригада-ларды аралап шықты, нұсқаулар берді, белгіленген мерзімде орындалуын тексеруді тапсырды.

Трест жұмысында нағыз жаналық табысқа жету жолындағы ең басты нәрсе бұрғылау қарқынын өсіру деп санады ол.

Кейбір ұсақ-түйек кемшіліктің салдарынан кейбір буровойлар тоқтап қалуда, олар күнделік тапсырмаларының жартысын да орындамайды, — бұл кездерде Исмаилзаданы кабинетінен кездестіру қиыны еді. Минут сайын соғылған телефон шылдырына секретарь: «Ол жоқ, ол теңізде», — дегеннен басқа жауап бере алмайтын.

Газет тілшісі қабылдау бөлмесінде екі сағат күтті. Ол ештеңесіз кетуге айналғанда, есіктен жаңа басмы сұққан Құдіретке бетпе-бет кездесті, оның теңіздегі буровойдан жаңа қайтқан бойы еді.

— Исмаилзада жолдас, мен сізге келдім!

— Рахым етіңіз! — деп Құдірет әдетінше күле сөйлеп кабинетінің есігін нұсқады. Тілшіден кейін іле-шала кірген Құдірет орнына барып отырды. — Қандай қызмет ете алмақшымын.

Журналист теңіз барлау жұмысымен танысқысы келетінін айтты.

Қатты шаршағанына қарамастан Исмаилзада тілшінің барлық сұрағына жауап қайтарды. Өзімен сөйлесіп отырған адамның мұнай кәсіпшілігі туралы, мұнай шығарудың тарихы туралы жеткілікті түсінігі жоқ екенін ол тез сезді. Бұл мәселемен газет оқушыларының жете танысуының пайдалы екенін ескерген. Құдірет әңгімесін түсінікті қарапайым сөзбен айтуға тырысты.

— Апшерон ерте заманда да от Елі деп аталған. Біздің ғасырдан әлдеқайда бұрын бұл жерде отқа табынушылар діни ордаларын орнатқан. Гректер біздің елімізге шабуыл жасағанда ол ордаларды талқандап кетіпті. Бұл VII ғасырда болған. Бірақ отқа табынушылардың, Сурахан мешіті әлі бар. Ерте заманда жер азынан шыққан газдар әулне деп танылған. Адамдар осы газларды жағып, мәңгі сөнбес от ретінде пайдаланған. Ол заманнан кейінірек болған біздің ата-бабаларымыздың құдық қазып мұнай шығара білгенін тарихшылар дәлелдейді, ал мұнайды олар тұйыға артып, керуенмен басқа елдерге жөнелткен дейді. Бір сенімді негіздің қуаландыруына қарағанда, мың жеті жүз отыз бесінші жылы Балаханда елу екі скважина болыпты. Әрине, мұнай шығару әдісі қазыргіден әлдеқайда төмен.

Ал Апшеронда бірінші скважинаны қашан бұрғылаған? — деп сұрады тілші.

— Бакудегі Мирзоевке қарайтын бірінші өндіріс скважинаны мың сегіз жүз алпыс тоғызыншы жылы бұрғылаған. Ал Балаханда бірінші зор мұнай фонтаны мұнан төрт жыл кейін аттырылған. Мұнан кейін бұрғылау қарқыны шапшаң өсе бастады. Көп орындауда ірі мұнай қорлары пайдалана басталды. Әрине, қазір біздер үшін күлерлік уақытқа, — бірінші фонтан тереңдігі жыйырма тоғыз метр скважинадан атты...

Тілші таңдануын жасыра алмады.

— Амал не, — деп әңгімесін жалғастыра түсті Исмаилзада, — тіпті үлкен өкініш, біз осы уақытқа дейін мұнай өнеркәсібінің тарихымен өте аз шұғылданып келдік. Өткен өндірісшілерден не талап етпекпіз... Жергілікті шонжарлар, шетел капиталистері Апшеронға тұмсықтарын малып қойып, оны тек жер байлығын айуанша

жабайылықпен пайдалана беруді ғана білген. Олар біздің халықтың тарихымен де, оның әдет-құрпымен де мұнай өндірудің алғашқы ерлерімен де шұғылданбаған. Совет ғалымдары бұл жөнінде көп еңбек істеді, дегенмен, ол әлі жеткіліксіз. Апшерон жерінің әрбір бөлшегі, тіпті аңыз, ертегі, әңгімелерді еске алғанның өзінде де тек мұнайға ғана емес, сонымен қатар, тамаша тарихи фонтандарға да бай ғой.

— Сіз теңіз барлау туралы не айта аласыз?

— Теңіз барлау тарихына көп жылдар өткен жоқ. Мұндағы тәжірибе аз. Бірақ геология мағлұматына қарағанда, Каспий түбінде мұнай қоры жетерліктей. Соңғы жылдарда бұрғыланған скважиналар мұның дәлелдейді. Мұнымен қатар, Апшерон аумағындағы әрбір жерден 25 қабаттан мұнай ығыраруға болжалыны бізге белгілі болды...

Журналист өзінің қойын кнжжасына желден жаңа бастады.

— Нағыз терең скважина қазір ең ақырғы қабатқа жете ме?

— Әзір біздің бұған қолымыз жеткен жоқ, бірден жетуге талпынудамыз, соңғы қабаттың қаншалық тереңдікте екені әлі анықталған жоқ қой. Біздің геологтарымыз зерттеу жұмысын дамылсыз жүргізуде. Дегенмен, ең терең қабатқа жетуге ұмтылудамыз, бұрғылаудағы техника жапалығын сарқа пайдаланудамыз.

— Ал қазіргі ең терең скважина қайда — теңізде ме, әлде құрылықта ма?

— Құрылықта.

— Скважинаны теңізде құрылықтағыдай тереңдікте бұрғылауға болмай ма?

— Әзірге болмай тұр.

Теңіздегі бұрғылау жұмысындағы кездесетін техникалық қиыншылықтар туралы бірнеше мысал келтірді. Теңіз түбінің байлығын меңгерген Баку мұнайшыларының ерлік істері туралы әңгімелеген кезде, оның даусы ашылып, көздері оттай жайнап кетті. Исмайзада көлешектегі мұнай алаңының зор жобасын сызды.

— Біз осы алаңды теңізден қалай да ала алатынымызға ешқандай күман жоқ! — деген Құдіреттің сөзінен өз істеріне қалтқысыз сенетіні білініп тұрады. — Басқа саладағы сыяқты, мұндағы әрбір жеңіс Совет адамшының айшымас жігеріне тән екені маған айдан анық.

— Теңіздегі ең терең скважина қазір қай жерде бұрғылануда? — деп сұрады тілші.

— Рамазан ұстаның барлау скважинасы. Қарт шебер жобадағы тереңдіктің үштен бірін ғана бұрғылап бітірді. Шамамен алғанда, ол бір мың екі жүз метрде бірінші мұнай қабатына кездеспекші. Бірақ бұл мұнай қабатынан тереңірек ету қажет, өйткені ол қабат мұнайға онша бай емес.

— Мен Рамазан ұстамен кездесе алар ма екенмін? Оның буровойна баруға бола ма?

— Қай уақытта болса да.

— Ал қазір ше?

— Жоқ, қазір баруыңызды мақұл көрмеймін: қауыпты, жел күнсіңіп кетуі мүмкін.

— Сіз өзіңіз жаңа ғана теңізден келдіңіздей, қауыпты дегеніңіз қалай?

— Мен — бір басқа. Мені дүлей сокқан дауыл да тоқтата алмайды. Мұның дәлелі тіпті басқаша ғой: біздің мамандығымыздың өзі батылдық пен табандылықты талап етеді. Мұнайшыға дауылдан жасырыну — солдаттың ұрыс даласынан қашуымен тең. — Құдірет орнынан тұрып, теңіз буровойның жыпылықтап оты көрініп тұрған терезе алдына барды. — Маған ертең телефон соғыңыз. Егер де теңіз тыныштық болса, онда сізбен бірге барармыз. Мұнан жарты сағат бұрын тымық еді, қазір жел тұрып кеткен.

Осы кезде кабинет есігі ашылды, ызаланғандықтан қолындағы ескі фуражкасын жұмарлай уқалаған Рамазан ұста кіріп келді.

— Басқарушы жолдас, жұмысына бөгет істеген болсам кешірерсің...

Исмаилзада ұстаның алдынан шықты:

— Рахым етіңіз, ұста, келіңіз! Келгенің жақсы болды. Мына жолдас редакциядан, сенімен кездескісі келген еді.

Журналистің алдында орта бойлы, қақпақ жаурынды, сирек ақ шашты, ұйқысының шалалығынан кірпігінің түбі қызарған қарт тұрды.

— Кездесуге болады, — делі ол алдымен Исмаилзадаға, содан кейін тілшіге қолын беріп, — Я, мына Бадирлидің қырсығынан жұмысты тоқтатуға тура келді. Бұлай істеуге болмас! Біз артта қалып жатқанда, өзара сынды ерттеп алып, барлық екпінімен шаба жөнелгенде



көлдөнөн діншек тастағандарды қанып та өтпейді. Бірақ туралы жазудың қажеті жоқ, бағам, — деді тілшіге. — Рап, — оған да мына салдыр-салақтар туралы жазып, бізге көмектес.

Қарт шебердің ашуын басу үшін Құдірет бәсең дауыспен:

— Сізде жұмыстың тұрып қалған себебі не? Не жетпейді? — деп сұрады.

Рамазан ұста екі күннен бері бұрынғылау түтіктерінің пристаньда үйіліп жатқанын айтты, әңгімесінің аяғы да ол қолын сермеді:

— Ақыйқат шыным, әрбір ұсақ пәрсемен сенің мазаңды ала бермесің деп едім. Шынын айтқанда, маған нуды жаным жек көреді, бірақ бүгін менің шыдамым жетпеді.

Құдірет қарт шеберге орындық қойды да:

— Отыршы, — деді, — біздің жұмысымызбен байланысты болса ешқандай уақ-ұсақ мені жалықтырмайды. Мен тап қазір Бадрлимен сөйлесейін. — Ол телефон трубкасын алды. Жауап ала алмаған ол, қонырау бергенде, ақ қнопканы басып жібергенде, жетіп келген сөзін сөзгәрьға: — Бадрлиді табыңыз. Ол маған телефон сөзін асың! — деді де, шебер қартқа бет бұрды, сөзін жалғастыра берді: — Мұның барлығы да төртпісідің төң бетіне жатыр, ұста. Егер де әрбір адам өзі үшін жауапты болса, біз өз жоспарымызды жүз процент қана емес, екі жүз процент орындаған болар едік. Мынаны байқаймыз, кейбір буровойларда бұрғылау баптасы болмағандықтан, екі күндей жұмыс тоқтап қалған жағдайлар да бар.

Шебер өз фуражкасын тізесіне қойып отыра кетіп де, Исманлзланың сөзін жалғастыра берді:

— Ал мен не туралы айтып отырмын? Әрине, біздің гресті ұятқа қалдыратын тап осындай істер. Егер де жұмысты атқара алмасаң, онда ең болмағанда ар-ұяттың болсын, мұнының мойында, — мейлі, сенің өрнегің жұмыс істей алатын адамды қойсын. Жалқауларды сөзге сөге шаршадық, бірақ оларға тіпті сөз өтпейді. Ал адамның егі ұрысқа үйреніп алғаннан жаман не бар? Адамның ар-ұжданы бетінде деседі ғой жұртшылық. Ал мұнда қанша сөксең де қайғырмайды. Ұлғаннан жерге кіріп кете жаздайсың, — бұл адамсымақтардың жауапсыздығы елімізге қаншама зиян келтіруде!

Баку мұнайшыларының көп сөйлегенді жақтырмай-

ғынын жақсы білетін журналист, қарт шебердің жаны күйіп кеткенін түсіне қойды. Ол бірдеме жазғысы келіп қорықпаны мен блонготын даярлаған қалпы, әңгіме ұялдаумен отырып қалды.

Ал Рамазан ұста, арғы жағынан лықылдап атқылап келе жатқан ішкі ызасын сыртқа шығаруға асығып, әңгімесін жалғастыра берді:

— Егер де, жұмысқа бара жатып, мұнай күтіп отырған біздің көптеген фабрика, заводтарымыз туралы ойламайтын болсам, онда, әрине, тіпті де асықпаймын. Жұмысты сағатпен емес, бойындағы барлық қасиет, аружданынмен істеу керек. Ал егер де сенде ұждан болмаса, мұнайдан аулақ жүр!

Тілші сұрақ қойды:

— Басқа істе ұждан керек емес пе?

— Әрине, керек, — деп жауап берді Рамазан ұста бұрынғы қызу бойымен. — Мұнайшылар үшін бір ғана ұждан жеткіліксіз. Оның жүйелерінде қанмен бірге мұнай жүретін болуға тиіс. Қысқарта айтқанда, — деп Рамазан ұста Исмаилзадаға қарады, — менің бір ғана өтінішім бар — бүгінгі түнде түтіктер буровойда болағыз болсын.

Сөздің әдеттегіден ұзарып кеткенін сезген қарт шебер, риза болмай басын шайқап, әңгімесін қорытты.

— Адамды қаншама сөйлеуге мәжбүр етеді!..

Қалалық телефон шылдыр етті, Исмаилзада тез трубканы алды.

— Бадирили жолдас! Демалыс деген жақсы нәрсе бірақ біздің ісіміз осындай ақсап жатқанда, сіздің қаперсіз ұйқыға берілуіңізге таңым бар! Жүз елу бесінші скважинаға деген түтіктің осы кезге дейін пристаньда жату себебі не?.. Кеме бермейді? Алу керек! Ала білу қажет, Бадирили жолдас! — Құдіреттің үстіңгі ерні жыбыр ете қалды, осы белгіден-ақ оның ашуланып отырғанын байқау қиын емес-ті. Ол қол сағатына қарады. — Қазір тура он екі, екі сағат сізге жете ме?.. Немене, аба? Онда, саудаласпас үшін бұл мерзімді жарты сағатқа қысқартамын... Егер де тапсырманы орындауға жыйырма адам керек болса, барлығын оятып алыңыз. Қорқымаңыз, бүгінгі салқындау таза ауа оларды сергітеді.

Құдірет телефон трубкасын іліп қойды да, шеберге бет бұрды:

— Өзіңнің сағатыңды тексер, ұста. Егер де бір жа

рым сағатта түтік скважинада болмаса, маған телефон қоюға ерінбейіз.

Ашуын басайын деген Рамазан ұста өзінің алақандай үлкен қалта сағатына қарап, орнынан тұрды да, кезуге айналды.

Күдірет оның колынан ұстап:

— Сен кеудеңде жыйналғанның бәрін айттың. Енді менің сұрағыма жауап қайтар. Сендегі Таир Байрам ұлы қалай? Ол сазды жақсы тартады, өлеңді гамана айтады, дейді ғой...

Басқарушының үйренушілер туралы жиі шұғылданып отыратын ұстаға өте ұнайтын-ды. «Жастарға қамқорлық еткенсін-ақ біздің ісіміз оңға айналуға тиіс», — деп ойлады еріксіз. Таирды мақтай жөнелді:

— Қабілетті жігіт. Біздің ауыл балалары өте ойлы-ақылды болып келеді. Ол сонша қатты дауыспен айта салады, даусы бірнеше шақырымнан естіледі.

— Ал жұмыс ше? Сен оның жұмысты қалай істейтінін айт. Біз ол туралы кәтелескеніміз жоқ па?

— Я, жұмысы да... мен әзір оған ризамын...

Рамазан ұста өзінің жақсы көретін шәкірттері үшін әрқашан да жанын қиятын. Оларға әкелік қамқорлық жасау көптен бері оның әдетіне айналған-ды. Олардан іскер шебер тәрбиелеп шығаруды ол арман етеді. Жаспарды орындау әрбір сақа шеберлердің жас мұнайшылардан жана кадр даярлау ісіне қаншама қамқорлық жасап, жігер жұмсауынан да тәуелді екеніне оның пәзі жеткен-ді. Рамазан ұстаның атақты шеберлер ішінде үйренушілерді басы артық салмақ деп санап, өзінің ардақты борышын ұмытатындар да жоқ емес-ті. Мұнай кәсіпшілігіне жұмыс істеуге лек-легімен келген ауыл балаларының бірсыпырасын мұнай өндірісінде жұмыс істеу ынталарына су сеуіп, олардың ауылға қайтып кеткен жағдайлары да болған. Мұнда Рамазан ұста тек шеберлерді ғана кіналады: «Өздеріңен басқа сөкімді қаратпайды. Жас шеберлерді көрсетіп: «Мыналарды пәлен шебер тәрбиеледі!» — деген мақтаныш емес пе?»

— Таирға мен өте ризамын, — деп қайталады ол. — оған тек түсіндірсең болғаны — бірден зәрдесіне құяды. — деп тунжырай түсті де: — тек, әттең...

— Не әттеңі бар? — деп сұрады Исмаилзада.

— Бір көзімен үнемі ауыл жаққа қарайды да жүреді — Күдіреттің ернін шүйіргенің сезген Рамазан ұста.

ол үйренушілерден түңіліп қалады екен деген көріні-  
нішпен асыға былай деді: — Мен оған көз жіберсем өзім-  
нің балалық кезімді еске түсіремін. Мен де дәл осы  
Таир сыяқты.. Аздап қасарлау болып едім. Ешкімге кө-  
гімді жіберіп көрмегенмін..

Мұнап кейін Рамазан Бакуге қандай жағдайда кел-  
генін еске түсірді. Оның әкесі кедей дикан болған-ды.  
Бектен ұлғарақтай жерді жалға алып, оны өңдеп, түс-  
кен егісінің алтыдан бірін ғана алатын еді. Ол кезде Ра-  
мазан он жеті жаста болатын. Бір күндері бектің бала-  
сы — мұрты сертіген жас жігіт атпен қырман басына  
келіп, Рамазаның әкесін астық ұрлады деп жөңсіз кі-  
налап, дөрекі сөздермен балағаттай бастады. Рамазан  
шыдап тұра алмай, кіналаушыға одан да өткір сөздер-  
мен жауап қайтарды. Атын тебініп бектің баласы жөн-  
не тартты.

Әкесі Рамазанды, бекке барып кешірім сұра деп бі-  
раз уақыт қондіруге тырысты. Алайда, Рамазан сөзқа-  
нынан қайтпады: «Аштан өлсем де олардың адына  
барып бас не алмаймын!» Келесі жазда бек диканды дін-  
сіз ұры деп кіналап жалға жер беруден бастартты.  
Дегенмен, Рамазан берілмеді, Бакуге келіп мұнай кәсіп-  
шілігіне жұмысқа кірді..

— Кәсіпшілікке жаңа келген кезімде біреудің сыба-  
ғасына қол сұққандардың алақанына мен де талай шерт-  
кен болатынмын!.. — деп әңгімесін аяқтаған Рамазан  
ұстаың келбетінен күлкінің нишараты байқалды. — Сол  
кезде менің де ауылға барғым келіп тұратын-ды. Жұ-  
мыс істеп көбірек ақша тапқаннан кейін үйге қайтсам  
екем деп арман ететінмін..

Рамазан ұстаның бұл ойып Исманлзада қостамады:

— Сіздің есіңізде ме, ол кездегі заман қандай еді,  
ал қазір қандай болды? Арадағы айырма жер мен көк-  
тей емес пе? Қазіргі жастар Бакуді қандай сүйеді де-  
сеңізші! Ол мәдениет пен білім ошағына айналды ғой.  
Сылай емес пе, шынында?

— Я, мұның дұрыс-ақ, — деп мақұлдай сөйледі Ра-  
мазан ұста. — Біз ол кезде мұнан тұтқындағыдан бөтер  
қашатын едік. Ол кезде Баку мұнай кәсіпшіліктері біз-  
дің көзімізге тамұқ отындай боп көрінетін. Ал қазір он-  
да құбыжық тіпті ұмытылып та кетті.

Аз уақыт үндемей отырысқаннан кейін, Қүдірет Ра-

мазан Ұстаңың кемпірін еске түсіріп, бұл екі семьяның әртеден бері достық қарым-қатнаста болып келе жатқанын білдіреді.

— Гиса жеңгейге менен сәлем айтыңыз, — деді Құдірет қартқа қарап. — Қешікпей оның қолынан дюнабар<sup>1</sup> жеуге барамын.

— Қарсы аламыз, кел, — деп Рамазан ұста үйіне шақырды да, Құдіретпен де, газет тілшісімен де қош айтысып, шығып кетті.

Журналист те орнынан тұрып, кетуге ыңғайланды.

— Тамаша қарт! Мұндай адамдардың әрбір сөзінен ұшан-теңіз мағналы терең ой табуға болады. Міне ертең қалай да оның буровойына барамын.

Кабинетінде жалғыз өзі ғана қалған Исмаилзада үйіне телефон соқты. Үйінен жауап ала алмаған Құдірет терең ойға шомып, әрлі-берлі теңселіп жүре бастады. Ол жұмыс басты боп әбден шаршаған. Соңғы күндері үйіне де сирек баратын болды. Міне, ол дәл қазір үйге қайтуға бел байлады. Столының тартналарын жапса да, секретарьды шақырды:

— Үйіңізге барыңыз, демалыңыз! Үйіңіз естен шығаруға да болмайды, — деді.

Секретарь оған жауап қатпай тұра алмады:

— Сіздің өзіңіз де әлі үйіңізге барған жоқсыз ғой. Бүгінгі кештен бері Ләйла ханым да сізге бірнеше рет телефон соқты.

— Мен де үйге барам, — деп Исмаилзада кабинеттен шығуға айналған кезде телефон тағы да шылап ете қалды. Ізінше кейін қайрылған Құдірет телефон тындай қалды.

— Бұл тындап тұрған мен... Қалай, авария дейсіз бе?.. Қай буровойда?

Секретарь Құдіреттің үйіне бара алмайтынын сезініп, үмітін үзгендей қолын бір сермеді де шығып кетті.

— Барамын, міне, қазір барамын! — деген Құдіреттің даусы қаттырақ шықты. Ол телефон трубкасын орнына лақтырып тастады да, кабинетінен жүгіріп шығып жөнелді.

Шарбақ ішінде тұрған машинада ұйықтап жатқанын білгендерін оятты:

— Шапшан, жүз елу төртіншіге қарай тарт!

<sup>1</sup> Азербайжанша фильмді осылай атайды.

Құдірет миңген машина жағаға қарай зырлай жөнелді.

Ол минут өтпей-ақ теңіз жағасында тұрған баркасқа мініп, жағадан екі километр қашықтағы жүз елу төртінші буровойға қарай жүзіп кетті. Баркастан секіріп түскен Құдірет аяғын ентелей басып, авария болған жерге қарай жүгірді. Барлық әдісті қолданып, скважинадан екілене атқан сұйық балшық фонтанын жабуға тырысқан жұмысшылар тобы аласұра қыймылдауда Барлығы да әбден шаршаған.

Исмаилзада әрқашан да мұндай қыйыншылық жағдай кездескенде әрі жедел ұйғарындыға келіп, әрі батыл қыймылдайтын. Табиғат күшінің қаупын бірден көрген Исмаилзада скважинаның аузын алты дюймалық жапқышпен қақпақпен жабуға бұйрық берді.

Бұйыру оңай болғанмен, мұны орындау өте қыйын еді. Бірнеше жүз метр тереңнен гүрілдеп шыққан газ қара балшықпен бірге жентектелген саз, ұсақ тастарды да аспанға атқылап жатты.

Жас мұнайшылар қорқа соғып кейін шегініп кеткен Табиғат күшінен сескеніп кейін серпілген жастарды жігерлендіру үшін Құдіреттің өзі бас болып алға ұмтылды.

— Қорқпаңдар, балалар! — деп айқай салды. — Әй, әй, жігіттер мұның несіне үрейленесіңдер! Еріндер менің соңымнан! Алға! Иіріліп тұрған жастар сергіп кетті! Бойларына ерекше қайрат біткендей алға ұмтылып скважина жаанындағы зор қақпаққа таялды.

Дәл осы кезде фонтан бұрынғысынан бетер өршеленіп, гуілдеп түсті. Тіп-тік аспанға шапшыған сұйық балшық оқтай атылып, тас кесектерді де бұрқырата жөнелді!

Жұмысшылар тағы да кейін шегінді. Алайда, Құдіреттің ентелей ілгерілеп, жапқышқа қолы жеткенін көрген жұмысшылар қолдарымен беттерін қалқалай алға ұмтыла түсті.

Көптің күші қоя ма, жабыла қыймылдаған жұмысшылар, ақыры, жапқышты скважина аузына төңкерді де, көзді ашып-жұмғанына болттарын бұрап, жауын тастады.

Фонтан тоқтатылды.

— Бұл қалай, Тимофей Сидорович? — деді қатулана сұрақ қойған Исмаилзада, кіналы адамдай еңсесі түсіп кеткен қарт шеберге қарап.

Мұнай өнеркәсібінде соңғы кезде кешірімсіз деп ентеліп жүрген уақығаның өз буровойында болғаны. Сөзге қыжжылып, ызаланып тұрған ұзын бойлы, жазық бет, көк көз қарт мастер бір кезде тіл қатып, жауап қайырды:

— Мен аңдамай қалдым, — деді ол, басын көтерместен.

— Сенбеймін! — деді де Исмаилзада, тілсіз жаумен алысып, сілесі қатып тұрған жұмысшыларға қарады. — Тимофей Сидорович бұған мен кіналымын дейді. Бірақ мен, бұған тіпті сенбеймін. Өйткені мен оны көптен бері білемін, ол ешуақытта да мұндай қырсықтық істемеген емес.

— Дұрыс! — деп қоштай кетті, жолдастарынан бөлініп шыққан жас жігіт, ілгері қарай ентелей түсіп. — Мұнда ашықауыздық істеген менмін. Байқамай қалдым. Мастерге кезінде хабарламадым. Бұған мен кіналымын.

Мелшініп тұрып қалған орнынан қозғала берген қарт мастер булығып шыққан ызалы дауыспен:

— Сенен сұрап тұрған ешкім жоқ, жайыңа қарап тұр, — деді.

Исмаилзада мұнан кейін тіл қатпастан барқасап отырып алып, Рамазан ұстаның буровойына қарай тартты.

Буровойда Құдіретті қарттың өзі қарсы алды.

— Әлден уақытта жүргенің қалай? Демалмайсың ба? — деп қарт ұста Құдіретке қамқорлығын білдірді.

Исмаилзада бұл сөзге жауап қатпастан ротор жағына барды. Василевтің қолын алды, басқа жұмысшылармен де тегіс амандасты.

— Бітіп қалған істі бүлдіретіндер осылардан шығады, — деді ол, жастарға жақындап келіп, әдейі барлығы есітсін дегендей көтеріңкі дауыспен. — Бұлардың ойының қайда жүретініне түсінбей-ақ қойдым.

Жаңа ғана Құдірет көзбен көріп келген уақытта туралы әлі ентене естімеген Таир, бұл сөз маған айтылды деп ойлады. Басқарушының бұл сөзіне ренжіп оған көзінің астымен қараған Таир сөйлемей шыдап тұра алмады:

— Олардың не жазығы бар, нені бүлдіріп қойды?

— Авария көбінесе сол жастардың ұқыпсыздығынан болып жатыр. Олардың есі-дергі ұдайы аулында алақтаумен болады. Жүз елу төртіншіде сәтсіз уақытқа

болуының себебі не? Оның себебі вахтада тұрған жас жігіттің ойы өртератқа шапқандықтан пәленің болғанын аңдамай қалғанында.

Таир шыдай алмай, тағы да тайталаса түсті.

— Сіз біреудің кінасымен басқаны қаралайсыз ба?

Бұл сөзінің жеткіншектің жанына тигеніне Күдіреттің өзі риза болды. Бірақ ол Таирға сыр білдірместен Рамазан ұстаға қарай бет бұрды:

— Ал, халдерің қалай, бұрғылау трубаларын жеткізді ме?

Қарт мастер қалта сағатына қарады да:

— Белгіленген мерзімге әлі де он минут уақыт қалды. Бірақ Бадирлиді уәдеге тұратын адам деп ойламаймын, — деді.

— Мейлі, егер де айтқан уақытында жеткізбесе өз обалы өзіне, — деді де, Күдірет тағы да Таирға қарады: — Қалай, анаңды есіңе алып қоясың ба? — деді.

Бұл жолы басқарушының айтқан сөзі Таирдың жанды жеріне бұрынғыдан да қатты тигендей болды. Не айтарын білмей сасқан ол томсырайып қалды: «Шынында, осы туралы сұрайын деген болуы керек. Маналам бері мәле боп қапты. Жастар ұқыпсыз... деп оспақтауының мәні қалай. Бірден турасын айтса қайтсін екен,» — деп ойлады. Оның тағы да қарсы сөйлегісі келіп еді, бірақ үйкенді сыйлау қажеттігін есіне түсірген Таир бұл жолы үйлемеді.

— Жауап қатпайсың ба? Үндемеуіңнің себебі не?

— Менің не деп жауап беруім керек? Ауылды да еске аламын, анамды да ұмытпаймын. Мұның нендей сөлекеті бар екен?!

— Ұмыт демеймін, қайта, адам болар ұл ақ сүт берген анасын өмір-бақи ұмытпауға міндетті, оның сенімін ақтауы тиіс. Осылай емес пе, ә? — деп Исмаилзада Таирдың білегінен ұстады.

— Я, өте дұрыс! — деп, басқарушының даусынан мейрімділік белгісін сезген Таир басын көтеріп жоғары қарады.

Осы арадан бір шатақ шығып кетпес пе екен деп ойлаған Рамазан ұста олардың әңгімесін шыдамсыздана тыңлап тұрғанды. Әңгіменің жайшылықпен аяқта-



дүрнә көзі жеткен қарт бұлардың кеңесіне өзі де кіріп бастады:

— Құдірет жолдас, Таир ондай жігіт емес. Ол өз қолымен сенің ақтай алады, ұятқа қалмайды.

Осы кезде буровой солқылдан, мұнара шайқалғандықтан электр шамдары жыпылықтап кетті.

Барлығы да жалт бұрылды. Жүк тиеген баркас буровойға келіп тірелген екен.

Рамазан ұстаның беті шұрланып кетті. Ол әдеттегісінше күлімсіреп тұр. Бадирли да дәл бір жарым сағатта бұрғылау трубаларын жеткізіп үлгірген. Ол баркастан түсіп, буровойға келген кезде, Исмаилзаданы көріп: «Өзінің мұнда болғаны, өз көзімен көргені тіпті жақсы болды ғой,» — деді ол ішінен. Күрсіне демін бір алған Бадирли күңгірлеп сөйлей бастады:

— Оның қолынан ойнап-күлісу де, жұмысты талап ету де келеді. Қасиетінің бірі осы...

## ҮШІНШІ ТАРАУ

### 1

Исмаилзада кеткеннен кейін кешікпей-ақ жарық бола бастаған-ды. Аспан әлеміне көтеріле бастаған ақ мақтадай шоғырланған ақша бұлт, сағат сайын күшейе түскен желмен ығысып, оңтүстікке қарай жайлап көшіп бара жаты; барған сайын өркештен түскен шулы толқын теңіз бетін аласапырандап көпіртіп барады. Тұсау бейы көтерілген күннің қызыл жиегі мұнарланып, солғын тарта түскен.

Бұрғылау трубаларын скважина қасына түсіріп жатқан жұмысшылар да таң атып, жарық бола бастағанын аңдамады. Бригада адамдары босқа өткен жұмыс сағаттарының орнын толтыру үшін жанталастыра қыймылдап жүр. Жан-тәнімен жұмысқа берілген адамдар, электр шамын сөндіруді де байқамады.

Сүйегіне біткен орнықтылық, ұқыптылық қасиетімен басшылық еткен Рамазан ұста жұмыстан бір елі де көзін жазбады. Өз адамдарының қасынан шықпады. Жұмыстың барлық бүге-шігесіне зер салды. Ол, әсіресе,

Жәміл мен Таирдан көз жазбай қамқорлық жасап, нұсқау берумен болды.

Ұясынан жаңа көтеріліп келе жатқан алтын құн, өзінің нұр сәулесі мен маржан бояуын әлемге аямай төгсе бастады. Көкжиектен жемен көтеріліп, қарсы шыққан сұр бұлт оның бетін әлі жауып үлгірген жоқ. Дәл осы кезде ротор ұршықтай иіріле жөнелді.

Жұмыс бұрынғы шапшандықпен жүріп жатты. Әрбір жұмысшы еңсесін сала қыймылдап жатыр. Әрқайсысының ой-жігері алдындағы станокта болды. Осылардың ішінде тек жалғыз Таирдың бүйірі ғана тұрау аулын тартып жүрді. Ол өз анасын еске түсірді. Өйткені ол он сегіз жыл өмірі ішінде анасынан мұнша алысқа асыныша ұзақ уақытқа кетіп көрген емес-ті.

Таирға Бакудегі барлық нәрсе ұнап, ойлағанындай жаңына жақса да, ананың ыстық қамқорлығына алыс кеткені сезіле бастады. Кейбір кездерде ол жалғызсырап, елегізетін болды.

«Егер де ол осында болса ше? Олай болса мен Бакуде ешнәрсеге де теңемеген болар едім... Мен оны осында алып келсем қайтер еді? Бірақ ол, қайда, кімнің үйінде тұратын болады? Я, оның өзі де қолхоздан кетпейді, — бұл тіпті мүмкін емес», — деген ой Таирдың басына шықпады.

Ол, трилометрдің қол сағат тіліндей жіңішке көрсеткішіне қарап тұрып Ләтифаны еске түсірді: бірсыпыра уақыттан бері оны еске алмай қойғаным қалай? Ол қазір келуге тиіс. Бұл ой оның бойын балқытып зкеткендей болды. Ләтифаны асыға күтумен болды.

Әрқашан да есіне Ләтифа түскен кезде ол үйін дәл ұмытып кететін-ді. Дәл қазір де есінен танғандай, барқас келетін жақтан көзін айырмады. Ал «Чапаев» болса әлі көрінбейді. Қашан келеді?

«Не болса ол болсын, оған жүрек сырымды ақтарайын!», деген ойға Таир бел байлады. Осы ойын айтқысы келген Таирдың шыдамы азайған сәйін, уақыт та ұзара түскендей болды.

Ол минут сайын төңірекке көз тастап, басқанын назарын аудармайтын теңіз көріністерін шолып тұр. Бірақ оның бұл алақтауын Рамазан ұста байқамай қалған жоқ. Қарт мастер Таирдың мұнысын Ләтифа туралы ойлап жүрдіге жорыған да жоқ. Қайта ол, жас бала ғой, шаршаған екен, сондықтан жаңа сменаның ке-

луін асығыспен күтіп жүрген болар: «Мұның несі бар. Ол әлі тіпті улжыған жас емес пе? Көп жұмыс істеп дағдыланбаған. Бұл түсінікті ғой», — деп ойлады қарт мастер.

Баяғыдан бері досын бақылаумен болған Жәмил оның баркасты пеге асыға күтетінін бірден сезді. Таирдың Ләтифаға соншалық жармасып, жеңілдікпен оңай байланысқанына көзі жеткен Жәмил, бұл баянды жармасу емес қой деген оймен талай рет мысқылдап, күлімге қойған-ды. Жәмил өзі мен Ләтифа туралы ойлағанда өзінің қызды Таирдан әлдеқайда терең, әлдеқайда баянды сүйетініне кұмансыз болған тәрізді. Қызға деген сезімін сыртқа шығармауға тырысып, бұл туралы ешкімге де тіс жарып үндемеген Жәмил, тіпті бұл туралы өзіне меңзеліп айтылған сөздерді жоққа шығарып жүрген-ді. Сондықтан да ол Ләтифа мен Таирдың оңаша кездесіп, ұзақ әңгімелесуіне тіпті қайғырған да жоқ. Ол өз досының әуесқойлығы қалай тез пайда болса, сондай-ақ ол сөне қалады деп жорамалдады. «Ол емішектегі сәбидей шылдыраққа қол созады», — деп ойлаған Жәмил, Таир мен Ләтифа үшеуі арасындағы көзқараста өзінің басын екеніне сеніп, Таирды қаршыға жабысқан кіші бауырға балағандай, күлетін-ді.

Терең ойға шомып тұрған Таир кенет Рамазан ұстаының ашулы даусын естіді.

— Балам сен не туралы ойлашып жүрсің?

Селк еткен Таир бұрылып, мастерге қарады.

— Ұста, не беп қалды сонша?

— Мұнан артық не болмақшы еді? — деп қарт скважинаға құйылуы тоқтаған саз-балшық ертіндісі тұрған желобты көрсетті. — Уқыпты бол деп саған жүз рет айттым ғой... Баланың ісі шала, деген сөз білмей айтылмаған. Біз сені сенімді ақтайтын жігіт деп мақтаған едік, ал саған сенгендегі көретініміз осы ма? Не істегенінді қарашы!..

Қарттың мысқыл сөздерін естіген Таир оған ренжіп қалды. Оған бірінші кездескендегі алған әсерін еске түсіріп, өкіне бастады: «Бұл туралы бастапқы ойлағаным дұрыс екен, ақыры, өзінің бізінің ұшыны түйреді ғой».

Саз-балшық ертіндісін тоқтатуға асыққан қарт мастер цементпен араласқан әйнек үгіндісін салған жәшікті нұсқады:

— Аяны бері алып келіндер!

Жұмысшылар қарт айтқан бұйрықты тез орындады. Осы ұлылық ертіндісіне демеп, өйтпек үгіндісі араластырылды. Жұмысшыларға нұсқау берген Рамазан ұста басқа жаққа мойын бұрмады:

— Тағы да қосындар, тағы да!

Қарт мастердің қатты мазасызданғанын байқаған Таир үлкен аңғырттық істеп алғанына енді ғана түсінді. Бұл уақытқа жанына батқан Рамазан ұста басын шайқан Таирға қайта-қайта қарайды.

Ақыры, Таир көптеп күткен баркас та көрінді. Ол жақындаған кезде Таир оның мандайынан «Чапаев» емес, «Бахар»<sup>1</sup> деген жазуын көрді.

Бұл баркаспен Дадашлы келді. Басқаларымен жайдары амандасқан ол, Таирмен де амандасты. Таирдың түсі бұзылып тұрғанын байқаған комсорг «Бұған не болды?» — деді, әдейі, барлығы бірдей естісін дегендей, даусын қатты шығарып:

— Осы уақытқа дейін сенің есепке тұрмай жүрген себебің не?

— Ол есепке әлі тұрған жоқ. Өйткені мұның өзі осында болғанмен, ойы өз үйінде болып жүр, — делі Рамазан ұста. — Міне, оның жұмысының нәтижесі, — ол желобты нұсқады. — Комсомолец үлгі болуға тиіс, ал мұның қолынан бүлдіру ғана келеді.

— Мұның бүлдіріп жүргені немене?

— Қолынан не келсе, соны бүлдірді: ертіндіні ағызып жіберді.

Таирға жақындап келген Дадашлы оған кейіп ұрса бастады:

— Сені бюроға шақырып, түсінік беруінді талап етеміз. Жолдас Байрамұлы! Сенің осы уақытқа дейін келіп, есепке тұрмаған себебің қалай?

Таирдың бұған түсінік бергісі келмеді. Егер де ісім алдағы уақытта да осындай сәтсіздікке ұшырай беретін болса, онда, бәрібір, маған Бакуде қалуға болмайды, — деп ойлады. Міңгірлеп өзінше дәлел айтуға тырысты.

— Осы уақытқа дейін менің есеп карточкам ауданда жатыр. Оны алдыру үшін аудандық комсомол комитетіне хат жазу керек.

Дадашлы бұл дәлелге қанағаттанбады:

<sup>1</sup> Көктем.

— Бәрібір, сен жыйналысқа қатысуға тиісті едің ғой. Сонымен қатар, аварияға жол беруге болмайды.

Бұл сөздер ашуына тиген Таир Дадашлыға тік жауап қайырды:

— Сен кім едің сонша? Саған не жоқ?

— Мен бе? Бұл қалай? — мен кімін? Білмейсін бе?.. Комсомол ұйымдастырушысымын.

— Тап кұдайдың дәл өзі болсаң да мейлі. Мұндағы маған қожа жалғыз Рамазан ұста ғана.

— Сенің техникалық сауатсыздығыңды жоюға Рамазан ұста да қарсылық етпес деп ойлаймын. Комсомолецтің өндіріске зыян келтіргенін қайдан көрдің?

Таир булығып, ашуын баса алмады:

— Сенің өндіріске қалай көмектесіп жүргеніңді білемін! Менің жұмыс істей бастағаным екі апта өтті, содан бері сені көріп тұрғаным осы.

— Я, олай болу себебі мен де өндірісте жұмыс істеймін. Менің үнемі бос уақытым бола бермейді... Пысықсый бергенше, келіп есепке тұр, сенің мәселенді содан кейін шешеміз.

— Менің мәселем деген қандай мәселе?

— Сенін ұқыпсыздығың туралы.

— Жарайды, кезінде көрерміз, — деп Таир жөніне тайып тұрды.

Ақыры, Таирдың асыға күткен «Чапаев» баркасы да келді. Бірақ онда басқалар да, Таир асыға күткен Латифа да жоқ еді.

Капитан алыстан қол бұлғап:

— Рамазан атай, бүтіндей жарты сағат бұрын келгенімді көрдің бе? Енді сенің маған ұрсуға қандай дәлелің бар?

— Бекер асыққансың! Күндізгі сменаның жігіттері қайда?

— Өмірде саған жақпай-ақ қойдым-ау! — деп, буровой жанына тоқтауға ыңғайланған капитанның өзі арқанын лақтырды. — Жігіттер әлі жыйналған жоқ. Әзірге мен сіздің смена адамдарын апарып түсірейін, оған дейін олар да пристаньға келер.

Рамазан ұста саз-балшық ертіндісінің ағуын тоқтатпайынша түнгі сменаны жібергісі келмеді. Баркас кеткеннен бергі екі сағат өткеннен кейін ғана, жұмыс өз қалпында жүре бастағанын өз көзімен көрген Рамазан ұста жұмысшыларға:

— Ал, жігіттер, кеттік! Мен де шаршадым, бұған қосымша үйде сирек болатыныма ренжіп, менің кемпірім де күнкілдей береді, — деді.

Васильев қарт мастерді қолтықтап алып, барқасқа мінгізді.

— Бар, үйге қайта бер, мен осында болам, жұмысқа бола мазасызданбай-ақ қой. Сен кеше треске барып келгенше мен екі сағаттай көз ілінтіп, демалып алғанмын.

Көмекшісінің әрқашан да өзіне қамқоршы екеніне көзі жеткен Рамазан мұны ішкі сезімімен ғана мойындайтын. Ол Васильевті тәжірибелі мұнайшы болғандығы, немесе өзіне өте берілген жақын достығы үшін ғана емес, сондай-ақ адамға деген қамқорлығы үшін де қатты ұнататын. Бірақ олар осындай сезімдері, бір-біріне жақын байланыстылықтары туралы тіс жарып үндемейтін. Олардың арасындағы бұл достық көптен бері сүйекке сіңісіп, қандарына кірігіп кеткен-ді, сондықтан да бұларға достық туралы әңгіме қозғаудың ешбір қажеттілігі жоқ тәрізді. Кейбіреулер арасында талас-тартысқа, бір-біріне қатты сөз айтысып, араздасуға дейін баратын мәселелер Рамазан мен Васильев араларында өмірі болып көрмеген-ді. Баянды достық, өзара түсініктің беріктігінен неше алуан маңызды мәселе даусыз-далабасыз тез шешіліп отырады. Васильев Рамазанның пікіріне құлақ қоя біледі, ал қарт мастер де өл көмекшісінің пікірін зая жібермейді. Егер де Васильев өзінің пікірін дәлелдеп, оның дұрыстығын Рамазанның санасына жеткізе алса, оған Рамазан әдетінше қатты қуанытын-ды. Сондай-ақ, Рамазанның орынды ұсыныстарын Васильев те қуаттап, қабыл алатын-ды. Олардың екеуі, бірінің кемшілігін бірі түзеп, толықтыратынын өздері байқамай да қалатын-ды. Оларды кәсіпшілік: Рамазан буровойның жаны болса, Васильев мыйы, десетін, Рамазан уста жұмысшыларды жігерлендіре білсе, механизмді жетік меңгерген Васильев, бұрғылау машинасында кездескен кемшілікті тез жоятын. Бұл екі мастердің арасын жақындатқан да осы қасиеттері болды.

Васильев Рамазанға үйге қайтуды ұсынған кезде, қарт мастер ұйқыдан кіртіген көзін бажырайта қарап, кілт тоқтай қалды.

— Жә, қайта бер, — деді ол. — сен менен кем шар-

шаған жоқсын. Бар, сен бар, бес — алты сағат демал... Мен осында бола тұрайын.

— Саған не болған, Рамазан Ескендерович, бұлай деуіңнің жөні болмас тіпті! Үйіңе қайтып демал, мұнда мен қалайын...

Көмекшісінің оған шын жүрсктен жалынып, бармаса өкпелегелі тұрғанын қарт мастер оның даусынан байқады.

— Жарайды, мен-ақ барайын. Әйтпесем кемпірім тіпті менен айрылысып кетуі ғажап емес, — деп досының ұсынысына мойын ұсынған қарт мастер күлімсіреді.

Баркас жұмысшыларға лық толды. Таир өзінің сазын тізесіне көлденең қойған бойы Жәмилдің қатарында отырып алып, терең ойға шомды.

«Жоқ, менен ештеңе шығар емес», — деген өз ойы Таир өз ішінен костап, аулына қайтуға бел байлап отырды. Рамазан ұстаның батыра айтқан өткір сөздері, комсоргтың жыйналыста талқылаймыз дегені оның көсіпшілікте жұмыс істеуге талпынған жігерін құм еткендей болды.

«Чапаев» буровайдан алыстап барады. Алысқа көз қадаған Таир көңілсіздене түседі. Досының қайғыланып, үнсіз отырғанын сезген Жәмил, бұл Ләтифаға жолыға алмағандықтан деп жорыды. Ол Таирды әзілдей бастады:

— Досым, сен неге томсырая қалдың сонна? Бір шумак болса да өлең айтып жібермейсің бе?

Тұнжыраған бойы Жәмилге бажырая караған Таир, оның қалжыңының тіпті орынсыз екенін білдіргісі келген оймен жауап қайырды:

— Танертеңгі уақытта мен түгіл қалың артисі Бюль-Бюльдің даусы да қарлығын шығалы. Менің масаттанатын нем бар. Мына жұрт не үшін көңілденіп келсе деп ойламай ма жұрт?

Мұнан кейін Жәмил оны қайтып қыстамады.

Түнгі ұйқы маужыратқан адамдардың көпшілігі төңізіз толқынының болмағаны шайқауымен тербетіліп, қалынып келеді. Тек, Ләтифаны көруге ынтызар болған Таир ғана алыстағы жағаға қадала карап, сергек отырды.

Қалың топ ішінен адамды ашыратып, бетінен таңқығын еді. Бірақ ол, осы Ләтифа болар деген жорамалмен назарын бір әйел келбетінен аудармады. Ол өзінің

қателескенін тек баркас жағаға жақындаған кезде ғана білді. Қалың топ ішінен Рамазан ұстаның буровойында жұмыс істейтін адамдардың бірде-бірі көзге түспеді.

Баркас келіп тоқтаған кезде, пристаньнан жеті-сегіз кадам жердегі кішкентай үйден шыққан бір топ жастар арасынан Ләтифа да көрінді. Ләтифаны көргенде Таирдың беті сәтте нұрланып кетті.

Оған ештелей келіп, шапшаң амандасты:

— Қайырлы таң!

Бір нәрсеге ашуланғандай, қабағын түйген қыз Таирға салқын жауап қайтарысымен жүрс бергісі келіп, алға ұмтылды. Оның көңілсіз екенін байқаған Таир да оған жай ғана:

— Саған не болды? — деді.

«Онда сенің қандай шаруаң бар?» — деп айтып-ақ тастағысы келген Ләтифа Таирға тағы да салқын жауап қатты.

— Рауу ет, Ләтифа! Бірақ мені ештеңе түсінбейді екен деп ойлама. Сені біреудің ренжіткенін мен байқап-ақ тұрмын.

— Әрине. Егер де адамдардың барлығы бірдей әдепті, тәртіпті болса, онда милицияның да қажеті болмас еді ғой!

— Не боп қалды, айтсайшы?

Мұның себебін түсіндіргісі келмеген Ләтифа енді қайтып үндемеді. Әңгімені басқаға бұрғысы келген Таир да сұрағын қайталамады.

— Сен бүгін кешке театрға барасың ба?

Ләтифа бұрынғысынша жабырқау пішінмен, салқын жүзбен қысқаша жауап қайырды:

— Жоқ.

— Дегенмен, не боп қалды?

— Тапа-тал түсте кездей соқ есуастар жаныңнан өте беріп мазақ етсе ше?

— Ол кім?

— Гүсейікулли. Гармоньшы Мишаның бригадасындағы әлгі, ана баланы білесің бе?..

— Білмеймін!

— Білмегенін жақсы. Мен онымен өзім есептесемін. Таң атпай жатып бір жерден ішіп алған, нағыз бұзықтар сыяқты, аузыңа келгенін сөйлейді.

Таир әрең деп демін алып, терең күрсінді:

— Ол сені зәбірлі сөздермен сөкті ме?



Тістеніп сөйлеген Ләтифаның даусынан кекті ызғ сезілді:

— Тұра тұрсын бәлем, тек кешке жұмыстан қайтамын, оның бұзықтық қылығын мастерге айтамын, — ол оның сыбағасын берер! Басқа балалар бос уақытында кітап оқып, адам болуға тырысады, ал ол болса ше?!.

Таир, қыздың асығып барқасқа кеткелі тұрғанын көргенмен, оған ашу басатын тағы да бір сөз айтқысы келді:

— Сенің жалғыз жүретініңнен себебі не?

Бұл сұрақ Ләтифаның ашуына тиіп кетті:

— Немене, сонда менің кіммен жүруім керек, сенінше?

Ұялғаннан Таир үндемей тұрып қалды. Егер де ол ұялғандықтан мұндай ыңғайсыз жағдайда қалмаған болса: «Саған менен басқа да жақсы жолқосшы табыла ма?» — дегелі тұрған-ды.

— Сонымен, сен театрға бармайсың ба?

Ләтифа өткір көзімен Таирдың басынан-аяғына дейін бір шолып өтті:

— Жоқ... Екеуі қосарланып теардан қалмайды деп ойлап қалар, көпшілік. Қажеті жоқ. Бармаймын.

Ләтифа естігендей ғана бәсең даусымен Таир күбірлеп сөйледі:

— Сен мұнын несіне кеісің? Жарайды, барғың келмейді екен — керек емес.

Қыз кілт бұрылды да, аяғын тездете басып, жүріп кетті: артына бір қарамастан ол барқасқа қарғып мініп, әп-сәтте Таирдың көзінен ғайып болды.

Ләтифаның мұндай сыйламаушылық көз қарасы Таирға шапшудай қадалды. Өзінің бұл реңішін ешкімге сездіргісі келмеген Таир, Ләтифа кеткен жаққа көзінің астымен қарап, мелшиіп бір орнында тұрып қалды.

— Таир, жүр кеттік! Менің байқауымша, сендердің махаббаттарыңнан ештеңе шықпайтын тәрізді! — деп айкайлады, Рамазан ұстаның қатарында келе жатқан Жәмiл. Ол тауып айттым дегендей өз сөзіне өзі маз болып қарқылдап күлді.

Жәмiлдің бұл қылығына Таир өті жарылғандай аңуыланды. Біреу атпен сыдыртып келіп, жылан бауыр қамшымен жосып жібергендей ол артына жалт бұрылып Жәмiлге жетіп келді:

— Біздің махаббатымыздан ештеңе шықпайды деуің

қалай? Немесе, сеніңше, мен одан нашармын ба? — деген Таирдың даусы дірізден естілді.

— Сен мұның неменесіне шыжың боласың, достым ау? Ол сенің көзіңше күлімсіресе, сыртыңнан мазақтайды. Оның жігіті бар. Сен керек десе, ол жігіттің ұлтырағына да жарамайсың.

«Я, ол тек мені ренжітпес үшін ғана сыртынан күледі екен ғой. Шынында да, екеуміздің арамызда шын берілген достарға ұқсас ештеңе болмапты ғой», — деген ойға келген Таир, өзінен-өзі тұнжырап, түнерген бұлттай күңгірттенген беті сұрланып кетті.

— Мейлі! — деді ол. Осы кезде оның көзі кекті көздей жайнап кетті.

Балалардың не туралы сонша кеңірдектесіп келе жатқанын түсінген Рамазан қарт тоқтай қалды:

— Е, Таир балам, бұл істі сен әлі күннен бұлай қолдайтын болсаң, жүре-бара күллі нәрсені бүдліресің ғой. Сен сонша неге жан ұшырасың? Сен әлі де тіпті сәби емессің бе?

Жатақханадағылар Таирға хат келгенін хабарлады. Ол төсегінде жатқан конвертті ашып жіберіп, хатты оқый бастады.

«Қымбатты ұлым, сен кеткелі мен мазасызданудамын. Сені ұдайы түсімде көремін де жүрем. Менің түсімде сен үнемі теңізде жүзіп жүрген сыяқтысын. Құдайын жар болсын. Сен жазатайым бір нәрсеге ұшырап кетсең, мен не болмақшымын! Осыны айтып отырған менің жағыма жылан жұмыртқаласын, балам! Әттен, тәйір-ай, сенің кетуіңе неге ғана ризалығымды бердім екен! Мен өзіміздің қызыл сыйырды сауғанымда, сен менің алдымда бұзау ұстап тұрғандай болып елестейсің...

Келісті шешен сазыңды,  
Сүйікті ұлым, қолына ал,  
Сүйсіне шертіп, тербеп бір,  
Әуендетіп әнге сал.

Көзімнің қарашығындай менің қарғашым! Сонау жол бойына шығып, әрлі-берлі өтіп жатқан жолаушылардан сен туралы хабар сұрап, білгім келеді де тұра-

ды. Сен өзіңнің ақ сүт берген анадан ұмыттың ба? Сенен басқа менің сүйенішім жоқ қой. Ең болмаса маған жиі хабар келіп тұрса екен-ау. Жарық дүниедегі жалғызым екеніңді өзің де білесің ғой. Қолхозда нендей жаналық бар дейсің, қалқам. Барлығымыз тегіс аманбыз. Сенің немере ағаларың әскерден қайтып келді. Барлығының да сұрайтыны сенсің. Саған хат жазу үшін мен оларға сенің адресіңді бердім. Барлық туысқандарың саған көп-көп сәлем жолдайды, денсаулығыңа тілектестігін білдіреді. Сені құшағыма алып сүйдім.

*Сүйген анаң Гүлсәнім»*

Бұл хатты оқыған Таир анасын бұрынғысынан да қатты сағынып, елегізіп кетті. Ол анасы, аулынан баеқалың барлығын да ойынан шығарып жіберді: Бақу туралы да, өзінің үміті мен тілегі туралы да, Ләтифа туралы да ойын ұмытып кетті. Хатты тағы да бір оқып шықты.

Содан кейін ол шешініп, жатуға ыңғайланды.

## 2

Таир төсегіне жатқалы көп уақыт өтті, бірақ ол дөнбекшіп, әлі ұйқтай алмай жатыр. Екі қолын айқастырып төбесіне қойды да, жоғары қарады. Бөлме іші жымжырт еді. Терезе алдындағы бұталарда шоғырланған шыбық торғайлардың шырылдаған даусын ол анық естіп жатыр. Оған ұйқы бермей жатқан осы торғайлар шырылы сыяқты болып көрінді.

Жәміл, әлде ұйқтап кетті ме немесе ұйқтаған болып әдейі көзін жұмып жатыр ма, әйтеуір дыбысы сезілмейді.

Теңіз жағасында болған Таирды ренжіткен әңгімеден кейін, олар бір-біріне тіс жарып үндеген жоқ-ты. Таир оған қарап тұрып өзіне-өзі: «Опасыз досым», — деген сөзін ішінен қайталады. Жәмілдің сөзі достық әзіл емес, соңғы күндерде оның жүрегінде қайнаған ызаның, кектің белгісі деп ойлады, Таир.

— Егер де қыз мені шын сүйіп, махаббатын маған ғана арнаған болса, шын дос менің бұл бақыттылығыма қуануға тиіс еді ғой. Ал Ләтифа оны сүйетін болса, мен әлардың арасында неге көлденең тартылып, екі гүлдің

арасында өскен тікенектей қаламаған да болар едім. Мені адастырғысы келмесе, Жәмил мұндай сырын маған алдеқанан айтуға тиіс еді ғой. Оған Жәмилдің өзі көз салып жүрген болу керек. Тіпті түсіне алмай-ақ қойдым. Мейлі, солай-ақ бола берсін! — деп ішінен күбірлеген Таир, жайлап орынан тұрды.

Ол сақтана төкірегіне қарады. Барлығының ұйқыға кеткеніне көзі жетіп, киіне бастады. Жұмыс киімін ұқыпты бүктеп, бас жағына іліп қойды. Аяғының ұшымен басып тумбаға барды да, ондағы ала қоржынын алды. Жастығының астында жатқан шәрібіне барлық затын бұрып-түйді де, қоржынына тықты. Тағы да бір нәрсемені ұмытып қалдырмадым ба деп жан-жағына қарағанда, өзінің етігін көрді. Оны газетке орағысы келіп еді, бірақ сытырлаған дыбыстан Жәмил оянып кетер деген оймен, оны да қоржынына тықты. Жәмилдің бетіне тағы да қала қарады. Күлкіге булыққандай Жәмилдің ернінің жайымен жыбырлап жатқанын байқаған Таир тағы да тоқтап қалды: «Мүмкін, ол ұйқтамаған шығар?» — деген ой келді оған. Демін ішіне тартып, біраз тұрды да, ол бірнеше рет көкірегін кенеді. Бірақ Жәмил көзін ашпады. — Демек, ол түсінде күліп жатқан шығар. Терезе алдындағы бұталарды сылдыратып, шықылықтаған торғайлар дыбысынан сескенген Таир жалт бұрылып артына қарады.

— Ой, тәзір алғырлар! — деді ол, мінгірлеп, өзін шошытқан торғайлар екенін білгеннен кейін. Сазын қолтығына қысып, қоржынын нығына асты да, андап басып есікке келді. Бәлме ішін ақырғы рет көзімен бір шолып өтті де, шығып кетті.

Жәмил жамылып жатқан көрпесін серпіп тастап, орынан ұшып тұра келді де, асығыс киініп, Рамазан ұстаның үйіне қарай жүгіріп кетті.

Қарт өзінің кішкене үйі алдындағы аласа тақтаймен қоршалған шарбағы ішіндегі өсірген бағында гүлге су құйып жүр еді. Бақ ортасында жалғыз ғана пісте ағашы тұр. Тақтай шарбақты жағалата бірнеше атызға егілген памидор, пияз, бұршақ желілері бір-бірімен шалысып қалған. Рамазан ұста су сепкішін жерге қойып, майысып тұрған сабақтан бірнеше гүл жулып алып, одан бір шоқ гүл жасады. Еңкейген бойын жазып көтеріле берген ұста қоршаудың кішкене есігі алдында екі

ырынан дем алып тұрған Жәмілді көрді. Жәмілдің өте асығыс екенін сезген қарт оған сұрақ қойды:

— Не боп қалды, Жәміл?

— Таир кетіп қалды, уста! — деді, енгігіп демін әрең алған Жәміл.

— Қайда кетті?

— Өз аулына кеткен болуы керек, сірә.

— Сен оны неге жібердің?

— Ол маған өкпелеп кетті. Мен оған өкпелерлік еш қандай жаман сөз айтқаным жоқ-ты, бірақ ол әзілді көтере алмады.

Су сепкішін қолына алған бойы Рамазан ұста бақшадан шығып, Жәмілге таялып келді де, қарауытып гүк көрмей тұрған көзін ажырайта қадап, оған таңдана қарады:

— Мүмкін, ол маған өкпелеген шығар?! Бірақ мен оған өкпелерлік сөз айттым ба екен, білмеймін, есімде жоқ.

Жәміл, кіналы адамдай, қарт алдында міңгірлей бастады.

— Жоқ, ұста, ол кәміл маған өкпеледі, бұған менің көзім жетіп тұр.

— Ол вокзалға кетті ме?

— Солай болу керек.

— Окасы жоқ. Бір айла ойлап табармыз, — деп қарт есік алдына келіп, тас баспалдақпен жоғары көтерілді. Ол, бір жақ қабырғасы бүтіндей әйнектелген терраста тұрған телефонға барып, біреумен сөйлесе бастады...

Ішкі бөлмеден өзінің фуражқасын алып шыққан қарт мастер, әлі есік алдында мелиннп тұрған Жәмілге:

— Сен жүре бер, балам, демал! — деді де, өзі асфальтталған тар көшеге шықты.

Мастерді кезінде ескерткеніне мәз болған Жәміл жатақханасына қайтты.

Көзді ашып-жұмғанша асфальттаған жол үстінде зулап келе жатқан жеңіл машина көрінді. Көк сырмен жаңадан сырланған әдемі машина зырғып келіп, Рамазанның алдына тоқтай қалды.

— Уста, сіздің қайда барғыңыз келіп еді? — деді, машина кабинасынан басын сұғып қараған Исмаилзанданың ұзын бойлы шофері. — Сіздің мына гүліңіз не жүрек жарды бір қуаныш хабар алдыңыз ба?

Уста қолында гүл бар екенін қазір ғана сезді. Бірақ

Бұл туралы шоферге ештеңе айтпастан, күлімсіреді де: машинаға отырды.

— Вокзалға барамыз. Қандай қуаныш боп қалғанын сонда барған соң көресің.

Шофер Рамазан ұстаның үйіне өз бастығы Исмаилзаданы талай рет алып келген-ді. Ол Рамазан ұстаның әйелі Нисаны да таныйды; соғыс басталған алғашқы күндерден бастап-ақ Рамазанның екі баласы бірден майданға кеткенін де жақсы біледі. Қазіргі шофердің ойлап келе жатқан жорамалы біреу ғана:

— Мүмкін, қарттың ұлдары әскерден қайтып келе жатқан болар?

Ойсыраған ескі жарасына бірдеңе тигендей селк ете қалған Рамазан ұста шоферге ала көзімен қарады. Алайда, оның бетінен тек бұл жөнінде білгісі келген адал ниеттен басқа ойды байқай алмаған Рамазан шынымен қамығып, көзіне жас алып:

— Ондай бақыт маған қайдан келсін!

— Уайымдама ұста, менде де өзімнің інімді көрем деген ой болған жоқ-ты. Ал кеше одан хат алдым. Сонымен, менің інім де тірі екен. Хабар-ошарсыз кеткен себебі партизан болып неміс тылында жүріп, екі жылдай соғысыпты. Мен оны қазір ғана білдім.

— Менің балапандарым да тірі болсын!..

— Олар қазаға ұшырады деген хабар алмаған болсаңыз, балаларыңыз аман-сау қайтып келеді. Менің інім өзінің жазған хатында талай адамдардың түрлі жағдайға ұшырап, хабарсыз жүргенін айтыпты. Ол тіпті өлді деп санаған адамдардың көбі тірі боп шығып, аман-есен үйлеріне қайтқаны жөнінде де талай мысалдар келтіріпті.

— Тамаша бақыттылық болар еді... — деп күбірлеген Рамазан ұста өзіне-өзі ішінен жауап қатқандай тағы да сыбыр ете қалды.

— Егер де олар тірі болса, менің есебім бойынша жақында қайтып келуге тиіс...

— Әрине, қайтып келеді... — шофер аузын жыйғанша болмай, көше бұрылысынан айнала бергенде, алдан жүк машина шыға келді. Соқтығысудан сақтанған Исмаилзада шофері машинасын кілт тоқтатып тастады. — Соғыс дегенің сондай қауыпты нәрсе ғой. Сақтықта қорлық жоқ дейді. Соғыс кезінде аңғырт болсаң-ақ болғаны, онда өзің де өлесің, жолдастарыңды да апатқа ұшы-

ратасын... Әй, саған не болды, мас болғансың ба? — деп ол жүк машинасының шоферіне айқайлады.

Қарт мастердің барлық ойы балаларының тағдырында болды:

— Мүмкін, қайтар, — деген оның даусы дірілдеп естілді. — Бұл дүниеде болып жатқан уақыттың бәрін білу бізге қиын. Айтқаның келсін. Апыр-ай, олар қайтып келсе қандай тамаша болар еді.

Шофердің барлық ойы жаңағы машинада болып келеді. Бұл ойға көңлі бөлінген шофер қарттың сөзін естімей қалып, қайталап сұрады.

— Сіз не айттыңыз, ұста?

Қарт, өзінің бұлдыраған көзін алысқа қадап, терең күрсінді.

— Сенің айтқаның келсін дедім. Балаларымнан әлі күдер үзгенім жоқ. «Үмітсіз шайтан болсын» дегендей олар тірі, деп үміттенем. Бұл соғыс жылдары мен аз еңбек еткенім жоқ. Мұнай кәсіпшілігінен күндіз-түні бірдей кетпестеп жұмыс істедім. Мен қазір кәрілігі жеткен адаммын. Пенсия аламын. Алайда, жастардан қалыспауға тырысып келем. Осы соғыста біздің халқымыз жеңіп шықса екен деген бір ғана тілегім болды. Халық сенімін ақтаған біздің жауынгерлерімізге мың рахмет. Ержүрек жауынгерлеріміздің тамаша ерлігі мені де жігерлендіре түсті, шамам келгенше мен де үлес қостым бұл жеңіске. Бірақ сонша үлес қостым деп кеуде соқпаймын. Солай болуға тиісті де болдым. Еңбегім зая кеткен жоқ. Мұның үстіне балапандарым аман келсе, менен бақытты кім бар.

Шофер машина жүрісін бәсендетіп, бұрылды да, айналасы адамға лық толық вокзал жапына келіп, тоқтай қалды.

— Оқасы жоқ, қамықпаңыз да, уайымдамаңыз да, екеуі де қайтып келер. Сонымен, мұнда біз не үшін келдік, осыны айтыңызшы?

— Қазір білесін, — деді де, Рамазан ұста кабинадан шығып кетті.

Машинадан түскен бойы, үлкен басқышпен жоғары көтеріліп бара жатқан қарт жан-жағына жалтақ-жултақ қарап Таирды іздеді. Вокзалдағы сапырылысқан топырдан оны көре алмай, есік алдында тұрған билет тексерушіден Тбилисге баратын поездың қашан жүретінін сұрады.

— Енді он минуттен кейін. — деп жауап қайырды сөйлей-сөйлей даусы қарлыққан тексеруші.

Рамазан ұста аяғын асыға басып, перронға шықты да бірінші жолда тұрған жолаушылар поезын жағалап әрлі-берлі жүре бастады. Вагондар терезелерінен басып сұғып қоштасушылармен сөйлесіп тұрған адамдарды тегіс қарап өтті. Алайда, Таирды көзге түсіре алмады.

Қашқынды кездестіру дәмесінен үміт үзуге айналған қарт, вагондарға қарап көз талдырғанша вокзалдың есігі алдына барып тұрағын, әйтпесе, одан мүлде көз жазып қалармын деген ойға келді.

— Поездың кетуіне әлі де уақыт қалды ма? — деді тағы да тексерушіге жақындап келіп.

— Немене, сізге неше рет қайталау керек? — деп әлгі тексеруші шытынай бастады.

Рамазан ұста алыстан вагон терезесінен асылып тұрғандарға тағы да көз салды. Вагон басқышында біреумен сөйлесіп тұрған бір бала оған Таир сыяқтанып көрінді. Емпелендей түсіп жақындап келгенде өзінің кателескенін сезген қарт тағы да сағы сынып, қатты ренжіп қалды.

Шофер да перронға шығып, қарттың қасына келді.

— Қалай, кездестірмедіңіз бе?

— Жоқ.

— Ол өзі кім еді? Әлде біз байқамай қалған шығармыз, немесе біз мұнда әуреленіп жүргенімізде кетіп қалған шығар?

— Жоқ, кеткен жоқ, ол әлі осында жүр... — деді, қоржынын арқасына салып, сазын қолтығына қыстырып перронға шыққан Таирды көріп қалған қарт, ол булығып, тіпті айтайын деген сөзінің аяғын да жұтып жібергендей болды.

Әлгі буынып-тартыпған бала ентелей алға ұмтылып, қарттың жанынан өте берген кезде:

— Таир! Әй, Таир! — деп айқай саяды, қарт мастер.

Ол жалт қарады да, қарсы алдында тұрған қартқа бетпе-бет келіп, мелшиіп тұрып қалды. Сасқан үйрек артымен сүңгіді дегендей, уялған Таир, Рамазанның қолындағы шоқ гүлді көріп мінгірлей бастады.

— Сіз кімді қарсы алғалы келдіңіз, ұста!

— Ешкімді де қарсы алмаймын. Тек сені ғана шығаруға келдім. Сен мені тастап кетіп барасың. Бірақ



мен ондай шегіншек адам емеспін. Не айтсам да соны істеймін, уәдемде тұрамын.

— Сізге менің кететінімді айтқан кім?

— Жер бетінде қайрымды адамдар аз емес көрінеді ғой, балам...

### 3

Мұнан дәл жарты сағат бұрын өте асығыс киініп, тіпті қолындағы гүлін тастауды да ұмытып бара жатқан Рамазанды көргенде, қарт Ниса оның қайда жүргелі абыржығанын білгісі келгенмен, одан жауап ала алмаған-ды. Есік алдында тұрған Жәмілді көргенде Рамазанды кәсіпшілікке шақырып жатыр екен ғой, деп тыныштанған болатын. Бірақ Ниса мұнан кейін мазасызданып, әрнәрсені бір ойлай бастады: қарттың гүл алып кеткен мәні қалай? — Әдетінше ол гүлді вазаға салып, стол үстіне қойып кететін еді ғой, мүмкін, буровойда бір нәрсе болып қалған шығар, өйткені ол сасқаннан әдетінен де жаңылды ғой. Таныс машинаны көргенде, өз ойының дұрыстығына шүбәсіз сенгендей болды. Буровойда өрт болып қалмады ма екен?

Ол кебісін тарсылдатып тысқа шықты да, есік алдындағы тастың үстінен анық көрініп тұрған алыстағы буровой жаққа көз жіберді:

— Жоқ, өрт болмаған!

Теңіз жым-жырт, тыныштық. Пристаньға баратын жол бойында да таныс машина көзге түспеді. Демек, Рамазан ұста кәсіпшілікке кетпеген болды.

— Басқа неменс болып қалуы мүмкін еді? Егер оны Исмаилзада шақыртқан болса, бұған машина жіберудің қандай қажеттігі бар, трест мына тұрған емес пе? Мүмкін, балалардан бір хабар естіген шығар?

Балаларынан хат келу тоқталғаннан бері Ниса шалының әрбір қыймылын өзіне біліндірмей бақылап, балалар жөніндегі болған хабарды жасырын жүрген шығар деген ойымен сенбестік білдіріп те қоятын-ды. Шалының үйге сирек келіп жүргенін қарт Ниса балалар хабарын сұрап маза бермегендіктен екен деп те ойлайтын-ды. Сондықтан да ол әдейі күні мен түнін буровой басында өткізетін сыяқты. Демін тарылтып, тұншықтырып жүрген қайғысын сөйтіп басқысы келетін шығар.

Рамазанның сырын тек Ниса ғана жетік білетін-ді: сырғынан қараған адамға ол орнықты, әрнәрсені салмақтай білетін, өте шыдамды адам екені күмансыз. Алайда, кенет болған хабардан ол тез өзгеріп, мазасыздануы ғажап емес-ті. Ол үйге қонған түндері төсегінде төңбекшіп жатып, Нисаға түсініксіз — «дриломер», «квадрат» деген сөздерді таң атқанша күбірлеп айтумен болатын. Ол көбінесе балаларының есімін айтатын-ды. Рамазан ұста, партия қызметіндегі кенже ұлы — Пашаны, жоғары дәрежелі оқу орындарында математика пәнінен сабақ беретін үлкен ұлы — Ахметпен әлдеқайда артық көретін тәрізді. Бұл кішкене құпияны тек Ниса ғана білетін-ді. Рамазан ұста түсінде де Пашаның есімін көбірек атайды. Танертең, — сен түсінде не көрдің деген кемпірінің сұрағына Рамазан қарт қысқаша жауап қататын. Сонда ол:

— Қорқатын ештеңе жоқ. Ел аман, жұрт тыныш, — дейтін.

Бұл сөздер кемпірінің қайғылы көңлін көтеріп тастайтын-ды. Алайда соғыстың қауыпты, қараңғы түндерінде үйде жападан-жалғыз қалған кездерінде қарт Ниса аналық өзегін қуырған қайғының ащы шерін сыртына шығарып, егіліп жылап та алатын-ды.

Қазір тастың үстінде тұрған бойы, алыстағы жолға көз жіберді. Ол тағы да ойға шомды: балалар туралы бір хабар алмады ма екен, менің отағасым? — деп терек күрсінді де, қайтадан үйге кірді.

Жападан-жалғыз қалған Ниса қарт уақытты қысқарту үшін күйбеңдеп үйін жыйыстыра бастады, ас үйдегі қазанды оттан түсірді.

«Оның қашан келерін кім білген. Мүмкін, бүгін ол тіпті қайтпас». Жалған дүниеде Рамазаннан басқа жанында ешкімі қалмағанын мойындау Нисаның өзіне де өте ауыр болды. Шалым тым кеужіреп кеткен, кімнің көзі жеткен, ол өз өмірінің акырығы күндерін өткізіп жүрген болар, деген ой Нисаның басынан кетпей-ақ қойды. Жатса да, тұрса да еткен арманы — өздерінің жұпыны мұраларын балаларына қалдырып, олардың төрт көзі түгел кезінде ана дүниеге аттану еді. Егер олар қайтып келмесе ше?.. Бұл арманнан не шықпақшы?

Нисаның жастық шағы ауыр еңбекпен, кем-тарлық, көплықпен өтті. Ол балаларын мәпелеп өсіріп, тәрбие-

леді, оларды білімге, жақылға баулыды. Сондықтан да ол аналық мақтанышқа бөленіп, өзінің жас кезінде қасіретпен, қайыршылықпен өткізген күндерін ұмытып та кеткен-ді. Қазір, Паша мен Ахметті көрмей көз жұмуды ойлауда оған ауыр қасірет еді. Екі баласы да үйленген, бірақ ол әлі немере сүйген жоқ-ты. Ниса екі келінін бірдей жанындай жақсы көреді, сондықтан бірінс базарлық алса, екіншісін де ұмытпайтын. Екі келіні де мұғалім болып қызмет етеді. Енесінің бұл қамқорлығы екі келінің де жүрегін бірдей тербететін-ді. Қарт ананың бұл қамқорлығына олар мәңгілік жылы сөзі, сый-кұрмет көрсетумен келеді.

...Рамазан бұлай ерте келеді деп Ниса ойлаған да жоқ-ты. Ол жалғыз қайтқан жоқ, Таирды ертіп келген. Бұл уақытқа Нисаны сергітіп, қайғыдан арылтып жібергендей болды.

— Не боп қапты, шалым-ау? Мен жаман састым ғой. Соншама қайда асығып ең, сен?

Кекесін оймен күлімсірегендей болған Рамазан әзілді-шынын араластыра сөйлей бастады.

— Мен Таирды шығаруға барғанмын, кемпірім, — деп ол, есіктің алдында не істерін білмей бозарып тұрған шәкіртін нұсқады.

— Қел, балам, кел отыр!

Таир сазы мен қоржынын галлерееда қалдырып, сескене жан-жағына қаранып бөлмеге өзі әрең кірген-ді. Таңдана қарап тұрған Нисаның жанынан өткен Таир сасқанынан амандасуды да ұмытып кетті. Рамазан нұсқаған орынға барып жым-жырт отыра қалды.

— Міне, мынау кәдімгі Таирдың өзі, — деп қарт ұста кемпіріне қарады. Көрдің бе, бұл балапанға Бакуде тұру көңілсіз бола бастапты. Балам аулына қайтуға бел байлаған екен, поезға іліге алмай қалғандықтан менімен бірге қайтып келуіне тура келді.

Ниса шалының сөзінің жұқалап айтылған кекесін сөз екепін енді ғана сезді. Ол бұрынғысынан да бетер таңданып, Таирдың басынан-аяғына дейін тағы қарап өтті.

Рамазан ұста Таирға қарама қарсы келіп отыра қалды:

— Ал, балам, енді әңгіменді айта бер. Саған не болды? Мүмкін, мен кіналы шығармын? Мәген екібетер...

шығарсын? Сенің көңлің қалғандай қолайсыз бірдеме айтқан болармын?

Қарттың бұл сұрақтарының әдейі айтылып отырған қажәу сөз екеніне Таир бірден-ақ түсінді. Вокзалдан үйге келгенше қарт мастер тіс жарып ештеңе айтпағанды. Таир бұғып отырған басын көтеріп алып, өз ұстазы қарт шебер Рамазанға тіке қарамастан, мінгірлеп сөйлей бастады.

— Жоқ, ұста, олай емес. Сіздің үстіңізден шағым етуге қандай правом бар? — Кішкене үнсіз отырғаннан кейін, ол өз қылығына дәлел тапқандай тағы да мінгірлей бастады. — Менің шешем ауылда жалғыз қалғанды, менен басқа оның ешкімі де жоқ.

Ол жанқалтасындағы шешесінің хатын тағы да есіне түсірді, оны мастерге көрсеткісі де келді, бірақ «оның мұнсыз да өз қайғысы өзіне жетіп жатыр ғой, жығылған үстіне жұдырық етіп қайтемін» деді ішінен.

— Ондай жағдайың болса жасырынып кетудің не қажеті бар? Бұл туралы маған неге ертерек айтпадың? — деді төмен қарап отырған Таирға тесірәйе қараған қарт.

— Сіздің мұнан басқа да жұмысыңыз жеткілікті ғой деп ойладым.

— Ол қандай жұмыс? — деді қарт бұрынғысынан бстер тұнжырай түсіп. Ашулана сөйлеген қарт мастер кемпірінің көз алдында отырғанын ұмытып та кетті, әдетте оның көзінше айтпайтын сөздерін де айтып салды. — Менің ішімде қандай қайғы жатқанын сен білесің бе? Екі баламды бірдей майданға аттандырдым, олардан осы күнге дейін ешқандай хат-хабар жоқ, өзін ойлап қарашы!? — Олардың орнына адамдар тәрбиелеу керек емес пе? Менің баламның орнына бала бол, жұмыс істе, алға басуға тырыс. Тіпті мысал келтірейікші, айтайық, сен үйіңе қашып бардың, ал мұнан сенің шешеніңе түсетін пайда қанша? Е, балам-ай, сендердің барлықтарың да бақытты ғасырдың балаларысындар. Әйтең алтын заманды бағалай білмейсіңдер...

Күйгелектеген Рамазан ұста орнынан ұшып тұрып, екі қолын аркасына ұстаған бойы әрлі-берлі теңселе басып жүрді де, мұнан кейін Таирдың қарсы алдына барып тұра қалды:

— Жас кезімде менің де оқығым келген-ді. Амалым қанша, мені оқытуға әкемнің қаражаты болмады. Үй-

өзінші слесарь болып жұмысқа баруыма тура келді. Егер де совет өкіметі болмаса, менің балаларым да өзінше сауатсыз қалуы ғажап емес еді... Ал сендердің жолдарыңда қазір қандай қыйыншылық бар? Қанша оқығыларың келсе, сонша оқындар, жұмыс істедер, алға ұмтыла беріңдер. Қазіргі біздің дәуірімізде адамның тағдыры өз қолында.

Тағы да бір сөздер айтқысы келген Таир, кенет ойланып, өзін-өзі тоқтата қойды. Рамазан ұста Таирға мейрімлі жылы жүзбен қарап, еркелете сөйледі. Қарт мастердің Таирға сөйлеген даусы қамқоршы атадай елжіреп шықты:

— Ал, сөйле, сөйлей бер, балам! Мен енді саған тұған әке сыяқтымын ғой.

Бірақ мастердің алғашқы айтқан қажау сөздерінің өзіне қатты батқанын Таир жасырып қала алмады.

— Мені соншалық наданға санай көрмеңіз, ұста! — Біздің заманымыздың қандай екенін мен жақсы білемін, бағалай да аламын.

— Егер де олай болсаң, оқудан, үйренуден тартыну себебің қалай? Қазір қызық — отыз жыл мойынға қамыт іліп, ауырдың астында мықшындап жүре беретін, әйтпесе басшыларға жағымпазданып, олардың ұлтаным жалайтын, осындай азғындық әдетпен өзі бастық болуға өңешін созатын заманның күлі көкке ұшқан. Сен бүгін үйренуші болсаң, ертең, — кілтшінің, бүрсігүні — бұрғылаушы боласын, бір жылдан кейін мастердің көмекшісі, ал екі — үш жылда өзің мастер боласын. Тіпті инженер болғың келеді екен — бұл да сенің өз қолыңдағы тағдыр, барлығы өзіннен тәуелді.

Өзінің Бакуден қашу дәлелін шешесінің үйде жалғыз қалғандығынан іздегелі қарманғаны енді Таирдың өзіне де сөлекет, ерсі болып көрінді. Қарт мастер оның мұнан кетуге жыйналған себебін білетін тәрізді. Таир тағы да басқа дәлелге жармасқысы келді: комсомол есеп карточкасын алып қайтқым келіп еді дегісі де келді — бірақ өзін ақтап алуға мұның да дәлел бола алмайтынына көзі жеткен Таир қармандан бастартуға айналды.

Таирды түсіндірумен қатар, өз өсиетін де айтқысы келген Рамазан ұста сөзін жалғастыра түсті, ішіндегі шерін ақтарған адамдай екілене сөйлей берді:

— Өзін-өзі мақтаған адамды жаратпаймын, бірақ

өзімнің сырымды жасыра алмаймын, өйткені бұл шындық: есінде болсын, балам, Рамазан ұстаның шәкірті, ұстазы болу әркімнің сыбағасына тиіс бермейді. Менің барлық үмітім — жастар, сендерсіңдер. Мен мәңгілік өмір сүріп, бұл дүниеде жүре бермеймін ғой.

Мұны естіген Ниса ауыр күрсінді. «Шалым өте кеужіреп кетіпті ғой», — деді ол ішінен.

Рамазан ұста қайтадан өзінің орнына барып отырып жатып:

— Бірақ мен өлгенде де армансыз кетем, ар-ұжда-ным тербентпейтін болады! — деді.

Бұл адамның басына қонған бақыт — бостандық алу арқасында басынан өткен ауыртпалық күндердің жан қыйнаған азабын ұмытқанын, ал қазір өз өмірінің ақырғы сағаттын ешбір үрейсіз күтуде екенін Таир енді ғана түсінгендей болды. «Міне, менің атам да өлгенде дәл осындай армансыз болып кетті, — деді ол ішінен. — Ол бізге қарап жатып, өзінің ештеңеге өкінбейтінін білдіріп, күлімсіреумен дүниеден көшті. Бұл қарттар ажалдан үрейленбей, оны ерлікпен қарсы алады екен?» — деген ойды ішіне түйген Таир Рамазан ұстаның сөзін тез аяқтауға тырысып асыға сөйледі.

— Сен мына менің үйшігімді көріп отырсың ба? Өз үйіңнен айрылғың келмейді, ал мені жылы орнымнан қозғағың келеді, дерсін. Әрбір адамға туған үйінің ыстық, жақын, қымбат екеніне түсінемін. Бұл бөлменің әрбір сүйем жері жалғыз мен үшін ғана емес, біздің бәрімізге де қымбат болуға тиіс екенін ұмытпа. Сталин жолдас дәл осы үйде де болды ғой, бұған Ниса да куә.

Рамазан ұста Сталин туралы есте қалған әңгімесін жүрегінде мәңгілік сақтап, ұмытпауға тырысады. Ұлы Сталин туралы әңгімесін айта бастағанда Ниса да мұны мақтан ететін. Ол қазір де дәл бұрынғысындай, өзінің қайғылы ойын ұмытып, сергін түсіп, шалының сөзін қонаметтеді:

— Дәл солай, құлыным, дәл солай. Оның өмірі ұзақ болсын! Олар мұнда әңгімелесіп отырған кезде мен ұдайы шарбақта кір жуып отырып, қауыпты жағдай бола қалса оларды ескертетінмін. Енді байқасам, ол кезде олар Николай патшаны тақтан түсіріп, капиталистерді жою жоспарын жасап жүреді екен...

Адамның жүрегін тербеткен бұл әңгімені айтқанда

Нисаның даусы дірілдеп естілді. Мұны тыңдаған Таирдың да жас жүрегі толықсып, елжірей түсті.

Рамазан ұста Таирды тағы да ескертті:

— Бакуді сүй, балам, Бакуді! Оның данқты атын ешуақытта да кірлетпе. Біздің қаланың елімізге жарық пен жылу беретінін ұмытпа.

Әңгіме осымен аяқталды деп санаған Ниса галлерейға шықты. Ниса тамақ әкелуге кетті деп ойлап қалған Рамазан, біраздан кейін оған айқалады:

— Кемпірім, жейтін қандай тамағың бар?

Жүн түтуге отырған Ниса қайтадан орнынан тұрып, суып қалған қазанды қайтадан плитқаға қойды.

— Қазір, қазір болады, шалым!

Өткендегі есте қалған уақыйғасы туралы әңгімемен айналысқан Рамазан ұста өзінің бастан кешкен ұзақ өмірінің бетін аудара берді:

— Егер де тамықты өңінде көргің келсе, мұнай кәсіпшілігіне ертерек келуің керек еді. Қазір мұнда жұмыс істеу ет жеп, шай ішуден де оңай... Сен желонка дегенді көрмедің ғой! Бұл затты капиталистер жұмысшыларды азаптау үшін ойлап шығарған ғой, дейтін Киров жолдас. Ал қазір сенің қолыңда машина да, мотор да бар. Сенін төңірегің толған инженер, олардың барлығы да біздің өз арамыздан — еңбекші халықтан шыққандар. Күдірет Исмаилзаданы мысалға алайық... Оның әкесі Салманкиши менің жолдасым болды. Бай қожайынға қарсы ұдайы күрес жүргізгендіктен аяғына кісен салып, оны Сібірге айдап жіберді. Ол содан хабар-ошарсыз кетті.

Ниса буы бұрқыраған қазанды стол үстіне әкеліп қойды.

— Бері қара, шалым! Сен осы көбірек сөйлеп кеткен жоқсың ба? Бұл балам, ержетіп қалған, барлығын да екеуімізден жақсы түсінеді ғой.

— Кітап оқу бір басқа да, ал көзбен көру бір басқа, — деді Рамазан ұста, өз сөзіне ерекше мән беріп. — Мен оған өз көзіммен көргенім туралы айтып отырмын. Менің өзім жанды кітаппын!

— Жә-жә! Өлшеусіз мақтанба.

Майлы бозбашамен айналысқан Рамазан ұста, кемпіріне енді қайтып жауап қайырмады.

Ренішті пішінмен шалына бажырая қараған Ниса күбірлеп сөйлей жөнеді:

— Сенің үстіңнен мен шағым беремін, тыңдап отыр-  
саң ба?

— Исе үшін?

— Сенің де басқалар сыяқты мұршаң болмай жүр  
ғой. Мен өзімді-өзім жұбатып үндемей келдім. Ал қазір  
ше? Ендігі күн сайын үйге келмеу себебің неде? Саған  
деген тамақты күніне кемі елу қайтара жылытамын. Бұл  
да іс болып па?

Кемпірінің бұл талаптарына Рамазан ұста да жауап  
катпай қалмады:

— Мен сенен тыныш жұмыс істеуіме мүмкіндік бер-  
уінді өтінем. Буровойды мерзімінен бір ай бұрын табыс  
етуге тиісің. Бізде қазір мұнай майданының нағыз қы-  
зу күресі басталады. Майданнан қашу ер адамға өліммен  
тең емес пе?!

Мастер бұл сөзін маған балап айтты деп қымсынған  
Таир жасқана сөйлеп, бұған жауап қайырғандай күбір-  
лей түсті:

— Жок, ұста бұл майданнан енді мен де қашпаймын!

Дәл осы кезде біреу тықылдатып таяғымен есік қақты.

— Я! Кіріңіз, есік ашық! — деп жауап қатты Рама-  
зан, орыннан тұрмастан.

Мейман Рамазанның даусын естімеген болуы керек,  
ол есікті тағы да тықылдатты. Мұнан кейін үй иесі жеп  
отырған тамағын тастай сала есікке карай жүрді.

— Хош келіңсің! — деген қарттың даусы қаттырақ  
естілді, оған қуаныш ишараты байқалып тұрды.

Оларды асыға күткен Ниса мен Таир есік жаққа қа-  
раумен болды. Қолына жуан таяқ ұстаған жасы жетпіс-  
тен аса жығылған қарттың қолынан жетелей Рамазан  
да кірді.

— Қандай тағдырмен? Қандай тағдырдың күдіреті-  
мен? — деп, карт мастер өз сөзін өзі қайталай берді.

Рамазанның қуанышы қойнына сыймады. Ол мейма-  
ны төңірегінде күнбейдеумен болды, саскалақтап орын-  
дықты алды да оны өзінің орындығымен қатарластыра  
қойып, әлгі қарттың отыруын өтілді.

— Кемпесім, тездет, Керімге тамақ әпкел!..

Мейман таяғын есіктің босағасына сүйей қойды да,  
абажадай қос алақанымен бірдей Нисаның қолын қысты.  
Бұл қарттың келгеніне Ниса кемпір де қатты қуанды.  
Ол бозбаша толғырылған төртінші тарелканы столға әке-  
ліп қойды.



Таир келген қартқа қадала қарай қалыпты. Соны-  
лық қуанышымен қарсы алған бұл адам, сірә өте сыйлы,  
күрмет тұтқан, көптен күткен мейман болуға тиіс, деп  
ойлады Таир. Ерлі-зайыпты қарттардың қошаметпен  
қарсы алып, Керімнің әжім басқан кәрі бетіне жылы шы-  
рай қарауы Таирдың бұл болжауын растап тұрғандай.  
Үй қожаларының мұндай қошаметпен қабылдауына мей-  
манның да барынша риза екені сезіліп тұрды. Өзін мәңс-  
леген бұл сый-құрметке сөзбен жауап таба алмаған  
Керім қарттың қолдары дірілдеп, сасқалақтай бастады.

Бұл адамның қой көздері, оның тесіле қараған өт-  
кір жанары, үстіне киген сұр кенеп көйлегі мен шалбары  
Таирға жылы шырай көрінді. Бұл жағдай ол жеткіншек-  
ті: «Мен оны қайдан көрдім?»—деген ойна қалдырды.

Рамазанмен қатар отырған мейманның алдына қойыл-  
ған бозбалаға толық тарелканың буы бұрқырап тұр. Тәт-  
ті әңгімеге айналысқан қарт тамақ алуға әлі кіріскен  
жоқ. Ол біресе Рамазанға, біресе Нисаға қарап, езу тар-  
та күлімсіреді, оларды қолтап басып исейді. Ішін отыр-  
ған тамағын тоқтата қойған Рамазан, қасығын көлденеу  
ұстады да, Таирға қарап:

— Балам, мына сенің алдында отырған Керім менің  
ескі досым болады... Бұл менің осындай бақытты күнде-  
рімдегі ғана емес, сондай-ақ азап шеккен ауыр кездерім-  
дегі айнымас досым. Бұл мен үшін шекеіз жақсылық  
істеді... — Рамазан ұста өткен күндер уақытасын ескі-  
түсіре бастады: — «Барлығы да жаңғыра берсін, досым  
өзгермесін!» деген сөз тауып айтылған. Ол заманда, Таир,  
сенің жарық дүниеге келмеген көзің. Заман ауыр болды.  
Бакуге қауып төнді. Бір жағынан Түрік басқышылар  
шабуыл жасады, екінші жағынан ағылшындар тісін қай-  
рады... Я!.. Солардың барлығының көздегені мұнай бол-  
ды. Мұнайды қорғаймыз деп біз аз шығындар болғаным-  
ыз жоқ. Талай пәле, кем-тарлыққа да ұшырадық... Бір  
эсердің жыйналыста лепіре сөйлеп, өзінен дәлелдер көл-  
гіргені әлі есімде. Сонда ол не айтты досеңші? — Бізді  
гек ағылшындар ғана пәледен құтқарады, деді ол. Мін-  
дәл сол кезде, тап осы кезде, тап осы отырған ақбалам  
— біздің Керім шыға келді... Білегін сымбатын жіберіп-  
эсерді төмпештей берді дейсің, сол иттің баласының іні  
кеуіп кеткен шығар... Ой, оны қалай жаныштады дейсің.  
Тура әкесінің көзіне көрсетті!.. Оның көзілдірігі ұшып  
түсіп, мазутқа батып кетті. Ондай тамаша күлкі болма!

Ішек-сілеміз қатты. Атаңа лағнат аяғын ербен басып кетті-ау! Осыдан кейін бір әсер де көсіпшілікке енді кайтып төбесін көрсетпей кетті...

«Аһа! Енді білдім... әлгі мен Бакуге келген кеште трамвай ішінде бізге кездесетін қарттың дәл өзі», — деді Таир ішінен, баяғыдан бері ойлап отырғанын енді тапқандай. Ол бірден көңілденіп кетті.

Өзінің әңгімесіне өзі әуестенген Рамазан сөзін жалғастыра берді:

— Содан кейін Керім отряд құрып, оны түріктерге қарсы соғысқа бастап әкетті... Мен де сол отрядта болдым...

Мейман тамақ ішкеннен гөрі әңгімеге көбірек құлақ қойды.

— Я, я! — деп қостады ол. — Айтып отырғаның дұрыс, барлығы да дәл осылай болған-ды.

— Сіздер тамақ аласыздар ма, жоқ па? — деді оларға ашулана қараған Ниса, өзі де әңгімеге араласа түсіп.

Алайда, Нисаның сөзін естімегендей, екі дос әңгімесін соза берді.

— Я! — деп жалғастыра түсті Рамазан, — Керіммен бірсапта жүріп, біздер жауға шабуыл жасағанбыз... Бір кезде карасам, менің аяғым жерге сүйретіліп жүрген тәрізді зілдей боп қапты, өз аяғымды өзім көтере алмаймын... «Сен жараландың ба? — деді сонда Керім, маған қарап. «Жоқ, шаршаған болуым керек, сірә!» — деп жауап бердім де, аяғымды сүйретіп, алға жүре бердім. Аяғымнан аққан қан жошылып жол салып бара жатқанын көрдім... Дәл сол кезде Керім мені бүтіндей бір шақырым жерге арқалап барды ғой. Бұл оңай болып па? Міне, Керімнің шын достығын мен сонда-ақ сезгенмін.

Тамақтан кейін әңгіме басқа тақырыпқа көшті.

— Сен кайдан келе жатыр едің, Керім? — деді Рамазан.

— Ханлардың<sup>1</sup> бейітіне барып келемін. Жарайсың, жігіттерім, оның мазарын тамаша жақсылап қойыпты. Қарағаныңда көңіліңді елжірететін... Қайтып келе жатып, теңіздегі буровойларды көрдім. Я... Бізде күш дегенін ұшан-теңіз ғой!.. Қоммунизм орнатылады, қалай да орнатылады! Рамазан, бір жаманы мен қартайдым ғой!... Әл-

---

<sup>1</sup> Ханлар—Бакудің революцияшыл жұмысшысы, И. В. Сталиннің шәкірті, 1907 жылы жалдамалы жендеттің қолынан қаза тапқан.

сіздік менің бойымды билеп барады. Әйтпесе, мен де өзімнің дос-жарандарымнан қалыспаған болар едім ғой!...

Мейман ауыр күрсінді. Бұл сөздер Рамазанның да жас еместігін есіне түсірді. Алайда, олар төрт көзі түгел тұрғанда, өздері іргесін колдарымен қаласқан алыпты көргісі келеді. Болашақты өз көздерімен көргісі келген олардың бұл ынтызарлығы қартайған бойға қуат бергендей.

Рамазан алақандай қалта сағатына қарады.

— Таир, — деді ол, — бара ғой, балам, демал. Екі сағаттан кейін түнгі вахтаға кетуіміз керек... Ал, қалай қарайсыз, уәдеде тұра аламыз ба?

— Я, ұста! Кімде-кім уәдесінде тұрмаса — ол пәтуасыз адам болады!..

4

Күдірет Исмаилзаданың анасы қарт Тоғызбан өзінің кішкентай немере қызына тамаша қызықты тарихи уақығалар жөнінде үнемі әңгіме айтып отыратын. Ол күні-түні тынбастан сөйлеуге бар, алайда, оның әңгімесі кісіні жалқытырмай, уақығаның бірінен соң бірін аралатып, еріксіз тартып, жетектеп отырады.

Келіні Ләйла треске — қызмегіне кеткен кезде, Тоғызбанның немересі Ширман тек әжесінің карамағында қалатын. Бұл кішкене қыз күндіз метепте оқып, келгеннен кейін, кеште Тоғызбанның ертегілерін тындайды.

Рамазан ұста өзінің ескі досы Керім қартпен қоштасып, Таирды ертіп түнгі вахтаға кеткеннен кейін, бұл үйге Тоғызбан кемпір келді. Өздерінің қосақтары Салман мен Рамазан сыяқты бұлар да жастайынан араларынан қыл өтпес тату — дос болған-ды.

Тоғызбанның ерінің басына туған азап күндерін еске түсіріп, екеуі де көздеріне жас алып, үндемей жыласып алды. Кемпірлер өткен күндері туралы әңгіме қозғамай-ақ, кездескен сайын уайым-қайғыға шомып алады.

Ауыр күндерде дос болған адамдарды қылыштап та айыра алмайсың деседі. Осы мәтел Тоғызбан мен Ниса өмірінен алынған десе де болар еді. Олар сирек кездеседі, бірақ ұзақ әңгімелесетін-ді.

Олар бұл жолы да әңгімелерін көпке созды. Рамазан, Күдірет туралы, өздерінің келіндері туралы, Тоғызбанның немересінің қандай қуанышқа бөлегені, қазіргі қол жеткен бақытты заман туралы әңгіме шертті. Сонымен, уа-

қыттың қалай өткенін байқамай қалған кеместеріміз-кеш боп қалғанда ғана әрең тарасты.

Үйге қайтқан Тоғызбан асанада жалғыз өзі елсізін отырған Ширманды көріп, саппы бір-ақ соқты:

— Е, пірім, тоба-ай!.. Қарғашым-ау, мамаң қайда кеткен?

— Әжеке, мамашым қызметке кетті ғой!

— Инсамен соншама ұзақ сөйлесіп қалғанымды көрдің бе, сәулем! Тіпті, кеш боп қалғанын да аңғармай қалыппыз ғой.

Баяғы дағдысы бойынша диванға тізерлеп отыра кеткен әжесіне Ширман жетіп барды. Ол ертегіні әрқашан да осылай отырып айтатын. Ширман болса басын әжесінің тізесіне қойып жатып, оның ертегісін тыңдайтын.

— Мамашым бүгін кешігіңкіреп келемін деді.

— Неге?

— Олардың тресінде бүгін жыйналыс болады. Білгін келсе, мен телефон соғып сұрайын?..

— Жоқ, алданышым менің, телефон соғудың керегі жоқ. Оның уақытын алмай-ақ қой, қулыным.

Ширман қайтадан орнына келін, әжесіне сүйеніп қыйсая кетті.

— Музыка мұғалімі бүгін келмейді, деді мамам... Сондықтан сен бір ертегі емес, екі ертегі айтасын. Жарай ма?

— Егер де сен тілесен мен екеуін емес, тіпті, үшеуін айтайын, — деді де Тоғызбан біраз үндемей отырып қалды... — Сен қайсысын қалайсың?

— Жаңасын, бұрын айтылмаған жаңасын айтшы!

— Жаңасы бар ма менде, күнім-ау?

Бөлмені біраз уақыт тыныштық билеп тұрады. Шынында, Тоғызбан өзі білетін ертегінің бәрін айтып та болған-ды. Соңғы кезде өзінің басынан өткізген тар жол, тайғақ кешулерді ертегіге бейнелеп айтып жүрген-ді, мұны Ширмай ертегі деп ойлап, байқамай да қалатын.

— Әжекем! — деп кішкентай қыз оның баурына тығыла түсті, — айтатын ертегің тек көпке созылатын ұзақ болсын...

Әжесі немересінің бұйра шанына қадала қарап, терең ойға шомғандай кішкене кідірді де, ертегісін бастады:

— Ертеде Сиран деген бір бала өмір сүріпті. Оның әжесі жастайынан өліп қалыпты. Сиран ауылдан Бакуге келіп, кәсіпшілікке жұмысқа кіреді. Шоң желке байларда

күні-түні жұмыс істеп, есін танған, өмірі езу тартып, күл білмеген, тұрғындары сыяқты қала да сондай тұнжыраған көңілсіз болыпты. Сиран да осы күнді басынан өткізіпті. Ол үнемі аулы туралы ойлайды екен. Өйткені оның анасы жападан-жалғыз сол ауылда қалыпты. Оның ақша жыйнап алып ауылға қайтқысы да келеді. Бірақ ол арманына жете алмапты. Күні-түні бірдей тынбастан жұмыс істесе де оның тапқан ақшасы күнелтуіне әрең жетіп болыпты. Жалғыз Сиран ғана емес, оның жолдастарының бәрі сондай азап шегумен күндерін өткізіпті. Ол кездегі Баку кәсіпшілігінің бәрі тамұқ отындай азап шегетін қыямет-қайымыша айналды. Адамдар өрттің жалынына күйгендей бейнет тартыпты. Бұл азаптан қашып аулына қайтқысы келген Сиранға оның жолдастары былай деген екен деседі: «Сен қайда барасың? Біз үшін өмір барлық жерде бірдей. Ауылда да осындағыдай, бәрібір өз еңбегінің жемісін жеп, рақатын көре алмайсың». Олар ойлай-ойлай, сондай бақытсыз өмір сүрулерінің нәтижесінде екеніне көздерін жеткізе алмапты. Одан кейін олар өздерінің қожалары үстінен патшаға арыз жазады. Бірақ бұдан да ештеңе шықпапты. Жұмысшылар азаттан құтыла алмапты. Күндердің бір күнінде Бакуге біреу жеткіншек келіпті. Оны Ленин жіберіпті: «Барып, — депті ол оған, — Баку жұмысшыларына көмектес». Ол жеткіншек жұмысшылардың ең жақын досы болыпты. Ол келіп былай депті: «Егер де мұнан былай да бұл азапты шыдауға мойын ұсынсаңыздар, онда жарық дүниеге бақытты заман туралы тек өмір-бақи арман ету қыялымен өтесіндер, олай еткен күнде сіздерге ешүақытта ни жасуындай да сәуле түспейді. Бұл дүние тек кедейлердің ең ақырғы күнелтетін, байлардың тартып алу айла-сына бағышталып құрылған заман». Бұл сөзді естіген Сиран әлгі жеткіншекке: «Бізге енді не істеу керек?» — деген сұрақ қойыпты. Сонда ол былай деп жауап қатыпты: «Бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып біріксең бізді ешкім де билей алмайды». Сол күннен бастап Сиранның жолдастары бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып, әлгі жеткіншек маңына топтасыпты: «Бірге өлеміз, немесе бірге жеңеміз.» — деп ант етіпті.

Ширман шыдамсызданып:

— Әлгі жеткіншектің аты кім екен, әжкесі? — деді.

— Азықпа, немерем, айтамын! — деді Тоғызбау. Оны білгендегі да немересінің басын сыйпай отырып. — Кешікпей-а

Сиран ол жеткіншекпен дос болып алады. Сондай-ақ, оны барлық жұмысшылар жауындай жақсы көреді. Оның айтқан сөздерін жұмысшылар екі етпейтін болған. Бірақ ол кезде жұмысшылардың жауы көп болған. Жеткіншектің Бакуге келгенін дұшпандар естіп қойыпты. Сен білмейсің ғой, немерем, ешуақытта көрген де жоқсың, ол кезде жандармдар болған. Кімде-кім патша туралы қолайсыз сөз айтса болғаны, ондай батыл адамдарды олар табанда ұстап алып, түрмеге жаба салатын. Жандармдар Ленин жіберген жеткіншекті де іздей бастапты. Бірақ жұмысшылар оны ұстап бермеугі, қайта, оның жүрген ізін білдірмей дұшпаннан жасырыпты. Жұмысшылар оны сақтап қалу үшін өз бастарын өлімге байлапты. Жандармдар оны қанша іздесе де, тіпті, таба алмапты. Осы кезде Сиран достарының көмегімен бір бөлме тауып, ауылдағы шешесі мен қалыңдығын алып келуге кетіпті. Бірақ ол шешесінің жақын арада ғана ауырып, қазаға ұшырағанын үйіне келгеннен кейін естіп, қатты қайғырады. Оның анасын көршілері жерлепті. Сиран өзінің анасын өте жақсы көреді екен. Анасының келмеске кеткенін білген Сиран балаша ереп жылапты, моласына барыпты. Амалы қанша, өлімге қандай амал істеуге болады? Өлікті тірілте алмайсың ғой. Анасының қайғысына батқан Сиран үйлену тойын да өткізбепті; өзінің Жабағыр деген қалыңдығын алып, Бакуге қайтып келеді. Күндер өтеді, айлар өтеді. Сиран және оның жолдастары жұмысты тастап көтеріліс жасайды. Оларды әлгі жеткіншек бастапты. Олар қызыл жалаумен көшеге шығып, «Патша мен байлар жойылсын!» деп ұран тастап, айқай салыпты. Қазақтар келіп, оларға қарсы оқ жаудырыпты. Ол кезде патша үкіметінің адамдары жұмысшылармен сөйлескенде: «Өлгендерге — мола, тірілерге — азап жалынсын», — дейді екен. Жұмысшы жолдастарымен бірге Сиран да қамалыпты. Оны күн сайын шақырып алып, жеткіншектің қайда екенін айт деп азаптайды екен. Бірақ Сиран жұмған аузын ашпапты. Оны ұрып-соғып қорлайды, сонда да ол үндемепті. Ақыры, Сиранды да, оның көп жолдастарын да кісендеп, Сибирьге айдап жіберіпті.

Ширман әжесінің сөзін тағы да бөліп жіберді:

— Ал әлгі жеткіншек не болыпты?

— Оны да аңдып жүріп қолға түсіріп, түрмеге жауыпты. Бірақ көп кешікпей ол қашып шығыпты.

Есік алдындағы электр қоңырауы соғылды. Ширман орнынан ұшып тұра келіп, есік ашуға жүгірді.

Ләйла кіріп келді. Ширман оның тізесін құшып:

— Әжем сондай тамаша ертегі айта бастады... Сен сонша неге кешіктің? — деді.

Ләйла басындағы ормалын алып, жұмыс киімін шеше бастады; оның киімі әбден ластанған, юбкасы мен туфліне саз-балшықтың ертіндісі шашыраған, оның қара көздерінің кірпігі шаршағанын дәлелдеп тұрғандай.

— Мынау не, мама? — деп Ширман оның юбкасын көрсетті, — Тағы да фонтан атты ма?

— Жоқ, қызым. Мәжлістен кейін буровойда болдым. Ондағы бір жұмыстар аздаған сәтсіздікке ұшыраған екен.

Ол ауызғы бөлмеге барып жуынды да, сондай-ақ тездетіп таза киімдерін киді. Тоғызбан да орнынан тұрып, шай қойды да, келініне тамақ даярлай бастады. Қартайып қалғанына қарамастан ол үй шаруасын өзі меңгертін-ді: үй қызметкерін ұстауды жақтырмайды, ол тек үй ішінде өзі орнатқан тәртіп болғанын ғана жаратады. Егер де оның қолы шаруашылық жұмыстан босанған болса, іші пысар еді. Қарт ананың бұл сырын білетін баласы да, келіні де оның қолын қаққан жоқ-ты. Ол үй ішіне болмаған татулық орнатып, семьяның дәнекері болды. Кейбіреулер Қүдірет үйіндегі Тоғызбан орнатқан мұндай дәнекерлі өмірді көре алмайтын-ды. Ене мен келін арасындағы болатын алақөздік, талас-тартыс, жарамсыз істер олардың тік меніздеріне байланысты екен. Исмаилзаданың үйінде мұндай жанжалдың бірі де болып көрген емес. Қарт ана семьяны ақылымен басқара білді, оның орнатқан тәртібіне барлығы ризалықпен бағынады.

Қүдірет Ләйланы бір нәрсеге кіналай бастаса-ақ болғаны, Тоғызбан әрқашан келінін жақтап шыға келеді, сөйтіп, ол туа бастаған кішкене кірбінді де су сепкендей өшіріп тастайды. Оны аса сыйлайтын баласы да, келіні де оған аузын аша алмайды. Ол семьяда жалғыз Қүдіреттің анасы ғана емес, сондай-ақ барлығының анасы болып келеді. Ләйла оны шын инетімен сыйлайды. Өзара сыйласу үй ішінде дәстүрге айналды. Ләйла тек қызын тәрбиелеу ісіне ғана ептеп араласады, оны тәрбиелеуге көмектесіп, бос уақытында оған сабақ үйретеді.

Тоғызбан баптаған тамақтарын, қайнатқан шайын көк абажурлы шамның тұсындағы столға әкеп қойды.

Кішіні, тараптан ұаңытқан Ләйла да асханаға барды. Әде-  
тіне ол қою қара шашын кейін қайыра тарал, қос жү-  
здігідай етін жылжыта бұйді де, имек тараптан бекі-  
тін қойды; сабынды еумен жүрешан кейін жылтыраған  
бетін опалады. Оның жазық маңдайынан шаршағандық  
көлеңкесі енді арылған тәрізді, қарақат көздері жайнай  
түскендей.

— Қызым, жұмысыңның барысы қалай? -- деді То-  
ғызбан келініне қарап, голубцыны (капуста жапырағына  
орап пісірген, машинаға тартылған ет) алдымен неме-  
ресінің, содан кейін Ләйланың тарелкасына салып тұрып.  
— Ұлым туралы мен тіпті ойлауды да қойдым. Үйге ке-  
ліп, жайласып отырмағалы қанша тәулік өтті десеңші.  
Бүгін сен оны көрген жоқсың ба?

— Мен осы бойда соның кеңсесінен келдім. — дем  
Ләйла тарелканы ысырып, өзіне жақындатып қойды. —  
Қазір оған өте қыйын болып жүр. Оның тресі әлі де өте  
артта қалып келеді. Біздің тресті қуып жету үшін оған  
ең кемі жарты жыл қыйналуға тура келеді. Одан бұрын-  
ғы адам трест жұмысын бүлдіріп кетіпті, ал енді сол ке-  
містікті жою оның үлесіне тиген, ойсыраған нәрсені ол  
қалпына келтіруге тиіс.

Өзінің даярлаған тағамының келініне ұнар-ұнамасын  
білгісі келген Тоғызбан Ләйладан көз айырмай қараумен  
болды. Бірақ одан мақтау сөз ести алмаған Тоғызбан  
басын бір шайқады да, сөзін жалғастыра берді:

— Бұл әрқашанғы дәстүр емес пе, қызым? Істі атқа-  
ра білген адамды басқаның қатесін түзеуге жібереді ғой,  
— деді ол, Құдіретке соншама бейнет тастап кеткен  
адамға ашуланғандай қатулапа сөйлеп. — Ол тіпті үйге  
келуін де сиретті, ал келе қалған күндеде тыныш ұйқтай  
алмайды.

Бұлардың әңгімесін зер сала тыңдаған Ширмай  
сөзге араласа алмады. Өйткені Ләйла оның үлкендер  
әңгімесіне кірісуіне тыйым салған болатын. Алайда, әке-  
сі туралы сөз болып жатқан соң қыз мамасының айтқан-  
нын ұмытып, бұл әңгімеге араласа кетті.

— Әжеке, мұның несі бар екен? Қыйын жерге жұм-  
сағаны тіпті жақсы емес пе?..

Ләйла оны тағы да ескертті:

— Сен сабағыңды оқып, тапсырманды орындап та  
қойдың ба? Тамағыңды іште ұйқта.

Ләйланың сөзіне наразылық білдірген Ширмай кіш-



кештай ернін бұлтайтын отыра қалды да, міңгірлеп сөйлей бастады.

— Я, әжем өлі ертегіні аяқтаған жоқ...

Өзінің айтқаны Ширман үшін заң болуға тиістігін дәлелдегісі келген Ләйла тұнжырай қалды.

— Қалғанын ертең тындарсың!

Бірақ бұған қасарып қалған Ширман орнынан да қозғалған жоқ. Енді отқа май құймайын деген Ләйла тарелкасына қарап үніле қалды.

Тоғызбан шай құйып бола берген кезде тағы да қонырау шылдырады.

— Алақай, бұл папам болуға тиіс! — деп тайрақтап қуанған Ширман есікке қарай жүгіріп кетті.

Өзінің жорамалы шын боп шыққан Ширман одан сағын қуанып, алақанын шапалақтады.

Күдірет қызын еркелетіп, маңдайынан сыйпайды да, аяғын салмақпен басып, стол жағына келіп отырды.

Папасының үнемі өз сөзін сөйлейтініне көзі жеткен Ширман шешесінің қаталдығына шағынғысы келіп, әкесіне жақындай түсті.

— Үйде не жаңалық бар? — деп күлімсіреген Күдірет, өзінің шаршағынын жасырғысы келді.

— Өзің білетін ескі жаңалық, — деді Тоғызбан. — Соғыс аяқталғалы көп уақыт өтті, алайда, сені үйге келтіре алмай-ақ қойдық қой.

Тоғызбан баласына тамақ әкелу үшін орнынан тұрды.

Күдірет анасына қарап тағы да күлімсіреді.

— Мама, мен жалғыз сенің ұлың емесің ғой!.

Ширман бұл қысқа үзілісті пайдалана қойды:

— Папашым, мектепте бүгін бізге Пушкиннің өмірбаянын айтты. Ол кішкентай кезінде үнемі өзін тәрбиелеген кемпірінің ертегісін тындапты. Ал менің мамам, әжем айта бастаған ертегіні маған аяғына дейін тындауға рұқсат етпей қойған себебі қалай?

Кішкентай қызының шағына сөйлеп, еркелегеніне Күдіреттің төбесі көкке жеткендей болды, бір ауыр салмақтан кұтылғандай жеңіліп, оның бойын әкелік мақтаныш билеп әкетті.

— Оқасы жоқ, алтыным, оқасы жоқ, мен қазір өтініп көрейін. Қапаланбай-ақ қой, ол саған да рұқсат етер.

Күдіретке тамақ әкеліп берді де, Тоғызбан орнына

отырды. Өз әдеті бойынша, ол баласы мен келіні сөйлесіп отырғанда өңгімеге көп араласпауға тырысып, аз сөйлейді, өзге қажетті жерінде ғана кіріседі.

Құдірет тамақ жеп, бір стакан шай ішкеннен кейін ғана шаршағанын мойындап:

— Дегенмен, мықтап шаршаппын, — деді.

Ол орнынан тұрды да, өз кабинетіне кетті. Бұл қауырт күндерде арнаулы техникалық журналдар мен кітаптарды оқуға оның мұршасы келмей, тек газеттер мен көркем әдебиет кітаптарды ғана оқып жүрді.

Қазір ол Бальзактың «Ақыйқатты іздеу» деген кітабын оқып бастаған болатын. Бірнеше күннен бері бұл кітаптың беті жабылмай, стол үстінде қалған-ды. Құдірет креслоға келіп отырды.

Француздың ұлы жазушысының жасаған тамаша суреті Исмаилзаданы еліктетті, оның көрсете білген нағыз шындығы оған қатты ұнады. Құдірет жас кезінде қыяли уақыйғалы романдармен көп әуестенген-ді. Ол шындықты тек өз өмірінен көргеннен кейін ғана, бұл романдардың өзіне көп пайда бермегеніне түсініп, оларды оқуға көп уақытын босқа өткізгеніне өкінген де болатын.

Қазір ол Бальзак кітабындағы сәтсіз — ғылымпаз Валтасардың бақытсыз тағдыры туралы уақыйғамен шұғылдануда. Валтасар өзінің ғылыми тәжірибесін аяқтап, одан тиісті нәтиже шығару үшін қызы алдында тәжім етіп, одан алтын сұрайды. «Егер де бұлай болса, қарғыс атсын, ол алтынды!» — деп ойлады, ыза кернеген Құдірет. Ол көзін жұмып креслоға жантая кетті. «Міне, мына біздер ғана ғылымның адамды шыңға көтеретінін, оған қанат бітіретінін мойындауға дағдыланғанбыз. Ғылымпаздың арманы жүзеге асса — ол бүкіл халық игілігіне айналады, сондай-ақ ғылымпаздың мәртебесі де тасып, даңқы артады, сүйіспеншілікке бөленеді, бұл мәртебе оны тағы да тамаша табысқа жетелейді. Біздің заманымызда алтын қол-аяғымызды байламайды!..»

Кабинетке Ләйла да келіп кірді. Құдіреттің қалғып кеткенін көріп, ол сусын еденге түскен кітапты қолына алды.

Исмаилзада көзіп ашып, төңірегіне қарады.

— Шынында, мен шаршаған болуым керек, кітаптың тіпті бес бетін оқын та шықпаппын ғой.

— Шаршасаң, барып демал, — деп Ләйла ұйқтайтын бәлмені нұсқады.

— Осы уақыттан жатамын ба, ерте емес пе? Бір жақтан телефон соғуы мүмкін ғой.

Ол кітапты аударыстырып отырып, оқып келген бетін тауып алды.

— Сен мына бір жерін тындашы!..

Жаңа тәжірибе жасау үшін қызынан алпыс мың франк алтын сұрап отырған Валтасардың сөзін оқыды:

«Егер де сәтсіздік шырмаса, мен жұмыстан бастартамын, Фландрияны, тіпті, Францияны да тастап кетемін. егер де ақшанды менен қайта талап етсең, онда күнделікті жұмысты кәсіп етіп, балаларымның аузынан жырып ғыным жолына жұмсаған қаражатты қайтару үшін тыйын жыйнауға бармын...» Апыр-ай, мұндай сөз қазір бізге тіпті сөлекет боп естілмей ме?!

— Күдірет, бұл айтып отырғаның неменсе?

Ол Ләйлаға әңгіменің мазмұнын айтты. Олар бірге отырып кітаптың соңғы беттерін оқыды..

Тоғызбан бұл кезде бастаған тарихын Ширманға әңгімелеп айтып болуға жақындаған-ды. Немересі әңгімені әжесінің төсегінде жатып тындады.

— Сиранды Сибирьге айдап жіберді, Жабайырдың жалғыз өзі қалды, оның көзінің жасы тыйылмады. Бастықтардың қайсысына шағым етіп, кімге жаябарна да, оны ешкім де есіркемеді. Барлығы да: «Сенің бойың патшаның жауы, құлайдың күдіретімен ол әйтеуір дарға асылмай айдауға жіберіліпті. Бұған да шүкір ет», — деп жауап қайтарады.. Е, немерем-ай, ол кезде кедейлерге шындықты кездестіру қиыны еді ғой!.. Жабайыр өзінің бұл қарбаңуынан нәтиже шықпайтынына, ақыры түсінеді. Оның қолынан келетін жалғыз-ақ амалы — бәріне көніп, ақырының қиырын күту болды. Сиранды Сибирьге айдағаннан кейін үш айдан соң ол ұл туады.. Жылдар өтеді, Сираннан ешқандай хабар болмады. Қарай-қарай оның көзі талды. Ол Сиранды дәл он жыл күтеді. Ақыры патшаны тактан түсіргеннен кейін Сибирьдің жолы ашылады...

Қуанғандықтан Ширмандің көзі шайдай ашылды. Тарихи уақыттың жақсылықпен аяқталуын сезгендей, ол шыдамсызданып, тыпыршып бастады, әңгіменің аяғын күтті. Не пайда, Тоғызбанның қайғылы пішіні оның ішін мұздатып жіберді. Мұндайған Тоғызбан бірнеше минут үнсіз отырғаннан кейін ертегісін аяқтады:

— Айдалып кеткендердің көбі қайтып келді, бірақ

олардың ішінде Сиран жоқ болып шықты. Ол сол Сибирьде өліпті.

Әжесіне қараған Ширман, оның кірпігінен мошпақтан қалған жасты көрді.

— Жыламышы, әжеке, ол шындық үшін күресті ғой!

Тамағына тікен қадалғандай жұтылған Тоғызбан, көз жасын әрең тыйды.

— Я, немерем, ол жарық күнді көкседі, сол жарық күн туғанша баласының өмір сүруін тілеген-ді.

— Әжекем! — деп Ширман басын көтерді, — Бір кезде сен менің атамды да Сибирьде өлді деп едің ғой.

Немересіне мұндай қайғылы тарихты әңгімелегеніне әкіңген Тоғызбан ауыр күрсінді.

— Я, немерем, дұрыс айтасын. Сиран деп отырғаным сол сенің атаң Салман болатын. Ал оның артында қалған ұлы сенің папаң. Атаңды Сибирьге айдап жібергеннен кейін мен жат адамдардың есігінде қаңғып, кірін жуып, күлін шығарып жүріп сенің әкенді өсіргенмін. Күлірег өскеннен кейін мектепке барды. Өзім алба-жұлба, ши-жалаңаш жүріп, оны оқытқанмын.

— Әжекешім, атам қандай адам еді?

— Сенің папаң сол атаңа тартқан... Сенің атаң да, оның жолдастары да Сталин жолдастың досы болды... Сталин оларды жарық дүниеге, шындыққа, бостандыққа бастады...

## ТӨРТИНШІ ТАРАУ

### 1

Таирдың қашуға әрекеттенгенін естігеннен кейін Ләтифаның жүрегіне орын тебе бастаған емескі сезімі де пышырай бастады.

«Демек, мен ол туралы қателескен екенмін, — деген ойға келді Ләтифа. — Оның маған деген түйірдей де махаббаты болмаған екен ғой. Егер де ол мені шын ұнатқан болса, онда аулына қарай төшала қашпаған болар еді. Ол нәзік, табансыз бала екен». Мұнан былай Ләтифа онымен бетпе-бет кездеспеуге тырысты. Күнде танертең, түнгі сменаның жұмысшыларын қарсы алған кезде ол тек

Рамазан ұстамен, Жәмiлмен ғана амандасып, Таирға тіпті қарамайтын да болды.

Оның бұлай салқындап, көңiл аудармай жүргенін Таир тағы да Жәмiлден көрді. Жәмiлдің мен туралы жаман сөздер айтқандығынан ол мені жек көріп қалған екен деген ойға келді. Бірнеше күннен бері Ләтифамен жеке кездесудің оған тіпті ынғайы келмей-ақ қойды. Адамдар бар жерде Ләтифамен сөйлесуге оның батылы бармайды, басқалар көзінше дөрекі жауап қайтаып, сөгіп тастар деп жасқанады. Ләтифамен сөйлесуге қолайлы жағдай таба алмаған Таир, өзінше оған немкетті қарайтын пішін көрсетіп, сырттан айбат шегумен болды. Бірақ оның жүрегінде Ләтифаға деген өзгеше бір сезім қайнап жатты. Ләтифамен екеуі арасындағы тағдырдың бұлай болуын ол шынымен лағнаттауда. Өзінің сәтсіздікке ұшырауына тек Жәмiл ғана кiналы деп есептеген Таир одан кек алуға бел байлаған жаман ойға да шомып кетеді.

Самандар мен Биландар демалыс күні қыдыруға кеткен кезде Таир Жәмiлмен тура сөйлесіп, ішіндегі қайнаған ыза сырын ашты:

— Бері қарашы, Жәмiл! Мені осында келуге азғырған сен емессің бе? Солай емес пе? Шыныңды айтшы!

Жәмiл Таирдың Қүдірет Исмаилзадамен бірінші кездесіп, сөйлескенін еске түсірді.

— Неге азғырамын? Сенің өзің де сәби емессің ғой! Қәсіпшілікте жұмыс істеуге өте кұштармын деген жоқ па едің? Егер де сен ер болсаң, өз сөзіңе өзің кожа болуға тиіссің, мойында: солай деп айттың ба, жоқ па?..

Таирдың қаны кепкендей таңдайы құрғап кетті. Шындықты мойындамасқа амалы қалмады. Жұмыс істеуге өзінің кұштарлығымен келгені туралы басқарушыны сендіргенін есіне түсірді. Ол Жәмiлге жолсыз шабуыл жасап отырғанын сезіп, өз қатесін ішінен мойындап отырды.

— Мен өз сөзімнен бастарта алмаймын, айттым... — деп Таир іле-шала жауап қайырды. — Бірақ сен ауылда болғаныңда Бақуді сонша мақтағаннан кейін менің мұнда келіп жұмыс істеймін деген ынтам бұрынғыдан он есе артты... Мен сені мектептегі жолдасым ғой, маған тек жақсылық жасағысы келетін шығар, мені сыйлайтын болар деп ойлаған едім. Я, сонымен қабат, сені мен де сыйлағанмын... Ал қазір ше?..

— Қазір не боп қапты?.. Немене, саған Баку енді ұнамай қалды ма?

— Ұнайды. Бірақ саған бұл туралы айтып отырғаным жоқ.

— Мен де сол бұрынғы достық қалпындамын. Не деп қарған дейсің?! Егер де саған жамандық ойлаған болсам, дүниеде менен пасық адам болмасын...

Бұл сөздерді айтқанда Жәмілдің даусы қалтырап естілді. Таир енді әңгімені басқаға аударып, досының өкпесін басқысы келді. Алайда, тап қазір Жәмілдің ашыун басу онай емес-ті. Өзінің тіпті кінәсіз екеніне көзі жеткеннен кейін Жәмілді ыза кернеп әкетті:

— Жазған басым, қадір білмейтін адамға жақсылық жасауға неге тырысты екен?..

«Қадір білмейтін» деген сөз Таирға қатты батып кетті.

— Маған қайрым етпей-ақ қой, — деп тіке жауап қайырды ол. — Трест те, кәсіпшілік те сенің әкеңнен қалған жоқ қой?!

— Ал сонда менен тілейтінің не? Сонынды айтшы? Сенің алдында менің қандай кінәм бар?... — Ыза кернеген Жәміл жарылып кете жаздап, әрең шыдап отырды. Досының бұл дауды не үшін қозғағанына түсіне алмады.

— Барлығына да сен жауапты, тек қана сен жауаптысың! — деген сөз Таирдың аузынан еріксіз атып шықты.

Бұған Жәміл де сондай ызамен тез жауап қатты:

— Мұнда жүргін келмейді екен, аулыңа қайт. Сені ешкім де зорлап ұстамайды.

Мұнан кейін Таир тағы да өршелене түсті, ол нағыз шындығына көшті:

— Мені кушпен ұстауға ешкімнің хақы жоқ. Мен қайда барсам да жұмыс істей аламын. Біреудің алдында бас иіп жүретін ескі заман жоқ. Бірақ Рамазан ұстаға күрес майданынан қашпауға сөз бердім. Не болса да осында қаламын. Сенімен бұл туралы сөйлесіп отырғаным жоқ.

— Ал олай болса не туралы сөйлеп отырсың?

— Комсомолецке досын сыртынан сатуға бола ма екен? Осыны айтшы?

Таирдың не туралы айтқысы келіп отырғанына енді ғана түсінген Жәміл, әңгімені басқа жаққа бұруға тырысты:

— Жоқ, әрине, болмайды. Егер де ол ауыр минутте,

мысалы, майданда жолдасын далаға тастап кетсе, онда оны кіналауға болады...

Таир Жәмілдің сөзін кенет бөліп жіберді:

— Сен мені шағастырма, мен майдан туралы айтып отырғаным жоқ! Ондағы заң өзалдына, мұны да мен сенен кем білмеймін... Мысалы, далада келе жатқанымда қасымдағы жолдасымнан бұрын қызғалдақты көрдім, оны жұлып алуға ұмтылғанымда әлгі досым менің аяғымнан қағып сүріндірсе, бұл дұшпандық емес пе?

Жәміл өзінің кұпиясын ашпауға тырысып, төмен қарады да:

— Ал егер де досың ол қызғалдақты сенен бұрын көріп, оның да жұлып алғысы келсе ше? Онда қалай дер едің? Мен түсініп отырмын, әрине, сенің қызғалдақты тек мысалға айтып отырғаныңа мен жақсы түсініп отырмын.

— Әрине, мен мұны тек мысалға келтірдім. Сен мені осында келуге азғырғанда, мен сені өзімнің сенімді досым деп санап едім, маған жақсылық ойлайтын шығар деп ойлап едім. Сенің маған бірінші болып ор қазатындығыңды енді көріп отырмын.

— Мен бе?

Таирдың өз ойының ғана дұрыстығына сене бастағанына қайран қалған Жәміл оған осылай тік сұрақ қойды. Пікірінің ақыйқаттығына көзі жетпеген Таир көп кыйналды, өзінше: «Қалай болғанда да оған шынын айтқызамын», — деген ойға тоқталды.

— Я, сенсің! Мені мұнда қазбалай бергендей мен саған нендей жамандық істедім?

— Саған не болған? Есің ауысып кеткен бе? Мен қалайша қазбалап жүрмің, осыныңның мәнін айтшы?

— Ой, Жәміл-ай, жәдігөйсімей-ақ қой. Мені ештеңе түсінбейді деп ойлама... Мұны соқыр да көрген болар еді ғой. Сен менің көзімше ғана өтірік күлесің, ал сыртымнан дұшпандық істеуге даяр тұрасың!

— Жәміл ыршып түскендей басын көтеріп, Таирға жалт қарады да:

— Қай жерде, қашан дұшпандық істеппін? — деді.

Таир кеудесін кернеген терең сырын енді жасыра алмады:

— Ләтифа екеуіміздің арамызға үнемі кесе-көлденең тұра беретін себебің не?.. Шыныңды айтшы? Ол мені сүйеді ғой... — Таир Ләтифаның өзін сүйетініне сенетінін

жасыра алмады. — Сен, оның жігіті бар дедің. Мұндай өтіріктің не қажеті болды?

Жәміл уялып төмен қарады. Өзінің Ләтифаға деген сезімін Таир байқап қалған екен деп сезіктенді. Алайда, қыздың тек өзін ғана жарататынына көзі жетіп, бұл мәселе жөнінде өзінің табанды екенін көрсеткісі келген Жәміл әңгімені басуға дәлел іздеді.

— Бері қарашы, Таир! Қазір бұрынғы заман емес. Қыз өзіне-өзі қожя, бұл мәселе тек қыздан тәуелді емес пе?

Ашуын баса алмаған Таир тым дірілдеп кетті:

— Әрине, бәрі де содан тәуелді. Бірақ сен оның алдын кес-кестеп, мені үнемі жамандай берсең, оның маған деген сезімі сөнеді.

— Сен туралы мен оған не айтыппын?

— Не айтқаныңды білмеймін. Әйтеуір ол маған бұрынғыдай емес, салқын, тіпті қарамайды.

Өзінің Таирға жақын серік, жан дос екенін, оған ешқандай залал ойламайтынын, өкпелі еместігін дәлелдегісі келген Жәміл ақыйқат шындығымен жылы сөйледі:

— Мен сенің пайдаң үшін қамданудамын. Өзің ойлашы, мысалы, ол сені сүйеді-ақ екен, — ал сонда сен күні ертең той жасап, үйленбексің бе?

— Бұл менің өз жұмысым, — деп дөрекі жауап қайтарды, Жәмілдің шынын жәдігөйлік деп санаған Таир.

— Мұның несіне тулайсың, бұл туралы маған білуге болмай ма?

— Жоқ, болмайды.

— Таир, біздер әлі тым жаспыз ғой. Үйлену туралы ойлау ертерек емес пе?

Осы кезге дейін Жәміл Таирды уялшак, ештеңеге түсінбейтін бала деген пікірде болған, оның сырына әлі жетілмеген екен. Бұл Таирға қорланғандық боп байқалды.

— Мені соншама ақмақ екен деп ойлама... — деді ол даусын өзгертіп. — Мен үшін үйлену ойыншық емес. Ләтифаның сырына жетпей, оқу бітірмей, бір мамандыққа не болмай тұрып бұл туралы ойлаудың тіпті қыйсыны да келмейді. Мен жөнінде сен тіпті жаман ойда екенсің.

— Мен саған нендей жамандық ойлаппын, не істеген екенмін, айтатын болсаң осыны айтшы? — деді, тағы да қатулана түскен Жәміл.

— Сен мұнан артық маған не істейін деп едің?.. Жұрт



алдында мені масқараладың — міне осы, сенің істегенің! «Сендердің махаббаттарыңнан ешқандай нәтиже шықпайды!» — дедің ғой. Сен мұны маған не үшін айттың?

Таирдың бұл сөзін ерсі көрген Жәміл кекесін пішінмен қарқылдап күлді.

— Міне тап қазірдің өзінде мені мазак етіп отырсың! — деп ызаланған Таир теріс қарады. — Қайтемін, мейлін!

— Мен байкамай оқыс айтыппын. Соған ашуланасың ба? Бақырауық түйе сыяқты ызакорсың ғой өзің! Достарға әзілдесуге болмай ма екен?

— Әзілдің орны, аты-жөні болуға тиіс.

Екеуі біраз үндемей отырысты. Бұл әңгіменің ешқандай түйінге әкеліп соқпайтынына екеуі түсінгендей, мұнан әрі сөзді қысқартуға ұйғарысты.

Таир терезе алдынан бір кітап алып, стол жанына барып отырды да, оның беттерін аударыстыра бастады. Кітаптың бірнеше жолын сыдыртып көзінен өткізді де, толықсыған көңлін тоқтата алмай кітапты төсегіне лақтырып тастады.

Дәл осы кезде бөлмеге Самандар кіріп келді. Жәмілдің Таирға сыртын бере теріс қарап, бұртыйып отырғанын көрген Самандар жолдастарына бітік көзімен кезек қарап өтті де:

— Әй, жігіттер, сендерге не болған? Мұрындарын салбырап кеткені несі? — деді.

Таирмен екеуінің ұрысканын сездіргісі келмеген Жәміл жасанды сыйқыр күлкімен езу тартты.

— Әншейін, ақшасыз болған соң көңіліңіз отырғанымыз ғой.

— Сендердің ақшаларың таусылып қалды ма? Бақудің бұрынғы шоң желкелері: «Ақша тек менімен ағылшындарда ғана бар», — дейді екен. Ал, жігіттер, қазір бізде шоң желкелер кұртылды, ағылшындардың ізі де қалған жоқ. Демек, ақша менде болмағанда кімде болмақшы. Қанша керек? Сендерге қанша ақша керек? Мә, алыңдар, — деп ол бес сомдықтың бір будасын (жүз данасын) суырып алып, оларға ұсынды. — Міне, мен жоспарды үш жүз процент орындап, сыйлық алдым. Алыңдаршы, алыңдар!

Таир мен Жәмілдің ақшаға қуанбағанын байқаған Самандар бұларда басқа бір сыр бар екенін сезіп, басын шайқады:

— Жоқ, достар, бұл арадағы гәп ақшада емес екен.

Сендердің менен жасырып отырған бір құпияларың бар екен, — деп ақшасын қайтадан қалтасында салды. — Не болып қапты, айтындаршы?

Самандардың бұл сөзінен кейін, Таир, менен жауап күтпей-ақ қой дегендей пішін білдірді.

— Осында келе жатқан бойымда мен Ләтифаны кездестірдім, — деді Самандар. Бұл сөзімен ол Жәмілді қуантқысы келген еді. — Оның үстіндегі киімі қандай әдемі десенші. Қасында бір тамаша қызы бар. Екеуі де мөз-майрам күлкіге қарқ боп келеді екен...

— Сен оларды қай жерде кездестірдің? Көргеніңе көп уақыт өтті ме? — деді, Самандарға қарай кілт бұрылған Таир.

— Қазір ғана. Олар театрға билет алғалы бара жатқан болулары керек, сірә, — деді, жолдастарының біреуінің болса да көңлін аударғанына қуанған Самандар. — Мен де билет алдым. Бүгін «Найзағай» болатын көрінеді. Егер де қазір барсаң билет ала аласың. Мә, ақша керек болса! — ол өзінің бес сомдық бір буда ақшасын жанқалтасынан тағы да суырып алды. — Немене, сенің алғың келмей ме?

— Ақша менің өзімде де бар...— деді Таир. Ол өзінде ақша барын мойындағанда Жәмілдің өтірігін шығарғысы келгендіктен емес, тек өзінің өтірік айтуға бейімінің жоқтығынан ғана мойындаған болатын. — Кеше бізге де еңбекақы берген. Сенің айтқаның тіпті жақсы болды ғой. Мен де қазір барып билет аламын. Олардың театрға кеткенін анық білесің бе?

— Дәл театрға барады деп айта алмаймын. Бірақ олардың театрға қарай кетіп бара жатқаны анық, — деді де Самандар Жәмілге қарады. — Бұл немене? Ләтифамен енді Таир қыдыратын болған ба? Сен ше?..

Денесінен электр тогі өткендей Жәміл тітіркеніп кетті:

— Ләтифаның маған ешқандай қатысы жоқ, ол туралы сөз қозғамай-ақ қой деп саған жүз рет айттым ғой...

— Немене, достым, сен мұның несіне тулайсың? Сенің жанына тиетін жаман сөз айтқаным жоқ қой.

«Е, өз сырынды қызғанышпен қалай жасырғыштайсың, бізді ештеңеге түсінбейдіге санайсың ғой, шалаң». — деген ойға келген Таир, аузынан атып шығуға даяр

тұрған: «Сен өтірікшісің!» — деген сөзді айтуға оқталып барып, тоқталды.

Таир бала кездерінде болған уақығасын есіне түсірді. Сондағы оның көз алдына елестей қалғаны мынадай бір жағдай болатын: бір күні Жәмил мектепте бестікке оқып жүрген парталас досымен жарысқа түсті. Жарыс қортындысында Жәмилдің алған бағасы әлгі баладан төмен боп шықты. Міне, осы үшін ағыл-тегіл боп жылаған болатын. «Ол бұрынғысынан мүлде өзгермеген. Сондай менменшіл, ызақор», — деген ұйғарымға келген Таир. Ләтифаны кездестіру үмітімен театрға кетті. Ол трамвай тоқтайтын жерге қарай жүріп келе жатып, Жәмилге барлық ызалы ойын айтып салғанына риза болды. Қыз алдында мен Жәмилден әлдеқайда беделдімін деген оймен шірене түсті. Ол Жәмилдің ертеректе байқалмаған қылықтарын енді сезгендей болды. Бұл досының жаңа қылықтары Таирға оның менмендігінің бұрынғыдан да басым екенін анықтай түскендей болды.

Трамвай тоқтайтын көшеге жеткен кезде, оған кенеттен жаңа ой түсті: «Егер де Ләтифаға тап қазір кездескен болсам, оған не айтар едім? Ләтифаның салқын қарауына, мүмкін, менің өзім кінәлы шығармын?»

Таир трамвай тоқтайтын жерге келгенде, трамвай күткен адамдар бір-бірімен сөйлесіп, өзара күлісіп тұрды. Бұлардың ішінде, әсіресе, бір — екі қыз бен жігіт ғым көңілді көрінді, сыңқылдарына қарағанда өмірі олардан асқан бақытты адам болмағандай. Таир олардың сыңқылдаған даусын анық естіді, бірақ не туралы сөйлесіп, неге күлісіп тұрғандарына тіпті түсіне алмады. Оның ойы тек Ләтифада ғана болды...

Қанша ойланса да Таир өзінен ешбір кінә таба алмады, дегенмен, өзінің ішкі сырына терең бойлап: соңғы күндердегі сәтсіздігі үшін тек Жәмилді ғана кінәлау жолсыздық болар еді деген ойға тоқталды. Күдірет Исмаилзадаға таныстырғанда Жәмилдің мақтағанын еске түсірді. «Егер де шындықты сүйсең, өзіңе де сын көзбен қара!» — деді Таир өзіне-өзі сөйлеп. «Міне, мына мен қарап тұрмын өз ісіме, бірақ ешқандай терістік көріп тұрған жоқпын», — деп ол өзінің алғашқы сөзіне өзі қарсы болды. «Жете қарашы: әдетте, өз қатеннен бұрын басқаның қатесін көру оңай ғой», — деді басқа бір дауыс.

Таирдың бұрын пышырап жүрген ойы, қазір кенет бір

жарық сәулеле тоғысып, барлығын да көз алдына жайнатқандай болды. Өзіне-өзі тағы да сұрақ қойды: ал егер де Жәмiл де Ләтифаны сүйетiн болса ше? Бұған оның да правосы бар емес пе? Әрине, бар!

Кiнаны басқаға аударған Таирдың ар-ұжданы Жәмiлге қыянат iстегенiн мойындауға мәжбүр еттi. Жәмiл тiптi жаман жолдас бола-ақ қойсын, — дедi Таир, өзiне-өзi, — бiрақ ол Ләтифаның көзiнше менi қаралауға өмiрi әрекет iстеп көрген емес қой. Жәмiл тек бiр рет қана менi орынсыз әзiлдеген екен. «Мен қандай қызық адаммын?.. — деген ойға қалды Таир. — Ләтифа алдында Жәмiлдiң менi жамандағанын қайдан ойлап таптым екен? Жоқ, мен досымды бостан-босқа кiналап, жөнсiз өкпелеттiм!..»

Трамвайға отырғаннан кейiн де ол осы туралы ойлады. Оған тағы да бiр ой түсе қалды: «Егер де Ләтифа менi алғашқы кезде ғана сүйiп, ал қазiр болмашы бiр дәлелмен терiс айналып кеткен болса, онда оның iшi махаббат емес, жай ғана әуесқойлық боп шығады ғой!..» Қазiр оның жүрегi қобалжып жүрген болуға тиiс. Апырай, Ләтифаның шынымен ұшқалақ болғаны ма? Оған шын сезiм туды деп ойлауға да болмайды?

Трамвай жүрiсiн тездеткен сайын Таирдың қыялы да жедел әртарапқа шарықтай түстi: «Жоқ, өзiмнен басқалардың барлығын бекерге кiналаймын. Бұл жөнiндегi менiң ойым тiптi дұрыс емес. Дұрыс еместiгi айдан алық. Ләтифа ұшқалақ болуға тиiс деген күманды ойды тағы қайдан шығарып алдым? Оның кiшiпейiлдi болуы мүмкiн, сондықтан да маған тек жылышырай қарап жүруi ғажап емес; Кiм бiлген, тiптi Жәмiл де, мен де оған ұнайтын шығармыз?..»

Таир зыркырап келе жатқан трамвай терезесiнен көрiнген теңiзге көзiн қадай қарап отырып: «Мен оған ұнамаған болуым керек!..» — деп толықсый түстi.

Терең ойға шомып отырған Таир:

— Ол жай адам емес, Ер ғой!.. — деген сөз естiдi.

Таир бұл сөздi айтқан қызға жалт қарады. Ол да Ләтифа сыяқты сұлу екен. Оның шашынан өрген қос бұрымы екi иығынан асыла түсiп, өкшесiне тиiп тұрды. Қызылшырайлы кiшкене бетi мен қағаздай жұқа ернiнде дәл Ләтифаны еске түсiрерлiк жайдары күлкi ойнады. Ол қасындағы жас жiгiтке қарай сөйледi:

— Ондай жігітті ол қыз ғана емес, кім де болса сүйеді.

Таир ауылда жүргенде даңқын шығаруды арман еткенін еске түсірді. Мұнда өзін әлі де көрсете алмай жүргенін ойлағанда, оның жүрегі бұрынғыдан бетер лүпілдей түсті. «Ләтифа мені не үшін сүйед?» — деген ой тағы да оның басын шырмай бастады.

Зырғып келе жатқан трамвай кілт тоқтай қалды. Таирдың ойы да үзіліп кетті. Ол осы арада ғана қайда, не үшін келе жатқанын есіне түсірді. Ол театрда Ләтифамен қалай да кездесетіндігіне сенімді сыяқты, бірақ бұл сенімін қайдан шыққанын өзі де білмейтін тәрізді. Онымен қалай да сөйлесіп, жүрегінде қайнаған сырларын ақтаруға бел байлап келеді ол өзінше.

## 2

Исмаилзаданың кабинетінде инженерлер мен буровой мастерлерінің талас-тартысқа айналып шуылдасқан мәжілісі өтіп жатты. Бөлмедегі тұнып тұрған темекінің қою көк түтіні мәжілісте отырғандардың беттерін анық көрсетпей, буалдыр шалып, мұнарлана түседі. Бірақ қою түтінмен бөлме ішіндегі ауаның ауырланғанын да ешкім байқаған жоқ. Барлығы да бір мәселе: бұрғылаудан трестің артта қалып отырған себебі неліктен? Тресті кемшіліктен қалай алып шығу керек? деген мәселемен шұғылдануда.

Басын дәл шықшытынан жаншып совайтқандай қауын бас жас инженер, маңдайынан қақ жара тараған шашын минут сайын сыйпап қойып, лепіре сөйлеп тұр. Трестің артта қалу себебі — кәсіпшілікке жаңадан келген жастар болып отыр деп дәлелдеді ол. Тәжрибесіз мұнайшылар дәстүрі бойына сінбеген балалар тресте жаңа күш емес, жаңа қырсық, жаңа кедергі болып отыр дегенді де айтып тастады.

Екі сағат бойы сөйлеушілерге кезек сөз берумен отырған Исмаилзада «рахым етіңіз, ал сөйлеңіз» деген сөздерді қайталаумен болды. Әрбір шешендердің сөзіне мән бере тындап отырды. Бірақ жас инженерлерден жастар туралы мұндай датты сөз естіген Құдірет, орнынан бір қозғалды да, шешенге сұрақ бере бастады:

— Фикрет жолдас, әлгі дәлеліңізді тереңірек, анығырақ түсіндіріңізші?

Гәп мынада болып тұр: аварияның барлығы да сол кәсіпшілікке жаңа келгендердің тәжірибесіздігі мен қырсығынан болып келеді, — деп түсіндірді, жылмайып жатқан шашын одан сайын жылпыйтып сыйпай түскен Фикрет. — Қашқындардың өндіріске қанша зыян келтіріп жүргенін мен тіпті сөз қылып тұрғаным да жоқ...

— Қашқындар? Немене, ондайлар тіпті көп пе?

— Көп емес, бірақ бар.

— Мүмкін, мысал келтірерсіз?

— Мысалға жүз елу бесінші буровойдан Таир Байрамлыны алуға болады.

Мәжлісте үнемі қалғумен отыратын Рамазан ұстанын құлағына таныс есім шалынған кезде ол көзін шайдай ықты. Өңім бе, түсім бе дегендей қарманған ұста жас инженер Фикреттің Таирды атағанына көзі жеткеннен кейін бірден сөз сұрады.

— Сөйлеңіз, ұста, мен сөйлеп болдым, — деді орнына отыра кеткен Фикрет.

Рамазан ұста орнынан қозғалмастан бір ғана сұрақ қойды:

— Апыр-ай, Таир демалыс күні бір рет вокзалға барып қайтқандықтан трест артта қалып қойып па? Осынан түсінік алғым келеді.

Бұл жалғыз қақпа сұрақтың өзі Фикреттің жарты сағат сөйлеген сөзінің мәнін жойып жіберді. Өйткені ол жалғыз Таирдың жағдайынан басқа, жастарға жала жаппарлық ешбір факты келтіре алмады.

Исмаилзада орнынан тұрып сөйлей бастады:

— Фикрет жолдастың кешірім жасауын өтінем. Әрине, артта қалудың себебі жастар емес. Трест қызметкерлерінің осы мәжлісте жасаған көптеген практикалық ұсыныстарын тізіп отырдым. Жұмыстың бірсыпыра мәселелері бастауыш партия ұйымдарында недәуір талқыға түсті. Біздің артта қалу себебімізді көптеген коммунистер, Фикрет жолдас айтқандай, жастардан көрмейді, өзіміздің жалпы нашар жұмыс істегендігімізден көреді. Өндіріске келген жастар арасында бірде-бір инженер жоқ, әлгіменің мәні осында болып тұр. Өйткені, аварияны болдырмауға күні бұрын шара қолданып, алдын ала жекеріп отыратын жас инженерлер болуға тиіс емес пе?

— Буровойға барған бір кезиндә аварияның барлығы жастардан болады деген сөздү өзиниз айтқанда жок па едіңиз? — деді Фикрет .

— Я, айтқаным рас. Бірәк, бұл сөздү айтқандыма өңибеймін де, өйткені мен жалпы істің мақсатын көздедім. жас жұмысшылар өз міндетіне укыпты болсын деп айттым... Аварияның себебин жастардың тарбиесіздігнен іздеу — біздің барлық мамандардың өзін-өзі жауапкершіліктен аулақ ұстағаны болып табылады... Мысалы, биз қазір ескі скважиналарды пайдалану қалпына келтіріп жатырмыз. Алайда, бізге мұның қажеті не, бұл «өлі скважиналар емес пе?» дейтіндер де бар. Ал сіздерше, осы пікір дұрыс па? Демек, өлі скважиналар жок, ал өлі скважиналардың болуы мүмкін. Я, дәл солай. Сол ескі скважиналарды қалпына келтіру кезінде сіз талай кешпейсоқ жағдайларға ұшырап келеміз. Жер қабатына ұдайы су кетіп қалады да, мұнайлы шайып кетеді. Бұл кемшілікке еналдымен инженерлердің өздері кінәлы олар бұл жұмысқа басымен жауапты болуға тиіс.

Басқарушының өз сөзін не өөрсете бағыттап тұрғанын Фикрет жақсы түсініп отырды. Өйткені Қүдірет айтқан кешпейсоқ уақыйға Фикреттің басшылығымен қалпына келтірілген скважинада да болған-ды.

— Біздің құрметті геологтарымыздың кейде мұнайдың кайда екенін, судың кайда екенін күні бұрын болмай алмай қалатын жағдайлары болып тұратыны сізге де мәлім болуға тиіс, Фикрет жолдас!.. Олай болса, жас жұмысшылардың бұған қандай қатысы болыпты? Олардың не жазығы бар?..

Қүдіреттің сөйлеуіне қарай мәжлісегілер де жымыжырт бола қалды. Қатнасушылардың көбі шешеннің сөзінің жүректеріне жаққанын сөзді. Мәжліске қатнасушылардың айтуға батылы бармай тұрған пікірлері басқаруды дәл айтты.

— Біздер, — деп сөзін жалғай түсті Исмаилов, — біздің буровойдағы карт мастерлеріміздің, өз ісін тығылықты атқаратын адал ниетті жай жұмысшылар мен көрнекті мамандарымыздың жүрек сырыя ашарлық жетпейайынша, жастарды тарбиелеу ісін басқара алмаймыз, бұл істі жолға қоймайынша, біздің трест те көршіліктен арыла алмайды, жас кадрлар мәселесін шешпейінше, алға баса алмаймыз. Орат адамдарымыздың пікірін зерттеуге көп уақытымыз бөлінбей — тігісін де

үшін олармен жыйналыстарда да, жеке әңгімеде де, тінті үйлеріне барып та әңгімелестім, өйткені бұл адамдардың күшіне, адал ниеттілігіне менің көзім жетті. Бізде жұмыс қолы жетіспейтіндігі барлығына мәлім емес пе? Жұмысшыларды көбейту қажет. Бірақ біз жұмысшылар санын жыйырма есе өсіргенмен, жұмысты бұрынғымызша баяу қарқынмен істейтін болсақ, бұл әрекетімізден де ешбір пайда болмайды. Біздің ұйымдарымыз социалистік жарыстың шарттарында белгіленген мына бес пунктіне көңіл бөліп, оларды орындауға тырысу керек. Жарыс шарты бригадаларда талқыланды. Фикрет жолдастың мұны осы уақытқа дейін естімей келгеніне таңым бар? Әрине, жұмыс шартын талқылағанда қарсылық та болмай қалған жоқ. Алайда, біз істі кейін тартатын кежірлерді тыңдауға тиіс емеспіз, біздер тек ілгері ұмтылғандар пікіріне құлақ асуға тиіспіз. Міне, көріңіздер, мына шарттар жобасын, таныспағандарыңыз танысыңыздар!..

Исмаилзада өзімен қатар отырған Фикретке машинаға басылған он бес беттей қағазды беріп, оны мәжліске қатысып отырғандарға үлестіруді өтінді.

Мәжліске қатысушылардың бірсыпырасы қайтадан қызды. Бірінші болып тағы да Фикрет сез сұрады.

— Арман — тамаша нәрсе. Бірақ оны әрқашан да қыялдан айыра білу қажетті. Бұл бес пункттің бесеуі — бес қыял. Біздің трест жоспарын өліп-талып алпыс процентке ғана әрең жеткізе орындап келеді, ал бұл міндеттемені алатын болсақ, екі жүз процентке жеткізу міндеті көрсетілген. Бұл бірінші қыял. Тресте түрбинді бұрғылау ісін жаңа ғана қолдана бастадық, ал, бұл міндеттемеде барлық буровойда осы әдісті қолдану туралы айтылған. Бұл екінші қыял...

— Олай деуге болмайды, — деді Исмаилзада, адамды «күртатын» осы күлкісі деп Бадирли айтқандай, кекесін күлкісімен. — Олай болмас... Фикрет жолдас, мен сізден бір сөзге ғана жауап алғым келеді: сіздің осындай консерватор болуыңыздың себебі неде?

Күдіреттің бұл сұрағында ешқандай зіл болған жоқ. Жас инженер де оған мүдірмей жауап қатты.

— Жоқ, мен консерватор емеспін, нағыз реалиспін. Біз бұл шарттарды қазір қалай оңай қабылдаған болсақ, кейіннен сондай күстана боламыз, мұның қасіретін өзіміз тартатын боламыз.



— Алайда, сіздің мұнша консерватор болуыңыздың себебін білгім келеді?

— Сіз қателесесіз, Исмаилзада жолдас! Мен алғашқы сөзімді тағы да қайталаймын: мен денім сау, есім дұрыс реалиспін.

— Шынына келсек, консерваторлар кейде «реализмді» жамылып жүреді! — деген Исмаилзаданың келбетінен әлгі кекесін күлкісі байқалды. Фикрет мұны байқаған жоқ, бірақ Құдіреттің даусының қатты шығуы күлкісінің мәнін түсіндіріп тұрды.

«Мейлі, менің міндетім ескерту болатын, кімдікінің дұрыстығын уақыт көрсетер», — деп ойлады Фикрет.

Мәжліске қатысып отырғандарды көзімен бір шолып өткен Исмаилзада, жарыс шарты көншілігінің жанына жақпағанын, ал олардың Фикретті жақтайтынын да байқады. Фикреттің сөзін бөлгеніне Құдіреттің өзі де өкінді. Оның сөзін аяқтауға мүмкіндік беріп, трестің басқа қызметкерлерінің де пікірін байқап, кімнің ескілікке жармасып, кімнің жаңалықты жақтайтынын анықтау қажет еді деген ойға келген Құдірет, өзінің қатесін түзетуге тырысты:

— Тағы кімнің сөйлегісі келеді, жолдастар? Өздеріңнің пікірлеріңді айтыңдар. Шынында да, бұл жарыс шарттарын қабылдаудың жөні келмес, орындалмас қыял екені дұрыс шығар?

Рамазан ұстамен қатар отырған буровой мастерінің біреуі орнынан тұрып сөйлей бастады.

— Менінше, Фикрет жолдастың айтқанын ылтипатсыз қалдыру болмас деймін. Бұл жарыс шарттарын қаншалықты теріс деп тауып, оны қыялға есептейтін болсақ, оның іске аспауы да сондай кәміл болуға тиіс. Біріншіден, жоспар жасағанда жұмыс күшін, олардың қаншалықты маманданғанын еске алу керек. Турбиндік бұрғылауға көшеміз дегенде біз кімге сенеміз? Трестегі ұшмыңнан астам маманданбаған балаларға сүйенеміз бе? Исмаилзада жолдас менің сөзімді көңліне ала көрмесін. Ол үнемі озат трестерде қызмет істеп келді, ал біздің трест болса үнемі артта қалып келеді. Мұның дәлемі толық. Біріншіден, біздікі нағыз қиын участок. Теңізге скважина орнатудың қиыны екенін барлығы да жақсы біледі. Бұрғылау жоспарын орындауды екі жүз процентке дейін жеткізуіміз мүмкін, бірақ қазір орындай алмай-

мыз, бұл келешектегі іс, сондықтан жеміссіз арманға әуестенудің қажеті жоқ.

Мәжлістерілердің бірсыпырасы бастарын ізеп, шешеннің сөзін қостайтындықтарын білдірді. Өйткені әлгі сөйлеген шешен трестегі озат мастердің бірі болатын. Исмаилзада өз пікірінің дұрыстығына күманданып, оны өткізуге деген сенімін жоя бастады. Сонымен, бұл таластартағы кейбір пікірлер Құдіреттің екі апта бойы жанын сала зерттеп, байқаудан өткізген тресті кемшіліктен шығарар деп сенген жарыс шартының бес пунктінен күткен үміті сөне бастағандай болды. Бірақ ол, өзінің дәмесінен мүлде күдер үзген жоқ. Жұмысты жете біліп қана қою емес, сондай-ақ, адамдарды да жақсы білу, қарт мастерлердің тәжірибесіне сүйену, олардың қолдауына сүйену қажеттігіне түсінетіндіктен, Құдірет мұнай кәсіпшілігінде шашын ағартқан, жүз елу төртінші буровойдың қарт мастеріне қарады:

— Ал, Тимофей Сидорович, бұл туралы сіз не айтасыз?

Ұзын бойлы, аш өнді, көк көз қарт мастер жайлап орнынан тұрып, салмақпен сөйлей бастады:

— Көп сөйлеуге де болар еді, бірақ ұзақ сөйлеуді жаным жаратпайды. Еңалдымен, ондай-мұндай мәжліс, отырыстарды қысқарту керек болар деймін. Жастар, оның ішінде біздің совет жастары кейбір жолдастардың көзіне шыққан сүйелдей болып көріну себебі қалай? Бұл мен үшін таңқаларлық нәрсе болып отыр. Біз жастарымызды сүюіміз керек, келешек солардікі. Өзімізді олардан қашықтату бізге, әсіресе, мұнайшыларға, кешірімсіз болады. Мұнай Шығарылу тарихы атамзаманнан бері келе жатса да, мұнай жастықтың досы ғой, әлбетте, жастық мұнайдың досы. Сондықтан кімде-кім мұнайды сүйген болса, оған жарыс шартының бес пункті алтыннан да қымбат. Мен осы шартқа бүтіндей қосыламын.

Соңғы сөзін ол көтеріңкі дауыспен айтты. Оның орнықты көздері шаранадай боп жайнап кетті.

Құдірет орнынан көтеріле түсті. Ол өзінің жалғыз еместігін білді.

Қарт мастердің сөзін тыңдап отырған Фикрет те, «Мен қателесіп отырғаным жоқ па?» — деп өзіне-өзі күманданып, қартқа қарап:

— Тимофей Сидорович, сіз осы сөзіңізді неге сүйеніп айтып отырғаныңызды түсіндірсеңіз қайтер екен? — деді.

— Ештеңеге де, ешкімге де емес, тек өзімнің жұмыс-

шыларыма, өзіме сеніп айтып отырмын. Егер де біз осы уақытқа дейін жұмысты нашар істеп келсек, енді жақсы істеуіміз керек. Міне, осы менің айтарымның болғаны.

Мұнан кейін Рамазан ұста сөз алды.

— Мехти Қулиевті мұндағылардың барлығы біле ме? — деп ол мәжлістегі адамдарға назарын аударды.

— Ал оныыз кім өзі? — деп сұрақ қойды, бұрышта отырған инженердің біреуі.

«Мехти Қулиевті де білмейтін надандар бар екен ғой!» — деген ойға келген Рамазан ұста зәрлі, кекесін күлкісімен езу тартты.

— Кімі қалай? — деді ол. Ол Совет Одағының Батыры ғой!

— Ал солай-ақ болсын, бірақ оның бұған қандай қатысы бар? — деді тағы да, әлгі инженер.

— Қандай қатысы бары қалай? Ол сол сіз сенбейтіннің біреуі емес пе еді. Ол жас жігіт. Күні кешеге дейін буровойдағы елеусіз адамның бірі болып келді, ал енді Батыр болды. Менің сізден бір ғана сұрағым бар: — Егер де, біздің жігіттер соғыста фашистерге өлтіре соққы беруде ерлік істей алған болса, олар біздің кәсіпшілікке келіп Еңбек Ері бола алмай ма?

Бұл жай сұраққа Фикрет абыржып қалды.

— Ұста, сен не ұсынасың? — деп сұрады Исмаилзада.

— Шарт жазылған, бригадаларда талқыланылған, қазір мұнда қолға үлестіріп берілді, — мұнан артық маған не ұсыну керек? Біздің трест барлық жағынан жұртқа күстана болуда. Я, бұл шарт бізден көп нәрсе талап етеді, сондықтан да оны қабылдау керек.

Фикрет орнында отырып, айқай салды:

— Сіздегі бұл қандай логика, ұста?

Рамазан бұрынғысынан салмақпен, біркелкі жауап қатты:

— Әркімнің өз логикасы бар. Мен сіздің ойлағаныңызды ойлауға міндетті емеспін ғой.

— Маған тағы да сөз беріңізші? — деп Фикрет орнынан ұшып тұрды.

— Егер де сіздің сөзіңіз пайда келтіретінін білген болсам, мен осы мәжлісті таң атқанша созар едім, — деп Құдірет күрсіне жауап қатты. — Қайтеміз, сөйлеңіз..

— Маған дурыс түсінбепті... — деп бастады Фикрет. Рамазан ұста оны мысқылдай түсті. Бірақ ұстанын.

жазау сөзін тек Фикрет ғана емес, мәжілістің адамдарының барлығы да естіді:

Сөйлей білу де керек ғой!

Бірақ, Фикрет сөзінен қайтпады.

— Егер де басқа саладағы кейбір адамдар өз айтқанынан қайтпайтын болса, біздің мұнайшыларға бұл жатпайтын әдет деп ойлаймын. Ондай сіресумен жұмыс істеудің бізге ешбір пайдасы болмайды. Исмаилзада жолдас, мені қыйыншылықтан қорқатын адам деп ойлаған боларсыз. Шынында олай емес. Менің айтатыным бір ғана нәрсе: теңіздегі жұмыстың өзгешелігін естен шығаруға болмайды — мұндағы жаз да, қыс та адамның көрмегенін көзіне көрсетеді, талай дауылдар мен борандар соғады. Сіздің айтқаныңыздай, табиғаттың дүлей күшіне күресті жоспарлауға болмайды ғой. Кейбір кездерде бір қатты соққан желдің өзі біздің жеті сегіз ай істеген еңбегімізді жоқ етіп жіберуіне бар. Сырттан қараған адамға теңіздегі жұмыс пен құрғақтықтары жұмыстың арасында үлкен айырма жоқ болып көрінуі мүмкін. Ал шынында олай емес. Қайда болғанда да бір мунайшы, бірақ жағдай әртүрлі ғой...

— Сонымен, сіз не ұсынасыз? — деді тағы да, шыдамсызданған Исмаилзада.

— Менің ұсынысым анық: берілген жоспарға ештеңе қосудың қажеті жоқ. Егер де біз соны орындаған болсақ та, оның өзі ерлік болады. Жоспарды орындау шартының іске асар-аспасын ойлану керек.

— Кемістік бұл жағдайда емес, — деп тұңжырай түсті Исмаилзада, оның жоғарғы ерні жыбыр ете қалды. — Кемістік — біздің өзімізден. Ашамыз ол кемшілікті, түзетеміз де, оны жоя білсек өзімізге, бүкіл елімізге пайда болады!

Ол бір минуттей үндемей отырды да, содан кейін отырғандардың барлығына қарап:

— Тек бір нәрсені ғана сіздердің естеріңе салғым келеді — біздің жауынгерлеріміз жауға қарсы шыққанда боран туралы да, дауыл туралы да ойлаған жоқ. Егер олар қыс туралы ойлаған болса, онан кейін көктем шығатынын білгендіктен ғана ойлады. Басқаша ойлауға біздің қандай правомыз бар? Даушарды тықудың уақыты жеткен жоқ па? Озат адамдардың ұсынысына үн қосып, жарыс шартын қабылдағанымыз жөн болмаса не екен?

Еск. досы Тимурбай Сидықовпен бірге бізге бізге келіп келе жатып, Рамазан бәте бәтәй деді.

— Егер де осы уақытта дейін біз бақарармыз, жаңай алмай кетсек, қазір бәлкі жазық бақарармыз деп. Енді не керек екенін білмейміз. Бәтәй тек жұмыс істеу керек қой деймін, достым!

### 3

Театрдың залынан Ләтифаны іздеген Таир, партердің үшінші қатарынан Ләйламен бірге отырған Күдірет Исмаиловты көрді. Олар программаға үйіліп, бір нәрсені әңгімелеп отыр екен. Гүлдеген дауыстар олардың сөзін Таирға жөнді естіртпеді. Таир Күдіретті жұмыста келген кезінде оның үстінде сәтеннен тіккен жұмыс киімі барды, ал қазір ол иығы көтерініп, жауырындары қараңғы шпалот костюм мен көк көйлек киген, бұрышқа аялап қоныс алғандықтан таққан. Таирдың көзі еріксіз Ләйлаға түсті. Оның жазық кең маңдайы ұмытылмай боп Таирдың есінде қалды. Өзіне біреудің көзі түсіп тұрғанын сезгендей Ләйла басын көтеріп алды. Күдірет те театрға қарады. Таирды көзі шалып қалған Күдірет, Ләйлаға қарай сыбырлап сөйлей бастады.

Өзі туралы сөз болып жатқанын түсінген Таир ұялғандықтан теріс айналды. «Олар бақытты! Өздері сондай тату!» — деген сөздер Таирдың құлағына шалынғандай болды. Содан кейін ол Ләтифаны қанет есіне түсірді. Оның назары залды шарлап өтті, іздегенін таба алмады.

Ләтифа ешқайдан көрінбеді. Бұл жексембі күні театрға келгендердің көпшілігі қыздар мен әйелдер екен. Бұлардың арасында Ләтифаның болмауы мүмкін емес сияқты болып сезілді Таирға. Бұл ойға оның тіпті сенгісі келмеді. Ләтифа таяу бір орында отырып, оған қарағысы келмей, келбетін жасырып отырғандай ой түскенін Таирдың өзі де түсіне алмады.

Залда шам сөніп қалды. Таир асығып жетінші қатардағы өзінің орнына баруға ұмтылды. Мұндай қалып топтан Ләтифаны табу үшін мұнан әлдеқайда өрте келу қажет екендігін ол жаңа ғана есіне алды. «Дегенмен, ол осында, қалай да осында», — деген ойға табан тіреді ол.

Шымылдық көтерілген кезде Таирдың көз алдына

Еділдегі алып көрінісі келіп жайнай қалды. Бүкіл зал тыныштық тұңғыйғына шомды.

Таир Островскийдің арнаның мөлшерімен аққан су ағысындай нөсерлеп төгілген өрнек сөздерін бірінші рет естіген-ді. Оның сөзі Таир үшін өленше сыңғырлап естілді. Оған соншалық қашықтағы жат адамдар кенеттен жақын болып кетті. Ол тіпті алдындағы сахна декорациясы мен артистер екенін ұмытып та кетті. Ауыр қайғының зардабынан аяғын аңдап басқан, жүрегі шерге толған Катерина сахнаға шыққанда, өз алдындағы нағыз өмір уақытғасы екеніне ол шүбәланбады. Содан кейін ол Катеринаның даусын естіді: «Мен үшін, мамашым, сен де бір, туған анам да бір, я, сені Тихон да жақсы көреді...» Таир ойға шомды: «Бұл, келінінің енесін — күйеуінің анасын сыйлағаны өте жақсы!» Кенет өзінің анасын есіне түсірді. Қабаниханың мейрімсіз сөзін естігенде, од ішінен мына сөзді айтты: «Жок, менің анам мұндай өр емес».

Бір минуттей көзін сахнадан бұрып, ложаның екінші қатарында отырған Ләтифаны көрді. Ол мойнын соза, сахнаға ентелей қарап, қасындағы жолдас қызының иығына қолын асып отыр екен.

Ләтифаны көргенде Таирдың ойы быт-шыт боп араласып кетті. Ол Ләтифаға қалай баратыны, қайтып амандасатыны туралы ойлап, оған айтар сөзін термелей бастады... Оның жүрегі асыға соқты, шыдамсызданып, актының аяғын күтті.

Алайда, перде жабылған кезде, баяғыдан бері ойлап отырған сөздері шым-шытырық боп бытырады да кетті. Ләтифа оны көріп әдейі жасырынып қалар деп қорықты. Күйбеңдей түсіп, қалың топта сығылысып есікке қарай тырмысты. Адамдарға лық толы фойеден қысылып-қымтырылып шығып, екінші қатарға көтерілгенінде, дос қызымен қол ұстасып қарсы келе жатқан Ләтифаны көрді. Ол амалсыздан жүрісін бәсенсітті, қымсынып тұрып, жүрексігендіктен қарлығып, дірілдеп естілген даусымен:

— Қайырлы кеш, Ләтифа — деді.

Ол Таирға жалт қарады. Бірақ батылы бармаған адамдай кенет тоқтап қалды. Онымен театрда, тіпті жолдас қызының көзінше кездескеніне наразы болғандай пішін көрсетті. Алайда, жат қыздың көзінше оның сағын сындырып, қорламайын дегендей ойға келуі мүмкін, әйтеуір оған жауап қатты:

— Сәлем, Таир!

Оның бұл амаңдасқан даусы суық, немкетті болып естиді. Қарыға жабысқан кіші бауырдай жармасып амаңдасуды тілеп алғаныма төңіректегі жұрт күлер деп қымсынған Таир басқа жаққа тайып тұрғысы келді. Бірақ Ләтифа бұрынғы жылы жүз, сүйкімділігімен оған қарап сөйлей бастады:

— Неңдей жаңалық бар, Таир?

Оның қасындағы жолдас қызы Таирдың басынан аяғына дейін шолып бір қарап өтті. Ләтифа мен туралы оған ештеңе айтып қоймады ма екен деп қуыстанды, қыздың жүзінен емескі күлкінің ізін байқаған Таир. Дегенмен, Ләтифаның қайырымды сөзі Таирды қатты қуантты. Бұл үшін оған рахмет айтқысы келіп, абыржыды, алайда, ол өзін-өзі тоқтатып тастады. Қыдырып жүргендерге кедергі жасап тұрғанын сезген Таир, кезеріп тұрған ернін жалап, Ләтифаны көргенде бірден серейіп мұндай боп ұйып қалған екі қолын қайда қоярын білмей, сасқанынан кейін шегінді. Әрине, оның ұялғандығы қыздарға байқалмай қалған жоқ. Бұған түсінген Таир кірегерге жер таппады.

Оны бұл ыңғайсыз жағдайдан құтқарғысы келген Ләтифа қасындағы жолдас қызына:

— Танысып қой, Зивар? — деді.

Таир қызға қарай қолын созды. Бейтаныс қыздың қолын ауыртып қоймайын деп қорқа созып, Зивардың нәзік саусақтарын жайлап қысты. Бакуге келгеннен бергі үйреніп үлгірген қаланың мәдениетті әдетінше Таир дәл өз есімін атады. Ләтифаның өзінен мүлде безіп кетпегеніне, оның тек уақытша ғана салқын көзқараста жүргеніне Таир енді сене бастады, бұл сенімі оны көп қасіреттен жеңілткендей болды.

Ол осы алыстап кетудің себебі туралы қазірдің өзінде-ақ түсінік сұрауға даяр еді, бірақ Ләтифа бұл ойды басқа жаққа бұрып кетті.

— Былай жүрейік те, әйтпесе біз нақ жұрт өтетін жолда тұрмыз, — деп ол Зиварды тағы да қолтықтап алды.

Ләтифа қатарында келе жатқан Таир әңгімені неден бастарын білмей, тағы да ыңғайсыздана бастады.

— Ал, Таир, өзіңнің қалай қашқың келгенін айта бер? — деді бірден салмақты бола қалған Ләтифа. — Вокзалдан қайтарғаны жақсы болыпты қайта, әйтпесе

Рамазан ұста аулыңа да барған болар еді. Сен онын сырын жақсы білмейсің ғой, әлі.

Таир Ләтифаның ойын енді білгендей болды. «Я, бұл маған осы үшін кейіген екен ғой!» — деген ойға келді де, бірден ақтала бастады:

— Жок, мұның бәрі ойдан шығарылған әңгіме ғой. Мен вокзалға барған себебім поездан жерлесімді көрсем шешеме хабар айтып жібермекші болғанмын.

— Ал олай болса сен сазды не үшін қолтығына қыстың, қоржынды неге иығыңа асындың?..

Ләтифаның бұл сұрағы Зиварды күлуге мәжбүр етті. Таир қыздың әлгі бір күлкілі көзбен оны мысқылдай қарағанына енді түсінді. Таирдың сазын қолтықтап, қоржынын арқалап вокзалға қарай жүгіргенін көз алдына елестеткен Ләтифа да шек-сілесі қата күлді.

Таир жаңқалтасынан қолорамалын алып маңдайынан шып-шып шыққан терін сүртті.

— Егер де сіздер бұған сенбесеніздер, амалым қанша! Тамаша, дәл сондай етіп барлығын сізге асыға жеткізіп жүрген кім екен?

Таир Жәмілді есіне түсірді: «Одан басқа кім айта алады!..» — деген ойға келді, қабағын түйіп, тұнжырап тұрып қалды, ішіндегі ойын айтпай тұра алмады:

— Мұны Жәмілден білдіңіз бе?..

Ләтифа күлкісін тоқтата қойды.

— Кім болса да тек болған іс туралы ғана әңгімелейді. Ешкім де өзінен қосып өсірген жок... Анана айта тын хабарыңды сазға қосып өлеңдетіп айту керек болды ма, әлде?

— Сол өсекшінің атын білуге бола ма?

Оның өзі туралы әңгімені кім айтқанын білгісі келуге тырысып, табандай қалғаны Ләтифаға ұнамады. Шынында, кімнің айтқанында тұрған не бар! Бұл туралы оған комсомол ұйымдастырушысы Дадашлы айтқанды. Дадашлы Ләтифаны күн сыйын дерлік көріп жүреді, ал ол болса Ләтифа арқылы Таирды өзін шақырып, оның қылығы туралы ауызба-ауыз сөйлескісі келген-ді.

Ләтифаның көз қарасынан мұны айтқан кісінің атын атай алмайтынын байқаған Таир, бұл туралы енді қайтып сұрамады.

— Тек есінде болсын, Таир, бұған Жәмілдің ешқандай қатысы жок, — деді Ләтифа, Таирды мазалаған шү-



баны сейілтін. — Неге ол айтуға тиіс? Онымен менің қандай қатысым бар?..

«Демек, Жәмилде оның көңлі жоқ екен!» — деген қуанышты ойға келді, Таир. Бұл ойын тексергісі келген Таир қыздың көзіне қайтадан қадала қарады. Бірақ Ләтифаның көзінен ежелгі жұмбақ күлкісі ойнап, жайдары жүзі жайнап тұрды. «Өз құпиясын берік сақтай біледі», — деген қортындыға келді Таир, мұнан кейін.

Олар фойенің шетіне дейін келіп, қайта қайтты. Байқаусызда Ләтифаның қолына тиіп кеткен Таир, өзінің қолапайсыздығына жалма-жан кешірім сұрады.

— Кешір, ғапу өтінемін!.. — Осы жағдайды пайдаланған Таир Ләтифаның құлағына сыбыр ете қалды: — Болған нәрсе болды да өтті ғой. Мына қыздың алдында мені ұялтудың саған қажеті не?

— Саған ұят болғаны тіпті жақсы, демек, өз кінәлары мойындайсың ғой... Зивар, Таирдың қалай өлен айтқанын сен естімедің бе? Оның даусы өте жақсы, — деді Ләтифа. — Қашан болса да ол бізге саз тартып, өлен айтып беруге тиіс. — Ләтифаның бұл сөзінен әңгімені басқа жаққа аударғысы келген мақсат сезілген тәрізді болды.

— Тиіс, — деп, Зивар Ләтифаның сөзін нығыта басын изеді.

— Сенің демалысың қашан? — деді Ләтифа әлгі жолдас қызына.

— Бүрсігүні.

— Олай болса кездесерміз, жарай ма?

— Кездесемін! — деп Зивар тағы басын изеді де, өзінің қызылшырайлы жылтыр бетінде жарқырап тұрған моншақтай кішкене көздерімен Таирға қарады.

Өзіне аударылған бұл ниетті Таир өзгеше жорыды: «Қыздарға, әсіресе, Ләтифаға менің өзім емес, сазға қосып айтқан әнім ұнайтын шығар». Мұны мойындау оның өзіне ауыр тиді. «Олар менен көңілдерін көтергенімді ғана тілейді», — деп ойлады ол. Мұнан бірнеше минут бұрын өзін құшағына ораған қуаныштан айрылған Таир, енді ащы қайғыға шомып, түңіле бастады: оның күнге күйген бетін солғын көлеңке торығандай болды.

Ал Ләтифа ештенені байқамағандай боп, сөзін жалғастыра берді:

— Зивар да біздің поселкада тұрады, ол өлен айту-

ды өте ұнағады, пианиноны өзі де жақсы ойшайды. Таир, сен бізге бір — екі өлең айтып бересің ғой?

Ол ешқандай жауап қайтармады. Кенет Таирға қараған Ләтифа оның бір нәрсеге ренішті екенін бірден білді. Ол өз сұрағын тағы қайталады:

— Айтасың ғой?

Таир үндеместен басын шұлғды. Оның келбетінен: «Әрине, сен тыңдағың келсе, айтпасқа не жорық», — деген жауапты табуға болатын еді.

Қоңырау соғылды. Фойедегі шам жыпылықтап бір сөніп, қайта жанды. Қыздар өздерінің ложасына баруға асықты. Таир «әзірге» деген сөзді шапшаң айтты да, жедел жүріп төмен қарай түсіп кетті.

Көрушілер залына лықсып ене бастаған калың топпен біріге ол да ілгері ұмтылып, өз орнына қарай жүрді. Барып отыра қалды да, қайтадан ұшып тұра келіп, белгілі ложаға қарады. Оның жүрегі қуанғаннан лүпілдеп жні соғып тұрды.

«Оның мені сүйетіні анық. Осы уақытқа дейін бізге тек Жәміл бөгет болып келген ғой. Әрине, мұны бұған сол айтты. Рамазан ұста болмас...»

Ләтифа мен Зивар партерге қарап отырысты. Таир орнынан көтеріліп, олардың назарын өзіне аударғысы келіп, мойнын соза түсті. Бірақ олар көп арасынап оны көре алмады.

Залдағы шамдар сөнді. Бірінші ақтыда көргенін Таир енді ғана әрең-әрең есіне түсіре бастады. Сахнада қазір не болып жатқанын да ол бірден ажырата алмады. Ал одап кейін қайтадан барлық ой-назарын аударып жіберді. Кілтпен болған уақыйға оған барлығын да, тіпті Ләтифаны да ұмыттырып жіберді. Ол еңсесін сала тыңдап, барлық жігерімен толықсый түсіп, сахнаға қарап отырды. Катерина сыяқты, өзінің де сүйген адамы жолында кездескен барлық қыйыншылықтарды жеңуге күш-жігері жететін сыяқты болып көрінді.

Перде жайлап төмен түсіп, Катеринаны көрушілерден тасаланған кезде де, искусствоның әсерлі күшіне еліткендей Таир қыймылдамастан орнында отырған-ды. Мынаны көргенде оның сазға тартқан күйлері де, салған әндері де, аудан клубында көрген ойындары да бояусыз солғын, әсерсіз жай нәрселер болып елестеді.

Қарапайым орыс әйелінің сөздері мен қылықтарынан оның алдында осыған дейін белгісіз болып келген

бір жаңа дүниге ашылғандай болды. Махаббат деп аталатын адам сезімі, адам тағдырын шешетін теңдесі жоқ бір күш боп көрінді оған. Сондықтан да ол: «Я, бұл жай ғана сезім емес, мұнымен ойнауға болмайды», — деп ойлады.

Катеринаның өжеттігіне таңданған ол, өзіне: «Міне, әйел деп осыны айт! Ал егер күйеуі білсе ше? Ол әйел онда да қорықпаған болар еді!..», — деді ішінен.

Кенеттен біреудің келіп қолынан ұстағанын сезді, басын көтергенде Самандарды көрді.

— Я, достым, мені көрмей қалды екен деп ойламай-ақ қой!..

— Неменені?

— Сен Ләтифамен осылай қыдырып жүреді екенсің ғой.

Бұл шын жүректен шыққан сөзді Таир көңілді күлкісімен қарсы алды.

— Жүр, аздап жүріп қайтайық.

Самандар Таирды қолтықтап алды да, оның құлағына сыбырлады.

— Ал мен көптен бері оның қасындағы жолдас қызына көз салып жүрмін... Барлығы да олардың өздерінен тәуелді екенін білесің бе? Сахнадағыны көрдің ғой! Маған десең қырық жерден құлып салып қой, кеткілері келсе бәрібір кетеді...

Еңалдымен өзіне-өзі жауап беріп, Таир былай деді:

— Махаббат дегенің сондай сезім... Егер де ол мені өзі сүйгісі келмесе, сондай адам мені сүйеді екен деп менің қанша қақсағанымнан не пайда?..

— Әрине, оның жаны сенің үстіңде болуға тиіс... Әйтпесе Тихонның басына түскен қасірет саған да қонуы ғажап емес.

Таир тұнжырай қалды:

— Бері қара сен. Самандар, мұның бәрі ескі заманда болғаны есінде болсын!

— Жаңасы не, ескісі не, — бәрібір емес пе, әйелдерге сенгенмен де, асылы, байқап жүру керек.

Олар фойеге шықты. Ләтифаны көрген Таир қасындағы жолдасына жауап беруді ұмытып та кетті.

— Менікі дұрыс па, жоқ па? — деп Самандар көзінің қыяғымен Таирға қарады.

— Не жөнінде?

— Я, сол, әйелдер жөнінде де...

— Егер де махаббат екеуінде бірдей болса, онда қорқатын ештенесі жоқ. Олай сүйе білген, ондай сүйкімді бола білгендер бақытты ғой.

Театрдан поселкаға қайтып келе жатқан жолында Ләтифаны болмашы ұсақ сөздермен мазалай бермеуге, әрбір минут сайын оның көзіне түсе бермеске, әрбір сөзді салмақтап, әрбір қадамын ойламасқа Таир өзіне-өзі сөз берді.

...Бұл кеште Жәміл ешқайда бармай, бөлмеде жалғыз өзі қалған-ды. Таирмен сөйлескеннен кейін оның көңілі бұзылып, реніште болды. Басқа адам болса бірсәрі, өзінің ең жақсы, жақын досы оны жөнсіз кіналап, белінен алғаны тіпті қорлық болды, бұл оның жанына қатты тиді. Ол Таирдың құмандануына тіпті түсіне алмады. Достық шындықпен жолдасына ақшешпен берілгендікті Жәміл барлық қасиеттен де жоғары санайтын-ды, сондықтан да досының кеше шабуыл жасауы оны тіпті жаман қайғыландырды. Орнығу, ашу-ызаны басу керек қой. Ол Таир туралы Ләтифаға ештеңе айтпағанын анық түсіндірді ғой, бұған оның көзі жетуге тиіс қой. Бірақ Жәміл өзін қоярға жер таппады. Оқыйын деп қолына кітап алды, бірақ оның толықсыған көңілі бұған да тоқталып орныға алмады. Кітапты лақтырып тастап, бөлмеде ерсілі-қарсылы жүрді. Үйден шықты. Адам жоқ көшелерде де әрлі-берлі жүрді. Жатақханаға қайтадан келді, төсегіне жатты, төбеге көзін қадап жатып, Таирмен көріскендегі айтқан әрбір сөздерін салмақтап, ешқандай кінәсіз екендігіне көзі жетіп, бұрынғысынан да тұнжырай түсті.

«Мен мұнда бір жыл бұрын келдім, демек, Ләтифаны сүйеге менің правом одан анағұрлым артық қой», — деп ойлады Жәміл. Бұл жөнінде біле тұрып, правосын жоққа шығару былай тұрсын, достығын сатты деп өзін кіналағаны оған қатты батты.

«Шынында мен кінәлімын ба? Мүмкін, мен Таирдан сырымды бүркеймін деп қателескен болармын? Ең бастапқыда мен оған шынымды айтқан болсам, екеуіміздің арасында мұндай ештеңе болмауы мүмкін бе еді?»

Ол тағы да кітапты лақтырып жіберіп, төсегінен ұшып тұрды да, әлгі адамы жоқ көшелерге қайтадан шықты. Айналдыра акация еккен тротуармен әрлі-берлі теңселе жүрді, тек өз басындағы өрмекшінің үйіндей шырмалған ойымен арпалысып, бірін-саран кездескен адамдардан да теріс айналып жүрді. Ол Ләтифаны әлдеқай

шаннап бері, Бакуге бірінші келген күннен бастап сүйген болатын. Бірақ ол мұны өзінің достарынан ғана емес, өзі сүйетін қызынан да жасырып жүрген себебі қалай?

Жәміл салмақты, жөн білетін адам болды, деп ойлады ол, өзі туралы. Қызға өзінің сырын ашқанда, одан тек «болады» деген жауап алатынына сенімді болған кезде ғана шынын айтқысы келгені де осы еді. Шынында, Ләтифаның ниеттеніп жүргеніне ол сенді де. Алайда, «болмас» деген жауап аламба деген қорқыныш оның тауын қайтарып тастап жүргенді. Мұнымен қатар, ол Таир сыяқты әрбір минутін Ләтифаны ойлаумен өткізген жоқ. Жәміл буровойда жүргенде барлық ой-жігерін тек жұмысқа жұмсады. Бір жыл ішінде ол, жұмыс уақытында басқа ешқандай нәрсе ойлауға болмайды деген тәртіпке мойынұсынды. Бұл тәртіпті сақтамаса ол тек өзіне, немесе жұмысты бірге істеп жүрген жолдастарына ғана емес, сондай-ақ, Рамазан ұстаға, бүкіл өндіріске кесел келтіруі мүмкін. Буровойдың күрделі механизмдерінің ішінде ол тек бір ғана болмашы тетігінің қызметін атқаратынын, бірақ сол тетіктің өзі өзінің жеңіл жұмысын ақаусыз, дәл атқарса да жалпы істің табысты болуына себеп болатынын Жәміл жақсы білетінді. Сонымен қатар, буровойдағы скважина бұрғылау жұмысының тез бітуіне бәрі де ынталы, тілектес екеніне де ол түсінетін. Олай болса жұмысшылар да сыйлық алып қарқ болады, бригада да құрметке бөленеді, трест те кемшіліктен шығады; скважинадан шығатын мұнай жалпы қорға құйылып, Бакудің даңқын арттыра түседі. Егер де жұмыста ұқыпсыз болса, жеке басы арманының тұнғыйығына батса, тек өзі туралы ғана ойлап, жолдастарын естен шығарса не болмақшы? Ондай жағдайда еңалдымен жұмысқа барлық күш-жігерін жұмсап жүрсе де, буровойға зыян жасайтынын да Жәміл жақсы білетін. Егер де Жәміл бір нәрсені бүлдіріп алса, жолдастарының көзіне тура қарай алмаған да болар еді. Оның ойынша Таир осының бәріне әлі түсінбейді, бірақ ол өндіріске жан-тәнімен берілсе мұның барлығына да түсініп кетуге тиіс.

Бұл әдет Жәмілге де бірден қона қалған жоқ. Оның да, қалай болғанда Ләтифамен киноға, театрға барсам екен деген ойымен жұмысқа салдыр-салақ қарап жүрген кездері болмай қалған жоқ. Кейіннен ғана ол өзінің өзін тоқтатуға мойынұсынды...

Қазір ол осының бәрін есіне салып, ойлап отыр: «Өзім

нің Ләтифаға деген сезімім туралы Таирға неге тіс жа-  
рып ешбір сөз айтпадым екен? Мұның барлығын оған  
түсіндірмегенімнің себебі неде?..»

Ол, бұл өзгеше түннің тымық ауасына өзінің қош  
исін дарытып тұрған акация ағашына сүйеніп тұрып,  
кеудесін кере демін алды. Ол дәл осы арада Таирмен  
енді түсінісудің кеш екенін ұқты. Бәрібір, оған қанша-  
лық жақсы сөз айтқанмен зая кетеді, қайта, оның сөзіне  
Таир сенімсіздік туғызатын болады, тіпті дұшпандық  
көзбен қарауы да ғажап болмас, демек екеуінің арасын-  
дағы қырғыйқабақтық шпелене түсуі мүмкін.

Ол жатақханаға қайтып келді. Коридордағы сағат он  
екіні көрсетіп тұр еді. Кешікпей Ләтифа театрдан қай-  
туға тиіс.

Ол орнында тыныш отыра алмады.

«Оны жолдан тосып, жолығуға барамын... Оған өз  
жүрегімнің сырын ашамын... Бір жыл, бүтіндей бір жыл  
болды ғой, менің оны сүйгеніме!»

Өзінің осыншама шыдап жүргеніне өзі таң-тамаша  
қалғандай болды.

— Оған барлығын ақтарам! — деді даусын қатты  
шығарып, содан кейін қайтадан көшеге шықты.

...Оған уақыттың тіпті ұзақ болып көрінуі мүмкін.  
Әйтеуір Жәміл соншама көп күткендей болды. Оның әр-  
бір минуті шексіз созыла түскендей.

Бір топ қыз трамвайдан түсіп, төбешікке қарай шы-  
ғатын басқышпен өрмелеп барады. Жәміл Ләтифаны  
алыстан таныды. Ол Зивармен қатар жүріп келеді.  
«Егер де олар айрылмаса, онда мен оған ешбір сөз айта  
алмаймын...» — деген ой келді Жәмілге.

Дабырлап таласа сөйлескен дос қыздар басқышпен  
асықпай көтеріліп келе жатты. Олардан бірнеше қадам  
алыста Жәміл де жүріп келеді. Қыздардың не туралы  
сөйлесіп келе жатқаны Жәмілге жақсы естіледі.

— Бізге қонуға барамыз. Үйіне бізден телефон соғар-  
сын...

— Жок, Ләтифа, үй іші мазасызданып болады ғой  
Сен менің шешемнің сырын білмейсің бе? — деп жауап  
қатты Зивар.

Бірақ Ләтифа оның қолтығынан алып, ақырғы бас-  
қышты аттады да, оны кимелеп ала жөнелді.

— Жүр! Тіпті де жібермеймін!

Қыздар қатарласып жүріп барады. Ызаланған Жә-

мен кейін қайтып. Ол көп уақыт несіп келгенек еді. Демі тексеріп жүрмеген болды. Ақыры, жатқханана қайтып келді. Шам сөндірлеткен, жолдастары төсектеріне жатып қалыпты. Терезеден сөзлесіп тұрған кезде шамдарға Самандар мен Таурдың беттерін ғана көрсетіп тұр. Олардың екеуі де тәтті ұйқыға енген.

Жәмил Таурдың бетіне қарады. Таурдың бетінен ол түс көріп, түсінде шат бір күлкіге бөленіп, мол-мәйрам болып жатқанын байқады.

«Мен кешігіп қалмадым ба екен?» — деген қанала ойға шомған Жәмил, демін ішінен алып, аяғының ұшы мен басып өзінің төсегіне келді.

#### 4

Үйге келген Ләйла мен Күдірет театрда көрген ұшығуралы сөйлесумен болды. Ләйла Катеринаның өзі-өзі өлтіргенін құстаналап, онын осалдығын айтты. Ал Күдірет, ол кезде Катеринаның одан басқа амалы болмағанын нығытты.

Асханадан телефонның шылдыры естілді. Күдірет асыға басып телефон аппаратына келді. Ләйланы шақырады. Жана скважина бұрғылап жатқан жерде бақырсыздық уақытқа боп қалған. Ләйла жамма-жан өз трестіне телефон соғып, машина шақырды. Тез киініп алған Ләйла шыдамсыздана машина гудогіне құлақ тосты.

Ләйла минут сайын балконға шығып, көшеге қараумен болды. Айнала жым-жырт тыныштық. Тауға қарай сұлап жатқан ұзын көше бойындағы сары түсті шамдардың жарықтары жымындап тұр. Күндіз де, кеште де дамылсыз соққан қала жүрегі дәл осы бір кезде кілт тоқтап қалғандай. Ләйла өте толықсып күтуде, Зор үмітке бөленген жаңа скважина Ләйланың есебі бойынша екі күннен кейін пайдалануға берілуге тиіс еді. Асылы, онда бір елеулі жағдай боп қалған ғой. Барлық үміттің күлі көкке ұшқандай боп көрінді.

— Ол қандай скважина еді? — деді, тынышсызданған Күдірет Ләйлаға қарап.

— Төртінші! — деп қысқа жауап қатты Ләйла.

Әдетте, өз балаларының біреуін артықша жақсы көретін ата, аналар сыяқты, трест басқарушылары да көп скважина ішінен бір — екі скважинадан өзгеше үміт

егеді. Бұл қалаулы скважиналар пайдалануға берілген күннен бастап-ақ мұнай шығару жоспарын бірден көтеріп жібереді. Төртінші скважина да Ләйла үшін дәл сондай сенім қоры болатын.

— Не болып қалғанын айтпады ма? — деді тағы да, тынышсызданып, әрлі-берлі жүрген Құдірет.

— Жок, айтқан жок. Меніңше, авария болса керек. Менімен сөйлескен инженер Миняев. Ұсақ нәрсе болса, ол маған телефон соқпаған да болар еді.

Терезе алдынан машина гудогі естілді, Ләйла алды-артына қарамастан есікке қарай жүгірді. Тездетіп басқыштан түсіп те кетті.

Жалғыз қалған Құдірет бұрынғысынан бетер тынышсызданды. Әдетте, олар өз кәсіпшіліктерінде болған қолайсыз жағдайлар калпына келтірілгеннен кейін ғана бір-біріне әнгімелейтін-ді. Бұл уақығаны Құдірет енді күні бұрын біліп қойды. Мұның нәтижесін күту оған тым-узак боп көрінді. Не боп жатқанын білмей отыру оған жеңіл тимеді. Онда нендей уақыға болып қалды екен, ол немен тынбақшы? Бұрғыланып болуға айналған скважинада қандай уақыға болып қалуы мүмкін екенін Құдірет жақсы біледі. Оның көз алдында алыстағы жер қабатынан ұлып шығып, жолындағы кез келген кесек топырақ, тас, тақтай жаңқаларын күйқылжыта лақтырған лас фонтаны анық көрініп тұрғандай болды. Жер астында лықсып соғылысқан мұнай мен газдың қайнап шыпылдап атқан ызалы дыбысын естиді, адам өміріне қауыпты тілсіз жаумен күресіп, скважинаға қарсы ұмтылған адамдарды ол көз алдынан өткізіп отыр. Тәжрибелі мұнайшы Құдіреттің де тұлабойын тітіркендірген түршігу аралап өтті. Ал егер бұл өрт болса ше?.. Қазір басқалармен қатар, Ләйлада қатерлі қауыптың ішінде жүр.

Бөлмеде ауа жетпегендей, Құдіреттің тынысы тарыла түскен тәрізді болды. Ол балконға шығып, кәсіпшіліктер жаққа қарай көз тоқтатты. Тұнғыйық тастай қаранғыда жанып жатқан өрт жалыны байқалмайды. Құдірет біраз тынышталып, орныға бастағандай. «Шынында, біздің бақытымыз ол-оңай туа қоймайды», — деген ойға келді. Неліктен екенін кім білген, Құдірет күндізгі мәжлісте сөйлеген Фикретті есіне түсірді. «Жок, оныкі дұрыс емес. Барлығы қозғалыссыз бірқалыпта болса, адам азып та кетер». Ал Ләйла ше... Егер де ол жаза-



гайым бірденеге ұшырап қалса ше? Күдірет мұндай жамадықты ойламауға тырысты. Ештеңе де болмайды, барлығы да жақсы аяқталды. Бір — екі сағаттап кейін Ләйла есіктеп кіріп келіп, «барлығы өз қалпында» деп күлімсірер әлі. Оның машинасының тас жолмен зырғып бара жатқанын, Ләйланың буровойға жақындап барғанын, адамдарына келіп, өзінің келгенімен оларды жігерлендіріп тұрғанын, жұмысшылардың табиғат күшіне қарсы батыл шабуыл жасай бастағанын Күдірет көз алдына елестетіп отыр.

Күдірет Ширмаи ұйқтап жатқан бөлмеге барды. Оның кроватиның бас жағынлағы абажуры төмен түсіп кеткен шам жарығымен бетін анық көре алмады. Абажурды көтеріп, қызына карады. Бір қолын жастанып, екінші қолын созған Ширмаи қатты ұйқыда жатқан болатын. Қішкене қызының нұрлы бетін көрген Күдірет әйелін есіне қайта түсіруге мәжбүр болды. Ләйла кеткелі аз ғана уақыт өтті. Бірақ Күдіреттің, Ләйла барлығын да қалпына келтірді, мұнайға жұмыс киімін малшыған жұмысшылар да қауыпты күшті жеңіп, істі тыңдырды деген ойға сенгісі де келді... Алайда, мүмкін, былай болмай шыкса ше?.. Егер де Ләйла жараланып қалса ше?.. Немесе... деген күдікті ойлар оның басынан кетпеді.

Ширмаи қаннен-қаперсіз ұйқтап жатыр, бір нәрсеге күлгендей езу тартып. анда-санда ернін жайлап жыбырлатып қояды.

Күдірет асханаға барып, Ләйланың тресіне телефон соқты. Оған дежурный әйел жауап қатты. Төртінші буровойдағы жағдай қалай деген сұраққа ол, әзірше айтарлық анықталған ештеңе жоқ, — буровоймен телефон байланысы үзіліп қалған, әйтеуір өрт жоқ көрінеді. алайда, жараланғандар бар дейді, бірақ мұның анығын айта алмаймын, деген жауап алды.

Мұнан кейін Күдірет өз тресіне телефон соқты. Көп уақытқа дейін ешкім жауап бермеді. Біраз уақыттан кейін ғана дежурный трубканы алды.

— Сөйлеп тұрған кім? Қай Зонин — Алеша ма, немесе Володя ма? Володя, маған қазір тез машина керек! Егер де менің шоферімді шақыру мүмкіндігі болмаса, маған жүк машинасы болса да жіберсін!

«Тресте тыныштық, басқарушы мұнша неге абыржып тұр, әлден уақытта оған машинаның қажеті не?» — деген ойға келген дежурный бұған таң қалды.

— Керек, Володя, керек! — деп Құдірет тұнжырай түсті. — Жүк машинасы да жоқ па? Қандайын болса да біреуін жіберші! Сенің ұзақ уақыт телефонға келмеген себебің не? Балконда болдым дейсің бе? Жарайды, тез жібер...

Тоғызбан есіктен қарады. Ол баласының телефонмен сөйлескенін естігеннен кейін, жаңа ғана ояңған болатын. Оның әлден уақытта машина жібер деген сөзі Тоғызбанды тынышсыздандыра түсті.

— Не боп қалды, жаным-ау?

Тоғызбан баласына тіпті жақын төніп келді, оның демалысы да Құдіретке естіліп тұрды.

— Ештеңе емес, мама, — деп Құдірет анасының иығына қолын асты да, анасын аймалап құшақтады. — Шын, ештеңе болған жоқ, ұйқта барып.

— Олай болса саған машинаның қажеті не?

Сағат екі жарымды соқты.

Тоғызбан келін баласы ұйқтайтын бөлменің есігін ашып қарады.

— Ал, Ләйла қайда?

Трестен оған телефон соғып, машина жібергендігін айтты.

— Ұлым-ау, сен қайда барасың? — деді, не боп қалғанын білгісі кеп бұрынғысынан бетер тынышсызданған Тоғызбан.

Анасының ақжүрек, адал ниетін алдау мүмкін емес-ті. Құдірет шындықты жасырып тұра алмады:

— Ләйланың кәсіпшілігінде бір уақытқа боп қалған тәрізді, мен соған баруға тиіспін. Сен қорықпа, мама, біз қазір қайтып келеміз.

Төртінші скважинаның забойы қаланың үлкен үйлерінің астын кеулеп өтіп жатқан болатын. Бұл үйлер салынған кезде геологтар бұл жерде мұнай барын білмеген-ді.

Олар қала үйлерінің астындағы жер қыртысында мұнай пластысы жатқанын кейін анықтады. Кейбір инженерлер ол үйлерді бұзып, оның орнына буровой орнатуды ұсынды. «Бізге мұнай керек, — десті олар, — ол үйлерді басқа жерден салуға да болады». Бұл ұсынысты ылтипатқа алмауға да болмады. Үйлерді көшіру туралы ұсы-

ныс етуге шақ қалды. Алайда, бірсыпыра инженерлер бұған қарсылық жасады: «Үйлерді құрбандық етуге болмайды, — бұған көп еңбек сіңірілді, миллиондаған қаражат шығарылды». Ерінбей-жалықпай, табандылықпен мұнай іздеу ісін кері кетіргісі келгендер, осылай деген болатын. Бұл жағдайда айлакер, тапқыр, батыл инженерлер тобы өз ұсыныстарын жасады: «Үйлерді бұзбай-ақ, скважина орнатамыз», — деді олар. Міне, осындай талас-тартыста төртінші буровой орнатылған-ды.

Буровой қарт мастерлерінің бірі — «кәрі бөрі» деген атаққа ие болған Волков, каладан жарты километр қашықтықтан скважинаны бұрғылай бастады. Ол скважинаны бұрғылағанда әдеттегідей тік бұрғыламай, қала үйлерінің астымен жантайта жүргізіп, мұнай пластына бағыттап бұрғылады. Бұрғылаудың бұл әдісі—жантайма бұрғылау деп аталады. Скважинадан алынған көк балшық составы, геологтардың мұнда мұнай бар деген болжауын растады. Мұнан кейін жантайма бұрғылау буровойларын орнату ісі дамытылды.

Жаңалықтардың үмітін еналдымен төртінші скважина ақтауға тиіс болды. Мұның бұрғылау балтасы қазір жер астына екі километрдей өтіп, болжаулы тереңдікке жетуге жүз жыйырма метр ғана қалған-ды. Бұл скважинаның мұнай берер-бермесі бүгін болмаса ертең белгілі болуға тиіс.

Төртінші буровойды Ләйла дамылсыз бақылаумен болды. Ол қызған жұмыстың басында жүріп, скважинада не боп жатқанын біліп отырды.

...Ол буровойға келген кезде уақытқа аяқталып қалған-ды. Күшті газ фантаны атқанын Ләйла бірден-ақ білді. Жұмысшылар жанталаса қыймылдап, табиғаттың дүлей күшін ауыздықтап үлгірген-ді. Бұл жанталасқан, арпалыста тандаулы жас жұмысшының бірі — Мехман өлімші болып жараланды. Ол өмірінің акыры минутың өткізіп жатыр.

— Тез ауруханаға! — деп бұйырды Ләйла.

Жараланған жігіт, кеуіп қалған еріндерін әрең ажыратып, күбірледі:

— Ләйла апай, қажеті жоқ, босқа еңбектенбеніз.

Оның самайынан қатып қалған қан көрінді. Қан қатып бір-біріне жабысқан қою кара шашы маңдайын жауып жіберген; дал-дұлы шығып жыртылған көйлегінен, ошақтай боп қан ұйыған көгерген еті көрініп жатты.

— Шапшаң ауруханаға жөнеліңдер! — деп ақырды Ләйла, ерекше адамша өз қатарында тұрған шоферінің нығынан жұйқылап.

Шофер мен бірнеше жұмысшылар жаралының қасына төніп келген кезде, ол тағы да күбірледі:

— Қажеті жоқ... Босқа әуреленесіңдер...

Дегенмен, жұмысшылар оны орнынан көтеріп, буровойдан жыйырма кадамдай жерде тұрған машинаға алып жүрді. Ләйла олардың соңынан жүріп келді.

Жұмысшылар машинаға жетпей-ақ тоқтап, алып келе жатқан адамды жерге қойды.

— Не боп қалды? Сендер неге тоқтап қалдыңдар? — деп Ләйла тағы да айқайлап жіберді.

Оған ешкім жауап қатпады, олар оның сөзін естімегендей болды.

— Тезірек алып жүріңдер, сендер не күтіп тұрсыңдар? — деді оларды асықтырып, бұрынғыдан бетер мазасызданып, сасқалақтаған Ләйла.

Міне, буровой мастері Волков карт енді ғана бұрылып Ләйлаға қарады. Оның бетіп сақал, мұрт басып кеткен. Көп сыннан өткен мұнайшы әрқашан ең қиын скважинаны алатын-ды. Қазір ол үстінен зіл басқандай бүкірейіп тұрып, қайғылы жүзімен тіл қатты:

— Исмаилзада жолдас, оның көзі жұмылды. — Ол калтасынан көк балшық тамшысына былғанған орамалын алып, көз жасын сүртті. — Мехман менің баламның орнын басқан еді. Ваня майданда қаза тапты, ал бұл болса — мұнда...

Волков орамалын көзіне басты. Оны босаң деп ешкім де кіналай алмайды, жоқ, ол баласының қаза тапқаны туралы хабар алғанда да жұрт көзінше жылаған жоқ. Ол қазір көз жасымды түн қараңғысы жасырар деп сенді.

Ләйла тізе бүгіп, Мехманның мазутка былғанған қолын алды да, соғуын байқады. Жым-жырт тыныштықта бірнеше секунд өтті. Бекер, — Мехманның қолында жан жоқты-ты.

Ләйла өліктің маңдайына түскен шашын кейін қайырды, күнгірт тартқан айдың көкшіл жарығымен Мехманның беті оған сүп-сүр болып көрінді. Ләйланың демі тамағына лықсып келіп, түйдектеліп тұрып қалғандай болды.

— Ой, жолдастар-ай, сендердің бұл не істегендерің! Сіздер оны қауыпты жерге неге жібердіңдер?

— Оны мундай жерде токтата аларсын ба? — деді, синеердей десеімен ілгері ентелей түскен Волков. Оның дірілдеп шыққан даусынан көз жасын төгіп тұрғаны айтпай-ақ білініп тұрды: — Оның қандай жігіт болғанын сіз білесіз ғой, әлгібір әзірде ғана күш алатын электр линиясы бұзылып қалды, біз монтерге телефон соға алмадық. Ал, ол мысық сыяқты мұнараның ең төбесіне өрмелеп шығып барды да, барлығын түзете бастады. Ол жігіт қана емес, жанып тұрған от еді ғой..

Біреу көкірегін қарс айыра күрсінді, біреу еңкілдеп өксігін, баса алмай жылады.

Машина гудогінің даусы естілді. Құдірет үймелеп тұрған адамдарға жетіп келді. Ерлі-зайыпты адамдардың көздері кездесіп қалды. Ләйланың көзінен ішін кернеген қайғыны, шүберектей бозарған оның бетін көрген, Мехманның сұлап жатқан өлі денесіне қараған Құдірет Исмаилзада барлығына да түсінді. Бірақ ол сұрақ бермей қарап тұра алмады:

— Бұл қалай болған? — деді.

Ләйла да, жұымсшылар да жауап қайтармады. Мұндай бақытсыздықтың қандай жағдайда болатынын Құдіреттің жақсы түсінетінін жұрттың бәрі біледі, оның бұлай сұрақ қою себебі өзінің көңіл айтуын білдірейін дегені болуға тиіс:

Өліктің қуарған беті, жіңішке мойнына кадала қалған Құдірет, оны бұрын көргендігін есіне алды. Баку газетінің бірінші бетінде оның суреті үлкен болып басылып шыққанын енді ғана есіне түсірді.

— Бұл жуырда газетке жазған Мехман емес пе? — деді Құдірет ешкімнің бетіне қарамастан.

Оның қатарында қозғалмай тұрған жұмысшы сыбырлағандай жайлап:

— Дәл соның өзі... Исмаилзада жолдас, бүкіл трестің мақтанышы еді... Міне, көріп тұрсыз ғой неге ұшырағанын... — деді.

Ләйланың нығы селкілдейді, ол дыбысын шығармай булығып жылап тұр еді.

Біреу көкірегін қарс айыра күрсініп тұрып, сөйлей бастады:

— Неменеге тұрмыз... Көз жасымен қайғыға шыпа бола алмайсың...

Жұмысшылар өліктің денесін көтеріп машинаға алып жүрді.

Тек Волков қана адамдар тобына қосылмады. Ол артта жалғыз өзі жүріп келеді. Жұмысшылар машина қасына тоқтаған кезде Волков қолорамалын жанқалта-сынан тағы да суырып алды.

6

Исмаилзаданың үйінде пианино даусы бұрынғыдай қатты шықпайды, бөлмеде Ширмаидың күлкісі де естілмейді. Мектептен қайтқан кішкене қыз, әдетінше музыка аспабына жақындамайтын болды, ол керек десе бұрынғыдай әке шешесіне телефон соғып, үйге қашан кайта-тындары туралы да сұрамайтын болды. Сабағыш қалай болса солай даярлағаннан кейін ол әжесінің дizesіне басын сүйеп, сазарып отырады да қояды, керек десе ол әжесінен жаңа ертегі айтуды да өтінбейтін болды. Осылай отырып, ұйқтап та кетеді. Әжесі оны жайлап шешіндіріп, төсегіне апарып жатқызады.

Бұл үйдегі реніш кірбің көршілердің бәріне де белгілі болды. Танертең қызметке кеткенде, кеш қызметтен қайтқанда, Ләйла бұрынғысындай көршілерінен жайдары жүзбен саулық хал сұрасып, көңілді әңгімелесуді де қойды. Ол көршілерін көргенде тек қана бас изеп амандасып өте шығады, көбінесе ол ешкімге қарамай, жанынан өткендерді де әдейі көрмеген болып, бұғып өте шығатын болды... Оны қайғыландырған төртінші буровойдың мерзінде қатарға қосылмағаны ғана емес (бұл кешеуілдеу онша ұзаққа созылмаған да болар еді, онсыз-ақ оның тресі бұрынғысынша озаттар қатарында болып келеді). оны қайғыландырған Мехманның өлімі болды. Ләйла өз жаратылысында босаң әйел емес-ті. Алайда, жас жұмысшының қайғылы қазаға ұшырағанын ол тіпті есінен шығара алмады.

Өз әйелінің қайғысын Құдірет түсініп жүрді. Ол енді, кеш болса да, күн сайын үйге соғып кетуге тырысты. Ол әйелін сергітіп, көңілін көтергісі де келді. Бағзы кездері Ләйланы күлдіру айласын да тапты, алайда, Ләйланың бетінен қайғының ізі кетпей қойды. Ол тіпті аз сөйлейтін болды, тамаққа да пейлі шаппай, тек енесінің көңлін аулау үшін ғана аздап ішетін болды; кей кездері кітап оқып отырып, бір белгісіз нуктеге қадала қарап қалатын дертке де тап болып жүрді.

Дәл осы кезде Құдіретте де сәтсіздік жағдай болды.

Теніз буровойының бірінде мұнай орнына су шыққаны туралы хабарлады Құдіретке. Бұл хабарды естіген Исмаилдада буровойға кетті; трестің аға инженерімен бірге көп уақыт әбігерленіп, үйіне ертеңгі сағат төрттерде ғана қайтты. Төсегінде ұйқылы-ояу боп жатқан Ләйла бір буалдыр сөздерді айтып, сөйлеумен болды...

Құдірет әйелін оятпады. Жатуға ыңғайланған Құдірет жасыл абажурлы шамды жағып, столдағы жаңадан келген журналдарды өз жастығының жапына қойды. Ол трест және мұнай орнына су атқан буровойдағылары туралы ойлаумен болды. Түннің осы әлден уақытына дейін «Азнефть» бірлестігінен соғылған телефон шылдыры, ондағылардың «трест кемшіліктен қашан шығады» деген сөздері Құдіреттің құлағынан кетпей қойды. Шынында да, Құдіретті треске тағайындағаннан бері бурғылау жоспарын орындауда айтарлық өзгеріс болмағанды, сондықтан да орынды жасалған ескертуге қарсылық сөз айтудың жөні де жоқ еді. Ол тек болашақта ғана арқа сүйеді, өз еңбегінің зая кетпей, нәтиже шығаратындығына сенді. Ал әзірше, шыдамдықпен ескертуді тыңдап: «Сіздердікі дұрыс, бірақ уақыт беріңіз жағдай түзеледі», — деп жауап бере тұру керек болды... Басқалардың көнілін жайбаракаттандыруға болар еді, бірақ өзін жұбағуға тіпті болмайды. Өзінің жауапкершілігінің күн сапап өсіп келе жатқанын Құдірет біледі, сондықтан та тресте болып жатқан әрбір сәтсіз іске күйінуі күшейе түсті.

Құдірет амалсыздан Ләйлаға қарады. Шамның сәулесі жастық пен әйелінің бетін жарық қыл тұрды. Құдірет әйелінің самай шашының бірсыпыра ағарған жерін байқады. «Бұл қашан пағла болған? — деп ол өзіне-өзі сұрақ берді де, шамды көтеріп, әйелінің басына жарық түсірді, оған үйіле қарады. Ақ шаштар самайда ғана емес, қақ маңдай үстінде де там-түм көріне бастапты. «Бұл қайғылан... Ол Мехманның өлімі туралы әлі ойлайды». Құдірет ауыр күрсінді. Ләйла оянып, көзін ашты, ол күйеуіне қарап:

— Сен сонша неге тұнжырайсың, Құдірет? Әлде сенің тресінде тағы да бір пәле боп қалды ма? — деді.

Ол озу тартып күлуге тырысты. Бірақ Ләйла өз ерінің сырын жақсы білетін, жанына батқан, көкірегін қарс айырған ауыртпалықты жасырудың Құдіретке ыңғайы келмеді.

— Жоқ қымбаттым. — деп жауап қатты ол, еш-

неге болған жоқ... Жайшылық, тек мен өте шаршаптым!

— Ләйла бәрі шүбәлана қарады.

— Сен менен неге жасырасың?

Құдірет еңсесін түсіріп, төмен қарады.

— Шыным, ештеңе де болған жоқ. Өзің көріп отырсың ғой, жалықтым...

— Шаршаған болсаң ұйқта... Журналдарды таста... Өзінді-өзің зорлама.

Ләйланың демалысы әдеттегісінен өзгеше ауыр сыяқты. Болған пәлені менен жасырып отыр деп шүбәланған әйелінің бұрынғыдан бетер мазасызданып, уайымға шома түскеніне Құдірет түсіне қойды. Жоқ, оны алдау қыйын. Ол Ләйланың басын жүрегіне қысып, елжіреп сөйлей бастады.

— Уайымдама, Ләйла... Екеуміз бір майдандамыз ғой... Шығыннан қашып құтыла алмайсың.

— Білемін, бірақ ол туралы ойламай отыра алмаймын, — деп күбірледі Ләйла.

— Нанамын, — деп, ол оң қолымен әйелінің басын сүйеді де, сол қолымен оның бурыл тарта бастаған самайын сыйпады. — Міне, мынау ойлағандықтан...

— Ол немене?

— Сенің шашыңның ағын мен жаңа ғана байқадым...

— Ал сен неліктен сонша терең күрсіндің?

— Осы үшін ғана, қымбаттым!.. Осы уақытқа дейін байқамадым...

— Қартайып келе жатқан болуым керек, — деп Ләйла кірің шалған жүзімен күлімсіреген болды.

Құдіреттің бетінен әдеттегі көңілді күлкісі ойнады.

— Жоқ, Ләйла... Сен менің үйімнің табалдырығынан кеше ғана аттаған сыяқтысың...

Ләйла ерінің бетіне сұраулы пішінмен ұзақ уақыт теңіле қарап отырды да:

— Көңілімді жұбатасың ғой, ә? — деді.

— Жоқ, ант етейін, жоқ, олай емес! Шын айтып отырмын. Ал біз бұл дүниеде қанша өмір сүрдік?... Қырық жыл — бұл түк емес қой?..

Ләйла үндемеді. Өмір сүруге деген Құдіреттің өте ынтызарлығын білді. Құдірет, керек десе, қыйыншылықтан да, дамылсыз жұмыстан да ләззат алады.

Бөлменің ішін аз уақыт тыйыштық биледі. Асханада ілулі тұрған қабырға сағаты бесінші жартыны соқты.

— Мен, шынында да, катты уайымдап жүрмін, — деп мойындады Ләйла.



— Немесе, Мехманның өлімі туралы тексеріп жатыр ма — деп ол, біреу естіп қала ма дегендей жайлап сөйлеп.

— Солай болуға тиіс... Бірақ шын аман жерде Волковты кіналауға тырысқан. Ол не үшін кіналы болмақшы? Қарттың Мехманды өз ұлындай сүйгенін кім білмейді?.. Жеткіншекті қауыпты жерге ол жіберген жоқ қой, Мехманның өзі урынған ғой... Қайта, Волков оған айқайлап, бір рет емес, бірнеше рет ол жерден тез кетуге бұйырған... Алайда, біздің жастар солай тәрбиеленген ғой... Буровойды аман алып қалу үшін ештеңемей де сапаспапты... Марқұмның аруағын қозғап не қылады енді?..

Біраз үндемей отырды да, Ләйла сөзін қайтадан жалғастыра түсті:

— Мен бүгін Мехманның шешісіне бардым. Бейшара жылағысы келіп еді, көзіне бір тамшы жас шығаруға шамасы келмеді... Мехман оның жалғыз ұлы еді... Оның өзі тігін фабрикасында жұмыс істейді. Байқайсың ба? Жылай-жылай ол көзінің жасын түгескен... Қүдірет, оның қайғысын арқалап жүру маған оңай ма?..

Ләйланың көзі жасқа толды. Ол осы уақытқа дейін ішіндегі қайнаған ызамен арпалысып, өзін-өзі ұстап отырған-ды.

— Өте қиын, маған оның қайғысы батады! Оны арқалап жүру маған оңай емес! — деп қайталады да, ол өзін-өзі тоқтата алмай солқылдап жылап жіберді.

Қүдірет оның ағара бастаған шашын тағы да сыйпай түсті.

— Алдын ала шара қолдану керек, қымбаттым! Бұл уақытқа біз үшін сабақ болуға тиіс!

Төсекке жатқан Қүдірет біраз уақытқа дейін ұйқтай алмады. Ләйла да ұйқтамады. Мехманның шешесі оның есінен кетпей қойды.

## БЕСІНШІ ТАРАУ

### 1

Тапр техминимум оқуына уқыпты қатысып жүрді. Соңғы кездерде оқытушылар өзгене қатал, талап қойғыш болып алды. Сабақ дәл көрсетілген уақытта басталып, көрсетілген уақытта аяқталып жүрді. Оқушылардан ал-

дың күнгі өткен сабақты басынан аяғына дейін қалдырмай қайталап сұрайды. Оқытушылар өз таланстарын кездейсоқ күшейткен жоқты. Құдірет те, Ләйла да жасардың кешкі оқуына ерекше көңіл бөлді. Олар қарамағында жұмыс істейтін қолөнер училищесі мен ФЗО мектебін бітіргендердің тізімін алдырып бұл балалардың техника қауыпсыздығын нашар білетіндігін тағайындады. Бұл фактының өзі оқу программасына арнаулы қосымша сабақтар енгізуді талап етті. Мұнымен қатар, буровойларда жұмыстың ережесін бұзатын кейбір жағдайлардың қалайша болып келген себептерін жете түсіндіру мұғалімдерге баса тапсырылды.

Құдіреттің өзі арнаулы уақытын бөліп кешкі мектеп сабағына қатысатын болды. Ол келген сайын оқушыларға сұрақ қояды. Екінші рет келгенінде өткен жолы жауап бере алмаған балалардан қайталап сұрайтын болды. Егер де ол жеткіншек екінші жолы да жөнді жауап қайтармаса, онда оның фамилиясын қойын книжкасына жазып: «Саған бір күн ғана мұрса берем, егер де ертең де жауап бере алмайтын болсаң, енді қайтып менің көзіме түспейтін боласың», — деп қатал ескертетін де болды.

— Мұндай қаталдық болу себебі неден? — деп Таир, оқушылардың сүйетін оқытушыларының бірі Жұмазададан.

Мүгедек болғандықтан соғыс аяқталған кезде Жұмазада армия қатарынан босатылған-ды. Орта бойлы, қақпақ жаурынды, шымыр денелі Жұмазада артиллерияда қызмет істеді. Ол көмірдей қап-қара шашын бір шекесіне бұрып тарайтын. Ол осы уақытқа дейін әскери терминдер мен майдандағы кейбір сөздерден әлі қол үзе алмай жүрген болатын.

— Егер де біз жауынгерлерді нысананы дәл атуға тек артиллерия атысына даярлық кезінде ғана үйреткен болсақ, бұл кешіккендік болады. Мұндай шараларды алдын ала істеуіміз керек. Егер де артиллерист математиканы нашар білетін болса, ол ұрыс кезінде сасып қалуы мүмкін. Мұнай да сол сыяқты. Ескі бұрғылау заманы әлдеқашан өтіп кеткен-ді, енді турбинамен бұрғылау кезеңі келді. Табиғат күшіне қарсы күрес өте көп білуді талап етеді...

Жеткіншектің бетінен терең ойға шомған пішіні байқалды.

— Демек, бір ғана батылдық жеткіліксіз болады, —

дәді ол тағы да, — мұнайды, оның, барлық жолын білу қажет.

— Мұнайды білу үшін техниканы меңгеру керек. — деп қорытты, Жұмазада өзінің сөзін.

Бұл әңгімеден кейін Таир техминимум оқуын зор ықпалмен шындап қолға алды: кітапханадан кітап алып оқып, оқығанын ұмытып қалмас үшін олардан қажетті деп санаған жерлерін жазып алып, өзі түсінбегенін оқытушылардан сұрап алып жүрді.

Қәсіпшілікте социалистік жарыс шарты қабылданғаннан кейін Рамазан ұста буровойндағы жұмыс қарқыны күшейіп, дами түсті. Басқа бригадаларда да жағдай жақсарды десіп жүрді. Исмаилзада тресінде белгіленген жұмыстағы жаңалық газеттерде көрсетіле бастады.

Рамазан ұста өз балаларын, әсіресе, буровойдағы ең жастар Таир мен Жәмилді бір имнұт те көзінен таса етпеді. Мехманмен болған бақытсыздық оны қатты сақтандырды. Ол күн сайын жас жеткіншектермен шұғылданып, оларды өздігінен жұмыс істеуге баулыды. Бұл жөнінде оған Васильев үнемі көмек көрсетті. Ол Рамазан ұстадан әлдеқайда жас еді, бірақ бұрғылау техникасын одан кем білмейтін-ді. Рамазан өз біліміне жұмыс практикасында, өзі айтқандай — «Барлығына да өз еңбегімен жеткен-ді», Васильев болса кезінде техникалық курстарды бітірді.

Буровойға келген бірінші күннен бастап-ақ Таир ол екеуіне де ұнаған-ды және олар өз үйренушілеріне үнемі қамқорлық жасайды. Олардың екеуі де, бай қожалардың буровой мастерлері қарамағында жұмыс істеген ауыр күндерін, қанша қыйыншылыққа шыдаған жастық шақтарын ұмытпаған-ды.

Ол кезде, өндіріс қожаларының мастерсымақтары, орындарын алып қояды деп қорыққандықтан, өздерінің болмашы өнерлерін жастардан қызғанып, мардымды үйретпейтін еді. Рамазан ұста мұндай итаршылар қоластында жүріп, бір орынды он бес жыл таптаумен болған. Ол тек революциядан кейінгі екі жыл ішінде ғана буровой мастерлігіне қолы жетті. Ол өз шәкірттерінің біріне де ондай күншілдік ниетпен қарамады, демек, олардың мамандық меңгеруінен қорқу былай тұрсын, қайта, шексіз қуанатын болды. Ескі мастерсымақтардан кек алғандай, ол жыл сайын алты — жеті кәдір үйретіп шығаратын болды. Оларға тек мамандықты ғана үйретіп қоймай,

сонымен қатар, өткенді әңгімелен: «Совет өкіметінің қадірін білу керек» — деп үйрететін болды.

Таир, «ұрыс майданынан кетпеуге» Рамазан ұстаға уәде берсе де, дегенмен, ауыл туралы ойдан әлі арылмай жүрген сыяқты. «Кетпеймін» деген сөзді үлкендердің қырағылығын босаңсыту үшін айтуы мүмкін ғой деп ойлағандар да болмай қалған жоқ.

— Сергей Тимофеевич, — деді мастер, Васильевке қарап, — одан бір минут те көз жазуға болмайды, ол әлі бала ғой, мұндай жаста балалар жақсы әдеттен гөрі жаман әдетке әуесқой болады.

Васильев Рамазан ұстаның тәжірибесіне, балалардың қабілеттілігін айыра білетініне әбден сеніп әдеттенген, ол да Таирды туған баласындай жақсы көретін болды. Бірақ оның скеуі де жеткіншекке мұны сездірмеді, одан ұқыптылық пен дәлдікті талап етті, іскерлікті тәртіптен бөліп алуға болмайды деп санады. Бұл олардың қасиетті тәртібі болды. Мұндай қаталдықтың қажеттігін Таир да жүре-бара түсіне бастады.

Алпыс — жетпіс метр жер бұрғылағаннан кейін бұрғылау балтасын қайрау, ұштау, басқамен айырбастау керек болады, бұл үшін барлық аспапты скважинадан тысқа шығарып алу қажет. Скважинадан аспаптарды шығару жұмысын Рамазан ұста бұл жолы Таир мен Жәмілге тапсырды, ал өзі анадай жердегі бұрғылау түтіктерінің үстінде отырып, Васильевпен әңгімелесті.

Олардың әңгімесі тағы да Таир туралы болды. Рамазан өзінің шүбәлі ойын айтқан кезде Васильев оны қуаттады.

— Дұрыс, Рамазан Ескендерович, оны, шынында да, көзден таса етуге болмайды. Ол бізге нағыз керек бала, мұндай оттай жанған пысық жігіттерді өз бетімен жіберуге болмайды.

— Менің пікірім осындай, — деді Рамазан ұста, өзінің ойына жауап беріп, — оның жұмыс дәрежесін өсіретін уақыт жетті ғой деймін. Онда оның жауапкершілігі де артар еді.

— Бұл дұрыс, — деді Васильев.

Рамазан ұста жұмыс істеп жатқан жеткіншектерге қарады. Тек қазір ғана түлеген жыландай жалтыраған бұрғылау түтіктерін көрді. Түтіктердің тез айналу қыймылынан қарт шебер Таир мен Жәмілдің жұмыс қарқынын біліп, оларға ризалықпен күлімсірей түсті:

— Жаксы, балалар! Дұрыс-ақ!

Сонан кейін ол Васильевке қарады:

— Сен олардың жатақханасында болып көрдің бе, олардың қалай тұратынын көрдің бе? Мен де көптен бері барып, олардың тұратын орнын көргім келіп еді, бірақ уақыт ыңғайын тіпті таба алмай-ақ жүрмін. Олар әлі жас қой, камкорлық жасау керек.

— Дұрыс! — деп бас изеді Васильев орнынан тұрып бара жатып. — Барлық түтік шығарылып болған. Оларға барып мұнан былай не істеу қажеттігін көрсету керек.

Рамазан ұста да орнынан тұрды. Екеуі скважина жанына келді. Таирдың қолы былғаныш, бетінің тері сорғалап тұр, жұмыс киімі балшыққа баттаққан.

— Ұста — деді ол, Рамазанға қарай бұрылып, — түтік көтеру шапшаңдығын тездетуге болмас па екен? Ол тіпті жай айналады екен.

— Әрине, болмайды, — деді оның надандығын ерсі көргендей қарқылдап күлген Жәміл.

— Сен неге күлесің, достым? Біз жарысқа түстік қой. Стахановтың әдісі дегеніміз не? Бес минуттік істі бір минутте бітіру қажет.

Олардың арасындағы қайшылықты өршіткісі келмеген Рамазан өз әдетінше біреуін қуаттағанмен екіншісін қустаналамады.

— Мұның болмайтын ештеңесі де жоқ, балаларым!..

Женген адамша Таир айбаттанып жолдасына қарады.

— Бірақ мұның бәрі бар, — деп сөзін жалғастыра түсті Рамазан ұста, — егер түтікті тез көтерген болса, скважина станогі бұзылып қалуы мүмкін,

Ұстаның бұл сөзін кейін Жәміл өзін жеңген адамға балап Таирға ежірейе қарады.

— Ал, мен осы туралы айтпап па едім саған?

— Демек, екеуің де жартылай дұрыс айтасындар, — деді Рамазан ұста. — Егер де бір жаңашыл неме табылып, өзінің ойлап тапқан айласымен бұл іске көмектескен болса, тіпті тамаша болар еді.

Екеуіне де жауап қайтарғанына өзіне-өзі риза болған мастер Васильевке қарады:

— Сергей Тимофеевич, сен кенеден бері дамып алмадың ғой. Үйіңе бар, демал.

Васильев жауап қатпастан барып, қамыс жаппа астындағы тіреуге ілулі тұрған кенеп күртесі мен шетен

баркасын алды. Ол ақселеу серек шашын қолымен кейін айырып тастап, кешкасын киіді, күргесін қолтығына алып, Буровой көпірімен жаңа ғана келіп тоқтаған баркасқа қарай жүрді.

— Енді екі көздеріңмен бірдей қараңдар, — деп Рамазан уста шәкірттеріне бұрылды. Таирдың сұрақ бергелі тұрған түрін көріп, оған тағы түсіндіре бастады: — Кешікпей біз мұнай кабатына жетеміз. Сендер сақ болуларың керек. Егер де кішкентай ғана нәрсені аңғармай қалсақ, онда бұған жұмсаған барлық еңбегіміздің зая кетуі мүмкін...

Таир мен Жәмил күш қосып, түтүкті көтергішке жалғастырды. Алайда, түтік ақырына дейін көтеріліп болғанына қарамастан, Таир мәдениет будкасынан шыққан Ләтифаны көрді. Түтіктің көтерілуін бақылау қажеттігін ұмытқан Таир Ләтифаға қараумен бажырайып тұрып қалды.

— Егер де мұнан былай да жұмыс осылай істелетін болса, мұндай істен мардымды нәтиже шығады деуге болмайды. — деді, даусын сол шығара сөйлеген Рамазан ұста. Ол, бетінде ойнаған күлкі белгісін Таирға көрсеткісі келмей теріс айналды.

Ләтифадан жалма-жан кезін айырып алған Таир тездетіп түтікті бұрады да, кілтті Жәмилге берді.

— Мастердің сөзін сен тез-ақ ұмыттың, — деген Жәмил түтікті өз кезегімен бір бұрады да, кілтті қайтадан Таирға ұсынды.

— Жә, жә! Немене, дүние бүлініп кетіппе сонша! — деп жауап қатқан Таир түтікті бекітіп болды да, осы кезде Рамазан ұстаға жақындап келген Ләтифаға басқалардың көзін ала беріп, тағы да бір қарап алды.

Түтікті жібере бастау қажеттігін білдіргелі ол жоғары қарап тұрып, қолын бұлғады. Түтік біркелкі дауыспен сырылдап скважинаға сүңгіп бастады.

Таңсәрі. Түнгі смена жұмысты аяқтауға жақындаған кезде Буровойға таянып «Бахар» баркасы келіп тоқтады. Оның ішінде алты жұмысшы бар екен.

Буровой тактайына келіп түскен топ жұмысшының бригадирі Рамазанға өздерінің келген мәнін түсіндірді:

— Біз, өзіміздің басқарушымыз Ләйла Исмаизаданың бұйрығымен сізге келіп тұрмыз. Сіздерге көмек көрсетуге тиіспіз.

— Қандай көмек? — деп таңданған Рамазан бригадирдің басынан аяғына дейін бір шомып шықты.

Бұл ұзын бойлы, какпақ жаурынды, денелі адам болатын. Оның жұқа, көйлегінің ішінен қолдарының бұлшық еттері бадырайып көрініп тұрды. Ол күресетін адамша аяғымен төрт тағандап, Рамазан ұстаның айтар жауабын күтіп тұрды.

— Сіздерді маскара боп артта қалып жатыр деседі. Біз сіздерді кемшіліктен сүйреп шығару үшін жетекке алғымыз келеді.

Алғашқыда жұмысшылар ойнап айтып тұр деп ойлаған Рамазан ұста, олардың бұл сөзді шынымен айтып тұрғанына жаңа ғана көзі жеткен соң, бригадирге ежірейе қарап сөйлей бастады:

— Ләйла ханымға өте ризамын, мен оған алғыс айтамын. Бірақ әзірге көмекке кұштар емеспін. Осы уақытқа дейін біздің буровойымызда жұмыс жоспары екі жүз проценттен кем орындалып көрген емес. Егер де қарқынымыз осылай жүре берсе, келесі айда орындау процентінің көтеріле түсуіне кәміл сенем. Өздеріңе-ақ қайтындар, сендер онда да керек боласындар.

Келген бригадир Рамазан ұстаның келгендерді ренжітпеу үшін ғана өзі-өзі әрең ұстап тұрғанын, бірақ өте ызалы екенін сезді.

— Жарайды, — деп ол Рамазанның ұсынысына мойынсұнды, — кайтеміз, біз басқарушымызға айта барармыз.

— Біздің уәдеге тұратын адамдар екенімізді де айтыңыз. Социалистік жарыста біздің трест артта келе жатқаны рас. Бірақ «балапанды күзде санайды» дейді ғой. Маған көмек керек емес, — деген Рамазан ұстаның даусы көтеріңкі естілді. — Сендердің басқарушыңызға өзім телефон соғам. Менің сендерге айтарым — мұны көңілдеріңе ауыр алмандар...

— Мейліңіз, айтыңыз!

— Түйе қанша көтерем болмасын, тек оның сүйегі мен көні болса болғаны, ол қандай көшпеліде де болдырмайды, — деген мақалды айтты, қарт ұста.

Бұл мақалмен қарт мастердің не айтқысы келгеніне бригадир жете түсіне алмады, бірақ ол дауласып тұрмады, өз жұмысшыларына баркасқа отырындар деген белгі білдірді.

Олар жүріп кеткеннен кейін, бригадирмен сөйлескен-

дегі әрбір сөзін тыңдап тұрған жұмысшыларына бұрылған қараған Рамазан ұста, жайымен мұртынан күлді.

— Бейгіңдер ме, балалар? Егер де сендерде ар болса, менің арымды да аяққа баспаңдар, қорғаңдар.

— Қорғаймыз, ұста, қорғаймыз! — деп жұмысшылар шу ете қалды.

— Қорғаймыз! — деді Таир да, өзінің ерекше уәдесін бергендей.

## 2

Ләйла және трестің бас инженері Минаев, машинадан шығып, теңіз жағасынан жарты километр жердегі тасты дөңге орналасқан жаңа буровойға қарай жүрді. Олар минуттей кідіріп, жан-жақтарына қарасты. Күзгі кез. Жұлдызды түн болатын Аспанда жіңішке орақ жүзіндей бестен туған ай аздап сәулесін шашыратып тұр. Бұл жерден Кировтың зәулім ескерткіші айқын көрінеді. Әскери марш ойнап жатқан музыка оркестрлерінің даусы естіледі. От жарығымен күмбезделген қала ойдан әшекейлі шеңберленіп көрінеді.

Баку қаласы алақанға салғандай барлық ұлы бейнесімен көз алдында жайнап тұр. Ауа райы тыныш болатын, шажырқайланған жұқа түтін қала үстінде шөгіп жатты. Электр нұрына бөленген көшелер бұл түтін ішінде жүзіп жүргендей бірнеше қатарлы зәулім үйлер болса, қауынсыз мұхитқа шыққан хисапсыз кемелер керуені тәрізді.

Дәл осы жерден бәрінен бұрын анық көрінген оң жақта көсіліп жатқан Баилов бәлді. Көшедегі жыпылықтаған электр жарығымен әрлі-берлі жүрген трамвай вагондары мен жеңіл машиналар емескі көрінеді, олар бейне жаңды ойыншық сыяқтанып, көзге түседі. Оқтай тұзу көшелер аяқталған жерден бастап теңізге қарай жарты арал боп еніп жатқан Баилов мүйісі көрінеді: мүйіс айналасында кеме жолдарын көрсететін алуан түсті белгі шамдары жыпылықтайды. Мүйістің оң жағынан тұнық теңіз ортасындағы жалғыз мұнара жіңішке ай жарығымен емескі көрінеді. Онда қазір жұмыс істеп жатыр ма, жоқ па — анықтау оңай емес-ті. Ол мұнара, әдетте, мұнайшылардың салтанатты жыйналысының президентумы столына қойылатын буровой моделіне ұқсайды.



— Рамазанның бұровойын көріп тұрсыз ба? — деді Ләйла, алысты ұсқап. Минаев электр жарығы түсіп айнадай жалтыраған теңіз бетіне қарады.

— Көріп тұрмын, — деп жауап қатты ол. — Бұл арадап қарағаныңда барлау бұройлары мұнай шығатын жер емес, әдемі көрме тәрізді боп назар аударады... Солай емес пе?..

Минаев біраз үндемей тұрды да, сөзін қайтадан жалғастыра түсті:

— Ләйла ханым, бұл суретпен түнгі Бакудің тамаша сұлулығын көреміз. Біздің бұрынғы акындарымыздың тек мазұт пен құмды ғана ұырлаған себебі не?.. Қаранызшы, қандай тамаша түп! Мұндай сұлулықты мен ешбір жерден, ешқайдан көре алмадым. Осы Бакуді тастап басқа жаққа кете алар ма едім? Мұны тіпті түсімде де елестете алмаспын дөймін!

— Сізде ондай ой болып па еді? — деді Ләйла, Минаевке қарап.

— Әрине, ондай ой болған жоқ! Мұны тек жай ғана айтып тұрғаным ғой. Мен осында туғанмын, осында өлемін де. Сіз білесіз бе, Ләйла ханым, мен жуырда Тбилисиге барып қайттым. Ол қаланың сұлулығында сөз жоқ. Алайда, мені Бакуге тоқтаусыз тартып тұрған бір нәрсе бар сыяқты. Сондықтан мен өзіме-өзім: «Егер де бір апта ғана Бакуді көрмеген болсам жабырқаумен өлермін», — дедім.

— Байқаңыз, жергілікті патриоттық сезім деген сөздің өреніңізді тарылтуы мүмкін — деп Ләйла оған әзілмен ескерту жасады. — Мен де Бакуді енгізеге айырбастамаймын, бірақ басқа жерлеріміздің әдемілігіне көз жұмып қараудың қажеті не? Барлығы да біздің Отан ғой!

Электр сәулесімен жарқыраған теңіз бетінде тағы бір жаңа қала орнағандай болып жатты, Ләйла мен Минаев бұл көрініске құмарта қарап тұрды.

— Түп көрінісінде Баку қойнауы Неаполь қойнауынан әлдеқайда сұлу деп Горький айтқан болуы керек, ұмытпасам, — деді Минаев.

— Алексей Максимовичтің берген анықтамасына шүбәлануға болмайды. — деп Ләйла оны қостады. Дөңге өрлеп келе жатып Ләйла әңгімені басқаға бұрды.

— Мен бүгін Құдіретті әлі көргенім жоқ. Олардың жоспары қанша процент болғанын білмейсіз бе?

— Сексен беске дейін көгеріңді. Жайып өрлеп келеді. Мен мұның құпиясы қайда екеніне тіпті түсіне алмай-ақ қойдым, ол бұл табысқа қалай жетіп келеді?

— Қандай құпия болмақшы!

— Оларда тәжірибесіз балалар тіпті көп. Мүлде артта қалған тресті қатарға теңеу үшін оларды басқара білу керек қой.

— Оларда Рамазан ұста сыяқты мастерлер бар екені де есіңізде болсын.

Буровойға келген Ләйла жұмысшылармен амандасты. Мұнда жұмыстың қызып жатқан кезі болатын. Бригада буровой орнату жұмысын аяқтап қалған-ды. Енді бірнеше сағаттан кейін барлық жабдық орын-орындарына қондырылуға тиіс. Ағаш ұсталар қажетті ағаш бөлшектерді кәшап, слесарьлар механизмдерді тәртіпке келтіріп жатыр. Бұл сенімді бригадалардың бірі болатын, алайда, Ләйла жұмыстың барысымен жете танысып тәптіштеп тексерді. Ләйла кетуге бет алып буровойдан шығып бара жатқанда, жыйнаулы жатқан бөренелер үстінде отырған бір топ жұмысшыларды көріп қалды. Олардың арасында Рамазан ұстаға көмекке жіберген жұмысшылардың бригадирі бар екен.

— Степан Федорович, сіз мұнда не істеп жүрсіз? — деді Ләйла, таңданған пішінмен. — Неге бармадыңыз? Немесе менің бұйрығым сізге міндетті емес пе?

Ләйла әдетінше барлық жұмысшымен жылы жүзбен сөйлесетін-ді. Бірақ оның жылы жүзділігін, ұялшақ мінезін пайдаланып бұйрығын орындамаған адам кейіннен өзінің сазайын тартатын-ды. Әлгі бригадир оның бұл сырын жақсы білетін. Буровойға кіреберістегі жарқыраған электр шамының жарығымен анық көрінген бригадир орнынан ұшып тұра келді.

— Ол не дегеніңіз, басқарушы жолдас! Сіздің бұйрығыңыз міндетті ғана емес, ол — заң ғой. Тек Рамазан ұста бізбен санаспады.

— Қалайша?

— Ол: «Түйе қанша көтерем болмасын, тек оның сүйегі мен көні болса болғаны, ол қандай көшке де болдырмайды», — деді!

Бұл мақалдың мағнасына түсінбеген Минаев Ләйлаға қадала қарады:

— Ол не дегені?

Бастапқыда Ләйланың өзі де ренжіп қалды, бірақ кейіннен езу тартты.

— Оның басқаша айтпағаны тіпті жақсы болған екен. Өйтпесе бұл мақалдың басқа бір түрі бар ғой.

— Бар, бар! — деп нығытты, бригадирдің қасында тұрған аласа бойлы, нәзіктеу келкен бір жұмысшы. — Арам өлген түйенің терісі де есекке ауыр жүк.

Жұмысшылар қарқылдап күлісті. Рамазан жауабының мағнасына бригадир енді ғана түсініп, уялғанынан қызарып кетті.

Ләйла Минаевқа бұрылды:

— Қайтеміз, Дмитрий Семенович! Олардың көмектен бастартқаны өздерінің күшіне ғана сенгені ғой. Ал біз өзіміздің қалып қойғанымызды байқамай жүрмейтін болайық. Өйткені тіпті жайбарақаттанып кеттік. — Ол бұрғышыларға қарады. — Жолдастар, әрқашан даяр болайық, жайбарақаттануға болмайды. Жарыста өзіміздің озат орнымызды ешкімге де бермейміз!

Қайтып келе жатқан Минаев машинаға жақындай бергенде:

— Я, Ләйла ханым, біз бір ең маңызды жағдайды естен шығарып жүрген сыяқтымыз... — деді.

— Атап айтқанда ше?

— Бұл тресті енді Исмаилзада басқарып отыр ғой.

— Ал онда не болмақшы екен?

— Егер де ол мен білетін Құдірет болса, өз әйелінен калуды ешуақытта да өзіне кешірмес.

— Дмитрий Семенович, сіз оны біле тұрып, әлі күнге дейін мені біліп үлгірмегеніңіз өте аянышты хал екен!

— Мұнысы қалай?

— Мен де өзімнің ерімнен калуға өзіме рұқсат ете қоймаспын... Бірақ, сайып келгенде, мұнда тұрған мәселе жоқ. Біз бақ таластырмаймыз ғой. Бізден олардың неге көмек алғысы келмейді?

— Мүмкін, өздерінің күштеріне сенетін шығар. Біздің оларға жіберген басқа бригадаларымыз да қайтып келді-ау деймін. Шынында, мойындау керек: жұмыс қолының санымен ғана табысқа жетуге болмайды.

— Мейлі ғой, бірақ олар бригадаларды бекер қайтарды. Бұл жөнінде, меніңше, Құдірет ештеңе білмейді.

Олар машинаға отырды.

— Мен үйге барам... — деді ол, екі басқарушының өзара түсініспеушілігін іскер шешу үшін ресми кездесу

туралы өңіме болып жатқандай, — бүгін Құдірет те үйге келуге тиісті.

Ләйла үйге келгенде Құдірет әлі қайтпаған екен. Енесі мен қызы ұйқтап қалыпты. Өзінің басқаруы екенін Ләйла бірден ұмытып кетті. Аяғының ұшымен басып асханаға барды, иығындағы орамалын алып іліп қойды, столдағы дастарқанды айырбастап, буфеттен айнадай жарқыраған ыдыс-аяқ, құралдарды алғаннан кейін сағатқа қарады: он екіге бір-ақ минут қалыпты.

### 3

Рамазан ұстаның сменасы жұмысқа кіріскенде, аспаптарды скважинаға қайтадан түсіру жұмысы аяқталған болатын. Кешегі арпалысқан жұмыстан кейін демалып, тыныққан Рамазан мен Васильев жұмыстың барысын бақылап тұрды.

Таир енді өзін жаңа келген адаммын деп ойламайтын болды. Әсіресе мастер оған жауапты жұмыстар тапсыра бастағаннан бері Таир бірден ержетіп кеткендей болып жүрді. Мұның үстіне ол, кеше аспаптарды скважинаға қайтадан түсірген кезде, Рамазан ұстадан мақтау сөз естіді: «Міне, осылай! Жақсы! Дұрыс!» Таир әсіресе бүгін қуанышты, өзіне сенімді сезікте болды. Ол масаттанып, буровойдың барлық түкпірлеріне барып, арадаумен болды. Ол тіпті өзінен жасы үлкен, шала сауатты жұмысшыларға да үйретуге тырысты. Таирдың ойынша, ол жұмысшылар мастердің сеніміне ие болып үлгімеген сыяқты болып көрінді. Сондай-ақ, ол өзі қатарлылар әлі менгеріп істей алмайтын жұмыстарды да атқарып жүрді. Таир кейбір істерге жақсы түсінбеген кездерінде мастерден кеңес алып тұратын болды.

Бақталас адамдардың көздері өткір болады деседі. Жәміл өзінің кеш келіп, бұрын үлгіріп жүрген жолдасының әрбір қадамына көз қырын салып, бақылап жүрді. Таирдың мастерге барып, кеңес алып жүргенін байқаған Жәміл оның намысына тиіп, сөзбен қажап та жүрді:

— Басканың нұсқауымен менің әжем де істей алады мұны, сырттан қараған адамға бұл жөнінде сен де бір нәрсені сезетін сыяқты боп көрінесің-ау!

Таир өздігінен жұмыс істей алатынын дәлелдеу үшін мастерден енді ештеңені сұрамауға бел байлады. Ра-

мазан ұста мен Васильев, қыйын жағдайда ол жігіт өзі келіп көмек сұрайды деп сеніп, өздерінің ұнататын жері — үйілген түтік үстіне барып жайғасып отырып алып, халықаралық мәселе жөнінен әңгіме шертті: Трумэннің Рузвельт саясатынан тайғаны, оның договорды бұзғаны туралы әңгімеледі. Екі мастер де ротор дыбысына андасанда құлақ салып қояды.

— Мен білемін, — деп қорытты Рамазан, — көбі біздің «қара алтынға» көз тігеді. Гитлер де оған тісін қайраған-ды. Трумэннің сөзінен де мұнай исі мүңкіді. Тек олардың аран ашуынан ештеңе шықпайды.

Осы минутте Таир саз-балшық ертіндісінің құйылуы тоқтағанын байқады. Ол тіпті демін ала алмай қалды, сасқалақтап Жәмілге қарады да, амалсыздан:

— Бұл немене? Неліктен бұлай — деді.

Жәміл шыдай алмай, оған тілінің улы бізін сұғып алды:

— Өзін-өзі мастермін деген адамның ісі әрқашан осылай боп шығады. Өзіне сенеді де, барлық істі бүлдіреді. Бар, жөнел тез, Рамазан ұстаға айт!..

Таир жүгіріп барып қарт мастерді шақырып келді. Рамазан ұста мен Васильев ертінді құйған астауды көргенінде не болғанын бірден сезді.

— Құрыған іс, — Рамазан ұста күбір етті де, енді қайтып ештеңе айтпастан, қайрылып артына қарамастан мәдениет будқасына қарай жүріп кетті.

Ләтифа уақыты бос болғандықтан Жорж Сандтың «Консуэллосын» әбден құмарлана оқып отырып, мастердің келгенін байқамай қалды.

— Қызым! — деді, Рамазан ұста оған қарап.

Ләтифа селк етіп басын көтерді де, қарттың бір нәрсеге кейіп келгенін байқап не болғанын сұрады. Қарт мастер Күдірет Исмаилзаданы телефонға шақыру керек екенін айтты да, маңдай терін қолғабымен сыпырып тастап, стол жанына отыра кетті.

Ләтифа тездетіп трубканы қолына алды.

— Тамара, Тамара, Исмаилзадамен байланыстыршы!.. Ол кабинетінде жоқ дейсін бе? Секретарьдан оның қайда кеткенін білші... Керек. Я, үйіне кетті?

— Ол жоқ па? — деп қайталап сұраған Рамазан санын бір соқты.

— Не боп қалды? Ұста, сіз неге ренжіп жүрсіз? — деп Ләтифа мазасыздана түсті.

— Тағы да ол жіберіп қойды!..

— Кім? Нені?

— Таир... әлгі қарғыс атқан ертінді тағы кетіп жатыр. Бұл жерде тәжірибелі адамның да бақылауы қиын еді. Материалдар керек. Егер де Бадирлиге телефон соқсақ, сөзсіз, бір апта күтеміз.

Ләтифаның беті сұрланып кетті. Ол ішінен Таирға ұрсып тұрды: «Ол тағы да өз ауылы туралы ойлаған ғой», — деді де, қайтадан трубканы қолына алды.

— Басқарушының үйіне телефон соғайын ба, ұста?

— Тоқтай тұрайық, қызым. Айында бір рет намаз оқыйтын адамға да шайтан бөгет жасайды дегендей, кайтеміз, мейлі, демалсын. Үйіне баруға ұйғарғанына қарағанда Исмаилзада соншама шаршаған болуы керек. Мені бас инженермен байланыстыршы.

Шынында, Күдірет үйіне барған жоқ-ты. Бадирли екеуі жастар жатақханасын аралады. Жатақханадағы душқа кіргенде Күдірет душтың дат басқан темір қалнактарын көрсетіп, Бадирлиге сұрақты жаудырта бастады:

— Бұл немене? Мұны сіз неше айдан бері қарамағансыз? Кәне, шүмектің біреуін ағытып қараңызшы?

Бадирли басқарушының мұндай ұсак-түйек нәрсеге араласқанына таң қалды.

— Исмаилзада жолдас, күні ертең менің өзім бәрін тексеріп, қажетті нәрселерді жасаттырамын. Сіз өзіңізді болмашы нәрселермен мазаламай-ақ қойыңыз.

— Немене, болмашы? — деп Күдірет бар даусымен айқайлап жіберуге шақ қалды. — Жұмысшылардың денсаулығы қай уақыттан бері болмашы нәрсе бопты? Менің байқауымша, жұмысшылар халі туралы мәселені сіз, сірә, бұрынғы өндіріс қожалары Маншашев пен Тагиев сыяқты талқылайтын болуыңыз керек. Шүмекті ашыңыз!

Тағы бірденені аңдамай айтып қоям ба деп өскенген Бадирли, үндеместен басқарушының айтқанына бағына қойды. Душтан аққан су жуан түтіктен шыққандай шүмектеп атқылады.

— Бұл немене сіздіңше, душ па, әлде фонтан ба? — деді қаһарланған Күдірет. — Күні бүгін жөндеңіз де, маған хабарлаңыз. Түсінікті ме, әлде тағы да түсіндіру керек пе?

Бадирли жағымпаздана басын иді.

— Я, я, түсінікті.

Олар Таир жататын бөлмеге кірді. Онда Самандардан басқа ешкім де жоқ-ты Оя койкасында шірене түсіп «Коммунист» газетін оқып жатқан болатын.

— Сәлеметсің бе? — деді бөлмеге кіріп келген Құдірет.

Самандар Исмаилзаданың түсін танымалды, бірақ Бадирли соңынан жалбалақтап еріп жүргенін байқады да, жалма-жан төсегінен ұшып тұра келіп:

— Қош келіпсіздер, кіріңіздер! — деді.

Исмаилзада койкалардағы одеялдарды көтеріп, просыньяларды қарады.

— Я, төсектер таза, — деді ол. Терезе алдына келіп, онда ашылып жатқан кітаптарды көрді де, тағы да Бадирлиға бажырая қарады:

— Сіз өз үйіңізде де кітаптарыңызды терезе алдына тастайсыз ба? Әлде сізде тіпті кітап жоқ па?

Әрқашан Құдіреттің ашуына тиетін сыйқырлы күлкімен ыржыйған Бадирли не айтарын білмей сасып қалып:

— Бар ғой, Исмаилзада жолдас, неге болмасын? — делі.

— Әрбір бөлмеге бір этажеркадан сатып алыңыз. Түсінікті ме, әлде тағы да түсіндіру керек пе?

— Я, я, барлығы да түсінікті.

Құдірет Самандардың қасына келді:

— Қай кәсіпшілікте жұмыс істейсің, мықтым?

Самандар өздерінің басқарушысы Ләйла ханым екенін түсіндірді.

— Мұнда сенен басқа тағы кімдер тұрады?

— Жәміл, Биландар, Таир...

Таирдың есімін кұлағы шалған Исмаилзада тағы дә терезе алдына төсіле қарады да:

— Мынау кімнің кітаптары? — деді.

— Мынау Жәмілдікі, ал мышалар Таирдыкі.

Таирдың кітаптарының ішінен бірнеше өлең, роман және орыс тілі оқу кітаптарын көрген Құдірет жаңқалтасынан қойын книжкасын суырып алып бірдеңелерді жазды да, Самандармен кештасып, шығып кетті. Бадирли басқарушының тапсырмаларын жазып алып, жорғалай басып оның соңынан ере жөнелді.

Олар машинаға отырып алып, теңізге қарай тартты.

— Өзіңіз білетін шығарсыз, Бадирли жолдас, — деді Құдірет жолда кетіп бара жатқанда, оған бет бұрып қа-

рамауға тырысын, — бастық алдында маймақтап, өз ісіндегі сәтсіздік пен кемшілікті бүркемеу үшін жағымпаз болатын қызметкерлер де болады. Жасыратыны жоқ, мен ондай адамдармен дос бола алмаймын, — олар жаным істің пайдасына емес, өз құлқыны үшін жүреді.

— Ондай адамдарды мен де жаратпаймын, — деді Бадирли, дәл осы сөзді күтіп отырғандай іле-шала жауап қайтарып.

Жағаға жеткеннен кейін олар машинадан түсті. Проектор сыяқты үлкен шам жарығы астында сеудей соғылысқан көп жұмысшы жағаға жаңа ғана әкеліп түсірілген дінгектерді баржаға тиіп жатыр. Теңіз беті балық қабыршақтанып жалт-жұлт етіп ойпақшый түседі. Кішкене толқындар жағаға әрең жетіп, шылпылдап баржаның ерпегіне соғып, мүлде күшінен айрылғандай, жайлап кейін серпіп жатыр.

Жүк тиеу жұмысы қызу жүруде. Бұл ағаштардың бұровойға кеше жеткізілуге тиісті екенін жақсы білетін Бадирли, Исмаилзаданың ұрсатынын сезіп, алдын ала ескертіп қойғалы асыға сөйледі:

— Егер де барлығы да тиісті дәрежеде жан-тәнімен жұмыс істеген болса, тауды көшіруге де болар еді. «Аз-нефтьтегі» қағазбастылар менің жанымды шығаратын болды. Міне, тақтайды кешіктіріп тастаған...

Бұл дәлелдердің барлығы Бадирлидің жолда ойлап тапқанын бірдей түсінген Қүдірет оның сөзін кенет бөліп жіберді:

— Жарайды, жарайды! Солай-ақ болсын! Бірақ бұл туралы маған неге ертерек айтпадыңыз?

— Трест басқарушысының ағашқа қандай қатысы бар? Сондай болмашы...

— Бері қараңызшы? Немене, бұл сөзді сіз меншіктен алғансыз ба?

Өзінің әрбір ескертуіне Бадирлидің «я, я» деп жағымпаздықпен қайталаған жауаптары мен ұнамсыз қылықтары Қүдіреттің ашуына тиіп, кейіте бастады.

— Болмашы іс жоқ, болмашы адамдар бар, — деп қорытты Исмаилзада, — бұл есіңізде болсын!

Бұл жолы Бадирли үндеместен басып іді.

Қүдірет енді тіпті шыдап тұра алмады:

— Бадирли жолдас, маған адам сыяқты жауап беріңіз... Сіз бұл қылжағыңызды өте орынды істелген деп айламаныз. Егер де сіз менің алдымда жай ғана түлкі



болғыңыз келсе, онда мұныңыз босқа кеткен еибегіңіз болады..

Исмаилзада баржаға барды. Самал жел оның бұйра шашын желбіретіп, ашудан қызған бетін салқындата желпігендей болды.

Аласа бойлы, сом денелі бригадир өзінің ауыр денесімен шапшаң, икемді қыймылдап, жолдастарымен бірге нар беліндей жуан дінгектерді баржаның тұмсық жағына тиеліп жатты. Құдіретті көріп ол командир алдындағы солдаттай тік тұра қалды.

— Сәлеметсіз бе, басқарушы жолдас! — деді де, ол қайтадан өз жұмысымен айналысып кетті.

Құдірет жұмысқа бөгет жасағысы келмей, дінгектер орындарына тиеліп болғанша күтіп тұрды да, мұнан кейін бригадирге қарап:

— Таң атқанша жағада бір де таяк қалмауын өтінемін.

Бригадир мақұлдап басын изеді:

— Құп!

Бұл жауап Құдіретті қанағаттандырды. «Егер де сөзін берген болса, демек, ол орындайды», — деген ойға келген Құдірет, қасындағы қыйпақтап тұрған Бадирлиге қарап:

— Еңбек ету мен ерлікті осылардан үйреніңіз.

Басқарушы екеуінің арасында жер мен көктей айырма жатқанына, өзінің әрбір сөзінің Исмаилзаданың ашуына тиетін себептеріне де Бадирли енді ғана түсінгендей болды. Қалай жауап берудің ыңғайын таба алмай саскалақтап, қолайлы сөз іздеп, қармады.

Құдірет машинасына қарай жүрді. Алдында келе жатқан Бадирлиге қарамастан шоферінің жанына келіп отырды. Бадирли кабинаға жалғыз өзі кірді. Ол тұнжырап, шүбәлі ойға шомды. «Мені қызметтен құғысы келетін шығар, сірә». Ол өзінің жуан портфелін тізесіне қойып, жол бойы тікенең қадалғандай мазасызданумен болды.

Трест кеңсесіне келгенде секретарь Құдіретке жүз елу бесіншіден телефон соққанын, онда бір қолайсыз жағдай болып жатқанын хабарлады.

Құдірет орнына отырмастан бұрын трубканы алып, Рамазан ұстамен сөйлесті.

— Не боп қапты, ұста? Мені іздепсің ғой. Қалай?.. Балшық ертіңдісі ағып барады? Тағы да Бадирли!..

Құдірет сөзді ақырына дейін тыңдамастан тубжаны тастап жіберді де, секретарьды шақырды:

— Бас инженер осында ма?

— Жок, ол Рамазан ұстаның сұраған материалын алып кетті.

— Кеткеніне көп уақыт өтті ме?

— Он бес, жыйырма минуттей өтті.

Мұнан кейін аздап орныға бастаған Құдірет, трест бойынша шығарылған соңғы мәліметті алып, көз жүгіртіп өтті. Бұл мәлімет оны орасан қуанта қоймады. Жоспардың орындалуы кешегіден бір ғана процент өскен. Құдірет цифрларға көз тоқтатып, зерттеп үлгіргенше Бадирли де кабинетке кіріп келді.

— Исмаилзада жолдас. — деді ол. — барлығына да мені күйдіресіз, дәл осы жолы Рамазанның өзі жауапты. Ол өзіне сенгендіктен қажет материалды да күні бұрын талап етпеген.

Бұл жолы жабдықтаушының нағыз шынын айтып отырғанына түсінген Құдірет оған жасаған кейбір бұрынғы ескертулерінің жөнсіз екенін ішінен мойындады. Бірақ та ол:

— Рамазан ұста қарт адам, оның ұмытып кетуі мүмкін, ал сіз оған бұл туралы өзіңіз ескертуге тиіссіз. Үнемі сізге қаксай беру мені жалықтырмады деп ойлайсыз ба? Сіз менің жалшым емессіз, көмекшімсіз ғой... — деп ол жұмсарта сөйледі. — Қадірлі жолдас, сізге менің бір ғана өтінішім бар: адамдардың көзіне тура қарайтын болыңыз, жағымпазданбаныз. Мен ондай-мұндай қожасымак емеспін ғой, қарапайым совет адамымын. Біздің барлығымыздың мақсатымыз біреу-ақ... Қысқасы, мұнан былай сіз жанаша қызмет істей алатындығыңызды нақты істе көрсетіңіз дегім келеді.

— Дұрыс, — деді, басқарушының өзінен неңі талап етіп отырғанына жаңа түсінгендей болған Бадирли. — Менің де сізге бір ғана тілегім бар, Исмаилзада жолдас: маған қанша, қалай болмасын тілегеніңізше ұрсымыз, жазаланыз, бірақ тек кісілер көзінше емес, өз кабинетіңізге шақырып алып сөгіңіз. Әйтпесе олар мені тыңдауды қояды, беделім төгіледі ғой.

— Менінше, сіз біздің адамдар жөнінде жамаң пікір ойлайды екенсіз. Епалдымен өзіңізге зер салыңыз. Әрбір адам әуелі өз басының кемшілігін көруге, ал басқаның кемшілігін содан кейін айтуға тиіс. Егер де мен өз адам-

дарымның әрқайсысынан ең болмағанда бір жақсы жағын таба білмесем, онда бір күн де қызмет істей алмаған болар едім. Адамдар жамаң болып іштен тұмайды ғой. Адам баласының кемшілігі мен жамандығы кейіннен ғана пайда болып, барған сайын ұлғая береді. Сіз туралы да дәл осыны айтуға болады.

Құдірет Бадирлиге тесірейе карап, бұл сөздердің қалай әсер еткенін байқауға тырысты:

— Дұрыс айттым ба?

— Я.

— Міне, біздің мәжілісте инженер Фикрет шығып сөйледі. Оның мәселе талқылауы маған ұнамады, тіпті зиянды да еді. Бірақ маған оның бүкпесіз шынын айтқаны ұнады. Егер де ол пікірін айтуға қорыққан болса, мен оның қандай ойының бар екенін білмеген болар едім, демек, онымен қалай жұмыс істеу әдісін де менгере алмаған болар едім. Сізге де сондай тұрашыл болу қажет. Сізге не туралы айтып отырғаныма енді түсінген болар деп сенем, — Құдірет сағатына қарады. — Бас инженер қазір буровойда. Ол болған жағдайды тез қалпына келтіріп қайтар деп ойлаймын.

Исмаилзада есікке қарай жүрді. Ол жаң-жағына карап тұрып Бадирлиге:

— Сіз үйге қатпайсыз ба? Ала кетейін, — деді.

— Мен бүгін дежурныймын, — деді Бадирли, басқарушыдан кейін шығып бара жатып.

Құдірет қала орталығына келгенде көшеде адамдар әлі көп болатын. Көшенің екі жағынан бірдей зулаған машиналардың шамдары үйлердің әйнектеріне, жап-жалтыр асфальтка және кино, театрлардан қайтып келе жатқан адамдарға да жарығын түсіріп келеді.

Тауға қарай өрлей көсіліп жатқан көшелер электр шамының жарығымен теңізде қаз-қатар жүзіп бара жатқан кемелер тәрізді боп көрінеді; шылдырлаған трамвайлар алуан түрлі электр сәулелерін шашыратып зырғып өтіп жатыр. Соғыс кезінде төрт жылдай түнерген қала қазір электрдің нұрлы жарығына бөленіп тұр. Бұрын көк қағазбен желімделіп, қараңғылапған терезелерден енді шам жарығының тарам-тарам сәулелері көшеге түсіп жатты.

Үйдегілердің барлығы ұйқтап жатқан шығар деп ойлаған Құдірет, өз кілтімен жайлап есікті ашты да, үйіне кірді. Асханада шам жанып тұрған-ды. Үйіші әлі жат-

паған екен деп бұған ол қуанып кетті. Бөрінен бұрын ол Ләйланы көрді. Оны күте-күте шаршаған Ләйла шай ыдыстары қурылған стол жанында отырып, қалғып кеткен. Аяғын ұшырап басып келген Құдірет оны желкесінен сүйіп алды. Ол сескенгендіктен көзін ашты, ерін көрді де, күліп жіберді.

— Қандай дағдырдың бұйырығымен мұнша ерте келдің?

Ләйлаға жауап беріп үлгірместен ол шешесі ұйқтайтын бөлменің есігін ашты. Асханадан түскен электр шамының жарығы арқылы әжесінің қасында ұйқтап жатқан Ширманды көрді. Аяғын аңдап басып кроватьтың жанына келіп отырды да, қызын сүйді. Дыбысты естіген Тоғызбан оянып кетті.

— Бұл сенсің бе? — деді ол, — жұмысың қалай, қарағым?

Тоғызбан орнынан тұрғысы келіп еді, Құдірет оған:

— Сен ұйқтай бер, мама. Ләйланың өзі үйде көрінеді, ол тамақтың барлығын даярлап қойған, тек шаршағандықтан қалғып кетіпті, — деді.

Тоғызбан көрпесін нығына тарта түсіп сөйлей бастады:

— Сендердің екеуіңнің де шаршап жүргендерің белгілі. Міне, бүгін Ширманым сендердің Ләйла екеуіңнің жарысып жүргендерің туралы газет оқып берді... Мейілерін, шырақтарым, сондай уақыт туған шығар. Өздеріңше ойлаңдар, өз істеріңе өздерің қожа, тек денсаулықтарыңды сақтандар.

— Солай болады да, мама, — деді Құдірет, алақанымен көзін басып. — Сенің сөздерің мен үшін заң ғой.

Өзінің жалғыз ұлы үшін анасының жанын құрбан етуге даяр екенін, оның денсаулығы жолында өлуге даяр екенін Құдірет жақсы білетін. Ері Сибирьде өлгеннен кейін Тоғызбан Салманның өлі аруағын сыйлаумен қатар, баласына шексіз байланысты болғандықтан да ол күйсуге тиюден бастарқан болатын. Тыйын табу үшін әркімнің босағасына барып кір жууға да мойынұсынды. Ол өзін-өзі үмітпен сергітіп: балам өскенде маған жеңіл болады, дейтін. Ол инженер болып шыққанша үмітін үзбеді, шыдады, күтті.

— Мен саған жұмысты немкетті істе деп отырғаным жоқ, мен басқаша ойлаймын: сен жертең де керек боласың ғой, — деп қайталады баласының ұйқы көрмей жүр-

теңін, уақытымен тамақ ішпей жүргенін ескерткісі келген ана.

Шешесін мазасыздандырмайын деген Құдірет, әрқашан да өзінің шаршағанын жасыруға тырысады; соңғы кезде ол, жеткілікті ұйқтап, кезінде тамақ ішіп жүрмін деп те оған дәлел табатын-ды. Қазір де ол сол сөзін қайталап анасын сендіре бастады.

— Енді ешқандай қыйыншылық жоқ, мама. Мен теңіздегі буровойларға жай ғана қыдырып, бой жазып қайту үшін барамын. Теңізге шомыламын, алысқа, сондай алыс жерге жүзіп барамын.

— Алысқа жүзіп барудың қажеті жоқ, қалқам. Теңіз дегенің опасыз әйел сыяқты, оған сенуге болмайды, ол зұлым. Жазатайым бақытсыздыққа ұшырап қалсаң ше... Менің айтуға да аузым бармайды... — деп Тоғызбан тігіркеніп кетті.

— Оның несіне қорқасың, мама, менің жақсы жүзе білетінімді сен білесің ғой.

Оны бір аңғарусыз сөзбен тыйышсыздандырып алам ба деп қорыққан Құдірет бұл бөлмеден шығып асханадағы Ләйлаға барды.

— Жұбайым, сен өзіңнің мырзалығыңды тағы көрсеткің келген бе? — деді ол, столға жайып қойған неше-түрлі тағамдарды нұсқап. — Барлығы да тамаша, тек шайы ғана жоқ. Стакан шай құйсаң тіпті жақсы болар еді.

Ләйла электр чайникті қойды.

— Неліктен екенін өзім де білмеймін, әйтеуір сені бүгін ерте келеді деп күттім... Ал, жұмысың қалай?

— Шүкір, жаман емес, тек материалдар жетіспейді.

— Ішкі мүмкіншілікті сарқа пайдалану керек, — деп жауап қаты Ләйла.

— Бізде пайдаланылмай жатқан мүмкіншілік жететін. Соңғы кезде біздің жігіттер бір тамаша нәрсе ойлап тапты; олар буровой мұнарасын бір орыннан екінші орынға бұзбастан көшіретін болды. Бұл жұмысты қаншалықты жеңілдететінін, сен білесің бе?

Ләйла басын шайқады.

— Ал менің тресімде пайдаланбаған бір де шеге қалмады ғой деймін.

Құдірет бір жапырақ ақ нанға уылдырық пен май жағып жей бастады.

— Қарастыршы! Менде не жетіспейтінін білесің бе?

Бізде бұрғылау тұрбасы аз. Ескі скважинадан алғандарымыз сым сыяқты бұралып қалып жатыр. Ең кем дегенде бізге үш километр тұрба керек. Біздің тракторларымыздың көпшілігі жөндеуді керек етеді. Маған барлық жұмысты қайтадан бастауға тура келеді.

— Алайда, сенің ісің түзеліп келеді ғой. Орындау сексен бес процентке дейін көтерілді. Ал мен болсам бұрынғы орнымда тұрмын, ертедегі табыстарымызбен өмір сүріп келеміз... — Үндемей отырған Ләйла кенеттен: — Менің жіберген адамдарымды кейін қайтарған себептерің қалай? Осының мәнін түсіндірші маған, — деді.

— Қандай адам?

— Біз сіздерге көмекке үш бригада жібергенбіз, мен соны айтып отырмын.

— Аһ! — деді қабағын кере сөйлеген Құдірет. — Я, біз оларды кейін қайтарып жібердік.

— Неліктен? Саған жоспар орындау керек емес пе?

— Әрине, керек, — деп жауап берді Құдірет, тамақ жей отырып. — Бірақ мен өз күшімізбен де табысқа жете алатындығымызға сенемін. Сонымен қатар, мен теңіздегі ертенгі күнгі болатын арпалысты да ойлаймын.

Ләйла танданғандай нығын қозғалды:

— Бұл не деген сөз?

— Сенің шайың қайнады, шайнегіңді түсір, — деді Құдірет Ләйланы ескертіп, электр шайнегінің бұмен көтеріліп бүкілдеп жатқан қақпағын көрсетіп. — Ал менің мұным жас кадрлар даярлау ісімен шұғылданып жатқандығымды көрсетеді. Олар туралы бір минут те ұмытпау қажет. Атап айтсақ, жас гвардия даярлау дәрежесінен мұнай шығару ісі де тәуелді болады.

— Танданарлық логика, — Ләйла түсіне алмай қалды.

Біздің бригадамызды қабылдаудан сенің бастартқышының бұған қанша қатысы болыпты?

— Қатысы бар, қатысы бар!.. Мейлі, жас жеткіншектер сикімге сенбей, өздері жұмыс істеуге дағдылансын.

— Меніңше, керісінше, — деп қарсылық білдірді Ләйла. — Жастар үнемі камкорлық, сүйемелдеуді сезіп отыруға тиіс. Өзара көмектесу олардың өзіне-өзі сену сезімін нығайтады.

Бірақ Құдірет өз дегенінен айнымады.

— Біздің адамдарымыздағы мұндай сенім түгелдей

қоғам арқылы жасалады. Ал мен тек жұмыстағы өздігінен әрекет жасауды айтып отырмын. Жастарға батыл үйрену, іздену, таба білу қажет. Әрине, оларға әрқашан да мастерлер мен инженерлер көмектеседі.

— Жұмыста жолдастық көмек те қажет қой. Егер де сенің айтқаныңды тындаса, онда біздің жастарымыз Джек Лондон кейіпкерлері сыяқты өз басы табыстарына мәз болумен ғана тынуға тиіс қой.

— Мұнан мен ешқандай логика көріп отырғаным жоқ, — деді Күдірет, сөзіне аса мән бере сөйлеп. — Біздің өндірісіміздің қоғамдық өзгешелігі ондай сезіммен дамуға жол бермейді. Біздің өнеркәсібіміздің жалпы-халықтық болуы жұмысшыларды жігерлендіреді.

— Менің байқауымша, сен маған саяси экономикадан лекция оқый бастадың ғой деймін... Біздің жастардың көпшілігі ауыл, селолардан келетінін сен есіннен шығарушы болма.

— Ал олай болса ше? Ауыл, селоларда да шаруашылық сондай қоғамдық өзгешелік негізінде құрылған...

Ләйла бір кездерде Күдіреттің өз айтқанын есіне түсірді:

— Жұмысшы қолы жетіспейді деп сенің өзің шағынып едің ғой? Ал енді көмектен бастартасын. Менің бригадам жаңа скважина бұрғылау жұмысын аяқтаған, сондықтан да сіздерге жібергенмін...

— Тура Рамазанның буровойна ма?

— Ал оның несі бар екен?

— Несі бар екені қалай? Сен оның қалай жауап қайырғанын естідің бе?..

Күдірет қарқылдап күлді:

— Сенің мастерің осы уақытқа дейін өкпелеп жүрсе керек...

Қарт мастердің келтірген мақалы өзінің жеке басына арналып айтылғандай Ләйланың беті қызарып кетті.

— Егер де Рамазан қажет етпесе, менің жұмысшыларымды басқа буровойға жібер...

— Бері қарашы, жұбайым, — деді Күдірет, — мен сенің ешқандай бригаданды сұрамаймын. Маған қазір тек үш трактор керек. Егер көмектескің келсе, тәңірің жарылқасын, соны жіберткізші...

— Міне, дәл мұны мен істей алмаймын. Менің де кемшілігім осындай... Соғыс жылдарында біздің кәсіп-

шіліктегі техника тозған. Жанасының келуі өлі сараң. Мен де жөндеу бригадаларының санын көбейтіп, ескі скважиналарды қатарға қосуым керек.

— Әрине, — деп қостады да, Құдірет әйеліне бос стаканды ұсынды. — Ескі скважиналардың маңызы зор. Ая оларды қалпына келтіру жұмысын біз өте баяу жүргіземіз. Бұл жөнінде бір айла табу керек еді... алайда, жаңадан барлау ісіне мүмкіндігінше көбірек уақыт бөлу қажет қой деймін...

— Кеңселеріңде аз сөйлесіңдер, қалғанын осында айтыңдаршы, — деді есіктен қарап тұрған Тоғызбан. Ол алдымен ұлына, содан кейін келініне қарады да, наразы болғандай басын шайқады. — Мен саған су жылытып қойдым, моншаға бар, бойың жеңіліп, сергіп қаласың.

— Сен әуреленбей-ақ қой, мама! Біз барлығын өзіміз істейміз, — деп жауап қатты Құдірет.

Көрші үйден кенет скрипка даусы естілді. Ләйланың тресінің бас инженері Минаев скрипка ойнап отырғанды.

Тамақ ішуін қоя салып Құдірет скрипканы тыңдай қалды:

— Біздің көрші тамаша жақсы ойнайды. Оның музыка мамыны болмағанына менің таңым бар.

— Бір жаңалықпен шұғылданып отырып, ойы тоқыраған кезде ол скрипка тартады, — деді Ләйла.

Құдірет мұның жаңалығы туралы білгісі келіп:

— Ол қазір нендей жаңалықпен шұғылданып жүр? — деп, Ләйлаға сұрақ қойды.

Минаевтің жаңалық ойлап тапқыш кабетті екенін Исмаилзада ертеден білетін. Оның ертеде қабылданбай, сәкім зерттемей тастаған бір жаңалығын өзі басқа тресте жүргенінде сыннан өткізгенін де ұмытқан жоқты. Мұнысының нәтижесі де жаман болып шықпағанды. Қазір де, Минаев жөнінде сөз қозғалғанда, Құдірет құлағын тіге қойды.

Инженер қазір маңызды мәселемен шұғылдануда. Мұнай кәсіпшіліктерінде скважина шалыстығын анықтау үшін барлық тұрбалары тысқа қайтадан шығарылатын еді. Бұл бұрғылау жұмысын кешеуілдетумен ғана қоймай, аспап-саймандарды қыйратып, көптеген қыйыншылықтар туғызатын. Минаевтың бұл жұмыстың барлық процесін шапшаңдататын және жеңілдететін аспап ойлап тапқысы келді.



Ләйла бұл істің қандай жағдайда екенін күн сайын сұрап, өзі мұны тез жарыққа шығаруға өзінің бас иже-нерін асықтыруда еді. Бірақ бұл болашақ жаңалықтың, оның қандай пайдасы бар екенін Ләйланың Құдіретке бірінші рет айтып отырғаны.

— Егер де оның бұл аспабы сынан өтсе, ол тамаша игілікті жаңалық іс болады. Құрал-саймандарды шығару қанша уақыт алатынын білсең ғой. Минаев мұның жолын тапса жұмыс қарқыны екі есе өседі.

Қуанғандықтан Құдірет орнынан ұшып тұра келді.

— Бұл туралы маған неге ертерек айтпадың? Бұл нәрсе еңалдымен біздің треске керек қой. Жаңа буровой бәрінен де бізде көп.

— Айтпаған себебім — бұл әңгімені жария етуді ол әлі ерте деп санайды. Мейлі, бұл әңгіме біздің арамызда болсын да, осы жерде қалсын. Бітірген кезде оның өзі жариялап, іске асыруды қолға алады.

Құдірет пианино жанына келіп, оның үстінде жатқан газеттерді алды да, аударыстырып, қарай бастады. Әңгіме жым-жырт тына қалғанда скрипка дауысы анық естілді. Минаевтің скрипка тартуынан оның жұмысының барысын, көңілінің қоштығын аңғарғысы келгендей ерлі-зайыпты екеуі бар ықласымен тыңдады.

Скрипка тына қалды. Құдірет газеттен тандандыратын бір жаңалық оқығандай кілт бурылды. Ләйла оның тіпті түсі қашып кеткенін байқады.

— Саған не болды, Құдірет? — деді, тынышсыздана түскен Ләйла.

Қатты ашуланған Құдірет қолындағы газетті жазып, онда басылып шыққан мақаланы оқыды. Ләйла Исмаиладаның озат тресінен Құдірет Исмаиладаның тресіне жұмысшы күші жіберілді депті бір мақалада, Хабардың соңғы жағында «жарысқа түсушілер бір-біріне көмектесуде» деген сөздер ірі әріптермен терілген.

— Көмекті сіздерден кім сұраған?! — деп еріксіз айқайлап жіберді, қолындағы газетті сілкілеп. — Жұмысшы қолы жетіспейді деген әңгіме маған тек бөгет жасайды! Бұл адамдардың жауапкершілігін қожыратады..

— Тыйыштал! — деді Ләйла да орнынан тұра келіп — Айқайлаудың қажеті не? Көршілер жаман нәрсе ойлап қалмай ма?

— Мен ресми түрде қарсылық жасаймын, — деді, бұрынғысына қатты сөйлеп, дірілдеген қалпы Құдірет.

Ләйла оны қойғызуға тырысты:

— Ал көмек алғың келмейді екен, керегі жоқ. Жарыстың бәсеке еместігін бәріміз білеміз. Біздің екі тресте жеңіп шықсын деген едік.

— Газетке материалды кім берді? Көтермеге алғандай менің адамдарыма не болыпты сонша?

Құдірет «көтерме» деген сөзді кекесін айтып, жиіркенішпен қолын сілікті.

Дәл осы минутте Миннаев балконға шығып, Исмаилзада бөлмесінің алдына келіп тоқтады.

Олардың балконы бірге болатын. Жаздың ыстық күндерінде екі үйдің адамдары осы балкондағы дөңгелек үлкен стол жанына айнала отыратын, әйелдер әңгіме шертсе, еркектер шахмат ойнайтын.

Миннаев, әлден уақыт екеніне қарамастан есікті қақты да, кіріп келіп таңданған пішінмен:

— Не боп қалды, көрші? Мұнша шу көтергеніңіз не? — деді.

Құдірет тағы да газетті нұсқады:

— Мынау іс боп па, жаным-ау? Бұл қосарланушылық әрқашан да біткен істі бүлдіруден басқа пайда бермейді. Барлығы да көмекке сеніп, жайбарақаттанып қалады, мұның ақыры бүкіл тресті кері тартуға әкеп соғады. Сіздер біздің адамдарымызды неге жалқауландырасыздар? Мұнымен іске тек зыян келтіресіздер.

— Құдірет Салманович, сіз бекер ашуланасыз. Біздің жолдастық көмек көрсеткіміз келген еді. Егер де риза болмасаңыз бригадирлерімізді қайтарамыз.

— Біз оларыңды қабылдауды да ойлағанымыз жоқ. Мені мазалайтын бір ой мына мақаланы оқыған кейбір адамдарымыздың бұл көмектен менің бастартқаным өкінетіні, наразылық білдіретіні сөзсіз... Мұны бүлдірген сіздер!..

— Ұйқтайтын уақыт болды, сағат екіңі соқты. Құдірет Салманович. Сіз болмашы нәрсеге ашуланасыз.

— Неге болмашы нәрсе дейсіз? — деді де, Құдірет Бадирлиге айтқан сөзін есіне түсіріп, қайталауға мәж-

бүр болды. — Егер де бұл болмашы болса, онда, сіздіңше, күрделі іс қандай болмақшы?..

— Меніңше, ұзаққа созылған жұмыс күйіңіз кейін, ең пайдалысы жақсылап демалу болады ғой деймін. Тыныш ұйқтаңыздар! — деп Минаев балконға шығып кетті.

Күйеуіне бір ауыз сөз айтпастан Ләйла ұйқтайтын бөлмеге кетіп қалды. Күдіреттің сөзі жөнсіз деп санады ол. Он бес жыл бірге өмір сүрген уақыттары ішінде ол Ләйлаға бір рет те жүз жырта сөйлеп көрмеген-ді. Міне, бүгін айқайлап сөйледі. Бұл Ләйланың жанына қатты бағтты. Ләйла қателік жіберген болса да, ол бұлай дауырықпауы керек еді. Ләйла, үйде де, түзде де күйеуімен нағыз доспыз деп есептейді. Ол: «Біз тек ерлі-зайыпты адамдар ғана емеспіз, сонымен қатар, біз күресте де бір-бірімізге серікпіз», — деп мақтаныш ететін едім, бірақ олай емес екен ғой деді ол ренжіп. Күдіреттің дүниеге көзқарасында кенжелік бар, деді Ләйла ішінен оны кіналап.

Ләйла орнына жатқаннан кейін де Күдіреттің жолсыздығын есінен шығара алмады; оның менмендігі әлі арылмаған, мұндай жағдайдың кездеспегендігінен Ләйла оның бұл шөлкес мінезін бүгінге дейін байқай алмай келген. Ол үнемі алда болды. Ал қазір ол ешкімнен мақтау естімей жүр, тресі артта қалып келеді. Тресті қатарға теңеу үшін уақыт керек, ал оның бұған шыдамы жетпейді. Газет мақаласы оның менмендігіне тиді. «Ол өзінің ызасын жастар, қосарланушылық туралы әңгімемен бүркемелегісі келеді», — деген ой түсті. Ләйла көзін жұмып ұйқтауға тырысты, бірақ ұйқтай алмады. Дөнбескши түскен Ләйланың ойынан әлгіде болған әңгімелер шықпай қойды. Ақыры, ол тынышталғандай болды: «Қайсымыз алда болғанымыздың қаншалық айырмасы бар, біз жалпы іс үшін тырысудамыз ғой...».

Күдіреттің асханадан шығып, кабинетіне барып бір нәрсе жаза бастағанын сезді Ләйла. Ол демін ішіне тартып, қаламұштың дыбысынан Күдіреттің не жазып отырғанын білгісі келіп тыңдаумен болды. «Шынып айтатын болсақ, мен де кіналымын, — деп мойындады ол. — Бригада жіберместен бұрын онымен кеңесіп алу керек еді». Ол төсегінде жатып тағы да бір аунап түсті. Осы кезде Күдірет ақырын басып кабинет есігіне келіп, оны жауып алды. Ләйла енді ештеңе ести алмады. Оның санасы мұнарланып барып, ақыры, ұйқтап кетті.

— Қымбатты жубайым, ештеңе туралы да қайғылап-баймын, бұл дүниеден менің арманым жоқ, бақыттылықпен дүниеден өтіп барам: өзінің алғырлығымен менің қызым ер жігіттің бірінен де кем түспейді.

Ләйла әкесінің өлер алдында бірнеше күн бұрын айтқан бұл сөздерін әлі есінен шығарған жоқ-ты.

...Қыстың суық күні болатын. Солтүстіктен соққан үскірік желдің күштілігінен терезе ойнегі ыылдырап тұрды. Көшедегі қар тізеден келеді. Трамвай тоқтап қалған. Дамылсыз күрегенге қарамастан көшені қар әлсіз-әлі көміп тастаумен болды. Соңғы елу жыл ішінде Апшеронда мұндай қар түскенін ешкім біліп көрген еместі.

Ләйланың әкесі Әлимардан дәл теңіз жағасындағы буровойда жұмыс істейтін. Сол күні оны суық ұстап, өкпесі қабынып ауырды. Дәрігерлердің айтуына қарағанда оның сауығуына ешқандай үміт болмады.

Бір минут те оның қасынан кетпей отырған әйеліне Әлимардан өсиет айтты:

— Қызымыз мектепті быйыл бітіреді ғой... Содан кейін оны ижепер оқуына жіберерсің...—деді де ол көзін жұмды.

Бұл кезде Ләйла мектепте оқыйтын. Бес минут өтпей-ақ, барлығы өлікті қоршап, жылап-сықтасып жатқан кезде Ләйла да үйге жүгіріп келді. Қаумалап тұрғандарды ығыстыра әкесінің төсегіне жетті ол. Булығып жылаған дауыстар ысқырған теңіз желінің шуымен қосыла күнренді.

Сол күннен бері жыйырма жыл өткен екен, бірақ Ләйла мұны тіпті ұмыта алмады. Әкесінің достары — жұмысшылар, жақын жұрағаттары жерлесуге көмектесті. Тұрмыс жеңіл болмады. Анасы Ләйланың қарамағында қалды. Оларға жалғыз ғана Ләйланың стипендиясымен күнелту қиыны болды. Бұрын Ләйла ақын болғысы келген еді. Бірақ әкесінің өсиетін естігеннен кейін мұнай институтына оқуға түсті. Оның өткендегі арман үмітінен бір ғана өлең — әкесінің қайтыс болған күніне шығарған өлеңі ғана қалды. Оны Ләйла ескі кітап арасына салып сақталы.

Мұнан кейін өлеңді үнемі қайталап оқыған Күдірет оған.

— Өттең, Азербайжанның акын кызы Натаваннан кейінгі екінші нағыз акын сен болуға тиісті екенсің аман кәніш, — дейтін еді.

Студенттік жылдары институттегі оқу мен кәсіпшіліктердегі тәжірибе жұмыстарымен өтті. Ләйла геология кітаптарын оқығанда, кітапта жазылған сөздерді көңіліне тоқумен қатар, болашақ мұнайлы алаңдардағы быжынаған буровой мұнараларын аралап, келешекті елестете, терең оймен зерттей отыратын еді.

Үшінші курсте студент болып жүрген кездің өзінде-ақ Ләйла күрделі кәсіпшіліктердің бәрінде болған. Алайда, ел Баку мұнай қоры бәрінен жоғары тұтатын. Ол әкесінің «Мен инженер болғым келді, бірақ, өмір маған бұл мүмкіншілікті бермеді. Менің тілегімді ең болмаса қызым орындаса екен» деген өсиетін бір минут те есінен шығармады.

Құдірет екі курс жоғары оқыды. Оның да кәсіпшілік инженері болғысы келді. Олар комсомол жыйналысында танысты. бұл уақытқа олар үшін бақытты уақытқа болды. Олардың бірінші кездесуінен кейін достық сезімдері тереңдей түсті. Еліміз үшін Бакудің маңызы, жұмысшылардың ерлігі жөніндегі Құдіреттің ойы Ләйлаға өте жақын болды. Құдіреттің әкесі жөнінде Ләйланың басқалардан есіткен әңгімесі оны терең ойға шомдырды. Ләйла Құдіреттің сүйетінін сезген кезде, сондай-ақ біріне-бірі кездесу мақсатқа айналған кезде Ләйланың әкесі туралы қайғысы сөне бастады. Өзінің жалғыз еместігін сезген ол, енді көңілін орнықтыра түскендей болды. Олар бір-біріне махаббатты жырлаған құлаш-құлаш хат жазбай-ақ, кейбіреулердей ант-су ішпей-ақ, өртендім, күйдім деген сөзсіз-ақ бірін-бірі қатты сүйген-ді. Құдірет онымен мүлде басқа мәселе туралы — болашақ жұмыс туралы, өздерінің отан алдындағы борыштары туралы әңгімелейтін. Ол өзін «Сүйем сені, сенсіз өмір сүре алмаймын» деген көтеріңкі сөздерден аулақ ұстайтын-ды. Құдіретке Ләйланың анасы да өте ұнайтын. Ол кезде Гүлсім Әли Байрамов атындағы клубта жұмыс істейтін. Ол өздігінен барып жас қыздарды іс тігуге үйрететін.

Ол көбінесе:

— Сен тек оқый бер, сенің ақшаңның маған керекі жоқ, редакциядағы қосымша қызметінді қой, алаңсыз оқуынды оқы, — дейтін қызына.

— Жақ, мама, — деп Ләйла оған ыңғай бермейтін.  
— Менің шығыным саған қыйын болады.

— Сенің шығының қандай? Сен басқалардай жылтырап кнішіп жүруді ұнатпайсың.

— Кітаптар ше, мама, кітаптар... Менің табысымның дені кітап сатып алуға кетеді ғой.

Шынында да, Ләйланың бөлмесі кітаппен толып тұратын-ды. Мұнда техникалық және көркем әдебиет кітаптары бар болатын, ол көптеген орыс әдебиеті классиктерінің толық жыйнақтарын алған.

Құдірет оларға бірінші рет келгенде Гүлсім палау жасауға асханаға жүгірді, ол Құдірет асқа қарағысы келмесе де Ләйланың зорлауымен тамақ даярланған-ды. Стол жанында отырған Гүлсім бұлардың арасындағы қарым-қатынас, достықтың түбі не боларын аналық жүрегімен сезіп, қуанғандықтан не істерін білмей сасқан болатын. «Бұл жігіт Ләйланың теңі», — деді ол ішінен, зор мақтанышпен.

Құдірет кеткеннен кейін Гүлсім ол туралы қаншама білгісі келіп, қызынын мазасын алса да, одан:

— Ол менің жолдасым, бірге оқыймыз, -- дегеннен басқа ешбір сөз шығара алмады.

Мұнан кейін Гүлсім өз күйеуі Әлимарданның, Құдіреттің әкесін жақсы білетінін және Салманды Сібірге айдап жібергенін оның өзі де естігенін айтты.

Институтты бітіріп, кәсіпшілікте инженер болып қызмет істеп жүрген кезінде де Құдірет Ләйламен кездесуін сиреткен жоқ. Ол институтқа, кейде оның үйіне де барып жүрді. Кейде телефонға шақырып алып, екеуі киноға немесе театрға баратын уақытын уәделесетін-ді.

Бұл туралы ұлынан Тоғызбан әлдеқайда кеш есітті. Ләйла институтты бітіргеннен кейін жарты жылдан соң Ләйланың шешесіне келген Тоғызбан ескі ғадет бойынша некеқыярын ала келді. Жастар өздерінше той жасағылары келіп еді, бұған қарт аналар көне қоймады. Оларды өкпелетпес үшін дегендерін істеуге тура келді.

Сонымен, үйлену тойын баяғы өткен заманның ғұрпымен өткізді. Сырнай-сыбызғылатып, Ләйланы күймеге отырғызып күйеудің үйіне алып келді. Құдірет онын шешесін де өз қарамағына алды. Тоғызбан өмірдің бақытты құшағына енгенін сезді. Келіні де, оның анасы да өте жақсы адамдар болып шықты. Құдірет пен Ләйла қызметке кеткеннен кейін үйде қалған құрбы-құда-

гайлар істеуге іс те, сөйлесуге сөз де таба алатын болды.

Гүлсім енді қайтып Әли Байрамов атындағы клубқа баруды қойды. Көп жылдар бойы шеккен азаптан кейін, қызы мен күйеубаласы арқасында бақытты өмір сүріп, рақат көрді. Оның көңілі тазарып, арманы орындалды. Әлимарданның тілегені де орындалды. Дегенмен, кейбір кездері ол ауыр күрсінетін-ді. «Аһ дүние, егер де Әлимардан тірі болса ше! Ол қандай қуанған болар еді!» Кішкене Ширмаи жарық дүниеге келгенде, Гүлсім дүниеден кеткен-ді. Кәсіпшілікте жүрген Ләйлаға тамақ апарып қайтқанда жаңбырға жаурап, суық тиіп ауырды. Ері де, әйелі де бір аурудан қаза тапты. Бірақ олардың ұрпақтары өмір сүруде. Гүлсімнің де дүниеден өтіп бара жатқан Әлимарданның «Мен бақыттылықпен дүниеден кетіп барам» деген сөзін қайталауы дұрыс еді.

...Ләйла ұйқысынан оянганда Құдіретті кроватинан көре алмады. Бұған Ләйланың өзі қайран қалды. «Оған не болған? Мүлде ұйықтамастан треске түнде кетіп қалған болуы керек, сірә». Ол, асханада буфетті салдырлатып, ертеңгі ас даярлап жүрген енесін шақырды:

— Мама, Құдірет қайда кеткен?

— Мен бұл туралы сенен сұрағым кеп еді, қызым! — деп жауап қатты, ренішті пішінмен күлімсіреген Тоғызбан. — Тәрізі, оны түнде тағы да кәсіпшілікке шақырып кетті-ау деймін.

— Жоқ, мама, слай емес, ол маған өкпелегендіктен кетіп қалуы мүмкін, — деді Ләйла, терең күрсініп.

Шашына қызылсары лента байлаған Ширмаи есіктен қарағанда ол әлі киініп жатқан-ды. Кішкентай қыз алдымен мамасына, содан кейін әжесіне салмақты мінезбен қадала қарады.

— Саған не болды, немерем? — деді Тоғызбан.

Оған жауап берудің орнына Ширман шешесіне қарап:

— Мама, «жігер» деген не? — деді.

Осы кезде ғана оның қолындағы бір жапырақ қағазды көріп, сезіктенген Ләйла, қызының қолындағы қағазды жалма-жан жұлып алды.

— Саған барлығын бірдей оқый беруге болмайды!

Ләйла Құдіреттің қойын дәптерінің бір парағына жазылған сөзді оқыды:

«Ләйла, әзірше менің жұмысымда кемшіліктер то-

лып жатыр, бірақ мен еңкімнен де көмек күтпеймін. Менің бұған жететін жігерім бар. Жөңіп шығатынымға мен сенем. Құдірет».

Есіктен қоңырау шылдырлады. Ширман есік ашуға жүгірді. Музыка мұғалімі Садэф кірді. Ол қыздың кірпігінде мөлтілдеп тұрған жасын көріп:

— Ширман, саған не болды? — деді.

— Мұғалім! — деп, кемсеңдей сөзін айта алмаған қыз сирен қоя берді.

Садэф оны күшәқтап пионинно қасына алып барды. Кішіні таранған Ләйла бөлмеге кірді. Ол Садэфпен әдеттегісінен жай аманшылық сұрасып, іс туралы қысқа әңгімелесті. Мұнан кейін мұғалім Ширамиды нұсқап:

— Бұған не болды? — деді.

— Өзіне тиісті емес нәрселерді үнемі оқыйды да жүреді — деді наразылықпен қызына қараған Ләйла. — Мені тіпті тындамайды...

Кешде машина гудогінің даусы естілді де Ләйла жұрн кетті.

Садэ өз шәкіртіне бүгін тіпті риза болмады. Ширман бүгін сабаққа тыңғылықсыз болды, алаңғасарланып музыка ырғағынан жаңыла берді, Садэф оны шыдамдылықпен түзеп отырды.

— Қымбаттым, жас талаптылар көнцертіне музыканың нағыз белгілі адамдары келеді, бір ырғақтан да қате жіберуге болмайды, олай болмайынша, біздің екеуімізге де уят болады.

Алайда, Ширмандың көңілі тіпті орнықпады, минут-сайын қате жіберіп отырды. Оқуды үзуге тура келді.

— Ертеңгі тамағыңды іш! — деді мұғалім.

Ширман шайды амалсыздан ішіп отырған кезінде, Садэф Тоғызбаңнан Ләйланың қызына не үшін ұрысқанын біліп алды.

— Сенің шешендікі жөн, — деді кенет мұғалім, қызға қарап, — кішкентай кісілердің кез келген нәрсеңі оқый беруіне болмайды.

— Мен неге кішкентаймын? — деп қарсылық білдірді Ширман.

— Көнцертке дейін небәрі үш апта қалды, — деп ескертті Садэф. — Бізге бұлай алаңғасарлануға болмайды. Сен сақнаға шыққанда қазіргіден де күшті жүрексінесің, өзіңді-өзің қолға алуың керек, өзіңнің барлық жігеріңді жыйнауға тиіссің...



Бұл сөзді екінші қайтара естіген Ширман бұрынғысынан бұл сөзді тыңдағанды:

— «Мен сенің «жигер» деген сөзді түсіндір деп сұраған едім. Ал ол болса кеңді. Немене, бұл жамаан сөз бе?»

Садәф оның шаңын сыйпады:

— Керісінше, жігер деген жақсы сөз, тек саған оны қалай түсіндіру керек?.. Бұл сөздің мағнасын білгін келсе әкене, шешене, олардың мұнайшы достарына қара. Жауында, бораңда, қар жауып тұрғанда олар арпалыста болады, оларды ешнәрсе тоқтата алмайды, демек, олар батыл адамдар, жігерлі, күшті адамдар.

— Егер де бұл олай болса, мамам маған неге кеңді?

— Сіздер бір-біріңізбен түсінсе алмағансыздар.

## 5

Таир мен Ләтифа да жігер туралы таласты. Сазбалшық ертіндісі қалпына келтіріліп, жүре бастаған кезде түнгі смена жұмысшылары барқасқа отырды. Таир мен Ләтифа үйге бірге қайтты. Пристаньянан шыққалы ол басын көтерген жоқ, Таирға бір рет те қарамады, тұнжыраумен болды.

Таирдың кінәсі туралы Рамазан ұста жұмысшылар алдында тіс жарып ештеңе айтқан жоқ, Ләтифаның бұлай салқын қарағанын Таир тағы біреуден көрді, Ләтифа мен туралы бір ұнамсыз сөз естіген екен деп ойлады.

— Немене, саған мен туралы тағы да біреу бөсті ме? — деді Таир.

— Бөсетін несі бар, барлығын өзім білемін!

— Айтшы, кінәмның не екенін өзім де білетін болайын, сен маған тіпті бет бұрып қарамайсың да ғой, ол неліктен?

Ләтифаның көзі тесірейе қалды:

— Сен қашқың келгенде мен бір де сөз айтқаным жоқ-ты саған, бала ғой, шешесін сағынған шығар деп ойлаған едім; сен өзіңнің қатыңды мойындап, қайта келген шығар деп үміттеніп едім. Ал қазір мен сені көріп келем, биттей де ақыл қоспағансың.

— Мен сонша не істеппін?

— Одан артық не істегің келіп еді? Сенуге болатын

жігіт деп саған жауапкершілік жүктеген екен, ал сен болсаң қартты ұятқа қалдырыпсың.

— Қандай қартты ұятқа қалдырыппын?

— Бері қарашы, Таир, жәдігөйсуің жетер! Сен менің кімді, неіі айтып отырғанымды өте жақсы білесің. Бүгінгі уақытқа кім кінәлі? Мүмкін, тағы да Жәміл болар, ә?

— Немене сен, менің көзіме үнемі Жәміліңмен түрткілей бересің? — деп Таир тас-талқан боп кейіп, теріс айналды.

— Сенен өмірде де мұнайшы шықпайды! — деді Ләтифа, жандарынан өтіп жатқан адамдарға көңіл аудармастан даусын қатты шығарып. — Ал сен болсаң тіпті, ерлікті арман етесің.

Бұл сөздер Таирдың арына тиіп, жанына қатты баты. Ол жалт бұрылып:

— Неге шықпайды? — деді.

— Неге десен, нағыз мұнайшының үш қасиеті болады, ал сенде оның бірі де жоқ.

— Ол қандай қасиет?

— Уқыптылық, батылдық және жігерлілік.

Олар қоштаспай айрылысты.

Мұнан кейінгі екінші соққы Таирға кешкі оқу кезінде тиді.

Оқытушы Жұмазада жер асты байлықтарының сыры туралы, жұмысшының салақтығынан саз-балшық ертіндісінің қалай ағып кететіндігі туралы әңгімеледі. Осы кезде класка Құдірет Исмаилзада кіріп келді. Оқытушы да, оқушылар да оған қарай қалды, оқушылардың білімін тексеру үшін оның сұрақ беруін күтті. Бірақ басқарушы сабақ кезінде кіріп, тәртіп бұзғанына Жұмазададан кешірім сұрады да:

— Сізде Таир Баирамұлы оқый ма? — деді.

Артқы орындықта отырған Таирдың назары Исмаилзадаға түсті. Бір ұнамсыз нәрсе боларын сезген жігіттің беті қызарып кетті.

— Я, әне, анау отырған сол, — деп жауап қатты. Таирды нұсқаған оқытушы.

— Ол қалай оқыйды?

— Жақсы.

— Шынымен бе?

Жым-жырт тыныштық.

Шұболаңған Құдірет басын шайқады:

— Жақсы оқуы мүмкін емес. Ол тек роман, өлеңдермен ғана шұғылданатын көрішеді. Оның кітаптарының арасында бірде-бір техникалық кітап жоқ.

Жұмазада өзінің оқушысын жақтағысы келді:

— Алайда, оның бағасы барлық пәннен де бестік, Исмаилзада жолдас.

Таирдың көзі жайнап кетті: «Жарайсың, біздің оқытушы, ол шындықты айтты»... Бірақ Күдірет тағы да басын шайқап:

— Меніңше, сіз оны өте мақтап жібердіңіз-ау деймін. Таир қанша қаблетті болса, сонша ұқыпсыз, сонша жігерсіз. Мен дұрыс айттым ба? — деді.

— Я, шыны солай болу керек, — деп қуаттады Жұмазада.

Таир қайтадан тұнжырап төмен қарады. «Олар күні бұрын келісіп қойған болулары керек», — деп ойлады ол. Егер де мұның бәрін оңашада айтса ол қайғыланбаған болар еді, бірақ бұл сөзді ертең Ләтифаға жеткізетін Жәміл оның қатарында отыр ғой... Апыр-ай, мұнан кейін үшінші соққы да тиер ме екен? Оны көтеру үшін, шынында, батылдық пен жігер керек еді.

## 6

Барлау буровойындағы электр сымның үзіліп қалғанына екі сағаттан артық уақыт өтті. Бригада құрамында электрик жоқ-ты. Барлық механизмдер тоқтап қалды, монтерді күтумен жұмысшылар да уақытты босқа өткізуге мәжбір болды. Барлығының да, әсіресе Рамазан мен Василевтің көңілдері жабырқау. Жұмыс тоқтаған әрбір сағат бригаданы кейін шегеріп, социалистік жарыста алған міндеттемені мерзімінде орындауға бөгет жасайды. Тек жеке жұмысшылар, бригадалар мен кәсіпшіліктер арасында ғана емес, сонымен қатар, бүкіл трестер арасында да социалистік жарыс шарттары жасалған. Басқарушы әрбір буровойдың жұмысын бақылаумен болды. Октябрь салтанаты да жақындап қалды. Барлық жергілікті газеттер беттерінде «құрмет тақталарын» жариялай бастады, озаттар есімдерін атап жатты. Тілшілер мен суретшілер күн сайын кәсіпшіліктен шықпайтын болды, социалистік жарыс туралы мәлімет жыйнаумен шұғылданды, алдағыларды газетте

көтере бастады. Газет қызметкерлері теңіз бұрғылауына бірақ көңіл болді. Олар Рамазан ұстаның буровойына жеті келіп, бригаданың трест басқармасы мен газет оқушылары арасындағы салтанатты уәдесі туралы еске ала бастады. Кеше кешке Москва газетінің тілшісі де келіп, қарт мастерден жұмыс барысын ежіктей сұрады. Рамазан ұста, әсіресе Жәміл туралы мақтау сөздер айтты, бірақ Таирды аузына да алмады. Бұл жеткішшектің жанына тиді. Алайда, бұған өзі жауапты екеніне түсінген Таир ешкімді де кінәламады, тағы да саз-балшық ертіңдісінің арып кетуін кезінде байқай алмай соғылдым ғой деп ойлады. Жігітіміз бос уақытын басқа жұмысшылардан дара өткізді, баркас тоқтайтын жерде тұрып, көп ойланды, өзін-өзі сөкті. Ол Ләтифаның сөзін есіне түсіріп, оны ішінен мақұлдап та қоятын болды. Міне қазір, буровойда жұмыс тоқтаған кезде де Таирдың барлық ойы өзінің жасаған қателігінде болды. Мастер менен түңілді, — деп ойлады ол. — Кешегі күннен бері ол мөңкіп тіпті қарамайды деп.

Ол кенеттен бір сүддің қолы тигенін сезді. Сөскеніп артына жаны бұрылды. Қараса, Жәміл екен.

— Саған не болған, достым? — деді Жәміл. — Сен сенің не ойлап тұрсың?.. Жүр, жігіттер сенен бір сөз айттып жіберуді өтінеді...

Таир қолын сілкіп тастап жауап қатты:

— Жоқ, мен өлең айтпаймын. Өлең айтатын менің бетім жоқ, не деп айтам? Түсінбей-ақ қойдым, мұндай құмарлық сендерде қайдан пайда бола қалды?

Бірақ Жәмілдің ол туралы ойлап, жанына басқалардан бұрын келгеніне ол қуанды да.

— Жүр деймін, өлең айттып жібер! Бізге әлі де үш-төрт сағат тұру керек. Монтерға барғанша, ол мұнда келгеніне қашан, тарихы әлі ұзақ болады...

Ымырт жабыла тынышталған теңіз бетінің солғын көк түсі түнеріп қоюлана түсті. Баркас тоқтайтын жерде тұрып терең ойға шомған Таир қыяға көз жіберумен болды. Көкжиектен көмескі көрінген баркас жақындаған сайын үлкейе түсті. Ол Нарген аралын орағыта өтіп, пристаньға қарай бағыт алды. Таир баркастың жүрісін бақылады, бірақ оның ойы басқада еді. «Қазір бәрінен бұрын жұмыс», — деген ұйғарындыға келді ол ақыры.

— Сонымен, өлең айтқың келмейді ғой?

Түнжырай түскөн Таир кенет жауап катты:

— Жөмөл, өзің менің жаңымнан аулақ кетші!

Жөмөл жолдастарына қарай жүріп кетті. Ал Таир тағы ойға шомды: «Тілің алдында мастер бәрін сыпыра мақтады, ал маған келгенде...» Күтпеген жерден оның басына басқа бір ой түсе қалды: «Біз монтерді күтеміз. Ал жұмыс болса тоқтан тұр. Неге бұлай?.. Монтерсіз істеуге болмай ма?» Мұны ойлаған Таир өзінен-өзі күліп жібере жаздады. Ол өзін-өзі мысқылдады: «Ақыры, күстана болдың ғой, мұның үстіне мастерді үйреткің келеді-ау еді! Сені ертең комсомол жыйналысына шақырып жатыр ғой. Сенің мәселенді талқылайды. Міне, саған осы туралы ойлау керек емес пе еді?»

Баркас жақындап келеді.

Оған қарап тұрған Таир бүгін таңертең оқыған «Тенізішілердің жұмыс әдістері туралы» деген газет мақаласын есіне түсіруге мәжбүр болды. Оған кенеттен бір ой түсе қалды: «Солай, солай... Олар кеме айналымын кебейтуде... Демек барлығы іскерліктен, жұмысқа деген ынтадан тәуелді. — Ол өзінің қылығы туралы ұмытып та кетті, тағы да ойға шомды: — Менің міндетім мастерге айту. Оған ұнайды екен—тіпті жақсы, ұнамайды екен—мұнда тұрған пәле жоқ. Бұл әйтеуір зыян келтірмейді...»

Скважинаға келген Таирды қатар отырған мастерлер әдейі баіқамаған болды. Көңілің бір орынға тоқтата алмаған Таир өз орнына қайта келді. Ол, ақыры, мынадай ұйғарымға келді: «Егер де мастерге айтсам онаша да айтамын... Маған күлетін болса, меілі ол жалғыз өзі ғана күлсін».

...Түнгі смена жұмысының қортындысы тіпті мәз емес-ті. Бар болғаны жыйырма метр бұрғыланды. Смена адамдары жағаға шыққанда, Рамазан ұстаның онаша қалуын аңдып тұрған Таир оның қасына жақындай түсті. Мастер кешікпей-ақ барлығымен қоштасып, жұрт көп көшеге қарай бұрылды.

— Ұста! — деп дауыстады Таир оған. — Мен сіздің үйге барып сізбен жарты сағаттай сөйлескім келіп еді, рұқсат етесіз бе?

Рамазан артына бұрылып тұрып жабырқау жауап катты.

— Ал, не айтқың келіп еді?

Жеткіншек бір маңызды нәрсе хабарлагысы келіп тұрғанын сезген Рамазан оған тағы сұрақ қойды:

— Бұл арада айта алмайсың ба?

— Жоқ, ұста, ондай нәрсені жол-жөнскей айтуға болмайды.

Шәкіртін сынайын деген ниетпен Рамазан ұста дау-сын өзгертпестен қайталап сұрақ қойды:

— Мүмкін сен ауылға қайтуға қайтадан ұйғарған боларсың?

— Жоқ, тіпті ол емес. Мен сізбен оңаша, қупыя сөйлеспекпін. Үйіңізге баруға рұқсат етіңізші, ұста!.. Әңгіме буровой туралы...

«Әңгіме буровой туралы!» — деп қайталаған мастер қасын керді. Оның бетінен күлкі шырайы емескі сезіліп тұрды.

— Олай болса, үш-төрт сағат демалғаннан кейін келерсін. Мен үйде боламын...

Мастер өз жөніне кетті.

Тайыр жатақханаға келгенде Жәмил ұйқтап та кеткен-ді. Одеял үстіндегі кітап, ұйқтаған адамның демалу ырғағымен қозғалып жатты. Оның қолы кроватьтан төмен түсіп кеткен.

Таир да төсегіне жатты, бірақ ол ұйқтай алмады. Ол мастермен сөйлесуге ойымен даярлық жасап жатты. Еңалдымен өзінің дәлелдерін келтіріп, содан кейін мастердің қарсылық сөзін тындап, қайтадан өз пікірін қорғап жатқандай өз ойымен арпалысуда.

Бүтіндей екі сағат дөңбекшумен болды, көзін ілінте алмады. Ұйқтай алмайтынын білген Таир төсегінен тұрып киіне бастады. Жәмилді оятпауға тырысып, аяғын аяндап басып бөлмеден шықты. Жатақхана жанындағы гүлді алаңға қарай бұрылды. Жалғыз өзі қыдырып жүріп, мастерге барғандағы өзінің айтатын сөйлемдерін ойланды.

...Рамазан ұста оны қошаметпен қарсы алды:

— Ал кел, балам. — Таирдың терсең ойға шомған келбетін енді ғана байқағандай болған қарт мастер, таңданғандай оған сұрақ қойды:

— Сен не туралы кам жеп жүрсең, балам?

— Мен кіналымын, ұста... — деді де, мастердің өткір назарына шыдауға күші жетпеген Таир төмен қарады. — Бірақ мұнан былай мен мұндай қателікке ешуақытта да жол бермеске уәде беремін...

Оның даусы дірілдеп шықты. Таирдың бұл сөзді барлық ниеті шын жауапкершілігімен айтқанына мастер енді түсінді. Мұндай уәдені, Таир сыяқты жеткіншектер емес, жасы толысқан, өмірден белгілі тәжірибе алған, өз дағдырына өзі еркін қожа боларлықтай ересек адам ғана бере алатындығына түсінген қарт мастер, Таирдың бұл сөзіне шексіз қуанды. Бірақ мастер өз қуанышын оған сездірген жоқ.

— Көрерміз, — деді ол. — Сен мұны сөзбен емес, іспен көрсетуге тиіссің...

— Солай болады, ұста, орындалады... Мен енді көп нәрсеге түсінетін болдым... Менің өз сөзімнен таңбасыма сіздің көзіңіз жетер, әлі...

Таир басын көтеріп ап, қарттың бетіне енді тура қарады.

— Маған бір ой келді, ұста! Мен соны сізге айтқалы келдім... Оның нендей ой екенін Рамазан ұстаның тез білгісі келді.

— Ал айт, айта бер!...

— Мен кеше есептеп отырсам, біз монтерді күтуге дәл төрт сағат уақытты өлтіріппіз.

— Я, я... Оның рас! Айта бер, — деп қарт ұста шыдамсыздана түсті.

— Сондай-ақ, слесарь мен токарь керек боп қалған уақытта да біз жұмыссыз отырдық... Егер де ертең теңізде дауыл басталса, біз төрт сағат емес, тәулік, немесе одан да көп күтеміз... Менің байқауымша, біз қымбат уақытты босқа өткізудеміз. Мұнан мемлекет те, біз де зыян тартамыз... Мұнша көп күтудің бізге қажеті қанша, ұста?

Рамазанның көзінен қуаныш белгісі елестеді.

— Ал бізге не істеу керек?

— Осындай кемшіліктерді жоюға өзіміздің әлімізде жетпей ме? — деді Таир. Бұл жай сұрақ емес, игілікті іске бел байлаған тұжырымды қадам еді.

— Әркімнің өзінің мамандығы бар емес пе? Сен де, Жәміл де, Гриша да монтер жұмысымен таныс емессіңдер ғой.

— Дұрыс-ақ, қазір олар да, мен де монтер қызметін атқара алмаймыз. Бірақ біз мұны үйрене алмаймыз ба?

— Әрине, үйренесіздер!

— Егер де біздің әрқайсымыз, — деп сөзін жалғастыра түсті Таир, — бұл мамандықтардың біреуін үйренсек, онда қажетті минуттерде біз қиын жағдайдан басқалардың көмегісіз-ақ шыға алатын боламыз ғой.

Рамазан бұл пікір іске асқан кезінде жалпы іске пайда келтіретініне ғана қуанып қоймай, мұндай ұсыныстың Таирдан шығып отырғанына, енді қателеспеймін деп ант етіп отырған шәкіртінен шыққанына өте қуанды.

— Мұнан мемлекетке пайда ма, әлде зыян ба? — деп Таир өз ойын өршіте түсті. — Әрине, пайда... Екі адамның орнына бір адам жұмыс істейтін болады. Сонымен қоса, жұмысымыздың тоқтап қалуынан құтыламыз.

— Жарайды. Ал бұл мамандықтарға сендер қайда, кімнен оқытатын боласыңдар! — деп Рамазан оның сөзін бөліп жіберді.

— Кімнен? Мен мұны да ойластырып қойдым, ұста... Біз клубта үйірме ұйымдастырамыз. Ал комсомол не үшін?.. Мейлі, саяси үйірмелермен қатар сондай үйірмелерді де ұйымдастыратын болсын. Бізді үйрететін, тіпті оған ақы сұрамайтын адамды да табамыз.

Бұл ұсыныстың ақырының не боларын білгісі келіп тығырши түскен Рамазан шыдап отыра алмады:

— Жарайды. Айталық, сен монтер мамандығын үйрендің, ал слесарь, ағаш шебері мамандықтарын кім меңгермекші?

— Кім дейсіз бе? Басқа жолдастар... Мен өзімді ғана айтып отырғаным жоқ қой. Мейлі, бұл бастамаға басқалар да үн қоссын.

Таир біраз уақыт үнсіз отырып қалды. Бұл ұсынысты мастер қостай ма, жоқ па? деген ой оның тынышын алды.

— Рахмет, балам! — деді де қарт орнынан ұшып тұрды. — Рахмет! Демек, сен туралы мен қателеспеген екенмін... Бұл ұсынысыңның қолдамайтын ештеңесі де жоқ!..

Қарт мастер шәкіртіне қанша риза болса да оны құшақтаған да жоқ, еркелетіп сүйген де жоқ. Оның бұлай істеуі мейрімді, немесе сыпайы болмағандықтан емес... Таирдан тағы да талай рет іскер, пайдалы ұсыныстар еститініне қарт берік сенді. Өйткені бұл қасиет-



тің Таирға тән қасиет екені рас. Ол бүгін болмаса ертең өндіріске шексіз жақсылық, пайда істейді.

Таир орнынан тұрды.

— Қазір комсомол жыйналысы басталады, ұста... Мен туралы мәселе қойған... Маған қалай ұрысса да олардыкі жөн болады... Кетуге рұқсат етіңіз...

— Бар, балам, бар!.. Тек біздің берік уәденің адамдары екеніміз есінде болсын.

— Күмәнданбаңыз, ұста!

Таир туралы мәселе талқылаған жыйналыс біткелі біраз уақыт өтті. Жігітіміз тақырлау дөңнен асып, баруға таялған күнге бажырая қараса да, күннің қызарып батқанына көңіл аударған да жоқ. Барлық комсомолецтер тарап кетті, ал ол болса әлі орнынан да қозғалған жоқ. «Маған қатты ұрысты, — деп ойлады ол. — Өзіме де сол керек. Менің өзім кінәлымын. Істі ұста маған сеніп тапсырды, ал мен ше?..» Таир өзіне-өзі наразы болып, басын шайқады. Дұрыс ескерту жасаған жолдастырының сөзі оған онша ауыр тиген жоқ. Оған бәрінен бұрын Ләтифаның сөзі ауыр тиді. Бұл қыздың. «Таирға түзелу өте қыйын, ол нашар комсомолец», — деген сөзін өмір-бақый естен шығармастай болды.

«Түзелу неге қыйын? Кім қателеспейді, ештеңе істемеген адам ғана қателеспейді деген мақал бекер айтылмаған ғой. Е, Ләтифа!.. Мен саған асқар тауға сенгендей сеніп едім ғой...»

Таирдың ұйымдағы барлық комсомолецтерден қатал деп санаған Дадашлы барлығынан да мейрімді, камшып болып шықты. «Өзіміздің әрбір жолдастарымызға көмек көрсете білуге тиіспіз, — деді ол. — Таирдың кінәсы зор. Бірақ оның жүйесінде комсомолдық қан жүріп тұрған болса, онда ол өз қатесінен бүкіл өміріне сабақ болатын қортынды шығаруға тиіс».

«Дұрыс айтты ол!.. Бұл менің ақырғы білместігім болады деп ерлік сөзімді берем...» Таирдың бұл айтқан сөздері оның өзіне де ұнады. Бұл уәде барлығына да жақсы әсер етті, тек Ләтифа ғана төмен қарап, келеке етіп күлімсірегендей болды, тек ол ғана бұл сөзге сен-

беді. Бұл неліктен?.. Мүмкін, бұған тағы да Жәміл кіналы шығар?..

Таир орнынан тұрып шығып кетті. Ол Ләтифаның үйіне қарай жүруге мәжбүр болды. «Жоқ, мен онымен кездесіп, оған өз ішімдегі сырдың барлығын ақтаруға тиіспін. Ол маған неге сенбейді?»

Бімырт жабыла бастады, бірақ жұмысшылар поселкасындағы көше шамдары әлі жағылған жоқ-ты. Таир өзі жүріп келе жатқан көшеде тұрған машинаны да байқамай қалды.

«Барам ба, жоқ па? Жоқ, мен оған бармаймын. Мен басқа шара қолданамын...»

— Таир, сен қайда барасың?

Ол артына жалт қарады. Бұл Ләтифа екен. Таир өз көзіне өзі сенбеді. Ол қайдан пайда болды?

— Сен қайда бара жатыр едің?

Уялатын ештеңе қалған жоқ-ты, Таир оның көзіне тура қарап тұрып жауап қайтарды:

— Сенің ата-анаңа барамын!

— Неге?

— Мен сенің әкең мен шешенің шағынамын.

Ләтифа қарқылдап күлді.

— Не үшін?

— Қыз бола тұрып, сондай қатал болған...

Таир бұрынғысынан бетер ызалана түсті, Ләтифа оны ашуландыра түскісі келіп, жанына тигізе сөйледі:

— Шындықты айтқандықтан саған осылай болып көрінуім мүмкін!

— Шындықты? — Ашуланғандықтан Таирдың беті қызарып кетті. Маған сенбеске сенің қандай правың бар?

— Бұл туралы өзіңнен-өзің сұра.

— Басқалардан менің нем кем?

— Бұл жөнінен де өзіңнен сұра.

Екеуі де үндемей қалды. Ләтифа: «Менің сөздерім оған өте қатты өтіп кетті-ау», — деген ойға келді.

— Бері қара, Таир, егер де сен менің әкеме шағынатын болсаң, онда тек өзіңе зыян келтіресің... Егер де әл сенің ертіндіні ағызып алғаныңды білсе, табанда сенің құлағыңды жұлып алады... Ол қарт мұнайшы, ондай қатені ол кешірмейді.

— Мен түсіне алмай-ақ қойдым, мұнда сендердің қандай жұмыстарың бар? Рамазан ұстаның өзі маған

жалғыз ауыз сөз айтқан жоқ, ал сендер болсаңдар оның адвокаты сыяқтанып шулайсыңдар.

— Міне, көрдің бе, түзелуге уәде берсең де өзінің қатесе өзің әлі түсінбейсің!

— Мен жыйналыста, ештеңе істемеген адам ғана қателеспейді деген сөзді айтуға ұмытып кетіппін.

— Данышпандық сөздерді жаттап алуда тұрған не бар, олардың мағнасына түсіне білу керек! — деп ескертті Ләтифа. Содан кейін Ләтифа ақырын сөйледі:

— Бері қара, Таир, мен сені аяймын... Қалай дегенмен де сен менің жолдасымсың ғой...

— Сен өзінді ая!.. — деп Таир жалт бұрылып ап, жүре берді.

Бірнеше минут оған қарап тұрған Ләтифа «Ол қандай қасарма!» — деді де жөніне кетті.

Таир жатақханаға келді. Бөлмеде ешкім де жоқ еді. Оның ойынан бір нәрсе кетпей қойды: сонымен, бұл қыз менің дұшланым болып қала ма?..» — деп ойлағанмен, бұл ойына өзі жауап таба алмады.

Самандар келді.

— Ашуланба, Таир, — деді Самандар, — мұндай нәрсе жалғыз сенің басыңнан ғана өтпейді.

— Әлгі ашулы қыздың не айтқанын сен естідің бе?

— Мысық балаларын сүйгендіктен тырнайды деседі.

— Ол мысық емес, мен оның баласы емеспін ғой.

— Бұл әшейін мәтел ғой...

— Бұл мәтел маған ұнамайды!

## А Л Т Ы Н Ш Ы Т А Р А У

### 1

Күдіретті қалалық партия комитетіне шақырды. Ол, барлық трестер басқарушылары (оның ішінде Ләйла да бар) қатысатын мәжлісте өзінің ұстаған жолының орынды боларына сенбеді. Әйелі екеуінің арасында болған талас туралы мәселе көтерілуі де мүмкін, мәжлістің кім жағына шығары да белгісіз. Міне, күздің тымырсық күнінде ол зәулім үйдің тік басқышымен

алтыншы қатарға көтеріліп келеді. Өзінің мінез-құлқы сияқты берік орнаған тәртіптен ол бастарта алмайтын болды. Алайда, бұл жолы оның жүрегіне жеңіл тимегенді. Осы уақытқа дейін Құдіретті қай жерде, қашан болмасын, алдыңғы қатарда деп санап, оның пікірімен санасып, оны басқаларға үлгі етіп көрсетіп келді. Енді Құдіреттің менмендігіне цуксан келіп жүр. Оның беделі мен жұмыс әдісі қазір сыннан өтуде.

Бүкіл қабырғасы кітапқа толы шкафтармен тірелген дерлік кітапханаға ұқсаған кабинетке кіріп келгенде ол, жасыл шұғамен жапқан стол жанынан өзінің қызмет жөніндегі жолдастарын, таныстарын көрді. Олардың арасында Рамазан ұста да бар, Ләйла оның қатарында отыр. Құдіретке көзі түскенде ол жай ғана күлімсіреді.

Қамалық комитет секретары Асланов бөлме төріндегі қатар-қатар телефон аппараттары қойылған дөңгелек стол қасындағы абажадай жазу столы жанында қағаздарды үңіле оқып, оларға қарындашпен бұрыштама соғып отыр. Оның жанында, әлгі қағаздарды күтіп бір әйел тұр.

Асланов Азербайжандағы қарт большевиктердің бірі болатын. Оның шашы соғыс пен еңбек майдандарында жүріп ағарған-ды. Оны республика да, орталық та жақсы білетін. Аслановтың халық арасында мемлекет қайраткері ретінде ғана емес, сонымен қатар, батыр жауынгер ретінде аты шыққан болатын. Ол азамат соғысы майдандарында сұдай кешкен еді. Оның жеке басының бүкіл өмірі қоғам жұмыстарымен тығыз байланысты болды. Азамат соғысының аласапыран күндері туғанда оны соғыстың ауыр участкелеріне жіберді. Республиканы Совет Одағынан бөліп әкетуге тырысқан жаулар оның өміріне талай рет жастық істеді. Бірақ ол аман қалды, халық оны сақтай білді. Жаулармен күресте ол бір қадам да шегінген емес. Коммунизм ісінің сөзсіз жеңіп шығарына ол ешуақытта да күманданған жоқ, ол әрқашан халқына сүйенді.

Асланов — Сергей Миронович Қиrowтың жақын серігі болды. Республика үшін қиын-қыстау күндер туған кезде, онымен бірге революция жеңісін қорғады. Сондай-ақ, көп жылдар бойы Апшеронды дамыту туралы Сергей Мироновичтің өсиетін жүзеге асырып келеді. Сәтсіздік болып қалған жағдайда да ол ешбір мойыған емес. Шашы

ағарса да оның қыймылы мен даусында бұрынғы жігер мен күш сезіліп тұрды. Ал қазір, мұнан бірнеше ай бұрын, отан ауыр ұрыстан шығып құрылыс майданына енген кезде Асланов өзіне де, достарына да: «Соғыс бітті, бірақ күрес жүре береді», — деп қайталауды ұнататын.

Әрбір кеш сайын ол, қатардағы күрескердей құрылыс пен теңіздегі барлау буровойларында болды. Барлығы да одан кеңес, тиісті көмек алады. Ол колхоз даласындағы жұмысты да бақылайды, мұнда да оның кеңесі агроном кеңесінен кем түспейді. Асланов өз жолдастарының барлығын жете білуге, баулуға тырысатын. Коммунист әртүрлі білімді меңгеруге тиіс, дейтін ол.

Қазір бүгінгі он сағат қызметтен кейін оның әлі де тын екені сезіліп тұрды. Аслановтың соңғы күндерде барлық кәсіпшіліктерді аралап, ондағы жұмысшылар, инженерлер, мастерлермен сөйлесіп, кейбір трестердің артта қалу себебін табанда анықтап алғанын мәжліске қатысып отырғандардың бәрі жақсы біледі. Бұл тәжірибелі адамның қандай қортындыға келгенін білуге барлығы да асығуда. Оның өткір сынынан қымсынып отырғандар да болды. Бұлардың көпшілігі оның нұсқауын үміттене күтуде. Алайда, тіпті өз жұмысынан қателескен болса да адалниетті қызметкерге Аслановтың сынды нұсқауынан сескенудің жөні де жоқ-ты. Жұмысқа барлық күш-жігерін адал жұмсаған адамға Асланов әрқашан қайырымды дос, ақылғөй қамқоршы болатын. Секретарьдың сыны қатал болған күнде де, жұмыстағы кемшілікті түзетуге көмектесетін.

Қағаздардың ақырғы парағын оқып болған Асланов қасында күтіп тұрған әйелге қарады:

— Біздің проектімыздың стилі анық, түсінікті болуына көбірек назар аударудың қажеттігін жолдастарға менің атымнан айта барыңыз. Мына проектімыздың мағнасына қарағанда, мұнайдың жаңа қорларының қандай жерде екені әзірге тек болжаудағы нәрсе сыяқты болып қалады. Ал шынында Азербайжанның барлық жерін алып жатқан мұнайдың сарқылмас қорының әлі де шекесі шағылған жоқ. — Ол жыйналғандарды көзімен тегіс шолып өтті. — Егер де бұл тек қана болжау болса, онда бұл жөнінде Сталин жолдасқа жазудың қажеті де болмас еді.

Асланов қағаздарды әлгі әйелге ұсынды, кабинеттен

шығып кеткен кезде, мәжілісті аздап кенігіп бастағалы отырғанына жыйналғандар алдында кешірім сұрады.

Көріп отырғандарға мұның да дәлелі кешірімді.

Ол өзінің тостағандай қара көзін төнкеріп, жыйналғандарды салмақты жүзімен тағы да бір шолып өтті.

— Барлығы да келді ғой деймін?

Оны баяғыдан білетін Күдірет, секретарьдың мұнай шығарудың жалпы жағдайы туралы не ойлап тұрғанын осы қарасынан байқап қалуға тырысты. Аслановтың мұнайға қанша назар аударатыны, өндірістің барлық жағдайына қаныққаннан кейін кәсіпшіліктердегі жұмыс барысын тынғылықты бақылайтыны жыйналғандардың бәріне белгілі болатын. Мұнай — барометр сыяқты бүкіл республиканың қалай жұмыс істеп, өмір сүріп жатқанын көрсетіп отыратын өлшеуіш қой. Мұнай шығарудың бір процент болса да кемігенін білсе, Асланов басқалардан бұрын тынышсыздана түседі. Сөйте отырып, ол колхоз даласының жағдайы, салынып жатқан асфальт жол, Бакуге жақын ауыл-селолардағы мектеп, оқу үйлері туралы ойды да жадынан шығармайтын. Ол өзінің көптен бері әдетіне айналған пікірін айтып: Баку — жаңа қан беретін жүрек, оның соғуынан біздің еліміздің қалай дем алып, өмір сүріп отырғанын білуге болады, дейтін.

— Бір істің тағдыры үшін мен сіздердің мазаларыңды алғалы отырмын, — деп бастады, қалалық комитет секретары, жай әңгімелескендегідей орнықты пішінмен. Оның бұл байсалдылығынан үлкен мәжілісті басқарып дағдыланғандығы байқалып тұрды. — Жаңа жыл жақындап келеді. Бірнеше айдан кейін біз өткен жылдың қортындысын шығарып, келесі жылдың жоспарын бекітеміз. Өнеркәсіптің әрбір саласын жоспарлағанда біздің кейбір жолдастарымыз орта цифрды алуға дағдыланған. Әрине, олардың артта қалғандарды теңегені де жақсы, алайда, озаттарға теңеуден қорқу тіпті жаман әдет. Қазір біз жоспарды орта есеппен алмауға тиіспіз. Сондықтан мен қазір сіздерден жоспар жасағанда озат адамдардың көрсеткішіне сүйенуді өтінемін.

Күдірет өз тресінде болған мәжілісті, екі жүз процент орындайтын Рамазан ұстаның бригадасының көрсеткішін өлшеуіш қып алғанын, бұл жөнінде инженер Фикретпен таласқанын есіне түсіріп, «Менікі дұрыс екен ғой», — деп өзіне-өзі риза болды. Аслановтың келесі жылдың тағдыры, келешегі туралы сөз қылғаны оны

таңдандырған жоқ, өйткені оның да жұмыс стилі осындай болатын. «Егінді эккенде оның қалай оруды да ойтастыру керек», — деген халық мақалына мән берген Құдірет те істі алдын ала қамтитын.

— Міне, — деп сөзін жалғастыра түскен Асланов, жайлап орнынан тұрып, Рамазан ұстаның қасына келді. — Міне, мысалы, біздің баяғы заманнан бергі ортақ досымыз, онша жас болмаса да екі жүз порценттен төмен түсіріп көрген емес. Кеше мен оның барлау буровойында болдым, бригадасындағы адамдарының дені жастар. Жас балалар мен тәжрибелі жұмысшылар арасындағы айырма үлкен екені сөзсіз. Балалар үйрене жүріп істейді. Алайда, Рамазан ұстаның барлық бригада алдында болу себебі неде? Меніңше, мұның кілті мына бір ғана нәрседе: үнемі алда болу оның әдетіне айналып, дәстүрі болып алған. Ал кейбіреулер артта қалуға жол беріп отыр. Мысалға Құдірет Исмаилзаданың тресін алайық. Біз оған сенім білдіріп, оны артта қалған, жұмысы кемшілікке ұшыраған учаскеге жібердік. Ол өзінің бұрынғы даңқына, дәстүріне неге кір келтіріп отыр?

Бұл жайлап айтқан сөздің өзі Құдіреттің сүйегінен өткендей болды.

— Сексен алты процент. Бұл өте аз, Исмаилзада жолдас. Екі ай ішінде жыйырма бес процент қана өсу — бұл өте аз. Немесе Ләйла Исмаилзаданы мысалға алайық... Сізде де кемістік бар, Ләйла жолдас Сіз өткендегі қол жеткен табыспен жайбарақаттанып қалдыңыз. Мен алдыңғы күні сіздің кәсіпшілігіңізден бүтін бір ай ішінде бар болғаны елу метр бұрғылаған мастерді кездестірдім. Бұл немене сіздіңше, кейін шегінген емеспе?..

Құдірет демін ішінен алып: «Оның бізге көмекке бригада жібергенін секретарь әлі білмейді де ғой», — деп ойлады. Оған жауап бергендей секретарь сөзін жалғай түсті.

— Басқа трестерге көмектесуге тырысатыныңызды білемін. — Ләйланың ұялып қалғанын байқап ол күлімсіреді. — Мен сізді түсінемін, бірақ ондай көмек кейде залал келтіруі де мүмкін.

— Дұрыс! — деді, бұл сөз жанына жаққан Құдірет, орнынан қозғала түсіп. — Бұл арқа сүйеушілік әдетін туғызады.

— Әрине, Рамазан ұста бұған ризалық білдіре

аамаған, — деп сөйлей түсті Асланов. — Ол дұрыс та істеген, бригаданы кейін қайтарғаны тиісті дұрыс. Трестің артта қалып отырғаны тек жұмыс қолдарының жеткіліксіздінен ғана ма? Әрине, олай емес! Жұмыс күші тиісті орнына ұқыпты пайдаланылмай келеді.

Бұл қарапайым сөздер құлаққа жаға бастады. Күдірет бұл шындыққа тек қазір ғана дәл түсінгендей болды.

— Исмаилзада жолдас, — деп секретарь Күдіретке қарады. — Үш жүз бесінші скважинаның тек елу тонна ғана мұнай беру себебін айтыңызшы? Меніңше ондағы жолдастар бір нәрсені бүлдіріп алған болуы керек. Бұл скважинаны мен көптен білемін...

Күдірет орнынан тұрды. Асланов барлық ескі скважиндарды білетін-ді, сондықтан оған кез келген жауапты айта салуға болмайды.

— Істің мәні былай, — деп бастады Күдірет, толықсығанын сездірмейін дегендей, демін ішінен алып. — Дұрысында да, бұл скважина трестің көркі болып саналатын. Бірақ мән былай болып тұр: барлау арқылы мұнда мың сегіз жүз метр тереңдікте бұрынғыдан да бай мұнай қабаты бар екендігі анықталды... Оны біз қазір пайдаланудамыз. Әрине, бұрынғы жоғарғы қабатты дұрыс пайдалансақ, тәулігіне елу тонна емес, жүз елу тонна мұнай өндiрген болар едік. Бірақ мен бұл жолмен жүргім келмейді... Неге десеңіз...

— Түсінікті, — деп қалалық комитет секретары бас пзеді. — Менің сізді жалған жолға түсіргім келмейді. Мұндай жағдайда біздің инженерлеріміздің адалдығына сенуге болады. — Күдіреттің ұйғарындысын ол мақтады: — Сіздікі дұрыс, Исмаилзада жолдас... Базғы бір адамдар болса уақытыша табыс, минуттік даңқ үшін төменгі қабат туралы кам жеместен, мұнайдың жоғарғы қабатын пайдалана бастаған болар еді...

Бұл әңгіменің мәнін ежіктеп жатудың мұнайшыларға қажеті де жоқ. Уақытыша табыс, минуттік даңқ туралы әңгіме қозғалғанда Асланов қысқа уақыт ішінде жоспар орындау процентін көтеру жолына мыңдаған тонна мұнайды құрбандық стегін кейбір қызметкерлерді айтқанды. Ондай жағдайларда мемлекет залал шегеді. Жақсы мұнайшылар болашақ туралы ойлайды, мұнайды сырап еткенше біраз уақыт ескерту алғанды дұрыс деп табады отар. Күдірет есебінше үш жүз бесінші скважи-



на еңалдымен төменгі қабаттың мүмкіншілігін сарқа пайдаланып, содан кейін ғана жоғарғы қабатты пайдалануға кірісуге тиіс болады, демек, сонда ғана мұнай өндірудің жалпы балансы өсуге тиіс.

— Бірақ сол төменгі қатарынап қаздырудың өзінде де елу тоннадан артық алуға болады ғой, — деген ыңғай білдіргендей болды Асланов.

Күдірет бұған мойынұсынды:

— Мүмкін. Мен ертен-ақ онда барып, тағы да тексеремін.

— Міне, тіпті жақсы — деп секретарь, оның тресінің кемшілігін айтқалы Ләйлаға жақындай түсті.

Дәл осы минутте, дөңгелек стол үстіндегі телефон аппараттарының ортасындағы сүттей ақ аппарат дүркін-дүркін шылдырлады.

Асланов ақырын басып барып трубканы қолына алды.

— Бұл мен! — деді де ол кенеттен кілт тоқтап қалды: оның осы минутке дейін орнықты боп тұрған әрбір әжімі енді қыбырлап, толықсу белгісін көрсетіп тұрады. — Кім?!

Асланов еңсесін ала күтіп тұр. Онымен бірге бүкіл жыйналғандар да демін ішіне алып, өте ерекше бір хабар күткендей болып отырды.

Қалалық партия комитетінің секретары кенет бойын жыйып құлақ түрді. Оның кіммен сөйлесейін деп тұрғанын білу енді қыйын емес-ті.

— Тындап тұрмын сізді, Иосиф Виссаронович! — деді ол, даусын көтеріңкі шығарып. — Сәләмәтсіз бе, Сталин жолдас!

Кабиннеттегілер салмақпен өзара сыбыр ете түсті де, телефон трубкасына кадала қарай қалысты.

Қас пен көз арасындағыдай бұл кезеңнің әрбір секундын бүкіл өміріне тенеген Күдірет те, басқалар да бос жібергісі келмеді, барлық еңсе, жігерлерін сала бақылап, ерекше бір нәрсе күткендей болды. Халықтар көсемі қазір мұнай майданының жауынгерлерімен сөйлесіп тұрды. Күдіреттің жүрегі аттай тулап, кеудесіне сыймай тұр. Оның даусын өз құлағыңмен есту қандай бақыт болған болар еді! Күдірет оның даусын соғыстың ауыр күндерінде, талай ұйқысыз түндерден кейін шаршап, талықсып жүрген кезде тындап, сол кездің өзінде-ақ отанымыздың толық жеңетініне айқын көзі жет-

кеп-ді Оның әрбір сөзін зор дәмемен толықпен тыңдап, оны зердесіне күйіп Құдірет, одан өзіне күш-жігер алады. Міне, қазір, тап осы дәуіс болашаққа көз жіберуге шақырады, уақытына сәтсіздікті, ұсақ іреніш пен қайғылы кездерді ұмытуға мәжбүр етеді, бойға жаңа қуат беріп, алға, тек алға ұмтылуға жол сілтейді!

— Я, Сталин жолдас, мұнай өндірісінде Азербайжан мұнан былай да алда болуға тырысады. Баку большевиктерін сіздің өзіңіз де жақсы білесіз ғой. Бізде барлық, мүмкіншілік бар, Сталин жолдас... Я, барлық мүмкіншілік бар. Бүгін біз сізге жаңа трест жобасы туралы баяндама жібергені отырмыз. Мұнай бірнеше жыл бұрын жаңа жерде жүргізілген барлау жұмыстары осы жылы табыспен аяқталды. Барлау скважинасының бірінде мұнай табылды... Я, Иосиф Виссарионович, мұнай табылған жаңа жердің байлығы мол екені дәлелденді... Бұл туралы біздің осы уақытқа дейін үндемей келуіміздің себебі, болған болжаулардың бәрін толық анықтағымыз келген еді... Я, шамамен айтқанда екі жылдан кейін бұл бетпак далада да жаңа жұмысшы поселкалары орнатылмақшы. Біз кәзірдің өзінде де бұл бетпак даланы қалаға айналдыра бастадық...

Қалалық комитет секретары үндемей қалды, енді ол тек тыңдап қана тұрды. Мәжлісте отырғандар әңгіменің не туралы болып жатқанына жақсы түсінді, олар бұрынғысынан да бетер толқп түсіп, Аслановқа қарап отырысты, оның жауап сөздерінен көсемнің не туралы айтып жатқанын тезірек білуге ынталанды.

— Апшерон мен мұнай шығатын жаңа жердің арасындағы айырмашылық мынада, Сталин жолдас: Апшерондағы мұнай қабаттары бір-бірімен біркелкі тең болып келсе, ал жаңа жердегі әрбір сүйем жердің өзінің жеке айырмашылығы бар... Теңізде?: Біздің геологтарымыздың пікірі бойынша, онда зор келешек бар, Иосиф Виссарионович... Мұндай байлық бүкіл дүние жүзіндегі еш жерде жоқ деп ұйғарып отыр, геологтар... Барлау әлі жүріп жатыр... Я, дерлік табыспен жүргізілуде... Рамазан ұста барлығының алдында келеді... Я, ол әрқашанда да алла болды ғой... Жоқ, ол жалғыз емес, жас гвардия оның ізін басып келеді.

Асланов тағы да үндемей тұрып қалды... сірә, оған көсем бір нұсқаулар беріп тұрған болуға тиіс. Бөлмедегі тыйыштықтан шыбынның ызыңы ғана сезіледі. Құдірет

өз жүрегінің соққанын анық естіп отырды. Ол Тейланьн көзінің әдеттегіден өзгеше нұрлана түскенін байқады: Рамазан ұста барлық ессесін сала, ілгері ұмтыла отырып тындады.

— Жұмысшылардың жаңа кадрын жасау үшін, — деді кенеттен жауап берген Асланов, тыныштық бұзып, — мұнда мектептер санын көбейту қажет... Қарт жұмысшылар гвардиясына көмек?.. Көмектеседі, Сталин жолдас. Қазірдің өзінде мұнайшылар жас гвардиясынан жас ерлер шығуда... Сіздің атыңыздан сәлем жолдаймын, қалай да. Жақсы...

Аслановтың келбеті ұқыптылық пен орнықтылықты байқатып тұрды. Бұлай тек өзінің нағыз жақын, өзінен жасы үлкен досымен осылай сөйлесу мүмкін еді. Бұл сезім барлық тыңдаушылардың бойына жайылғандай болды.

— Я. Иосиф Виссарионович, Рамазан ұста қазір жақсы халде, ол қазір осында отыр, мәжіліске келіп отыр... Әрине, оны телефонға шақыруға болады...

Қарт шебердің өткір көзі бұрынғыдан да жайнай түсті... Революциялық күрестердегі жасы үлкен дос, көсем, миллиондардың бақыттылығына жол сілтеген дана адам, өзінің мұнан көп жылдар бойы талай рет кездескен Бакудің қатардағы мұнайшысы Рамазанды әлі есінен шығарған жоқ екен.

— Ұста, сені шақырды, — деді Асланов, телефон трубкасын ұсынып тұрып.

«Я, іс тек ескі достықта ғана емес, — деп ойлады Құдірет. — Рамазан ұста арқылы Сталин жолдас бүкіл Баку мұнайшыларын көреді, олармен сөйлескісі келеді».

Өзіне қадалған бірнеше көздерден тасаланғысы келгендей Рамазан Аслановтың қасына келді де трубканы алды.

— Сәләмәтсіз бе, Сталин жолдас, — деді ол, оның қолының қалтылдағаны көрініп тұрды, көзі дымданып, бұрынғысынан бетер жалт-жұлт етіп кетті... Я, соғыстың бастапқы кезінде маған онай болмады... Жоқ, тек балаларым үшін ғана емес, мен Отан туралы, Сіз туралы ойладым, Сталин жолдас... Әзірге кәрілікті сезгенім жоқ, пенсияға шықпаймын да. Маған мұнайдан аулақ кету қиыны болады, онда мен, шынында, тез қартая-

мын... Олар да сізге сәлем жолдайды, Сталин жолдас!... Сәлеміңізді айтамын, айтамын, қалай да айтамын!

Қөп уақытқа дейін ешкім де тыйыштықты бұзбады. Аслановка телефонмен сөйлескен әңгіменің мазмұнын жыйналғандарға қайталаудың қажеті болған жоқ, бұл әңгіме онсыз-ақ барлығына түсінікті болды. Секретарь қысқаша сөйледі:

— Бұл сөйлесу біздің мәжлісімізді қорытты. Мәңгілік дағдымыз бойынша бұл жолы да Сталин жолдасын сенімін ақтап шығуымызға құман жоқ.

Отырғандардың әрқайсысы да секретарьға бір нәрсе деп жауап қатқылары келді, бірақ сөз табу өте қиын болды. Отырғандардың біреуі қол шапалақтай бастаған кезде қол соғу толқыны бөлмені теңселткендей күшті шықты.

Барлығы бір кісідей орындарынан тұрысты.

## 2

Екі трестің басшы қызметкерлері бас қосқан мәжліс өткізіліп жатқан Ләйланың кабинетінде инженерлер мен шеберлер арасында Құдірет те отырған-ды. Бұл мәжлісте Минаев өзі ойлап тапқан жаңалығы туралы баяндама жасады.

Ол қысқа сөйлеммен түсінікті айтты. Барлығы да оның сөзін ұйып тыңдады.

— Сіздердің барлықтарыңа белгілі — скважина шылыстығын тексеру үшін біз аспап-саймандардың барлығын скважинадан шығарып алуға мәжбүр болып жүрміз. Бұған қанша уақыт кететінін есептеп шығару да қиын емес, сонымен қатар, қаншама аспап-саймандар бүлініп, істен шығады. Бұрғылау жұмысы да кешіктіріледі. Менің ойлап тапқан жаңа аспабымның атқаратын қызметі қандай болмақшы? Бұл аспаппен жұмыс процессін бірнеше рет қысқартуға, жеңілдетуге болады ғой деп ойлаймын. Бұл іске асырылса мұнан келетін пайда ұшан-теңіз. Менің бұл ойлап тапқан аспабым онша қиын емес. Сіздер мұнымен чертеж арқылы таныссыздар. Оны көп етіп жасап шығару онша қымбатқа түспейді. Сіздерден менің өтінішім — осы аспаптың жарамдылығын сыннан өткізуге маған мүмкіншілік берсеңіздер...

Миңаев өзінің түсінік сөзін аяқтағаннан кейін қызу талас басталды. Әртүрлі пікірлер айтылып жатты. Бұрын да осындай аппарат ойлап шығаруға тырысқан талаптылар болғаны, олардың іске аспай қалған фактысына сүйеніп кейбіреулер мұны да жоққа шығару пікірін айтып, қабылдауға қарсылық жасады. Кейбіреулер бұл аппараттың іске асқандағы келтіретін пайдасын, бұрғылау ісі мен оны пайдалануға беру ісін әлдеқайда шапшаңдататынын, сонымен қатар, мұнай техникасына жаңалық қосатынын дәлелдеп, қатты қостап жатты. Сондай-ақ, ешқандай ұсынысқа қосылмай шөре-шөре болған тұрақсыз пікірлер де болды. Олар бұл аппараттары сыннан өткізу тек ғылыми-зерттеу мекемелерінің жұмысы деп, әрбір жаңадан ойлап тапқан аспапты зерттеп, кәсіпшілік жұмысын тоқтатуға болмайды деген ұсыныстарды да алға тартты.

Бір кезде Күдірет те сөз алды:

— Мұнай өнеркәсіптері үшін біздің ғылыми-зерттеу мекемелеріміз аз қызмет істеген жоқ. Бақу инженерлерінің көпшілігінің тамаша бейнесінің бірі — олардың өз міндеттеріне немқұрайды қарамауында, өндіріс дағдыры үшін әрқашан да олардың жаны ашылды. Негізгі жұмыстан бос уақытын олардың көпшілігі жаңалық ойлап табуға арнайды. Олардың жаңалықшыл ой-пікірлер негізгі жұмыспен біте қайнасып жатқанын тура айтуға болады. Бірақ кейбіреулерінің бағалы жаңалықтары қағазбасты тәккәппарлардың столында бірнеше жылдар бойы жатып, жарық көрмей қалады... Ойлап тапқан жаңалық затына бұлайша топастық көзқарас жаңалықшалардың сағын сындырады. Бұл оның алдағы уақытта ойлануына жаңалық жасауына бөгет болады, жігерін құм етеді. Біздің қасиетті борышымыз — іске мұндай көзқарасқа қарсы соққы беру және біздің жаңалықшыларымызға қолғабыс тигізіп, олардың ойлап тапқан жаңа нәрсесін іс жүзінде сыннан өткізуге толық мүмкіншілік беру болып табылады.

Күдірет сөйлей бастаған кезде кабинетке аласа бойлы толықша адам кіріп келді, отырғандардың бәрі оны жақсы білетін. Ол әңгіменің не туралы болып жатқанына құлақ салды. Жақтырмаған түрмен Күдіретке көзін қадай берді, ақыры, оның сөзін бөліп жіберді:

— Меніңше, оның трестке не үшін жіберілгені менен бәрі де Исмаилзада жолдасқа жақсы белгілі болуға

тіс. Ол мұнай шығаруға тағайындалған. Бірақ та ол өзінің негізгі міндетін ұмытып ғылыми-іздену жолына түскенге ұқсайды.

Бұл сөздер барлығына да өте жиренішті болып тиді. «Азнефть» бірлестігінде көрнекі орынға ие болып отырған адам өзінің лайықсыз сөзімен Миннаевты жақтап отырғандарды ғана емес, сонымен қатар, оның жаңалығына қарсы шығып отырғандарды да шошындырды. Ал ол болса өзінің кірпідей болып түксініп өсіп кеткен мұртын тыржыйта түсіп, ешкімге қарамастан сөзін жалғастыра берді:

— Меніңше, сіздер мұндай мәжілісті қысқартып, оның орнына буровойға аралассаңыздар тіпті жақсы болған болар еді. Исманлзада жолдас, сіз тіресіңіздің мүлде артта қалып жатқанын тіпті естен шығарғансыз-ау деймін. Бұған бас себептің бірі осындай «ғылыми» мәжілістер екені маған енді түсінікті болып отыр.

Ол «ғылыми» деген сөзді жиіркенішті кекесін күлкімен айтқан кезде Қүдірет шыдай алмай, даусын қаттырақ шығарып, жауап қатты:

— Жоқ, Мирзоев жолдас, артта қалу себебіміздің бірі тап осындай мәжілістердің өте сирек болуында!

Бастық өзіне бағынышты адамның бұл қарсылығын көргенсіздік деп бағалап, бұрынғысынан бетер тұнжырай түсті де, екілене зекірді:

— Кіммен сөйлесіп отырғаныңызды сіз ұмытпаңыз!

— Жоқ, ұмытпаймын! Мұндай қызмет орнындағы адамның осындай жаңа ойлап табылған нәрсеге қыянат жасайтынына мен тіпті түсінбеймін де. Мұндай жағдайда, қайта, жете құлақ тігіп, қолдау керек қой деп ойлаймын.

Бұл сөздер Мирзоевты тіпті өршелендіріп, ашуландыра түсті:

— Мұндай мәжілісті шақыруға сіздерге кім рұсат етті?

— Біздің бір ғана сүйеніш негізіміз бар, ол: техниканы меңгере беру және мұнай шығару қарқынын күшейте түсу, — деп жауап қатты Қүдірет.

Бастыққа лайық дауыспен Мирзоев өз сөзін айтып-ақ гастады:

— Мәжіліс жабық деп жариялаймын!

Мәжілісте отырғандарды бажырая бір шолып өтіп,

келгендегісіндей дөрекейкелеп аяғын алашак басып, кабинеттен шығып кетті.

Барлығының да еңсесі түсіп, көңі қалды. Олардың барлығында да бір сезім пайда болды: істің не жайлы екенін жете білмей тұрып инженерлер мен мастерлерге бұлай ақыруға мұндай тәкәппардың қандай қақы бар. Басқалардан гөрі де Құдіреттің ашуланатын жолы бар еді. Оның өрттей қызарып, жоғарғы ернінің жыбырлап кеткенін жұрттың бәрі байқады.

Алайда, мәжіліс таратылды. Құдірет Ләйлаға қарап:

— Сенің қалай қарайтыныңды білмеймін, мен барлық жауапкершілікті мойныма аламын да, Миннаевтың жаңалығын өзім тресімдегі буровойдың бірінде сынауға мүмкіндік беруге бел байлаймын, — деді.

Алғашқыда Құдірет Мирзоевқа қыр көрсету үшін қызумен айтқан болар деп өзінің ойлап тапқан ісін, тағдыры үшін қауыптеніп ренжи түскен Миннаев, трест басқарушысының бетінен қайтпас қайсарлық әлпетін көргенде оған түсінгендей болды. Өйткені ол мұны сыннан өткезу ісін, келешек зор іспен байланыстырып тұрған тәрізді. Мәжіліске қатысқандардың барлығы бұған түсінді де, Исмаилзаданың ұйғарымын қоштады.

Жақсы жаңалық хабарды жақын адамдарына жеткізгісі келген Миннаевтың бойын болмаған қуаныш биледі.

Бұл мәжіліске Рамазан ұста да қатысты.

Құдірет пен Ләйла оған үйлеріне бірге қайтуға ұсыныс жасады.

Машина мастердің үйінің қатарына келген кезде карт қоштасуға ынғайланды. Бірақ Ләйла мен Құдірет оны қолтықтай алып жібермеді.

— Ниса жеңгейге телефон соғамыз, сені бізде дейміз, оның өзін де алдырамыз.

Олар Исмаилзаданың үйіне келіп түсті. Оларды есік алдында жүрген Тоғызбан қарсы алды:

— Сирек кездесетін уақытқа! Қандай тағдыр айдап бүгін ерте келдіңдер?

Құдірет шешесін құшақтап тұрып:

— Е, мама, мұндай жағдай, шынында, сирек кездеседі. Бізде жұмыс көп қой. Артта қалғандар сәгіс естиді, таяқ жейді... Қез келгеннің оқтала бергенін менің көтере бергім келмейді, мұндайға менің етім үйренбеген — деді.

Тоғызбан ерқашан да ұлын мақтанып ететін.

— Мұндайға бойұсынбағаның да жақсы, жалғызым. Саған артта болу ұят. Сенің әкесі Салман ғой... Ол Рамазан ұстаны көріп сөзін аяқтамастан, баласынан шығып мастерге барды. — Сенің де келетін күнің бар екен ғой! Мен бүгін сенің Нисанда болдым... — Тоғызбан бір нәрсені еске түсіргісі келіп кенет тоқтап қалды. — Я, сен менің өтінішімді ұмыттың ба?

— Ұмытып қалдым... А, я!.. Шөгенінді тазалау үшін буровойдан құм әкел деген екенсің ғой. Ешкі өзінің тіршілігін ойласа, аспазшы оның майы туралы ойлады деп бекер айтпаған екен, деген мақалды келтіріп Рамазан ұста қарқылдап күлді. — Бүгін кеште қалай да жіберемін. Теңіздің нағыз түбінен, екі километр тереңдіктен алып беремін, — деп, бұрғылау балтасының қанша жерге жеткенін де білдіріп қойды. — Мағын ұмытпай тұрып саусағыма жіп байла, әйтпесе тағы да ұмытып кетермін. Өзімнен жасырмағанды сенен де жасырмаймын: көп өмірді артқа тастаған жоқпын ба, ұмытшақтығым да сонша, ештеңені есте ұстап тұра алмаймын.

Дастархан үстінде қызу әңгімелер басталды. Тоғызбан Нисаның қайғысы мен жалғыздығына жақсы түсінетінін айтты. Ол Рамазан ұстаның балаларын есіне түсірді. Өзіне тән қарапайымдылық, шындықпен Нисаның аналық қамқорлығы, сүйіспеншілік сезімінің күштілігіне таңдана сөйледі Тоғызбан.

Тоғызбанның айтқанына түгелдей қосылған Рамазан ұста, басын изеп тындаумен отырды. Әрине, қарт та өзінің балалары жөнінде уайымдамайтын, брақ мұнысын ешуақытта білдірмеуге тырысатын Ана баласын бір семья үшін ғана тәрбиелеп өсірмейді, тіпті қаза тапқан күндерде де жылаудың, шағынудың, бұл қайғы туралы басқаларға жар салудың қажеті жоқ деген ойды ол жүрегінің терең түкпірінде сақтайтын. Оның ойынша, өмірін өз пайдасы, өз рақатына ғана орнатып адамдарды күстаналау керек, олар ұсақ адамдар, менменшілдер болып саналады дейтін. Жалғыздық жөнінде Нисаның айта беруімен оның көз жасын төге беру әдетін әйелдік босандылық — көңілшектік деп санайтын ол. Адам баласының өмірге жеңіл көзқараспен қарап, нәзіктікпен өте шығу үшін келмейтінін, тек түкке тұрғысыз адамдар ғана солай ойлайтынына қарт мастер



жақсы түсінетін. Ол Тоғызбанның кейбір сөздеріне ішінен қарсылық білдіріп отырды.

— Құдірет — сенің ұлың, бірақ оның тек өзі үшін ғана өмір сүруге правосы жоқ. Муның осылай екені өтірік пе?»

«...Мысалға, менің балаларым қайтып келмеді. Бірақ, менің ұлдарымды алып кетті деп айта алам ба?»

«...Егер де мен тек өз пайдам туралы ойлаған болсам, онда пенсия алғаннан кейін кәсіпшілікке қайтып оралмауға тиісті едім ғой».

Рамазан ұста бұлардың барлығын сыртына шығарып айтпаса да Тоғызбанды тыңдап, жайлап басын изеп осы пікірлерді айтып отырды.

Тоғызбан мен Рамазанның әңгімесін тыңдап отырған пішін көрсеткен Құдірет өз ойымен шұғылдануда болды. Бүгінгі мәжліс оның ойынан шықпады. Мирзоев ызаланып кетті, ол, әрине, әдеттегідей өш алу үшін болған әңгіме туралы бірнеше рет өсіріп бірлестікке хабарлайды.

Ләйла күйеуінің ойына жауап бергендей, бұл мәжліс маңызын төмендету үшін Мирзоевтің Құдірет тресінің артта қалғанын мысалға ала шағым жасайды деп қауыптеніп отырды.

— Құдірет, — деді ол, — әрине, Мирзоев өте топас сөйледі. Егер де біздің мәжлісімізде «Азнефть» бірлестігінен біреу болған болса, оның сөзін сөйлемес еді. Бірақ сенің тіресіңнің артта қалуы оған қазір соқырға таяқ ұстатқандай болып тұр ғой.

— Мені ешнәрсе де қорқыта алмайды. — дегенде оның жоғарғы ерні жыбыр ете қалды да, орнынан ұшып тұрды. — «Балапанды күзде санайды» дейді ғой. Мейлі, Мирзоев не ітесе ол істесін! Ал біз Миннаевтың ойлап шығарған аспабымен тәжірибе жасаймыз.

Кенеттен телефон шылдыры естілді. «Азнефть» бірлестігінен екен. Басқалар үнсіз отыра қалғанда Құдірет телефон арқылы сөйлесіп тұрды:

— Я, — деді ол, — егер де Мирзоев өзін-өзі сыйламаса, оған мен кіналы емеспін ғой. Оның қылығы жалғыз мені ғана емес, барлық қатысушыларды жерге қаратты... Жеке бас туралы әңгіме болған жоқ мұнда. Егер де ол мені би билеп жүргенде кездестіріп, сол кезде сөксе, онда бұл жеке бастың әңгімесі болған болар еді... Егер де Миннаевтың ойлап тапқан жаңалығы іске

асса, мен оның алдында кешірім сұрауға тиісі емеспін. Керісінше, ол менің алдымда, сондай-ақ, бүкіл мәжіліске қатысқандар алдында кешірім сұрауға тиіс. Мен сізге баруға даярмын, бірақ оның алдында кешірім сұрай алмаймын. жоқ! — Күдірет үндемей тындап тұрды да, содан кейін даусын қатты шығарып жауап берді, — несі бар екен, күресеміз. Күрессіз өмірдің қызығы да болмас еді ғой!

## Ж Е Т І Н Ш І Т А Р А У

### 1

Ниса өз көзіне өзі сенбеді. Ол әдеттегідей өз ұлын түсінде көргендей болды. Бірақ, неге екенін кім білсін, бұрын баласы оған жай киіммен көрінетін-ді. Ал енді оның үстінде офицер киімі бар. Мұның өзі Нисаның күмандануын жойып жіберді.

— Сәлематсың ба, ардақты анам! Мені танымай тұрсың ғой деймін, тәрізі?

Жоқ, Ниса оны таныды. Басқа ешкім де Пашаға осындай ұқсас бола алмас еді! Уақытсыз ағарған самай шашы да, енген әжім де аңсаған анаға сүйікті ұлын жат етіп көрсете алмады.

Паша анасына жақындағысы келіп еді, бірақ оның анасы оған қарай ұмтылды:

— Ұлым! — деп ол қатты дауыстап жібергенде, өз кроватинда шырғ ұйқыда жатқан Рамазан орнынан атып тұрды:

— Не боп қапты, кемпірім-ау? Бұл неткен шу? — деп төңірегіне қараған карт ойда жоқ көрініске таңдана қалды. Ол өзінің оянғанына да сене алмады. — Е, балақай, мен ұйқтап жатырмын ба, әлде жоқ па? (Рамазан ұста Пашаны да, Ахметті де үнемі «балақай» деп еркелететін).

Паша тіл қатпады: Нисаның қатты қысқан құшағынан ол ешқандай дыбыс шығара алмады. Ананың екі қолы оның мойнына айқасып, ерні ерніне жабысып қалған-ды.

Жоқ! Соңғы төрт жыл ішінде оған ешуақытта мұн-

дай түс еніп көрген жоқ. Оның түсінде Ахмет пен Паша бөлмеге кірген кезде ол тек қана оларды мақтап ететін, бірақ ешуақытта оларды бұлай кұшақтап сүйе алмайтын-ды. Ал енді ше? Енді Пашаның ыстық демін сезіп, оның мундирінің шұғадан тігілгенін де көріп тұр.

Демек, Паша қайтып келген ғой!

Жылдар бойы ешқандай хабар-ошарсыз кеткен ұл қайтып келді. Қайдан, қалай?

Ана!.. Бұл сөзде қаншама қасиет жатыр! Сен балаларың жолында қандай қыйыншылыққа болмасын басұрасың. Сен өз тілегің орындалғанын ғажап көресің. Бірақ өзіңнің тамаша даналығыңды көрмейсің, сенің аналық сүйіспеншілігіңде қаншама күш жатқанын білмейсің де... Шынында, Пашаның тірі қайтуына өзіңнің аналық махаббатың дәлел.

— Жарайды, кемпірім, жылауыңды қойсайшы! Әкең марқұмға иман берсін, ал балақай аман-есен қайтып келді ғой, сенің жылай беретінің мәнін айтшы?!

Даусын қатты шағарып жылаған Ниса шалының сөзін естіген де жоқ.

— Жақсы, мен осы үйдің еркегімін бе, жоқ па?!— деп Рамазан ұста қуақылана сөйледі. Ол соғысқа дейінгі әдетінше көңілді, әзілқой бола қалды. — Немесе, сеніңше, мен бұған араласуға тиісті емеспін бе?

Бірақ Ниса өз шалының қалжыңын тындағысы келмеді. Оның көз жасы Пашаның бетіне сорғалап, кеудесіне тамшылап тұрды.

— Өксігінді бассайшы, мама, тыйышталшы... Бұл мен ғой, қайтып келдім ғой...

Өз көзіне өзі сенбегендей Ниса қалтыраған қолымен ұлының жауырыны мен кеудесін сыйпалап тұрды. Мұнан кейін ананың бойын бір сезім кенет билеп кеткендей болды: Пашаны кұшақтаған кезде оның бір қолының жоқтығын сезді.

Анасының қолын айырып әкесіне қарай жүрген Пашаның соңынан қарап тұрған Ниса оның қолы жоқтығын анық көрді. Бұған сенгісі де келмеді. Қуанышын жасыра алмай Ниса енді бойындағы ызасын басуға тырысты. «Гитлерді мың жерден қарғыс атсын!» — деді ол ішінен ауыр күрсініп.

Қарт мастер төсегінен ұшып тұра келіп ұлын кұшақ-

ғады, бірақ ол жылаған жоқ. Оның көздері жайнай түсті...

— Сенің қайтып келетінін білгенмін, ұлым! — деп Пашаның бір қолының жоқ екенін бірден байқаған қарт, әйелінің және өзінің көңілін орынықтыру үшін — оқасы жоқ, батырға жеңіс ешуақытта да тегін түспейді, — деді.

Рамазан асыға киініп тұрып сөйлей берді:

— Сен өзің батыр екенсің, төрт жыл бойы мұндай соғысқа шыдау оңай емес!.. Я, әкеңнің абройын түсірген жоқсың. Сенің кеудеңдегі наградтарыңа қарағанда, осы жалғыз қолыңмен де қарап отырмағанға ұқсайсың.

— Әрине, әлбетте солай, әке! — деп әкесінің сөзін нығитты Паша. — Кей кезде бір қолға да жұмыс табылады.

— Отыршы! — деді қарт ұлына. — Сен әйелінді көрдің бе, айтпесе тура осында келдің бе?

— Жоқ, әлі көргенім жоқ, әке... Мен майданға кеткенде де осынан кеттім ғой, сондықтан да алдымен осында келуге ұйғардым... — Әлде әзілі ме, әлде шыны ма, кім білсін, — менің бір қолымды беріп қайтқанымды көргеннен кейін оның теріс айналып кетуі мүмкін, — деді Паша.

— Олай деп айта көрме, қарғашым! Ол адал сүт енген адам, — деп қарсылық білдірген Ниса келінін мақтай бастады. — Ол кеше ғана осында болып кетті, сені күтумен екі көзі төрт болып жүр.

Пашаның шексіз қуанғанын байқау қиын емес-ті. Жүрегі аттай тулаған Паша әкесімен бірге асханаға кірді.

— Ал, кемпірім, балапанымыз алыс жолдан қайтты ғой, бірденелерің болса даярлай ғой!

Қазан-аякпен айналысқан Ниса күйбеңдей бастады. Ол асудің көрші шарбаққа қараған терезесін ашты да, балалардың біреуіне айқайлады:

— Яшар, Яшар! Нәйлаға барып хабар ете қойшы, қалқам! Егер де ол сабақта болса, рұқсат сұрап келе қойсын, осыны айта ғой!

Баланың жүгіріп кеткенін көрген Ниса, ыдыстарды бір-біріне соғыстыра, пышақтар мен айырларды жерге түсіріп, асып-саса тамақ даярлауға кірісті.

Рамазан бет-қолын жуып стол жанындағы өзінің дағдылы орнына келіп отырды. Ол Пашаның бастан кешірген уақытталарын өстіп, білуге асықты.

— Бұл ұзақ тарих қой, — деп жауап қатты ұлы. —

Менің осыған кеткен күнімнен бері бір минут та бос уақытым болған жоқ, сондай-ақ, жағдай да онша қолайлы болмады.

— Қерек десе кішкентай ғана хабар жазуға да уақытың болмады ма?

— Я, қайдан, кім арқылы жібермекпін? Удайы төрт жыл бойы мен немістердің тылында болдым. Менің қолымды кескен де, жараларымды жазған да партизан дәрігерлер... Біздің армиямыз жауды қуа бастаған кезде, біздер немістердің алыс тылына кете бердік.

Әңгімені сонша бұйып тыңдаған қарт, баласының қолын кестіргеннен кейін де армиядан неге босанбаған мәнің сұрауды да ұмытып кетті.

— Біз Баку туралы жиі хабарлар алып тұрдық, — деп сөзін жалғай түсті Паша, — әрбір бес — он күннен кейін бізге самолет келіп тұрды.

— Бакуден бе?

— Жоқ, Москвадан...

— Солай ма! Хабарды жіберетін ешкім болған жоқ дедің ғой, ұшқыш сенен хат алмас па еді?

Паша қарқылдап күліп жіберді:

— Я, қолымнан айрылғанымды білдіріп, сендердің көңілдерінді бұзғым келмеді, Самолет біз жүрген жерге келіп қонған сайын ұшқыштан мен: «Баку туралы не хабар бар» — деп сұрайтынмын. Ол да маған. «Мен сол Бакудің бензинімен ұшып келемін», — деп жауап беретін.

Қарттың көзі зор мақтаныш сезіммен бұрынғысынан бетер жарқырай түсті. «Мүмкін, тіпті менің бұрғылаған скважинамнан шыққан бензин болар?» — деген ой келе қалды оған.

— Мен ол ұшқыштарға бензинді менің әкем жібереді, дедім.

— Тап солай деп айттың ба?

— Олай деп айтпағанда ше?!

— Айтқаның жақсы болыпты. Жыл сайын мен бес скважинанан бұрғыладым. Әттең, амалың қанша, жұмыс тоқтап қалушылық жиі кездесіп жүрді.

— Бұлай болуының себебі қалай?

— Жаңа трубалар, жаңа тракторлар жетіспей қалды, ал ескілері болса тозды. Дегенмен, майданға ілесіп отырдық қой. Енді бұл кемшіліктердің барлығы да жойылады... Ахмет туралы ештеңе білмейсін бе, осыны айтшы?

— Алғашқы кезде ол маған хат жазып тұрды...

— Алғашқы кезде бізге де жазып тұрды, ал кейіннен тоқталып қалды...

Паша ағасының өлгенін енді жасыра алмады:

Мен олардың бөлімдерінен сұрастырдым. Ахметтің ерлікпен қаза тапқаны туралы командир жауап қайтарды: барлауға барып, қоршауға түсіп қалыпты, содан кейін ең ақырғы гранатасымен өзін де, өзінің жауын да апат қылыпты.

Қарт қанын ішіне тартып құп-құ боп бозарып кетті.

Паша өзінің қатесін енді ғана түсінді. Бұған қарттарды даярлап ап, содан кейін естірту керек еді.

— Әке, сен тек шешеме айтпай қоя тұр, әке...

Тамағында бір нәрсе көлденең тұрып қалғандай боп кырылдап жөтелген Рамазан еңсесі түсіп, үндемей отырып қалды.

Ниса ертеңгі тамақты даярлап алып келді. Ол шалы мен ұлының таңданарлық жағдайға түсіп тым-тырыс отырысып қалғанын байқады да, мұның себебін байқауға тырысты, бірақ ештеңе түсіне алмаған бойы ол қайтадан ас үйге кетті.

«Сөлай болуға тиіс шығар, тәрізді. Қажетті сөз қапелімде ауызға түсе қоймайды. Әлгі Нәйла қайда жоғалып кетті?.. Ол қалай қуанар екен?!»

Әкесіне көз салған Паша оның көз жасына булығып отырғанын байқады. Ол әкесінің қайғысын сейілтіп, көңлін сергіткісі келді.

— Бұл соғыстың бізге қымбатқа түскеніне өзің түсінесің ғой, әке! Біз ештеңе емеспіз ғой!.. Байтақ мұхиттың бір тамшысы емеспіз бе?..

Білемін, ұлым, білемін. Менің ойым тек өзімнің балаларым туралы ғана екен деп ойлама сен... Біздің бір ғана емес, бес, немесе он ғана емес, талай алтын ұлдарымыз қаза тапты ғой... Шараң қанша? Жеңіс шығынды керек етеді.

Дәл осы минутте есіктен кіріп келе жатқан әйел көрінді. Оның үстінде қоңыр көйлегі, басында жібек орамалы бар, қою кара шашы маңдайынан қақ жара бөлініп таралған. Оның аяғына кигені жайпақ өкшелі қарапайым туфли.

Паша аркасын есікке беріп отырғанды. Кіріп келе жатқан адамның қадамы естілгенде, ол артына жалт бұрылды. Еріксіз орнынан атып тұрған Паша, жүгіріп ба-

рып құшақтай алғысы да келді, бірақ кенет тоқтап қалды.

— Қайырлы таң! — деді әйел, Рамазаннан ұялғандықтан монтылып тұрып қалды.

— Бері кел, жақында, Нәйла қызым, ұялма, — деді де қарт орнынан тұрып келіп келінінің арқасынан қақты.

Бұл жолы ол шыдай алмады, бала сыяқты өксіп-өксіп жылап жіберді де, өзінің босандығына өзі ұялып, кезінің жасын тоқтатты.

— Ананың ақ сүті бойыңа сіңсін, — деді ол.

Пашаға бұл ауыр сын минуттері болды. Ол әйеліне барлық хабарды тезірек естіріп, оған өзі ойын айтуға асықты. Егер ол Нәйланың бетінен емескі наразылық сезсе, онда өзін соншама ұзақ күткені үшін оған рахмет айтып: «Сен мені жарымжан емес кезімде сүйдің, ал енді ерік сенікі», — деп айтуға бел байлаған-ды.

Рамазан өзінің әлгідегі болмашы өксігімен іші толған қайғыны бәсеңсіткендей болды. Аяғын салмақпен басып ол бөлмеден шығып кетті.

Нәйла күйеуінің бетіне енді ғана қарады, олардың көз қарасы кездесе қалды. Екеуінің де бір-біріне қарсы жүруге батылы бармады.

Өзінің бойына сіңген ұялшақтығымен иба тұтқан Нәйла алдымен күйеуінің келуін күтті. Алайда, Пашаның қайғысы өсіп, кеудесін зіл баса түскендей болды. Оның аяқтары еденге шегеленіп қалғандай, алға жылжымады, ол Нәйланың бірінші боп тіл катуын күтті.

Бөлмені жым-жырт тыныштық биледі. Бұл қанша уақытқа созылмақшы?

Паша майданда жүргенде қандай сыннан болса да сүрінбей өтуге дағдыланған-ды. Алайда, төрт жыл бойы көрмеген және шүбәлі үмітпен күткен Нәйла тіл қатпай шыдап тұра алмады.

— Паша, мен сені өзіміздің үйге келеді деп күтіп едім ғой!

— Мен әрқашанда сенің осы ойыңа үміттендім ғой.

— Жоқ, мен олай боп шықпағанын көріп тұрмын.

— Сен қателесесің... — деп Паша төмен қарады. — Егер де мен саған сенбегем болсам, онда мені ешуақытта да көрмеген болар едің. Мен тек...

Нәйланың қолдары оның мойнын орап алды. Мұнан кейін олар бір-біріне тіл қатпай-ақ түсіністі...

Құдірет Неманзада жатақхана жанынан жас жұмысшылар үшін асхана аштырды. Енді оларға бұрынғыдай үш километр жерге трамваймен ас ішуге барудың қажеті болмады. Асхана жатақхананың төменгі қатарына орналастырылды. Онда тәулігіне бір рет саяси оқу, содан кейін жастардың сауық кештер концертті болып тұрады.

Дадашлы бір күні жаңа лектор ертіп келді. Балалар бұл лекторды бірінші рет көруге тиіс. Таңр және оның достары бірінші қатардағы көлденең тұрған ұзын стол қанына отырды. Мұндағы барлық орын адамға лық толды. Лекция алдында Дадашлы жаңа лекторды барынша мақтады. Оның лекциясына келуге үгіттеді.

Екеуі есіктен кіріп келе жатқанда, залдағы отырғандардың барлығының назары комсомол ұйымдастырушысы соншама мақтаған адамға аударылды. Бұл әскери киімді бейтаныс адам барлығының көңілін аударды. Оның өңірі жауынгерлік ордендар мен медальдарға толы. Иығына қадаған поғоны болмаса да оның әскери киімі оның әскерден жаңа қайтқанын білдіріп-ақ тұр.

Әлгі лекторды таныстыруды қажет деп тапқан Дадашлы сөйлей бастаған кезде, жастардың қонаққа деген ынтасы бұрынғыдан бетер арта түсті.

— Қелмей қалған жастар кейіннен өкінетін болады, — деді комсомол ұйымдастырушысы, қарсы отырғандарды көзімен бір шолып өтіп. Ол жыйналғандардың көптігіне риза болса да, басын шайқады. — Мейлі, олар өздерінен көрсін. Аудандық партия комитетінің сұрауы бойынша Паша Искандерзада бізге бүгін совет жастарының моральдық бейнесі туралы лекция оқыйды... Сіздер Паша жолдасты білетін шығарсындар...

Бұған ешкім жауап бермеді. Мұнан кейін Дадашлы отырғандарға тағы да сұрақ қойды:

— Ал Рамазан ұстаны білесіңдер ме?

Жан-жақтан дуылдаған дауыстар естілді:

— Білеміз, білеміз!..

— Ал Паша жолдас — Рамазан ұстаның ұлы.

Жастар қызу қол шапалақтады.

— Ол армиядан жақында ғана келді... Ал енді тыныш отырып, жақсылап тыңдаңыздар. Егер де сұрақта-



рыңыз болса, өздеріңіз жазып алып, лекция біткен кезде сұрарсыздар. Жарай ма?

Лектор, залдағы тыңдаушылар алдына қойған кінешке столдан аулақ жүре беріп, тура Таирдың алдына келіп тоқтады. Оның жалғыз қолында жазылған ешқандай қағаз жоқ.

— Мен бүгін совет жастарының майданда көрсеткен моральдық сапасы туралы айтпаймын — деп бастады сөзін Паша, орнықты, бәсең дауыспен. — Егер де қажеті болса, бұл туралы мен сіздерге кейін тағы бірде әңгімелермін... Менің қазіргі айтайын дегенім біздің жастарымызды бейбітшілік кездегі моральдық бейнесі туралы. — Паша өзінің алдында отырғандарға қарамай, көзін әлдеқайда алысқа қадады. Бірақ алғашқы сөзінен-ақ отырғандардың назарын өзіне тарта білді. — Соғысқа дейін мен бірде-бір Европа елдерінде болып көрген жоқ едім... Қайбір шетелге бас пушілер олардың мәдениеті туралы көпірте сөйлеп, таңдана айтатын-ды. Бұл әңгімені тыңдаған кезде Европа елдері бізден әлдеқайда озық жатқандай болып көрінуші еді. Шынында, мен Европа елдерінен не көрдім? Көптеген европалықтардан совет адамдарының өлшеусіз жоғары, жақсы, саналы екендігіне менің көзім жетті. Олардың алдыңғы қатарлыларының назары Совет Одағы жаққа аударылған. Бірақ шетелдерде мешандыққа бой ұрған, өрісі тар жастарды да кездестіруіме тура келді. Сонымен, мен сіздерге, совет жастарына деген менің махаббатымның жүз есе күшейе түскендігі туралы айтуға тиістімін. Міне, енді мен көшеде жүріп келе жатсам да, жыйналыстарда болсам да, мұнай кәсіпшіліктеріне барсам да — әрбір жас жігіттерге, әрбір қыз балаларға сүйіспендік сезіммен қарап, үміттенем. Өздері күрес жүргізіп жатқан істерінің ақыйқаттығына көзі жеткен ол жастардың бойында қаншама жігер, қаншама нысанашылық қаншама табандылық бар десеңші! Олардың отанға деген сүйіспеншіліктері шексіз ғой! Әрине, жастардың кемшіліктері де бар. Ол кемшіліктер совет тәрбиесінің жалпы жүйесі арқылы жойылып отырады. Көбінесе біздер өзді-өзімізге тыңғылықты көңіл бөлмейміз. Міне, біздің тресте бір жігіт жұмысында қателік жасады... Бұл уақыттан кейін сіздердің кейбіреулерің одан аулақ кеттіңіздер. Мен сендердің орындарында болсам, басқаша істеген болар едім...

Таирдың беті оттай жанып кетті. Ол осы сөздердің

барлығы да өзіне тиісті екеніне күмәнданбады. «Ол мен туралы, тәрізді, мастерден біліп алған болуға тиіс», — деп ойлады Таир. Қазір лектор әнің атымды атаңды деген оймен ол қымсынып, бұға түсті.

— Я. мен басқаша істеген болар едім, неге десең ол жігіт осында, советтің алтын жерінде туды ғой... мен болсам, алдымен оның мінез-құлқын біліп алып, содан кейін оның кәсіпшіліктен не үшін кеткелі жүргенін анықтаған болар едім. Осылардың барлығын білгеннен кейін мен тиісті шара қолданған болар едім. Оның қателігі неде? Бұл жігіт өз отанын сүйеді, комсомолды сүйеді, партияны сүйеді... Бірақ оның ойынша, ең ұлы Отан — оның аулы, ең ұлы ана Фатъманиса-хала<sup>1</sup>... болып табылады...

Отырғандар күлкіге шыдай алмады.

— Міне оның кәсіпшіліктен қашу себебі қайда жатыр... өзінше, оның отаны кішкентай болғандықтан махаббаты да кішкентай... Бұл арада бұған кім кінәлі? Әрине, біз кінәлы... Біз оған былай деуге тиісті едік: «Сенің Отаның Балтық теңізінен Қыйыр-Шығыс тайғасына дейін барады...» Мұнан кейін біз оған: «Сені туған Фатъманиса-хала екені рас, бірақ сенің ұлы апаң — біздің байтақ отанымыз... Өзіңнің апанды да, атаңды да сүй, бірақ оларды сен басқалардан бөліп алатын болсаң, сонда сенде де дәрмен болмайды», — деп айтуға тиісті едік. Оның туған ауылы — біздің еліміздің ең сұлу түкпірінің бірі болып табылады. Онда менің өзім де болғанмын, — деген Пашаның соңғы сөзі бәсеңсетілді. — Бірақ егер де біздің ұлы отанымыз болмаса бұл әдемі түкпірден бізге не пайда болар еді?.. Сіздер скважинаның бір метрін бұрғылаған кезде де, бүкіл Бакудің ұлылығын көз алдарыңа жайнатуға тиіссіздер. Бұл үшін сіздер біздің көптеген фабрика, заводтарымызды, Москвадан Владивостокқа, Бакуден Ленинградқа, Алматыдан Одессаға ұшып жүрген барлық самолеттерімізді көз алдарыңа жайнатуға тиіссіздер... Егер де сіздер бұрғылаған әрбір скважиналарыңызды отанның күре тамыры деп есептесеңіздер, онда сіздер өздеріңіздің еңбектеріңіздің бағасын білмегендеріңіз болып табылады...

Паша біраз тоқтап қалды. Енді ол лекция тындап

<sup>1</sup> Азербайжанша қарт әйелдерді осылай атайды.

отырғандарға тура қарады. Мүмкін ол, бұл көз қарасымен, Украина, Молдавия, Венгрия далаларында кескілескен ұрыстағы өзінің барлық ой жігерінің бұл соғыста тек қана туған ауылы немесе Бакудің, тіпті бір ғана Азербайжанның емес, сонымен қатар, бүкіл байтақ елінің тағдырына арналғандығын білдіргісі келген шығар.

— Жастардың көпшілігінің бұған жақсы түсінетінін біле тұрып мен оларға мақтанышпен қараймын. Міне, шетелдік жастардың ішіндегі жақсылары осындай түсінікке ұмтылуда. Өзінің жеке басының ғана қамын ойлайтын, жара сақтықпен күн көрген шетелдік жастарда мұндай түсінік жоқ та, бәлуы мүмкін де емес. Біздің жастарымыз мұнан қаншама жоғары десеңізші! Сіздер «Жас гвардия» романын оқыдыңыздар ма, Краснодарның батырлары естеріңізде ме?

— Осы уақытқа дейін оны Азербайжан тілінде басып шығаруын күтудеміз. — деді Жәміл.

Паша наразылықпен басын шайқады:

— Осы уақытқа дейін оның Азербайжан тілінде шығуын күткендерін тіпті өкінетін іс сен. Сіздер краснодондықтарды білуге тиістісіңдер, қалай да білуге тиістісіңдер... Донбасс пен Бакудің достығы әрқашан да берік достық болды.

Паша «Жас гвардия» романын әңгімеледі. Бұған оның өзі де еліктеп кетті. Лекция өзара жолдастық әңгімеге айналды.

— Міне, сіздердің араларыңызда да Краснодар батырлары сыяқты жастар жоқ емес. — деп сөзін жалғастыра берді Паша. — Бұған менің көзім жетіп тұр... Олардың өз аналарына деген махаббаты бойынан арылған жоқ, сондықтан да олар өз отанын сүйе біледі. Енді менің не айтайын деген ойым сіздерге түсінікті болған шығар

Залда отырғандардың барлығы да ду қол шапалақтады.

— Міне, лектор деп осыны айт! — деді Самандар, шыдамсызданып. Таңданған Таир лектордан көзін айырмады. «Жас гвардия» кейіпкерлері оның көз алдынан тізбектеліп өтіп жатты. «Бұл кәдімгі балалар еді ғой!» — деп ойлады ол. Жас краснодондықтарды елестеткен Таир тіпті Ләтифаны ойлауды да ұмытып кетті. Ол кезде Ләтифа оның арт жағында отырған-ды.

Дадашлы үзіліс деп жариялады. Мұнан кейін көң-

пәрт басталмақшы. Таир өзінің бойын билеген ойын жолдастарына айтып келе жатып Ләтифаны көрді. Бірақ Ләтифа оған қарамастан Зивармен бірге жүріп кетті.

«Әттең, бұл сөздің орны емес, әйтпесе оған мен бірнеше сөз айтқан болар едім... Жарайды, оқасы жоқ, кейін көремін,» — деген ойға келген Таир Самандарға қарады:

— Бері қарашы, Самандар, бүгін ұста концертке келе ме?

— Біз оны шақырғанбыз, келуге тиіс.

— Қарашы оның менменсіп кеткенін, — деді Таир, адамдар тасасынан Ләрифаға қарап: — егер де ол Уля істеген істердің жүзден бір бөлігін істеген болса, ол тіпті өзін көкке дейін көтерген болар еді....

— Достым, сенің өзін кіналысын. Оны ренжітпе, шынында, ол менменшіл... Сен қайдан білесің, краснодонлықтармен бірге болса, мүмкін, ол Улядан қалыспаған да болар еді.

— Ей!... — деп Таир немқетті қолын сілтей салды.

### 3

«Азнефті» бастығының кабинетінде Қүдірет Исмаилзада шып-шып терлеген мандайының терін сүртіп қойып, Мирзоевтің жапқан жаласын ақтауға тырысып, екі сағат бойы тынбастан жауап берді. «Азнефті» бастығы да, басқа қатысушылардың көпшілігі де бұл мәселені дұрыс шешудің жолын табуға және бұл жөнінде Қүдіреттің келтірген дәлелдемелерін ілтипатқа алып, асықпай қортынды шығаруға ұйғарды. Өйткені Мирзоевтің Қүдіретке қойған кінәсінде де аздаған шындық бар болатын.

Қүдірет Исмаилзада тресінің жұмысында осы уақытқа дейін айтарлықтай жаңалық болмай келгеніне ешкім қарсылық ете алмайтын-ды. Сонымен қатар, Аппшерондағы басқа тресте өздерінің барлық күштерін жыйып, соғыстан кейінгі бесжылдық жоспарды орындап жатқан кезде, Қүдіреттің тіресі жоспарын тіпті орындай алмай келеді. Сондықтан да осы фактыға сүйенген Мирзоевтің сөзін жоққа шығару қиын еді.

— Мені, дегенмен, мынадай бір нәрсе шүбәландырады, — деп бастыққа қарады да, дауысын бәсеңсіткен

Құдірет толықсуын басуға тырысты, — бізді жаңалық ойлап табу правомыздан кім айыра алады?

— Құдірет жолдас, — деп бастық оның сөзін бөліп жіберді, — шатақ тағы мынада болып тұр ғой...

— Неде? — деп үндемей тоқтап қалған Исмаилзада жауап күтті.

— Бұл пәленің түбірі мынада болып тұр ғой: сіз кәсіпшілікке барып, қолма-қол басшылық студия орнына жаңалық ойлап табу бюросының ісіне өзіңізше кірісіп кеткенсіз.

— Ал маған не істеу керек еді? — деп бұған Құдірет наразылық білдірді. — Бұл бюроның Мирзоевке бағынышты екені белгілі. Ал мен болсам Мирзоевтің мінез-құлқын, жаңалық нәрселерден қорқатынын біле тұрып, Минаевтың ойлап тапқан жаңалығымен шұғылдандуды өзімнің борышым деп санадым.

— Сен өз ісіңнен басқаға босқа жармасасың! — деп айқайлап жіберді, отқа түскен көбелектей шар айналып жан ұшырып отырған Мирзоев.

Бірақ бұл қақпа сөзге көңіл аудармаған Исмаилзада сабырлылықпен сөзін жалғастыра түсті:

— Ол тек бүгінгі күннің көрсеткішіне ғана мәз болады, ал мен болсам қазірдің өзінде елуінші жыл туралы ойлап отырмын. Демек, біздің арамызда тек қана түсінбестік емес, жер мен көктей айырма жатқан сыяқты. Егер де тек оның нұсқауымен жүретін болсақ, онда екі — үш ай ішінде ғана жоспар орындалды да, ал сол үшін алдағы уақыттарда біз белшемізден борышқа енеміз. Жұртшылық алдында өмір-бақый күстана болғанымша, үш — төрт ай ғана сөз естуге ризамын.

— Бұл қандай логика? — деп айқайлады Мирзоев. — Қазір болашақ уақытта да күстана боп сөз естімесек болмас па еді.

Құдірет бұған не деп жауап бермек? Тресті қандай жағдайда қабылдағаны туралы әңгімелеу ұзақ уақыт алады. Я, мұны жұрт оңсыз-ақ біледі. Ол мына сөзден басқа ештеңені айта алмайтындай болды:

— Өзімнің бұрынғы басқарған трестерімнің барлығын да мен болашаққа мезгеп келгенмін. Мұның өзі тиісті қортынды беріп отырды.

— Өткендегі еңбегіңіз сізді сақтап қалмайды.

— Мен кешегі табысыма арқа сүйеп отырғаным жоқ!

деп Құдірет тұжырымды жауап қайтарды. — Өзіңіздің қатарыңызға теңемеңіз мені!

— Меніңше, сіздердің істеріңіз бейбітшілікпен бітпейтін тәрзіді, — деп «Азнефть» бастығы орнынан ұшып тұрды.

— Меніңше де солай болу керек, — деп қорытты Құдірет.

— Сіз Минаевтың ойлап тапқан жаңалығынан неліктен сонша үміттенесіз? Сіз оған сондай сенесіз бе? — деді бастық.

— Не болғанда да мен оны сыниан өткізгім келеді... Менің ұсынысым: біздің таласымызды қалалық комитет секретары шешсе екен деймін. Оның іс білетініне, беделіне кумандануға болмайды. Ол бұған немкетті қармайды да. Ал Мирзоев болса өзінің істеп отырған қынырлығына қызмет дәрежесін пайдалануда. Маған осы жерден Асланов жолдасқа телефон соғуға рұқсат етіңізші.

— Исмаилзада жолдас, сіз бізді босқа үрейлендіресіз, — деді «Азнефть» бастығы. — Қалалық комитет секретары сізді қолдамауы мүмкін.

— Демек, өзімнің адасқандығыма өз көзімді жеткізуге тиіспін ғой!

Құдірет телефон аппараттары тұрған кішкене столға келді:

— Оған сіздің көзіңіше телефон соғуға рұқсат етіңіз?

— Соғыңыз.

Құдірет қажетті номерлармен аппаратты айналдырып тұрды.

— Қайырлы кеш, Асланов жолдас! Сіздің тыйыштығыңызды алып тұрған Исмаилзада. Сіздің өте қаурт іс үстінде екендігіңізді білемін... Бірақ бір іс үшін сіздің тек бес-ақ минут уақытыңызды алғым келеді... Я, мен алыста емеспін... Өте жақсы, әзірге қош болыңыз!

Құдірет бастыққа бұрылды:

— Енді бір сағаттан кейін біз кездесуіміз керек. Даярлану үшін маған кетуге рұқсат етіңіз...

«Азнефть» бастығы Құдіреттің қасарма мінезін білетін, дегенмен, оны былай деп ескертті:

— Оның алдында әңгімелескен кезде сіздің өзара басараздықтарың ұмытылып қалар деп сенем.

— Бұл жөнінде шүбәлапауыңызға болады, — деп жауап берді, есікке қарай кетіп бара жатқан Құдірет.

Мирзоев оған:

— Байқа, арамдық істеп жүрме! — деп ескертті.

— Өзіңізге теңеменіз! — деді, іле сөйлеп, есіктен шығып бара жатқан Құдірет.

Ол машинасына отырып алып Ләиланың тресіне тартты.

Минаевты тауып алып, одан жаңа аспабының чертежы мен макетін талап етті. Минаев үйіне кетті. Құдірет Ләиланың столының жанына келіп отырды. Ләйла бір қағаздарды оқып отырған-ды. Құдіреттің алқынып отырғанын байқағаннан кейін ол басын көтеріп алды.

— Бұл трест сені он жыл бұрын қартайтпаса болар етті! Жүз елу бесінші не болды?

— Мерзімінен бір ай бұрын бұрғылап болады. Бұл скважина менің үмітім ғой, мұнай өндіру бірден өсетін болады. Менің қазіргі тыйышсызданып жүргенім басқа мәселе. Адамдардың жігерін күм етіп, инициативасын басады. Бүгін, сірә, ақырғы талас болатын шығар...

— Не боп қалды?

— Барлығына бөгет жасап отырған Мирзоев. Мен ол туралы жақсы пікірде едім, енді ол ойымның дұрыс еместігіне көзім жетіп отыр, бұл пікірден бастартуға тура келеді. Оған іспен шұғылдану қажет емес. Ол тек өз үкімін жүргізуге тырысатын тәрізді. Мен бүгін барлығын ақтара ашуға бел будым...

— Егер де бұлай ете алсақ?!.

— Алармыз деп ойлаймын... егер де мен қазір шегінсем, кейіннен өзіме тіпті жаман болады. Жарайды, бұл туралы ойлану жетер енді... Ал сенің неге мұнша еңсек түсіп кеткен.

— Мұның дәлелі бар ғой... кейбіреулер, соғыс біткені рас болса, демалатын уақыт жетті деп ойлайды. Бұл жайбарақаттық пікірге жол беруге болмайды.

— Сенікі дұрыс. Бұл пікірге, әсіресе ескі скважинада істейтіндер тез еріп кетуі мүмкін... өз пікіріне табанды болу қажет.

Құдірет мазасызданып, бөлмеде әрлі-берлі жүрумен болды.

— Минаев қайда жоғалып кетті. Мен кешігіп қаламын ғой...

— Телефон соғайын ба? — деген Ләйла жауабын күтпестен-ақ, номерлерді тере бастады. — Вера, Дмитрий

қайда?.. Күтін қалды деймісің? Жарайды, керегі бар.. күтін отырмыз.

Есік алынан Минаевтың қадам басқан дыбысы естілді. Инженер есіктен кірер-кірместен Құдірет оған:

— Егер де Асланов қарсылық етпесе, сенің өзінді шақырамын, сен келіп барлығына өзін түсінік бересің. Демек, автор өз шығармасын баскадан жақсы біледі ғой. Талыбзаданың пікірі қайда? Асланов оған қатты сенеді.

Минаев, қарт мұнайшы — инженер Талыбзаданың қолымен бір жағына «Дмитрий Минаевтың ойлап тапқан жаңалық ісімен тапыстым. Менің пікірімше, бұл аппараттың практикалық үлкен маңызы бар», — деп жазылған қағазды папкасынан суырып алып, Құдіретке ұсынды.

— Қарт бұл аспаппен өте зерек шұғылданды, — деді Минаев. — Әрбір кездескен сайын ол менің көңілімді көтеріп қояды... бұрынғы ескі заманда туып өскенмен ол жаңаны сондай сүйеді... Шынын айтқанда, ол мені бұл үшін құттықтайды да...

Минаев қатты қалың қағазға салған әрбір чертеждарын жазып, әрқайсын бөлек көрсетіп жатты.

— Трест мастерскойына үлгі ретінде бір аппарат макетін жасауға заказ бердім, жақын күндер ішінде даяр болмақшы. Менің ойымша, бұл үшін қызара қоймаспыз деймін.

Құдірет сағатына қарады. Қабылдауға белгіленген уақытқа он минут-ақ қалыпты.

— Менің кететін уақытым жетті! — Ол барлық қағазды ұқылты жыйып алды да, күтіп тұрған машинаға отырып, қалалық партия комитетіне жүріп кетті.

#### 4

Лекциядан кейін басталған сауық кеші аяқталуға таялып келеді. Ләтифа мен Зивар өздерінің лекция басталмас бұрын алған орындарында отырды. Өнерлерін көрсетушілерге арнап орын босату үшін алдыңғы бір қатардағы орындықтар шығарылып тасталды. Сауық кешке конференсье басқа жақтан шақырылғанды. Жастар мұны бірінші рет көріп отырған жоқ. Ол үнемі алабажалақ галстук тағатын. Оның шалбары жөнсіз көп



өткелдендіктен жылтырап кеткен. Ол өзінің жалтырап көрініп тұрған тастөбесін, ұзын самай шаштарын көйін қайырып тараумен жасыруға тырысып жүрді. Бұл ала-са бойлы дембелше келген жас жігіт еді. Ол өзінің сықақ сөздеріне басқалардан гөрі өзі қаттырақ қарқылдап күлумен болды. Соңғы номердің біреуін хабарлап жүріп ол:

— Ал ендігі кезектегі номеріміз жерді де, көкті де сілкіндіретін номер, — деді де оркестрге бұрылып: — Қайтала! — деп айқайлап жіберді.

Бұл жолы оның сөзіне ешкім де күлген жоқ.

— Сөз Самандардың аяғына беріледі!

Залдағылар қол шапалақтаған кезде, мұны өзіне бағыштаған конференсье күлімсіреді. Сауық кеш басқарып жүргеннің өзіне-өзі риза болғанына залдағылар енді күліп жатты.

Орындықтардан босаған алаңға Самандар да шықты. Біркелкі жай сазбен шыққан би күйінің дыбысы барған сайын күшейіп, қыза түсті. Самандар халыққа унаған баппен өз биін барған сайын мәнерлеп, қарқынын қыздыра түсті. Ол билеп болған кезде, оған «бис!» деп жүрт ду қол шапалақтады.

Конференсье тағы да сахнаға шықты.

— Тыйышталындар, жолдастар! Программаны өте дәмді пісірілген асбапшы жасасын!

Ол, әрине бұл сөзді айтқанда өзінің жеке басының искусствосын ғана ескерген болатын.

Оның тозығы жеткен, жасанды сықақ сөзін екі сағат бойы тыңдау Ләтифаны тойдырып болды. Ол Зиварға қарап:

— Бұл мұнда қалайша келген? — деді.

— Би де, музыка да жақсы, ал конференсье өзінің барлық қасиетін үйіне тастап кеткен болуы керек, — деп жауап қайтарды Зивар.

Ол кенеттен Ләтифаның күтпеген номерін жариялады:

— Ақындар патшасы Таир Байрамұлы... оның орындайтыны... — деп конференсье тоқтап қалды да, — оның не орындайтынын өзі айтады, — деді.

Таирды білетіндер оны қызу қол шапалақтаумен қарсы алды. Бірақ залдағылардың көпшілігі жас ақынды бірінші рет тыңдағалы отыр. Олар үндеместен оның елеңінің басталуын күтуде болды.

Таирдың үстінде гимнастерка, аяғында етік — ол Бакуге осы киімімен келген-ді. Оның шашы кейін қайырылып таралған, сазының сабы төмен қарай пығына асылған. Ол алаң ортасына шығып, оған қол сокқандардың аздығына карамастан, өзінің өнерінің табысты болуына күні бұрын көзі жеткен артистерше тәкәппар сезіммен жоғары қарады.

Қабағын кере қараған Ләтифа оның өлең айтуын асыға күтті. Көрушілердің көпшілігі — жас өлеңшіден мардымды ешгене күтпегендей орындарынан тұрып, есікке қарай лықси жөнелуге жыйналды. Залдағы тыныштық бұзылып кетті.

**Бірақ** бұл уақығға Таирды жүрексіндіре алмады, ол ешқандай шуылдаған дауыстарды тіпті естімегендей болды.

Ол сазын кеудесіне қысып алды. Оның майысқан сау-сақтары пернелерді қыдырып, жорғалай жөнелді. Ләтифаның көздері барған сайын үлкейе түсіп, балаша аузын аша тындай қалды. Таир мойнын қыйсайтып, өз ойышымен тербетіліп тұрғандай жеңіл теңселіп, тыңдаушылардың төбесінен жоғары қарап, алысқа көз жіберді. Бір кезде оның дауысы да шықты, барған сайын терең музыкалы ұғыммен кернеген оның дауысы кеңейіп, шалықтай түсті. Залдағы көп адам Таирды бұрынғысынан бетер жігерлендіріп жібергендей болды.

Бұл өлеңді де, бұл күйді де Ләтифа бірінші рет естіген-ді.

— Бұл кімнің сөзі? — деп сыбырлады ол, қасындағы Зиварға.

— Білмеймін... мүмкін, соңғы жолында автордың аты айтылар.

Таир жоғары нотадан бәсеңсітті, бұл тыңдаушыларды таң қалдырды. Оған тек бірінші рет тыңдап отырғандар ғана емес, оны бұрын білетін достары да танданып отырды. Таирдың осындай тамаша өлең айтқанын олар да естімеген-ді. Самандар мұның себебіне түсіне қойды да, қасында отырған Биландардың кұлағына сыбырлады:

— Оның мұншама тамаша айтып тұрғанының неге өкпелі сен білесің бе?

— Неліктен?

— Оны Ләтифа тыңдап отыр ғой...

Самандар дәл үстінен түсті. Таир Ләтифаға өкпелі

болатын. Ол Ләтифаны көзімен іздеген жоқ, оған өлеңмен жауап берейін деп, жүрегін керпеген барлық ыза-сын елөзімен ақтарып тұрған-ды.

— Сонымен, бұл кімнің сөзі болып шықты? — деп тағы да сұрақ қойды Ләтифа.

— Қазір айтады... аһа, өзінің сөзі болып шықты ғой...

Шынында да, бұл достық, махаббаттық және шын берілгендік туралы тамаша өлеңді Таирдың өзі шығарған болатын. Бұл өлеңге ол, Пашаның лекциясындағы өзіне әсер еткен краснотондықтардың ең жоғары, ең адал, нағыз өшпес сүйіспеншілігі туралы өз көңілін толықсытқан пікірді енгізе де білген-ді. Өлеңнің мазмұны кыйын емес-ті. Егер де асау теңіз жұтамын деп тұрса да, досың үшін жаныңды қый, — міне, осындай достыққа құрылуға тиіс, біздің өміріміз... деген мағнада болатын бұл өлең.

Әнді аңратып тұрған Таирдың даусы шыңға жетіп барып тоқталған кезде, қол соғудан зал солқылдап кетті... Таирдан тағы да өлең айтуды өтінді. Керек десе, залдағыларға тағы да көрініп, бұл өлеңді өзінің өткір, әділ сөзімен «түздықтауды» конференсье де лайық деп таппады.

Таир тағы да ән шырқады. Ләтифа одан көзін айырмады. Мүмкін, Таирды осы уақытқа дейін ештеңе түсінбейтін, тұрақсыз сәби деп санап келген Ләтифа, оның терең сырына, шын махаббатына енді ғана түсінген шығар. Мүмкін, оның өз бойында да зор, күшті сезім оянған болар. Мұндай сезім туралы Ләтифа тек оқыған кітаптарынан, естіген халық ертегілерінен ғана білетін-ді. Кітаптар мен ертегілерде мұндай махаббат адамдарды бейнетке де, бақытқа да душар ететіні, оның жолында адам қандай кыйыншылыққа, қауып-қатерге болмасын батыл қарсы тұра алатыны туралы аңыз ететін. Мұның барлығы ерте замандарда ғана болған-ды деп ойлайтын Ләтифа осыған дейін. Түсініксіз бір сезімдер кенеттен өзінің бойын билеп әкетті. Таирдың тұлғасындағы барлық қасиет — оның кейін қайырып тараған шашы, жазық маңдайы, жайнаған көзі, көнтектеу ерні, оның саз тартқаны, өлең айтқаны, мынау дірілдеп шалықтап шыққан дауысы — міне, осының барлығы да оған өзгеше болып көрінді. Таирды осы өлең айтып тұрғанда бірінші рет көргендей сезім биледі оның бойын.

Таирға деген сезімнің мұнан әдекайда бұрын — оны бірінші рет кездестірген минуттен бастап пайда болғанын Ләтифа енді ғана байқады. Мұны осы уақытқа дейін Ләтифаның өзі де аңдамай келген-ді.

Залда қол шапалақтау қайтадан ұласып кетті. Конферансье сауық кеш бітті деп жариялады, бірақ қол шапалақтаған жастар тараған жоқ. Мұнан кейін Таир көрінбеді.

Ләтифа орнынан тұра алмады. Залдың жартысынан көбі бос қалған кезде де Ләтифа, Таир оның күтіп отырғанын сезіп тағы да ән салады деген дәмемен сақпа жаққа қараумен болды. Кенеттен ол Зивардың дауысын есітті:

— Не күтіп отырсың?

Ләтифа орнынан әрең көтерілді. Олар қолтықтасып коридорға шыға берген кезде, Рамазан ұстаның Таирды шақырып ап кідірткенін көрді. Жеткіншек карт мас терге сәлем беріп тұрып, сенімсіздікпен қолын ұсынды. Өз қуанышын жасырып тұра алмаған карт, оның иығынан қағып-қағып қалды.

— Тәйрі алсын сені! — деді ол, — сондай өлеңші бола тұрып бізден кеткін келді-ау, сенің әлі.

Есік алдында тұрып Таирдың өлеңін тыңдағаннан кейін карт оның шығуын асыға күткен екен... Таир қыздарды көрді. Олардың да көргеніне оның көзі жетті. Бірақ олар көрмегенсі қойды. Зивар Ләтифаны қолынан тартып, екеуі де есіктен шығып кетті.

Концертте Жәміл де болды. Қазір ол қыздардың бір кыймылынан да көз жазбады. Қыздар орындарынан тұрған минуттен бастап Жәміл олардың әрбір қадамын бақылады. Бірақ оның ойы тек Ләтифада ғана болды. Көлеңкелерді тасалана ол қыздардың ізімен жүріп келеді, ол Зивардың Ләтифадан айрылу кезеңін аңдып келеді. Неге екенін кім білген, әйтеуір, бұл жолы Зивардың өз үйіне баратынына оның көзі жеткендей болып келеді.

Қолтықтасып алған екі қыз асфальтті көшенің как ортасымен жүріп келе жатты. Ләтифа үндемеді, Зивар да оған тіс жарып ешнәрсе айтқан жоқ.

Олар тас баспалдаққа жете бергенде кейінде жүріп келе жатқан Жәміл тұрып қалды: бұл жердің шамдары жарқырап тұрған-ды, сондықтан олардың Жәмілді көріп қалуы ғажап емес-ті.

Олар баспалдақтың ең соңғы басқышына аяқ басты да, тоқтап қалды. Баилловтың үстінде көшкен ақ шарбы бұлты жарып шыққан ай оларды сүттей жарығына бөледі.

Зивардың дауысы Жәмiлге де естiлдi:

— Саған не болды, баурым? Сен мұнша неге қайғыландын?

Басын жолдас қызының ийғына сүйеп тұрған Ләтифа бұған ештеңе деп жауап қатқан жоқ.

— Мен сенің қасың мен қабағыңа қарап жүрмін. Зивар сондай қамқорсыз екен деп айта көрме... Ол сені көрген жоқ қой... Оның көңілін ұста аударып әкетті ғой... Таирдың сені сүйетінін мен анық білем... Сенің өзің кіналысың. Оны өкпелетіп алдың...

Ләтифа әлі де жауап қатқан жоқ.

— Ол жақсы жігіт... ол туралы маған Самандар айтқан-ды... Оның жаны адал, жүрегі таза... Ол өленді қандай тамаша айтты. Музыкасы да оның өзінікі. Ал сөздері қандай десейші! Мен оларды есімде сақтап қала алмағанымға өкінем.

Жәмiлдiң жүрегі жарылып кете жаздады: «Қарашы оның қам жеп тұрғанын... Ал Ләтифаның өзі ше? Шынымен ол ештеңе айтпас па екен,» — деді ол, жақтырмаған пішінмен Зиварға қарап.

Көлеңкелі бұрышқа жабыса түскен Жәмiл олар жаққа қарай құлағы мен көзін қадады. Үміт сәулесі әлі оның кеудесін жылтып тұрды.

Оған тағы да Зивардың даусы естiлдi:

— Саған не болған?.. Сен жылап тұрсың ба?..

Бұлығып жылаған дыбысты Жәмiл анық естiдi. Жылап тұрған Ләтифа болатын...

«Ол Таирды...» — деген ой оның тұлабойына жайдай тарады. Шеке тамыры білеудей болып жиі соға бастады, бір күш оны кейін итергендей болды. Жәмiл аяғын тез басып ізінше кейін қайтты...

Ол жатақханаға келген кезде балалар әлі ұйқтаған жоқ-ты. Самандар мен Биландар бір-бірін кимелеп барып Таирды құшақтасты. Олардың ойынша, концерттегі ең жақсы табыс Таирдыкі болып шыққан сыяқты болды.

— Сіздердікі дұрыс, бүгін Таирдың жұлдызы онына, айы солынан туды, — деді өзінің әдеткі салмақты дауысымен әңгімеге қосыла кеткен Жәмiл.

Самандар Таирдың басынан аяғына дейін бір шөп-  
лып өтті де, өзінің түлкі көзін Жәмілге қадап, достық  
әзілмен оған былай деді:

— Достым, мен ешкімді көрмеді деп ойлап қап жүр-  
ме!..

Қолайсыз жағдайға түскен Жәміл Самандарға тесі-  
рейе қалды:

— Немене?..

— Ештеңе емес, сенің Ләтифаға еріп кеткенінді ай-  
там... — Жәміл оған жауап қатқан жоқ, тек төмен қа-  
рап, жай ғана күрсінді. Бірақ Самандар мұнымен тын-  
бады:

— Бастартты ғой деймін, тәрізі?..

Барлығы да үнсіз отырып Жәмілдің жауабын күтті.  
Таир жүрегі аттай тулап отырса да, бұл толықсуын  
ол ешкімге де білдірмеді. «Бір кезде қарасам, ол ғайып  
болды да кетті... Бақсам, Ләтифаны шығарып кеткен  
екен ғой...» — деп ойлады ол.

Жәміл мелшиіп тұрып қалды. Бір кезде ол кенет  
Таирға жақындап келіп:

— Сен бақыттысың, досым! — деді. — Достар ара-  
сындағы шындықты мен барлығынан да жоғары тұта-  
мын... Ол сені сүйеді, сендерге ара тұру мен тарапынан  
арамдық болған болар еді...

— Сен қайдан білесің?! — деп бұл әңгімеге Саман-  
дар да кірісе кетті.

Өзінің жүрегін дертке бөлеген қайғыны басуға ты-  
рысқан Жәміл былай деп жауап қатты:

— Өз көзіммен көрдім, өз құлағыммен естідім...

Оның даусы қалтырап шықты. Мұны барлығы да  
байқады, даусының қалтырап шыққанын Жәмілдің өзі  
де сезді.

Таир өз құлағына өзі сенбеді. Бұл туралы Жәмілден  
жете сұрастырып, әбден анық білгісі келді. Бірақ оның  
жаралы жанына тигісі келмеген Таир тіл қатпады.

Құдіреттің қандай жұмыспен келгенін сезген қала-  
лық комитет секретары Мирзоев пен «Азнефті» басты-  
ғын шақырды. Олар келгенше ол Минаевтың жобасын  
қарап, Талыбзаданың пікірімен танысты, Басқа түсінік-

тер беруді Құдіретте қажет деп таниады. Аслановтың мұнай өнеркәсібінде істеген көп жылғы тәжірибелері оған қай мәселе болса да жете білуге мүмкіншілік бергенді, тіпті кейбір ірі мамандар да оның кеңесін ұйын тындайтын. Құдірет терең скважиналарды бұрғылау ісі үшін Минаевтың ойлап тапқан жаңалығының бағалылығына сенсе де, ол бұл туралы Аслановтың пікірін білгісі келіп шыдамсыздана берді. Қалалық комитет секретары тек қана Минаев аппаратының дағдырын шешіп қана қоймай, сонымен бірге, Құдірет пен Мирзоевтың арасындағы келіспеушілікке үзілді-кесілді балта шаппақшы. Бірақ Асланов әзірге ешнәрсе кесіп айтқан жоқ. Ол, қарсы жақтың адамдарының қатысуын қажетті деп санаған болуға тиіс, әзірше басқа мәселелер жөнінде сөйлеп отырды:

— Кеше мен жақын аудандардың бірінде болдым... Қазір біздің ауылдарымызда жаңа қозғалыс қанат жайып келеді... Барлығыда электр жарығын алғысы келеді. Кейбір колхоз председателдері басқа жақтан көмек күтпей-ақ өздерінде электр станциясын орнатып алған. Аудан орталығымен қатар тұрған бір деревня бар, онда шаруашылықтың жүз елу түрі бар, — мұнан кейін Асланов өзінің болған ауданы мен деревняны атады. — Аудан орталығындағы ескі электр станциясы бұзылып қалған кезде, оған деревня жарық береді. Деревняда электр станциясын салу ойы болмашы бір уақыттан соң келіпті. Аудандық театрда жаңа ойын қойылып жатады. Ал залдағы көрушілер ішінде жаңағы деревнядан келген адамдар да бар екен. Күтпеген жерден кенет шам сөніп қалады. Электр станциясының істен шығып қалғаны, таң атқанша жарық бере алмайтыны анықталады. Ойын болмайды деп жариялауға тура келіпті. Дәл осы кезде әлгі аудан орталығына көрші колхоздың председателі орнынан тұрып: «Тоқтай тұрыңдар, мұны қазір біз жөндейміз, — депті. Тап осы жерде ол председатель өз колхозшыларының біріне аудандық электр желісімен біздің станцияны жалғастырыңдар деп бұйрық беріпті. Бір сағат өтпей-ақ театр электр жарығын алып, ойын қайтадан басталыпты.

Аслановтың мұны не үшін айтып отырғанына Құдірет түсіне алмады. Ал Асланов оның таң-тамаша қалғанын байқап қойып, әңгімесін жалғастыра берді:

— Баку кәсіпорындары осы қозғалысқа көмектесуді

қолына алған болса, сонинше, осы істен қандай нәтиже шығар еді? Әрбір деревняда өздерінің электр станциясы болу үшін колхоздарды қамқорлыққа алуға болмас па? Мысалы, сен бірінші болып осыған инициатива көтерсең қайтер еді? — Асланов Күдіретке шекесінен қарады да, болмашы ғана күлімсіреді. — Тресің артта қалып отырған кезде өзіне ешбір қатысы жоқ, басқа бір істі артып отыр деп ойлауың мүмкін. Бірақ іскер адамның қолына түскен қандай іс болса да қыза түседі, — деген мақал бар. Егер де сен жете ойлансаң, бұдан бастартпайсың...

Асланов орнынан тұрып, кабинетінде ерсілі-қарсылы жүрумен болды.

— Мен кеше жас жұмысшылардың асханасын көрдім. Оларда овощь, алма, алмұрт жеткіліксіз көрінеді. Асхананы тек Баку жемістерімен ғана қанағаттандыру қыйын. Бұл жөнінде сіздерге колхоз көмектескен болса қалай көрер едіңіздер?

Мұның мәніне Күдірет енді түсінді: «Аһа, ол бұл әңгімені неге әкеліп тірегісі келгеніне мен енді түсіндім».

— Ал, бұл пікір қалай?... — деді Асланов.

Күдірет кішкене ойланып, барлық мүмкіншіліктерін салмақтады.

— Бұл орындалатын ой. Мен артта қалып келе жатсам да, екі—үш ауылды міндетіме алуға шамам келеді.

Есік ашылды, секретарь әйел шақырылған адамдардың келгенін хабарлады.

— Шақырыңыз, шақырыңыз оларды, — деп асықтырды бөлмеде әрлі-берлі жүрген Асланов.

«Азнефті» бастығы мен Мирзоев кірді. Асланов олардың қолын қысты да, өзінің тостағандай көзімен келгендерді бастан-аяқ бір шолып өтті.

Бастық пен Мирзоев қатар оғырысты

— Сіздер мына жобамен таныстыңыздар ма? — деп Асланов чертежды нұсқады.

— Мән мынада болып тұр, — деп Мирзоев орнынан қозғала түсті, — бұл жөнінде Күдірет Исмаилзада жолдас не...

— Мен Күдірет туралы сұрап тұрғаным жоқ, мен Минаевтың жобасы туралы сұрап тұрмын.

— Жоқ, танысуға үлгіргеніміз жоқ...

— Иеге? Менің байқауымша, сіз мұндай ұсақ-түйек нәрсемен шұғылдануға уақыт таппайсыз ғой деймін,



а? — деген Аслановтың даусынан кекесін байқалып тұрды. — Өндіріс үшін мұның практикалық бағасы тұрпалы айтпағаның өзінде де, Минаевтың ойлап тапқан жаңалығының ғылыми үлкен маңызы бар. Мен жаңылмасам, сіздерде Сталиндік сыйлыққа кандидатура жоқ қой деймін. Немесе сізге мұнан жақсы адам керек пе?

Мирзоев тастай катып, мелшііп тұрып қалды.

— Чертежды алып танысыңыз. Тезірек сыннан өткізуге мүмкіншілігінше тырысып бағыңыз. — Бұған қарсылық етуге мұрша берместен Асланов табанды түрде кесіп айтты: — Істің ең бастысы, бұл аппаратты көп етіп шығару ісіне быйыл кірісу қажет.

Мұндай ұйғарындыны Құдірет те күтпегенді. Аслановтың өз ұйғарындысына табанды болғаны соншама, ең ақырғы минутке дейін өз пікірінен ешқандай ақау шығады деген ойға да келген жоқ.

— Меніңше, — деп Асланов «Азнефті» бастығының алдына келіп тоқтады, — егер де сіз Мирзоевтің орнын Минаевпен ауыстырсаңыз, теріс болмаған болар еді... Бұл жөнінде бізге ешкім ұрыса қоймас деп ойлаймын.

Құдірет Аслановтың айтқанының барлығын орындауға да даяр еді, бірақ бұған риза болмады.

— Сіз бекер таңданасыз. Партияға Минаев сыяқты жұмыс істейтін адамдар керек, бірақ бұл...

Асланов өзінің сөзін аяқтамастан Құдіретке қарап:

— Мирзоевті өзіне қатарлағы инженер етіп қабылдауға ризасың ба... Мен өз пікірімді қалай да өтсін деп зорламаймын. Ойлан... — деді.

Бөлмені жым-жырт тыныштық басты.

Асланов столының жанына келіп отырды.

— Меніңше, басшы қызметшілер өзіне бағынышты адамдардан төмен дәрежеде болған кезде, мұндай шешімге келу қажетті ғой деймін... Ал, Құдірет жолдас, сен ымырашылдығыңды қой. Сен осы уақытқа дейін Мирзоевтің осындай шөлкес мінездері туралы неге айтпай келдің?

— Қандай мінездері?

— Қандайы қалай? Сіздер мәжліс өткізіп, жаңалық пікірді талқылап жатасыздар, ал ол келіп аузына түскендерді сөйлеп астан-кестендеріңді шығарады... Сіздіңше қалай, бұл туралы біз білуге тиістіміз бе, жоқ па?

... Олар қалалық комитет секретарының кабинетінен шыққан кезде Мирзоев шып-шып терлеген маңдайын

сүртті. «Азнефті» бастығының мыйығы түсіп кеткен, ба-  
сын көтере алмады. Құдірет олардың соңынан жүріп ке-  
леді.

Құдіретке қайырылып караған Мирзоев:

— Сенің мұндай екенінді мен білмедім ғой... — деді.

— Онда айтылғандардың барлығы дұрыс, — деп бас-  
тық оның сөзін бөліп жіберді. — Қина, сөзсіз, бізде...  
Талтүсте шырақ алып іздеген нәрсеміз қолымызға өз-  
дігінен келіп түскен, ал біз болсақ мұны пайдалана  
алмадық.

Құдірет үндеген жоқ. Оның ойы басқамен шұғылда-  
нуда еді. «Жарыстың қортындысын тексеру керек! — деп  
ойлады ол. — Егер де жұмыс қарқыны енді өршімесе,  
онда мен тиісті жазамды алам, тексеру керек!...»

Көшеде алай-түлей жел тұрып кетті.

Мұндай жел соққан кезде теңізде қандай уақытқа  
болатынын тәжірибелі Құдірет жақсы білетін-ді. Сон-  
дықтан ол қазір өз тресіне баруға ұйғарды: «Дауыл бо-  
лады. Сонда барып қону керек».

Бірге келе жатқан адамдарымен қоштасып тұрып:  
— Кездескенше сау болыңыздар!.. — деді Құдірет.

## 6

Жұмысшы поселкасындағы бақтың жапырақтары  
сарғайғалы бірсыпыра уақыт өткен-ді. Барған сайын  
өрши түскен үскірік жел құрғақ жапырақтарды жерге  
түсіріп, ұйтқытып қайтадан көтеріп ауаға ұшырап ала  
жөнсейді. Қураған жапырақтардың жел ұшырған сы-  
дырынан сыбырласып сөйлескен қыз бен жігіттің әңгі-  
месі де естілмей қалады.

Ауа райының осындай жағдайсыз кезінде бақта кім-  
дер қыдыруға тиіс? Сөйлесу үшін басқа жер, немесе  
басқа уақыт табуға болмап па екен?

Қыз қолтықтап алған жас жігіт аяғын байсалдық-  
пен маң басып келе жатса да, осындай орайы кеп тұр-  
ған кезде көптеп бері ойында сақтап жүрген сөздерді  
айтып қалуға асығып келеді. Ол қасындағы қызға үсті-  
үстіне төктірмелетіп сөйлеп барады.

— Сен мұнан бұрын да сүйдің бе? Сен мұны менен  
неге жасырып келдің? Жігіт үнемі көңілдегі сөзді ақ-  
тарып, айта беруге тиіс пе... Өлең айтып тұрған кезде

маған қарамадың деп кіналайсың?.. — Әрине, қарағаным жоқ. Менде менмендік жоқ деп ойлайсың ба сен?

Қымбатты оқушым, өз кейіпкерлерімнің бір-біріне үйленіп, той жасағаны туралы жазғалы отырғаным жоқ.

— Бұл туралы олар ойлаған да жоқ. Олардың арманы мұнап әлдеқайда терең, болашаққа, қыйыр алысқа шалықтап жатыр...

— Ләтифа, — деді әлгі жігітімиз, — бір жылдан кейін, дәл осы кезде, мен жаңа буровойға бес мың метр бұрғылайтын болам. Менің скважинам Апшерондағы ең терең скважина болмақшы. Маған келетін тілшілер мен суретшілер соншама көп болмақшы, менің буровойымда тіпті олардың орналасып тұруына да жер жетпей қалуы ғажап емес.

— Асықпа, Таир! — деді қасындағы қыз, — бұл туралы ойлау саған әлі ерте, сен өмірге жаңа ғана келдің. Сен емтиханды жақында ғана тапсырған жоқпысың. Сенің жұмыс дәреженді жоғарылатты ма?..

Қураған жапырақтар тағы да сыбдырлады. Қыз бен жігіт үндемей жан-жақтарына қарасты. Оларға бақтың бұрышында біреулер сыбырласып тұрғандай болып көрінді; бірақ олар тек сыйдйып қалған ағаштың буын-буын тамырлары мен жуан бұтақтарын ғана көрді.

— Асықпа, — деп өз сөзін қайталады Ләтифа, — мамандықты жаңадан ғана меңгере бастадың ғой. Шеберлік дәрежесіне жеткенге дейін менің әкем жыйырма жыл жұмыс істеді.

Таир аздап мүдіріп қалды. Оның «сенің әкең мүлде сауатсыз болды ғой» дегісі де келді, бірақ Ләтифаны ренжітіп алам ба деп тайсалып, былай деп жауап қатты:

— Жыл — бұл бүтіндей өмір ғой! Он сегіз жасында Еңбек Ері болғандар аз болып па! Бұл уақытқа дейін мен көп нәрсені үйреніп үлгіремін. Ал содан кейін шешемді осында алып келемін.

— Ол қандай, қайырымды ма? — деген Ләтифаның сөзінен Таирдың анасын көруге асығыс екенін байқау кыйын емес-ті.

Бұл сұраққа Таир жауап қатпады.

— Ене, мен кешігуге қалдым! — деді де Таир жүрісін шапшаңдата түсті.

— Сен қайда баруға кешігем деп тұрсың?  
— Электромонтерлер үйірмесіне. Оқу сағат жетіде басталады. — Ләттифианың қолынан ұстап тұрған Таир:— Мұнайшыларға үш нәрсе керек деп айтқаның есіңде ме, ол үшеуінің менде біреуі де жоқ қой, — деді.

— Я, әлі есімде: батылдық, уқыптылық, жігер...

— Бірақ сен дәртіншісің ұмытып қалғансың.

— Ол немене?

— Білім. Онсыз батылдық ешнәрсеге де жарамайды.

— Бірақ білім барлығына да керек қой.

— Ал барлығынан бұрын мұнайшыларға қажет! Солай емес пе?.. — деп ол үндемей тұрып қалды. — Екі сағаттан кейін мен босаймын. Сонда киноға барайық...

Олар тас басқыштың алдында айрылысты, бірақ екеуі екі жаққа кетіп бара жатып бір-біріне қараумен болды.

Таир оқуға келген кезде барлығы да тегіс жыйналып, тек үйірме жетекшісін күтіп отырған-ды.

Әдетте оқу бір сағатқа ғана созылатын-ды. Бірақ Таирдың көп білуге тырысып қойған сұрақтарына жауап қайтару соншама уақыт алатын-ды. Үйірме жетекшісі болып сабақ жүргізетін монтер Таирдың сұрақтарынан жаман қорқатын. Ол монтер көптен бері өз мамандығы туралы ешқандай кітап оқымаған еді, ал Таир болса электротехника жөнінен өзіне бүтіндей кітапхана жасап алды. Ол түннің әлден уақытына дейін соларды оқып, түсінбегендерін әліппе тізбегі сыяқты ұзыншақ дәптеріне көшіріп алатын. Кейуақытта ол тәжірибелі мастердің білімін сынау мақсатымен де өте қыйын сұрақтар қоятын-ды.

Негізгі сабақ аяқталғаннан кейін Таир әлгі дәптерін қолына алған кезде, үйренушілер оған қарап:

— Міне, атышулы дәптер шықты жарыққа!.. — деп күлісетін-ді.

Қарт мастер оқуын жүргізгенде көбінесе практикаға сүйенетін-ді, ол өз шәкірттеріне буровойларды аралатып, нақты мысалдармен нағыз іске баулайтын. Ол бұл жолы да, Таирдың атышулы дәптерін көріп, асыға сөйледі:

— Жүріңіздер! — деді. — Кеше біздің кәсіпшілігіміз де өрт болуға шақ қалды. Мен сендерге іс жүзінде болатын бір нәрселерді көрсетпекпін, бұл туралы ешқандай кітапта жазылмаған...

Бір электр зеносында сым жалаңаштааны калса керек-ті. Сымдардың тоғысуынан кіникентай ғана ұшып шыкса-ақ болғаны, онда газға толы скважинаны жан беріп өрт алған болар еді.

— Әрине, — деді монтер, — ондай уақыңғаның ақыры өте жаман қортындыға әкеліп соғуы мүмкін... Жұмысшылардың электр жолының бұзылып тұрғанын алдын ала көргені тіпті жақсы болған... Бұл жағдай егер де алыстағы бір, немесе тіпті теңіздегі буровойдың бірінде болса қалған күнде өте қыйын жағдайға ұшырар еді... Өрт сөндірушілер келіп жеткенше өрт адамдарды да қазаға ұшыратып, буровойды да істен шығарғын болар еді... Электр сымдарын өте ұқыпты тексеру қажет және электр сақтандырушысы үнемі бақылап тұру керек...

Дегенмен, Таир сұрақ бермей отыра алмады:

— Ал егер де өрт бола қалған күнде не істеу керек?

— Еңалдымен электр қуатын беруді тоқтату керек, — деп монтер қолын сілтеп, — міне, былай! — деп рубильниктің рычагін төмен басты.

Ол өз шәкірттеріне буровойды ұзақ уақыт аралатып, содан кейін олармен бірге мұнара басына шықты. Мұнараға шыққанда Таирға Ләтифа тұратын үй анық көрінді. Сағат 9 да онымен киноға баруға уәделескенін есіне түсірді.

## СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

### I

Теңізде алай-түлей дауыл басталды. Жел аласұрып мннут сайын күшейе түсті. Таң атқалы біраз уақыт өтті, бірақ аспан әлі сұр бұлттан арылған жоқ. Теңіздің беті мұнарлатып тұрды. Теңіз бетіндегі жалданған толқын көбігі болмаса, суды мұнаймен араласып кеткен деп ойлауға болатын еді. Желден қашқандай төмендегі бұлттар оңтүстікке қарай зырғып бара жатты.

Бұл жолы Таир таңертеңгі сменада болды. Мұнда келген алғашқы кездердегі теңізде болатын аласұрған толқындар туралы Жәмілдің әңгімесін ол қазір ұмытып

та кеткендей, осындай қатты жел болады деп ол ешуақытта да ойламаған-ды. Ауа райы қауымты болған осындай жағдайда буровойдағы жұмыс тоқталуда тиісті сыяқты оның ойынша, — «Манаев» келіп барлығымызды да жағаға алып келеді. Алайда, бұрғылау балтасы бұрынғысынша айнала берді: қарт жұмысшылар бұл дауылға көңіл аударған жоқ. Таир өзінің осы ойы туралы Васильевпен сөйлескісі келді. Бірақ ол жайбарақаттанып өзінің шыйыршықтап ораған темекісін тартып отыра берді, оның бетінде биттей де жүрексіну болған жоқ. Сондықтан ол үндемеді. Таирдың көзінен қобалжу байқаған мастер көмекшісі оның бір нәрсе айтқысы келіп қыйпандап тұрғанын да сезді. Бірақ Таир үндемеді. Өзінің бұл болжауын қатеге санаған Васильев басын шайқады.

— Бакуде қыс түсті.

Таир оған түсінген жоқ.

— Қыс түсуге әлі көп уақыт бар ғой, ұста.

Буровойдың тақтайына темекісінің шоғын өшіріп тұрған Васильев:

— Календарь бойынша әлі көп уақыт бар, бірақ ауа райынан қыс інісі шығады, — деді кетіп бара жатып.

Ұлыған жел толқыны соғып буровойды солқылдатты. Мұнаралар солқылдап кетті. Алайда, Васильев бұрынғысынша саспай тұрып:

— Бакудің қысы теңіздегі солтүстіктен соққан үскірік желмен бірге келеді, — деп түсіндірді.

Содан кейін, Рамазан ұстаның буровойда жоқ екенін есіне түсірген Васильев баскімін көзіне баса киіп, теріп ойға шомып ерсілі-қарсылы жүрумен болды. Ол материалдарды көзімен тексеріп өтті де, дауыл көпке созылса мұндағы тұрбалар төрт — бес күнге жетер ме екен, деп шамалады. Мұнан кейін ол жан-жағына қарап, жұмысшылардың барлығын көзінен өткізді. Ол өз адамдарына сонша сенімді болатын. Алайда, жауынгерлерін ұрысқа бастар алдындағы командир сыяқты кездескен қыйыншылықтарды тез жеңу үшін адамдарын тағы да бір тексеріп шығуды қажет деп тапты. Жұмысшылар өздерінің дағдылы орындарында еді. Сыртынан қарағанда олардың бәрі де орнықты сыяқты, ұқыпты қараған адам олардың қандай күреске болса да даяр екенін байқап қалғандай еді. Ауа райының мұндай жағдайға жетуі жай нәрсе емес-ті. Бірақ буровойдың жү-

мысы тоқтап қалады деген ой Рамазан ұстаның бригадасындағы бірте-бірте адамда болған жоқ. Олар: «Әруақытта даяр болу керек, не қорқынышы бар». — деген ұйғарымдыға келген-ді.

Қарт мастер осындай жағдайлар туралы үнемі: «Ал егер дауыл бес күн емес, он күнге созылған күнде ше? Немесе, онда оның басылуын күту керек пе? Уақыт қымбат емес пе?» — деп айтып жүретін.

Осы ойдың өзін Васильев өзінше: «Біздің якорымыз тасталған, қазығымыз мықты», — дейтін.

Ол буровойды аралап, жұмысшылардың әрқайсысына көз салып жүріп: «Әй, жігіттер, дауыл бізге сөз болып па, біз мұны баяғыдан білеміз ғой!» — деп айтқысы да келді.

Жәміл басқа екі жұмысшымен саз-балшық ертіндісін даярлап жүр. Оның кенеп қолғаптары мазут сіңгендіктен қарайып кеткен. Жеткіншектің ойының басқа бір нәрселерге бөлініп тұрғанын Васильев бірден-ақ байқады. Ол қателескен жоқ еді. Жәміл Ләтифаның өзіне деген көзқарасының өзгергендігі жөнінде ойлап, мұны Тапрудың концертте табысқа не болғандығынан көріп тұрған-ды. Олардың бір-біріне берілгендігіне ол түсінді, бұл қарым-қатнасты өзгертуге ешқандай нәрсенің дәру болмайтынына оның көзі анық жетті. Қазір, Ләтифа Жәмілмен кездескенде онымен жай ғана амандасып, өзінің сәлемдесіп, сөйлесуі Жәмілге ауыр тиеді деген оймен өзін одан алыстатқысы келетіні қыздың көзқарасынан-ақ белгілі болып тұратын. Балалардың арасындағы болған әңгімені білмейтін Васильев Жәмілдің мұндай терең ойда жүргенін оның ежелгі тәртіптілігінен деп бағалады.

— Жігіттер, су қосыңдар, — деді ол, ертіндіні көріп. — Кешегі күннен бері бұрғылау балтасы өте баяу айналып тұр... Бір тәулікте он екі метр — бұл өте аз. Өте аз... Біз жарысқа түстік қой!

— Мүмкін, тасқа тірелген шығар? — деді, ойы әртарапқа шарықтап тұрған Жәміл.

Васильев жауап бере алмады — ызылдап соққан жел оны тұншықтырып, бір сөз айтуына да мүмкіншілік бермеді. Ол бірнеше минут ертіндіден көзін айырмастан қарап тұрды да, содан кейін ризалықпен басын изеп, мәдениет будкасына қарай жүріп кетті.

Буровой мен мәдениет будкасының арасын қосып

тұрған тақтай көңіріне өршеленіп ұлы тұлға түскен күннің желмен соққылап тұр. Өзінің теңбе-теңдігін дұрыс ұстағысы келген Васильев көккөлімен екі жағындағы сүйемелі ағаштан ұстап алып, төңірегіне қарады. Бірде көтеріліп, бірде төмен түсіп, өркештенген толқындар бірін-бірі қуалап буровой мұнарасына шабуыл жасаған дай өршелене жоғары шапшыйды.

«Дауыл күшейіп барады, — деп ойлады Васильев, — Рамазан Искендерович қалай да келеді».

Мәдениет будкасындағы кішкене столға отырып алған Ләтифа, ұлыған желдің шуымен таласа, буровойдың жұмысы туралы треске мәлімет беріп отырды.

— Жоқ, жоқ тоқтатылған жоқ... Жоқ, жұмыс істеп жатыр... — Ол Васильевті көрді. — Міне, Васильев жолдас та келді, оның өзі айтар.

— Сөйлеп тұрған кім?.. — деді Васильев Ләтифаға қарап. — Жарайды... Бұл орынсыз қойылған сұрақ дерсің: Жұмысты тоқтату туралы ешкім де ештеңе ойлап отырған жоқ.

— Олар тоқтатпайды!.. — деп айқайлады Ләтифа. — Сіздер естіп тұрсыздар ма?.. Я, тоқтатпайды!

Ләтифа трубкуны іліп қойды.

— Бұл сөйлескен кім? — деді Васильев.

— Бұрғылау конторынан. Олар қызық екен. Кейуақытта оларды тапқанша шаршап бітесің, ал енді өздері жұмыс тоқтатылды ма, жоқ па, деп мазасызданып жатқандарын қарашы!

Васильев Ләтифаның қарсы алдына келіп отырды. Бір жанқалтасынан сыры көшкен жалпақ табакеркасын, екінші жанқалтасынан бүктелген газетті алып, одан бір жапырақ жыртты да, жан-жағын тегістей бастады. Мұнан кейін ол әлгі қағазға шыйыршықтап темекі орады. Ләтифа одан көзін айырмай қарап отыр. Ләтифа өзінің алдында жатқан бір парақ қағазды алды да, оны қалың кітаптың арасына салды. Васильев қағазға ештеңе жазылмағанын байқап қалды, сондықтан да ол қыздың көзі ілеспес шапшаң қыймылына мән берген жоқ. Алайда ол, Ләтифаның беті кенет қызарып кеткенін байқады.

Ләтифа хат жазуға талай рет оқталса да, телефон шылдыры оны үнемі үзіп отырды. Ол трестен телефон соққан адамдардың дауысын нашар естіді, сондықтан да ол көбіне жобамен жауап беріп отырды. Қалада



трест басқарушысы да, инженерлер де буровойда жүрген жұмысшылардан бетер тынышсызданып отырғанын Ләтифа біледі. Әрине, трест басшылары еңалдымен жұмыстың барысымен шұғылданады. Ләтифа сұрақты тыңдап болмай жатып барлығына да:

— Жоқ, тоқтатылған жоқ! Жұмыс істеп жатырмыз! — деп жауап беріп отырды.

Ол жазылмаған ақ қағазды бірнеше рет жайып, бірнеше рет кітаптың арасына жасырған-ды. Оның Таирға хат жазғысы келген-ді. Бірақ оған бөгет жасаған тек телефон шылдыры ғана емес-ті, Соңғы кездесуде айтылмай қалған сөзді жазу әркімге де оңай бола бермейді. Мүмкін, дауыл кезіндегі қауып оның ойып бір жерге түйіндеуге мұрша бермеген шығар? Рамазан ұстанын бригадасын білетін адамдардың солай деп ойлауы мүмкін. Теңіздегі буровойда Ләтифа бірінші күн жұмыс істеп отырған жоқ қой. Дауылдан ол қорықпайды. Теңізге кездейсоқ келген қорқақ адамдар үшін ғана, тау боп көпірген толқындар құтқармас пәле, немесе өлім сыяқты құбыжық боп көрінуі мүмкін. Ал мұнда буровойдағылар тіпті басқаша ойда болды: «Уәдеде тұру керек. Скважина бес күннен кейін бітіп, пайдалануға берілу керек».

...Көбігі аспанға атып бүрқыран келе жатқан таудай толқындарға Жәмил ешбір үрейсіз қарап тұр. Мүмкін, бүкіл бригадаладағы тек өз жеке басының тағдыры туралы ойлап жүрген жалғыз сол Жәмил ғана шығар. Ол Таирмен татуласса да, жанына тиген сезімді өшіре алмады. Я, Таир өзінің мақпалдай жұмсақ дауысы, өлеңіндегі астарлы сөзімен қызды торға түсіре білді. Ләтифаға деген махаббат туралы Таирға айтып үлгірмегеніне Жәмил қатты өкінді. Бұл туралы оған ертерек айтқан болса, мүмкін, барлығы да басқаша болар ма еді? Енді бұл тағдырды өзгерте алмайсың. Мунан кейін Жәмил өз басынан басқа ойларды шығарып, енді текскважинды пайдалануға беруге бар болғаны бес-ақ күн қалғаны туралы ойлауға тырысты.

Таирлы мазасыздандырған барлығынан бұрын Рамазанның буровойда жоқтығы болды. «Теңіздегі боран оны кідірткен шығар, сондықтан келе алмай жатқан болуға тиіс.» Алай-түлей соққан желдің буровойды солқындатқанына стінің қалай үйренгенін оның өзі де байқамады. Алайда, орасан биік толқындар соққан кезде оның денесі түршігіп, тітіркеніп жүрді. Ол өзінің қорқынышын

сейкітін, басқалармен бірдей: «Бар болғаны бес-ақ күн қалды», — деген ойда болды.

...Ләтифа хат жазуға ол рет оқталды, бірақ оның бір сөзі де әлі қағаз бетіне түскен жоқ. «Скважинды тапсырғаннан кейін жазған дұрыс болмас па екен? — деген ойға келді ол. — Бар болғаны бес-ақ күн қалды ғой!»

Темекісінің түтінін бұрқыратқан Васильев оның ойын бөліп жібергендей болды.

Я, қызым, аз қалды, — бес-ақ күн. Жарайсың жігіттерім!.. Мен оларға сенем. Бірақ бізге не жетпейтінін білесің бе?

— Не жетпейді? — деді бұл сөзге жауап таба алмаған Ләтифа.

— Айтқым келмей еді, жасыруға болмас!.. Бізге азық запасы жететін емес.

— Е, сол екен ғой! — деді біраз ойланғаннан кейін тіл қатқан Ләтифа. — Оқасы жоқ, Сергей Тимофеевич жеткізер!..

Осындай аласұрған дауылда оларға тамақ алып келе ме, жоқ па? Васильев осыған мазасызданды.

— Жеткізеді деп ойлаймысың? — деді, ол көтеріңкі дауыспен.

— Әрине, бізді аш қалдыра қоймас!

— Біздің жігіттердің бәрі де өзінің бір ғана құлқыны үшін басқа біреудің суға кетуін тілемейді. Ал мен болсам олардан бетер... Жоқ, бұл ойдың тіпті қажеті жоқ. — Васильев бұрышта тұрған радиоға қарады: — Ол қалай, бұзылған жоқ па?

«Аһа, ол мұнда радионы тексеру үшін келген екен ғой! — деген ойға келді Ләтифа.

— Мен тексеріп қойдым, — деп жауап берді ол. — Сіз келер алдында бірнеше минут бұрын тексеріп шыққанмын. Жақсы жұмыс істейді. Егер де телефон бұзылса, онда мен радиоға көшемін.

— Жарайсың, қызым, қаһармансың!..

— Менің билетім өлетіні өкініш болды-ау, бүгін «Онегинге» барғым келіп еді.

— Жарайды, талай рет көрерсің әлі!

— Бұл дауыл қаншаға созылар екен, төрт күнге ме, бес күнге ме?

— Мүмкін, одан да көпке созылар.

Олар үнсіз отырысып қалды. Буровойдың бөренелері

мен тақтайларына шылпыдап соққан толқындар дыбысы гана естіледі. Васильев өзіне-өзі сөйлеп:

— Сонымен Рамазан Искендерович әлі телефон соққан жоқ қой, — деді.

## 2

Дәл осы кезде қарт мастер қалалық комитет секретарымен телефон арқылы сөйлесіп отырған-ды. Ниса, ұлы мен келіні де үйде болатын.

Ниса ас үйде күйбіндеп бір нәрсе даярлап жүрді. Ахметтің күйігі оның жүрегін қақ айырса да, бүкіл үрім-бұтағының дерлік түгелдей жыйналғанына ол қуанбай отыра алмады.

— Әке, сен кіммен сөйлесіп отырсың?

Телефон трубкасын қосқолдап ұстаған қарт ұлының сұрағын ести алмады.

Аслановтың ұсынысы құрметті ұсыныс болатын, бірақ Рамазанның ұйғарындысы табанды болып қалды. Асланов оны Сталиннің музейінде күніне бір-екі сағат болып, келушілерге өзінің көсем туралы есте қалған әңгімесін айтып тұруға шақырған болатын.

— Енді жетер, сен шаршаның ғой, кәсіпшіліктен кететін уақытың жеткен жоқ па? — деген болатын секретарь Рамазан ұстаға жасаған ұсынысында.

— Жоқ, — деп қарт шебер өзінің айтқанынан танбады, айтып беремін, бірақ буровойдан қол үзгізбеңдер. Егер де маған жақсылық істегілерің келсе, екеуін де істеуге рұқсат етіңдер.

Асланов оған ризалық білдірді де, трубканы іліп қойды. Мұнан кейін іле-шала телефон тағы да шылдыр ете қалды. Орнына отырып үлгірмеген қарт қайтадан трубканы қолына алды.

— Я, я, бұл сөйлеп тұрған мен, қызым... жаман емес, саумын. Васильевке айтарсың, мен қазір шығамын. Міне, жыйнала бастадым.

— Сен тағы қайда барғалы жыйналып жатырсың; шалым-ау? — деді; есік алдында тұрған Ниса. — Сен бармасаң аспан айналып жерге түсетін шығар, сірә? — Ниса ұлына қарады: — Сен әкене түсіндірмейсің. Қартайған сайын қутындай түседі. Осындай аласапыранда теңіз жағасына ешкім де бара алмайды.

Паша жұмған аузын ашқан жоқ. Ешқандай жалыннан, түсініктің бұл арада пайдасы жоқ екеніне ол жақсы түсінді.

— Сенің табаңда шыжылдап жатқан немене? Ап кел мыңда, жеп жіберейік, — деді де Рамазан баласының қатарына отыра кетті. — Біздің үлкен келініміздің мұнда келмеген мәні қалай?

— Ол қазір сабақта ғой. Ол не үшін қуанады; сенің бетіңді көру үшін келе ме? — деп күңкілдеді Ниса. — Мұнан басқа ешкім бұрғылай алмайтындай, қайда баралды екен бұл қутындап?!

Паша мен Нәйла күлімсіреп бір-біріне қарасты: «Бұл үйреншікті өлең ғой».

— Мұның алдында сенімен сөйлескен кім, әке?

— Асламов жолдас қой:

— Ол не айтты?

— «Музейге кел де отыр; балалар саған қарап танданатын болсын...» дейді. Менің бойымнан ондай қасиетті қалай тауып отырғанына мен түсіне алмадым? Ол менен белгілі адам жасағысы келеді; мен оған ризалық бермедім, — мен қазірдің өзінде-ақ патшадан кем өмір сүрмеймін дедім.

— Ал, ол не айтты?

— Күлді де: «Біздің заманымызда патшалар онша тыныштық өмір сүре алмай жүр ғой!» — деді:

Ниса алып келген кастрюльдің қош иісі бұрқыраған буы бөлмені алып кетті, бірақ әкесі мен баласының әңгімесі тоқтаған жоқ.

Паша Аслановты жақтады:

— Ол дұрыс айтады, әке... енді жетер. Сен шаршадың ғой. Мен келгеннен кейін саған жұмыс істеудің қажеті қанша?

Бұл сөздер қартты қуантып жіберді, мақтаныштан оның көздері жайнап кетті. Дегенмен, ол Пашаның сөзіне қосыла алмады: Ол: «Мен ақша үшін істеп жүргенім жоқ қой, ақшаның қажеті не? Біз кемпірмен екеуміз ғана», — деп ойлады. Содан кейін ол барлығына естіртіп:

— Жоқ, ұлым; бұлай болмас! Менің әлі орындалмаған арнамым көп.

— Ол қандай армандар?

— Ене, қандай?! Сен білмейтін сыяқтысың! Менің арнамым теңізде жаңа Апшерон болса екен деймін... Бақудің мұнай патшасы екенін біліп өлсем арнамым жоқ.

— Теңіз тубін менгерудің тарихы ұзақ болады, әке. Бұған бір өмір жете қоймас!

— Мүмкін, ол солай шығар, — деп Рамазан ұста бас изеді де, табадағы оwoщьпен бірге пісірген жұмыртқаның ұзын қасықпен езгілей бастады. — Теңізге бірінші буровой орнатқанымда жұрттың күлгенін естігенмін: сексен жасқа келгенде музыка үйренсе бастаған адам, оны қабырына келгенде ойнайтын болады, деген-ді кейбіреулер. Қазір мен оныншы теңіз буровойын пайдалануға бергелі отырмын. Демек, мен әзірге көрімде ойнай қойғаным жоқ.

— Мен оншақты буровой туралы емес, жаңа Апшерон туралы айтып отырмын ғой.

— Мейлі, солай-ақ болсын! Алайда, қалай болғанда да, өлгенімше қолымнан келгенін істеуге тырысамын. Міне саған бесжылдық жоспар. Үш айдан кейін мен елуінші жылдың жоспарын орындап шығам, — деді де, қарт тамақ жеуге кірісті.

Ол тамақты да жұмыс істегеніндей шапшаң жеп үлгіретін, — екі—үш асағанды тостағанын босатып та тастады.

— Музей — жақсы нәрсе... Бірақ кәсіпшілікте бір уақытқа болып қалса менің жүрегім жарылып кетпей ме?

— Сенсіз-ақ бір шарасын істер!

Бұл сөзге Рамазан тіпті шыдай алмады. Ол орнынан атып тұра келіп:

— Менсіз бе?! — Мұнан кейін бәсеңсі түсті де: — Менсіз ештеңе бітпейді деп отырғаным жоқ қой. Мен тек өз арманым орындалса екен деймін!

Тағы да телефон шылдырлады, Нәйла трубканы алды:

— Я, үйде, қазір...

Рамазан майлықпен ернің сүретті де, телефонға барды. Телефон трубкасына құлағын жақындата беріп, көзін адырайтып жіберді:

— Келмей-ақ қой?.. Бұл недеген сөз?

Сөйлеп тұрған Васильев еді. Ләтифадан қарттың келуге жыйналып жатқанын естігеннен кейін тынышсызданып, телефон соғып, миңгірлеп тұрған-ды:

— Я, қазір мұнда линкормен де жету қыйын, — деген ойға келген Васильев Ләтифаға мастерді телефонға шақыр деген болатын

Рамазан трубкаға аузын тақан тұрып әйкәй салды:  
— Е!.. Суга кетесің!.. Астраханьға бензин анарғашымында булт пағыз кейіздің бетіне тиіп жапқан-ды. Мен онда неге батып кетпедім?... Енді қартайып кеттім? — Васильев қарсы алдында тұрғандай Рамазан сүк қозып сермеді. — Қорқатын ештеңесі жоқ!.. Тек қана бес күн қалғанын сен жігіттерге айттың ба?... Тағы да естеріне түсірі!.. Жарайды, қалай болғанын көрермін... Я, жарайды, көргенше сау бол:

Паша өзінің әкесін көндірем деп тырыспады да: оның қайсарлығын жеңу қыйын екенін ол білді.

— Әке, мен сенің баруыңа қарсы емеспін, бірақ кеме болмайды ғой, — деді ол.

— Бұл туралы сен мазасызданба, өзім табам ғой!

Тарелкада қалған асын жеп болып, қарт жұмыс костюмын киді де, есікке қарай қадам басты.

— Кемпірім, — деді ол, — біздің үлкен келінімізді тағдыр ренжітіп қойды ғой. Оны өзің барып шақырып келсең қайтеді?!

Дәл осы кезде ұйтқыған күшті жел терезені ашып жіберді.

— Ең болмаса балаң туралы ойласайшы! Немене, онда сеніз ақырзамаң болып қала ма?! — деп ашуланған Ниса, терезеге барып, оны қыйындастырып жапты.

Рамазан шығып кетті.

### 3

Құдірет көрсеткіші тура «Дауыл» күшін көрсетіп тұрған жардағы ілулі барометрге әлсін-әлі караумен болды. Терезе әйнегінің дірілдеп, шылдырап тұрғаннан-ақ желдің бірден-екі күшейіп бара жатқанын байқауға болатын еді. Құдіреттің беті сұрланып кеткен. Ол ашулы, бір-ақ өзін-өзі тежеп отырғандай: Қазір буровойдан жұмысты дамылсыз қалпында жүргізу үшін бұрынғыдан өзгеше бір әдіс, басқа бір шара қолдану керек сыяқты оның ойынша. Әйтпеген күнде бұл дауыл Рамазан ұстаптың буровойның тапсыру мерзімін ұзартып жіберуі мүмкін, бұл трест тағдырына әсерін тигізеді. Ол шекенер Фикретті есіне түсірді де, оны өзіне шықартты.

— Қымбаттым менің, былай еткім келеді, — деді Құдірет, — біздің әрқайсымыз бір буровойға бекілсек деймін.

— Осындай дауылда ма?...

— Я, осындай дауылда!

— Неге?

— Мұнда отырғанымызбен тыйынсызданудан жын-данып кетуге болатынын сезіп отырмын. Мұнда біз қол қусырып отырып, тек ашуланумен боламыз! Көзің жетпеген пәрсе бәрінен жаман әсер етеді.

Фикрет ойланып шашын сыйпады да, Құдіретке қарады. Ол мәжілісте басқарушымен болған ескі таласты есіне түсірді де: «Менің оған жасаған қарсылығымның қаруын қайтарып, табиғат күшімен күресуге болатынын дәлелдегісі келіп отыр. Несі бар екен! Мен қорықпаймын!» — деген ойға келді.

— Әжетке өз дегенін көрсететін уақыт жеткен болар, — деп есіттіріп жауап қатты Фикрет. — Несі бар, Құдірет жолдас, егер де сіз мені сынағыңыз келсе, мен даярмын.

— Сынау? Мұның несі сын? Инженерге өндіріс ба-сында болған жақсы емес пе? Мүмкін, жаңа скважина-лардағылар біздің көмегімізді қажет етіп отырған болар.

— Менің қарсылығым жоқ, барамын.

Фикрет теңізге баруға шынымен даяр еді. Оның та-банлы жауабы Құдіретті таңдандырмады. Мәжілісте де тура шындығын айтып тастағаны үшін Фикретті тұрақ-сыз қорқақ деп кіналау дұрыс емес-ті. Ол тек жоспар орындау мүмкіншіліктерін жете есептей алмай қалған-ды.

— Мен теңіз жаққа бір сағат өткеннен кейін ғана жүре аламын, — деп ескертті инженер.

— Неге?

— Екінші кәсіпшіліктегі сегіз жүз он төртінші бу-ровойды аттыруға тиіс, мен соған баруға уәде берген-мін. Оны бітіргеннен кейін баруға даярмын.

— Жақсы, мейлің. Ол буровой қаншалық мұнай бер-гелі тұр?

— Кемінде бір жүз елу тонна, одан да көп беруі мүмкін. Бірақ төрт жүз екіншіге мен күмәндимын... Екі горизонттан аттырдық, бірақ судан бөтен ештеңе кере алмадық. Комиссия құрылған, ертең жарыс қортынды-сын тексереді...

Құдірет Фикреттің бетіне гесіле қарады. Жас инже-нер, төрт жүз екіншінің сәтсіздігі туралы әңгіме қоз-ғалғанда өзінің бұрынғы ойын жақтайтын сыяқты болып,

жоспардың орындалмайтындығына зіл тастан тұрған төрізді болып көрінді Құдіретке.

Құдірет жолдас, — деді Фикрет, — трестің артта қалуы менің арыма тимей жүр деі ойламаңыз. Біз ескі скважиналарды үш есе шапшаңдатылған қарқынмен жөндеп жатырмыз. Меніңше, ескі скважиналардан мұнайды біздің трестен басқа ешқандай трест көп ала алмас деймін. Күні кеше біздің трестің мұнай өндіру жоспары үш процент өсті. Осының бәрі сол ескі скважиналар есебінен. Мен азнадағы мәжілісте тек теңіз бұровойында кездесетін қиыншылықтар туралы айтқанмын. Егер де біз осы дауылдан зыянданбай аман шығып, бір жүз елу төртінші мен бір жүз елу бесіншіні пайдалануға берсек, онда Ләйла ханым қызыл туды бізге беретін шығар.

— Фикрет жолдас, әңгіме тек қызыл туды ғана емес. Ең басты нәрсе — біздің адамдарымыздың санасынан табиғат күші алдында қорқуды жою болып табылады. Міне, сондықтан да менің жұмыс басында болсақ жақсы болар еді деп отырғаным өй.. Қонаков осында ма?

— Я, осында.

Құдірет қоңырау кнопкасын басып қалды. Пальтосын нығына жамылған секретарь қыз кіріп келді.

— Сіз тоңып жүрсіз бе? — деді басқарушы, оған қарап.

— Неге екенін өзім де білмеймін, тұлабойым тітіркенеді. Құдірет Салманович, — деп жауап қатты секретарь қыз.

— Суықтан ба, немесе?..

— Суықтан... Құдірет Салманович, адамды үрейлендіретін хабарлар бар: теңізде кеме батып кетіпті.

— Кеме ме, әлде адам ба?

— Адамдар да... Олардың ішінде Рамазан ұста да бар дегенді айтады.

Құдірет не айтарын білмей мелшиіп отырып қалды:

— Мұны кім айтты?.. Қонаковты шақырыңыз мұнда.

— Күн! — деп секретарь тез шығып кетті.

Құдірет пен Фикрет ренішті жүздерімен бір-біріне қарасты.

Ұзаққа созылған телефон шылдыры естілді.

Исмаилзада трубканы қолына алды. Сөйлеп тұрған Асламов болатын:

— Қайырлы таң!.. Солай деп хабарлады... Бірақ мен бұған есебеймін...



Күдірет үнсіз тұрып телефонды тыңдады. Оның бегінің жиырмамаңашынан қазалық комитет секретарының үрсын тұрғанын байқауға болатын еді. Шынында да, ол Күдіреттің жауапсыздығын, бейкамдығын айтып ұрсып еді. «Егер де адам шығыны болса, онда сот алдында жауап бересін», — деген-ді ол.

Күдірет жауапқа сөз таба алмады. Ол не айпақшы? Ол теңізді не болып жатқанын бірінші білуге тиісті еді, бірақ оны басқа біреу арқылы естіді.

— Тап қазір тексеріп, сізге телефон арқылы хабарлаймын, — деді күдірет, ақырында. — Әрине, бұл кешеуіл!.. Бұл туралы бізден басқаның барлығы біледі.

Транспорт бөлім бастығы Қонақов кірді. Күдірет оны сұрақ берумен қарсы алды:

— Суға кеткен қай кеме?

— «Бахар». Мен түсіне алмай отырмын, мұндай лақап таратып жүрген кім? Ондай уақытқа бола бермей ме?.. Ешқандай кеме суға батқан жоқ, жағада аударылып қалғаны рас. Ешкім кеткен жоқ, барлығы муздай аман, кеме де шығарылды.

Күдірет үйдей пәледен құтылғандай болды.

— Ал Рамазан ұста қайда?

— Мұның барлығы өтірік. Рамазан ұста «Чапаевпен» кеткен, ол буровойға баяғыда жетті. Ол қазір ғана менімен телефон арқылы сөйлесті.

— Жаксы! — деп Күдірет көңілденіп кетті. — Бұл не қылған мылжың сөз?.. Бір кеме де теңізге шықпайсың деп менің атымнан бұйрық бер. Түсінікті ме, әлде тағы қайталау керек пе?

— Түсінікті, — деді де басқарушының риза болғанына қуанған Қонақов кабинеттен тез шығып кетті.

Күдірет Аслановқа телефон соғып, шын жағдайды хабарлады да Фикретке қарап:

— Байланысты күшейтуге тырысу керек. Рацияны жөндеу керек, — деді.

Мирзоевті трестке қатардағы инженер етіп жіберуге ұйғарылған болатын. Алдымен ол күн райы түзелгенше үйде отырайын деген ойға келген-ді. Үш күн өтті, бірақ дауыл тынбады. Жел күшкесе баяулағандай болған еді.

Бірақ көпке жақын тағы құтырып кетті. Құдіреттің дүй-түйі бірдей трескен кетпегі отырғанын білген Мирзоев мұнан былай үйге сыра беруге болмайтынына түсініп, таңертеңнен бастан қызметке шығуға ұйғарды.

«Егер де осылай бола берсе, жел тоқтағанша маған кемінде бір апта күтуге тура келер». Бір кезде кәсіпшілікте ишкенер боп істегендегі киген костюмын алдырты. Оның сәтсіздігіне өзінен гөрі әйелі көп қынжылған-ды. Әйелін де, өзін де жұбатып Мирзоев:

— Мұның не сәлекеті бар? Бастан не өтпейді, — дейсің. — Адамды бірде жоғарлатып, бірде төмендетеді. Мені қайда жіберсе, сонда барып қызмет істеймін.

Бірақ ол бұл сөздің шын жүректен шықпағанын өзі де сезді.

Таңертең үйінен шыға келген Мирзоев ежелгі дағдысымен әдетте антеннасын көтеріңкі «шевроле» машинасы көзіне түспегеннен кейін тоқтап қалғысы келді де, қайтадан ілгері басып, жаяу жүре берді. Оны қынжылатқан тек орнынан төмендеу ғана емес, сондай-ақ, өзінің бүкіл үйішінің әдемі жаңа машинадан айрылып қалғаны еді. Қазір оның бұл дәрежесі жоқ, міне, ол әсіресе осыған қынжылады.

«Енді жұрттың барлығы маған: «Ал, қалай екен, достым, еркөкрек мәртебең төмендеп қалды ма?» — деген сөздерлі айтады ғой», — деп ойлады ол.

Ол жалтақ-жұлтақ төңірегіне қарады. Бірақ таныс адамдардың бетінен өзін мысқылдаған белгіні байқай алмады. Барлығы да оның жанынан өтіп бара жатып бұрынғысыныңа амандасып жатты.

Треске келген Мирзоев кәсіпшіліктен келе жатқан Құдіретпен кездесіп, бұрынғысынан бетер қысылды. Құдірет тоқтап, одан бұрын амандасты:

— Сәлем, Мирзоев жолдас! Сіздің жаяу келе жатқаныңыз не? Телефон соққан болсаңыз мен сізге машина жіберген болар едім ғой.

Бұл сөз Мирзоевтің жүрегін қақ айырғандай болды. Ол тұнжырап тұрып: «Мазақ етіп отыр», — деп ойлады. Бірақ Құдірет оған ескерткендей қолын ұсынды да, кабинетіне шақырды:

— Рахым етіңіз!

Ол Мирзоевтің менмендігіне тиетін ешқандай сөз айтпауға тырысты.

— Бүгін, — деді басқарушы, — қуанышты хабар

бар. Дауыл жұмыс қарқынына өсер өте азменен. Қош-  
кінше жұмыс қарқынын көтеріп тастаған тәрізді. Мұ-  
най өндіру жоғары сексен сегізден тоқсан екі процент-  
ке дейін өсіпті... Ал бұрғылауды алатын болсаң, бір  
буровойда жүз проценттен кем емес. Мұның қалай  
екенін сіз түсінесіз бе?

Құдірет жауап күткендей Мирзоевке қарады. Бірақ  
басқаны ойлап тыншы кеткен ол жауап берумен ісі де  
болмады. «Мен енді мұның қоластына келдім. Ол өз  
істегенімді алдыма келтіру үшін мені қуғынға салады  
ғой», — деген ойға шомды. Ақкөңілділікпен күмісір-  
ген Құдірет сұрақ беруін қоймады:

— Мұны қалай болған деп ойлайсыз, Мирзоев жол-  
дас? Бұған сіз не айтасыз?

— Сіз не туралы сұрап отырсыз?

— Біздің адамдардың күшіне таным бар деймін мен...  
Мен өз тәжірибемнен білемін, мұндай күндері барлық  
жерден жаман хабарлар келіп жататын, ал бүгін ше?..

Узаққа созылған телефон шылдыры оның сөзін бөліп  
жіберді. Құдірет трубкаға ұмтылды.

— Я, я, сөйлеп отырған мен, балақай... Рамазан  
ұстаға алғыс жариялаймын, осыны айт оған. Әрине,  
бүкіл бригадаға сыйлық беретінім өзінен-өзі белгілі  
ғой! Ал тамақ жағы қалай?... Әзірге жетеді дейсін  
бе? Азық жіберуге самолет керек болса да, мен тапты-  
рып жіберемін. Тап осылай дерсің.

Құдірет орнына отыра алмай, кабинетінде әрлі-берлі  
теңселін жүріп, Мирзоевке қарап тағы да сөйледі.

— Міне, мен адам деп осыларды айтам! «Бізге еш-  
тене керек емес», — дейді. Олардың изығы жеткілікті  
деп тіпті де ойламаймын. Рамазан карт үнемі: «Керек  
емес, ешкімді жібермеңдер, бақытсыздыққа ұшырап  
қалып жүрер», — деумен келеді.

— Ал қазір ше, сұрап жатыр ма олар?

— Сіз әңгімені тындап отырдыңыз ғой!.. Бұл осы  
нәрсе емес, достым. Теңізде қағынас тоқтап қалған,  
ешқандай транспорт жүре алмай жатқанына үш тәулік  
өтті. Адамдар бір сағат та демалмаған.. Шаршап-шал-  
дықса, оның үстіне аш болса! Бұл онай емес ғой!.. Ал  
олар болса ештеңеге шағынбайды, ештеңе қажет емес  
дейді. Бірақ мен оларға қалай болғанда да азық  
жібертем.

— Ал егер, теңізге шыққандар апатқа ұшыраса кім жауап бермекші?

— Мұндай ойдың қажеті не?

— О не дегеніңіз? — деп, Мирзоев көтеріңкі лауспен сұрақ қоюға мәжбүр болды.

Адамдарға қалай еткенде көмек көрсетеміз деген ойға берілген Құдірет бұған көңіл аудармады.

— Бұл іске өздігінен сұранып баратындар табылар деп ойлаймын.

— Мейлі, бәрібір, прокурор мен сотсыз шешілмейді мұның ақыры.

Бұл жолы Құдірет Мирзоевтің ойын басқаша жоруға мәжбүр болды: «Бұл қайдан пайда болған адам? Прокурор, сот... Мен олардан неге қорқуға тиіспін? Прокурор мен соттан тек қылмысты адамдар ғана қорқатынын Мирзоев біле ме екен?.. Жоқ, достым, мұндай күндері сен теңіз буровойларына нашар көмектестің. Саған басқа істі тапсыруға тура келеді», — деді ол ішінен.

Біраз үнсіз отырғаннан кейін Құдірет:

— Мирзоев жолдас, менің сізге бір ғана өтінішім бар! — деді.

— Айтыңыз, мен енді сіздің қоластыңыздамын ғой, — деді Мирзоев.

— Мұнда тұрған ештеңе жоқ қой. Жүз жетінші буровойда Минаевтің аппараты сыннан өткізілуде. Менің машиннаммен барып, сыннан өткізу процентін бақылаңыз.

«Бастады ғой бұл», — деп ойлады Мирзоев. Оның ойынша, басқарушы бұл сынау процесін әдейі оны мұқату үшін тапсырып отырғандай боп көрінді.

— Мен сізден көп өтінемін, — деді сөзін жалғастыра түскен Құдірет, Мирзоевке қарап. — Сіз техникаға өте қанықсыз ғой, егер де аппараттан кемістік тапсаңыз, Минаевқа көмектесерсіз.

Мирзоев Құдіреттің әрбір сөзін, қыймылын қаншама аңдыса да, одан мысқылдаған ешбір белгі байқай алмады. Құдіреттің өзіне шын ниетпен, жолдастық ақықаттықпен айтып отырғанына ол енді түсінді. Құдіреттің шын сөзіне сенбестік туғызып, өзінің теріс қателескенін сезген Мирзоев, бұл жазықсыз адам жөнінде ойлаған әділетсіз ойын жұлып-шайғысы келді.

— Барамын, қалай да барамын, — деп жауап қатты ол.

— Жарайды, Мирзоев жолдас. Достықпен жұмыс істесеміз, жең ұшынан қол жалғаймыз деп сенем, солай емес пе?

— Әрине!

Бұл сөз ақыйқат шындықпен адал жүректен айтылған-ды. Мирзоев кабинеттен шыққан кезде Құдіретке: «Оның жақсылыққа да қабілеті бар сыяқты. Бұрынғы қызметінде жүргенде сондай мінезде болған себебі не екен?..» — деген ой келді. Кенеттен кіріп келген Бадирли оның ойын бөліп жіберді.

— Азық даярланып қойылды, басқарушы жолдас! Ендігі мәселе адамдарда боп тұр.

— Қазір пристаньға барамыз, — деп жауап қайырды Құдірет. — Оларға жақсы тағамдар даярладыңдар ма, әлде тек нан мен консерва ма?

— Не тілесе, бәрі де бар...

— Оларын қайда?

— Жәшікке салып шегелеп, машинамен пристаньға жібердік.

— Ал кеттік, Бадирли жолдас!

Бірақ өзінің машинасын Мирзоевтің мініп кеткенін есіне түсірген Құдірет, балконға келгенде тоқтап қалды:

— Күте тұрайық, қазір машина қайтып оралмақшы.

Осы кезде өз машинасының шарбақ ішінде тұрғанын көзі шалып қалды, демек, Мирзоев кәсіпшілікке жаяу кеткен ғой. Өз қатесін кенет сезген Құдірет күлімсіреп: «Палуан да жыққан адамының басынан аттамайды» деген данышпан мақал екен, — деді ішінен.

— Бадирли жолдас, жел басылып келе жатқан сыяқты ғой?

Бадирли енді бұрынғы әдетінше басқарушыға парасатсыз бас ізей бермейтін болды. Оның қазір өз пікірін айтуға қабілеттілігі жетіп келеді. Ол әуеге қарап тұрып:

— Жоқ, бұрынғысынан да күшейіп барады... — деді.

— Құдірет жолдас, шынын айтқанда, сіз бұйырдыңыз, мен даярлап та қойдым... Мені ештеңеге жарамайтын адам деп ойлап жүрмеңіз. Бірақ шынын айтқанда...

Мирзоев сыяқты, Бадирлидің де теңізге барудан құтылғысы келгенін сезген Құдірет қолын бір сілтеді де, оның сөзін аяқтатпастан:

— Жақсы, жарайды... Асығу керек. Мүмкін, адам-

дирымыз қазірдің өзінде ашығын жатқан шығар! — деді.

— Шынына келетін болсақ, Құдірет жолдас, жаман айғай жақсы жоқ деседі ғой. Мынау күн райы маған ұнамай тұр.

— Сонда бізге не істуге бұйырасыз? — деді тұнжырай түскен Исмаилзада.

— Мейлі, сіздіңше-ақ бола қойсын. Бірақ... Мүмкін, біз, аздап бәсеңсігенге дейін үш — төрт сағат күте тұрамыз ба?

— Құдірет машинаға отырды да, өзінің қатарынан Бадириліге орын ұсынды.

— Менің сізге беретін кеңесім, Бадирилі жолдас: бір нәрсені қолға алғанда, өз ұйғарындығыңа өзіңіз табанды болыңыз. Солқылдақтық адамды қорқақ етеді, — деді ол.

Машина жолға шыққанда аспанға көтерілген шаң қалың бұлтқа ұласып кетті, ұсақ тастар бұршақша жауып машина әйнегіне тарсылдап тиіп тұрды, екі метр жердегі нәрсені де көруге болмай қалды. Шофер машинаның шамын жақты, бірақ бұл да көмектеспеді.

— Бұл немене? Заманақыр басталды ма? — деді, барлық еңсесімен алға көз жіберген Құдірет. — Басқа жолмен жүрсең етті.

— Барлық жолда да осындай, Құдірет жолдас... Аздап күте тұрсақ жақсы болар еді.

Ол тоқтай қалды. Үнсіз отырумен бірнеше минут өтті бірақ шаң тіпті сейілер емес.

— Жайлап жүріп көрші!

Машина орнынан қозғалды. Құдірет кабинадан шығып, машина қанатында отырып ап, жан-жағына қарап, шоферге жол сілтеп келеді:

— Аздап оңға. Солға таман.. Тоқтай тұр, мен ештеңені көрмей қалдым... Я, кеттік... Аһа, сейіліп келе жатқан сыяқты? Жолды көрген кезде шапшаңырақ жүр. Міне, осылай!

Олар асфальттаған жолға келіп түсті. Мұндағы шаң жаңағыдай қалың емес еді. Көрініс жақсара бастады. Ақыры, олар жағаға да келіп жетті. Кеме адамдары жыйналатын үйшікке келді.

Құдіреттің бұйрығымен шақырылған команда капитандары бір мәселе туралы өзара қызу таласып отырғанды. Құдірет бұлардың кейбір сөздерін естіп те қарады: теңізшілер осындай тауымда жұмысты әлі тоқ-

тапнаған мастерлерді талқылап отырған-ды. Терезе алдында тұрған толықша келген, аласа бойлы капитан есіктен кіріп келген. Құдіретті басқалардан бұрын көрді, — көзді ашып-жұмғанша әңгіме тына қалды. Біреуі орнынан тұрып, Құдіретке орындығын ұсынды.

— Отыра беріңіз, отыра беріңіз, — деді Исмаилзада.

Папирос алып тұтатып тұрып, ол капитандарды сын көзімен шолып өтті, Олардың көпшілігі жастар еді.

— Мен ешкімді де еріксіз жібермеймін, — деп бастады Құдірет сөзін. — Кім өз еркімен барамын десе, сол барады. Ескертпестен түсінесіздер ғой. Жігерлік, табандылық және сақтық керек...

Бөлменің күңгірттеу бір бұрышынан «Чапаев» капитанының даусы естілді:

— Мен басқалардан гөрі тәжірибелімін ғой, маған баруға рұқсат етіңіз!

— «Рұқсат етіңіз» — деп қайталады Құдірет. — Менен несіне рұқсат сұрайсыздар? Сіздерге бұл міндеттің барлығы да анық, барлығы да түсінікті болуға тиіс, — деді де ол қолын қусырды.

— Мойындау керек, Исмаилзада жолдас, бұл оңай емес. Мен Рамазан ұстаны апарғанымда, кеменің ойнақшып секіргені сондай, тіпті біздің төбеміз бұлтқа тиіп-тиіп кетті. Ал қазір дауыл одан да күшейіп барады.

— Білемін, — деді Құдірет папиросының түтінін бұрқыратып тұрып. — Бірақ дауыл төртінші күнге созылды ғой. Буровойдағы достарымыз сусыз, нансыз жұмыс істеп жатқан болар. Олар мұны мойындамайды. Дегенмен, олардың әлсіреп қалуы ғажап емес. Өздерінді бір минут солардың орнына қойып қараңдаршы... Алайда, олар осы уақытқа дейін жұмысты бір минут те тоқтатқан жоқ... Кім өздігінен барғысы келеді?

— Барлығы да! — деді терезе алдында тұрған толықша келген, аласа бойлы капитан.

— Барлығы да! — деп нығытты айнала тұрғандардың барлығы.

— Мен даярмын! — деп қайталады «Чапаев» капитаны.

Құдірет одан:

— Егер де олай болса, баруға қалай даярланғаныңды айт? — деді.

— Не қалайы бар? Жіңішке, ұзын арқан алғым...

— Оның қажеті не?

Капитан күліп жіберді:

— Рамазан ұстаға азық жеткізуім керек, немесе осы арқанға асылып өлуім керек.

Күдірет бірден салмақтана қалды:

— Қазір өзідің жөні жоқ.

— Жақсы, Исманлзада жолдас. Менің жіңішке ұзын арқан алу себебім, оның ұшына азық байлап лақтыру үшін керек, егер де ол азық олардың қолына тимесе суға кетпей менің қолыма қайта оралады. Мұның мәні осылай. Ал ұзын жуан арқан алу себебім, буровойға жақындауға мүмкіндік бола қалса, оған барқасты байлау қажет. Әйтпеген күнде зор толқын кемеңі буровойдан жарты километр жерге лақтырып жіберуі мүмкін. Міне, бұл осы үшін керек...

«Мынау жете алар», — деді, оған ішінен сенім білдірген Күдірет.

— Ал сіз қалай даярландыңыз? — деп ол басқа капитандардан жағалай сұрап өтті. — Азық тек Рамазан ұстаның буровойына ғана керек емес қой. Өзіне-өзі сенбегендер күні бұрып шынын айтсын.

Тенізге барудан ешкім де іркіліп қалған жоқ.

— Әрине, ең қыйыны жүз елу бесіншіге бару екені сөзсіз, — деп сөзін жалғай түсті Күдірет. — Теңіз айдыны үстінде ең кемі екі километр жүру керек. Басқа буровойларға бару, жеңілдеу болады. Дегенмен, әрбір капитан қандай жағдайға болмасын даяр болуы керек. Содан кейін сіздердің екеуің осында қалып, барқастарыңды кездейсоқ жағдайға даярлап қойыңдар, ал қалғандарың буровойға бара берулеріне болады.

Бес минут өтпей-ақ машинадағы азық-түліктер барқастарға бөлініп тиеліп даяр болды. Кемелер теңізге шықты.

«Чапаев» барлығының алдында кетіп бара жатты. Күдірет пристаньда тұрып, мазасыздана түсті. Гуілдеп өршелене ұлыи түскен желге құлақ салып, қыяға көз жіберді. Ол кемелерден көз айырмай қарап тұрды.

— Күдірет жолдас, — деді, қырылдаған дауыспен, кепкасын қосқолдап ұстаған Бадирли, — бұл жігіттердің көпшілігі майданда болғандар, демек, слар талайды көргендер. Оларды жүрексіндірген бір ғана нәрсе — буровой жанына қалай тоқтау, азықты қалай тапсыру болды...



Құдірет бұған ешбір жауып қатпады. Одан екі қадам жердегі пристаньды тас-талқан етіп жапқалап жібергісі келгендей асау толқын аласұрып жатты.

Әлгі аттанған баркастар бірде толқын жалына шығып көтеріліп, бірде төмен түсіп, көрінбей, өздеріне жол ашумен алға қарай ұмтылып бара жатты.

— Олар жетеді! — деді, әрі үміттенген, әрі маза-сызданған Құдірет.

5

Рамазан ұстаның буровойындағы адамның біреуі де кеме келеді деп ойламаған-ды. Бәрінің үміті біреу ғана — дауыл тез тынады деп дәмеленуде болды. Жұмыс бір минут те тоқтаған жоқ. Бұл алай-түлей дауыл күндері ішінде бұрғылау балтасы төрт жүз жыйырма метр тереңдікке өтті. Бүгін болмаса — ертең скважина үш мың метр тереңдікке жетіп, пайдалануға беріліп, мұнай шығара бастамақшы. Шынын айтқанда, жұмыста мұндай қарқын боларын Рамазан ұстаның өзі де күтпеген-ді. Бірақ ол бригаданың ақырғы күшін жұмсап жатқанын байқаған-ды. Адамдардың қаны қашып бозарып кетті, әлсіреді. Мұнда келін қалғанына өкінген адам да болды. Алайда, бүкіл коллективтің көтеріңкі рухы түпкілікті дәстүрге айналды. Уайымшылдар да өздерінің өкінішін, ойындағы сөзін: «Дегенмен, буровойды мерзімінен бір ай емес, бір ай екі күн бұрып тасыратын боламыз. Осындай дауылда бригада уятқа қалған жоқ», — дегенге әкеп тіреді.

Ешкім де шағынған жоқ. Адамдардың аштық пен шөлге шыдауы, Рамазан ұстаның кішкене көз ілінтіп алындар деген ұсынысынан бастартуы олардың табандылықтарын, сарқылмас жігерін, қайтпас өжеттігін көрсеткендей болды.

Рамазан қарт, ұлы майданда жүргендер жау қоршауына түскен кезде мұнан үш есе ауыр қиыншылық жағдайда болғаны туралы әңгімелеуді айлаған-ды, бірақ мұның қажеті болмай қалды. Сағатпен емес, ар-ұят, ұжданы үшін жұмыс істеп жүрген өз коллективінің шын мағнасында жауынгерлер екенін ол жақсы білетін. Олар да солдаттар сыяқты, сондай анадан туғандар, бір ауамен дем алатындар, бір жерде өмір

сүрін, сол аспан астында туып-өскендер. Оларды үгіттеудің Рамазанға қажеті жоқ-ты. Ол Васильевке, Таирға. Жәмілге, Ләтифаға не айтнақшы? Олардың барлығы да қайда, не үшін жұмыс істеп жүргенін оның өзінен жақсы біледі.

Дауыл болғаннан бері Рамазанның бір рет те тұнжырап, жабырқамағанын байқаған Таир таң қалды. Ол жасарын кеткендей болды: қыран кұс сыяқты шапысан, бала тәрізді қарапайым мінезді, әзілқой, шаршамайтын болып алған. Мұның барлығы да алғашқыда Таирға жасанды болып, Рамазан бұл қылықты адамдардың көңілін көтеру үшін істеп жүргендей боп көрінді. Бірақ бұл мастердің бойына сіңген қасиеті екеніне оның кейіннен көзі жетті. Жағдай ауырлаған сайын оның көңілі, көтеріңкі бола түсті. Таир да, шаршағанын ұмытып, қарттың әзіліне басқалармен бірге күлетін болды.

Басқарушымен телефон арқылы сөйлескеннен кейін Ләтифа мәдениет бұдқасынан шықты. Әлсіреген қыз, кеуіп қалған еріндерін жалап, аяғын әрең-әрең басып келеді, Ол Рамазан жүрген жаққа қарай сөйлеп, оған басқарушының ұйғарымдысын хабарлады:

— Құдірет жолдас бүгін қалай да азық жібереді...

Рамазанның бетіне кенеттен кірбің пайда болғандай болды.

— Міне, сен өтініш жасаған шығарсың?

— Жоқ, ұста, бұлай ұйғарған оның өзі...

Дауыл болғаннан бері адамдарының аштық пен шөлге табандылықпен шыдап жүргенін қарт сезді. — оның жүрегіндегі бригадаға деген мақтаныш сезім мен аяныш сезімі араласып кетті. Алайда, Ләтифаның бұл хабары қартты қуанта алмады.

— Бекер, қызым, бекер!.. — деді ол. — Біздер үшін адамдардың қазаға ұшырауына жол беруге болмайды ғой!..

Мастердің Құдіретке телефон соғып, оны азық әкелмеуге көндіргісі де келді. Бірақ оған кенет бір бй түсе қалды: Ләтифа басқа бір басқарушыға телефон арқылы наразылық білдіріп, шағынған жоқ па екен?.. Мүмкін, осы үшін Құдірет азық жіберту қатындысына келуге мәжбүр болып, біреулердің өміріне қауып төндірген болар?.. — Қарт мастер Ләтифаға қарап зілді пішінмен:

— Қызым, мүмкін, балалардың біреуі телефон соққан шығар? — деді.

— Олай деп айта алмаймын, ұста... Өзім көргенім жоқ..

Бұл жөнінде қарт мастер адамдарымен ашық сөйлесуге ұйғарды. Ол механизмді тоқтатуға бұйрық берді. Машина тарсылы басылған кезде бригада ұстаның төңірегіне жыйналды. Ол барлығынан тынышталып отыруды өтінді.

— Рамазан ұста жыйналыс шақыруға ұйғарған болуы керек... — деді мастердің қатарынан орын алып отыра берген Таир.

Дауыл басталғаннан бері жұмысшылардың еш қайсысы қарттың тұнжырап көңілсізденгенін көрген жоқты. Қазір қарттың қасына жыйналған кезде олар оның бетінен өзгеріс, реніш көлеңкесін байқады. Рамазанның неге ренжігенін байқағысы келгендей, олар оған қадала қарай қалысты. Ол да өз адамдарынан бір нәрсе күткендей, сөзін неден бастарын білмей жан-жағына қарманды «Бізге, әрине, қыйын екені сөзсіз, — деп ойлады ішінен. — Бірақ осындай күнде теңізге шығу — өлімге бас байлау деген сөз ғой. Шыдасақ болмас па?..»

— Жігіттер! — деп сөйлей бастады ақыры, Рамазан. — Менің сендерге айтар ештеңем жоқ, өздерің айттыңдар: бізге тамақ әкелгенін тілейсіздер ме?

Бұл сұрақ өте ерсі көрінді. Егер де мүмкіншілігі болса неге әкелмеске? Ешкімнің аузына бір кесек нан, бір тамшы су тимегелі тәулік өтті ғой. Кімнің тамақ ішкісі келмейді?!

Бірінші үн көтерген Васильев болды.

— Егер де әкеле алса, әкелсін, Рамазан Искендерович, әрине, алып келсін!.. Барлығының бозарып кеткеніне қараңыз! Қайдар мен Гриша екеуі қазірдің өзінде бір түтікті көтере алмайтын болды... Қарағайдың жарқынағы Жәмилдің көзіне кесек нан сыяқтанып көрінді... Таир қазір теңіз бен бұлтты ажырата алмай жүр..

Бір кезде жігіттер күліп жіберді. Зілденіп қалған тек Рамазан мен Васильев қана болды.

— Мен ойнап отырғаным жоқ, жігіттер, — деп сөзін жалғай түсті мастердің көмекшісі. — Дауыл мұнан төрт күн бұрынғы қалпында... Кім біледі, мүмкін, дәл-

дана түсуі... Мейлі, азия келсін... Мұның қаншаға со-  
златынын кім білікті...

— Егер де жұмысты тоқтатсақ қайтер еді?

Рамазан төмен қаран тұрған-ды. Бірақ ол сурақ  
қойғанның кім екеніне карамай-ақ даусынан таныды:  
ол Қайдар болатын. Қарт мастер жарыста артта қал-  
ғаннан көрі, азық сұратуға тез ризалық білдіргенді  
макул көрді. Ол сұраққа жауап қайтармады. Басқала-  
ры да үнемеді. Рамазан әрқайсысының жеке пікірін  
білгісі келді:

— Қайдар, әкелу керек пе, жоқ па, осыны айтшы  
маған?

Қайдардың дене бітісі онша мықты емес-ті. Қазір  
оның көзі үйрегіп ішіне кіріп кеткен. Ол басын төмен  
салбыратып тұрып, көп уақытқа дейін үндемеді. Жігіт-  
тің айтар сөзі даяр екенін, бірақ оның айтуға ұялып  
тұрғанын Рамазан сезгендей болды.

— Демек, сен ризасың ғой, солай емес пе?

— Жоқ, ұста, маған ойлануға рұқсат етіңіз... — деп  
жауап қатты, теріс айнала берген Қайдар.

— Ал жарайды, ойлан... — деп шебер Гришаға ка-  
рады. — Сен ше, ризасың ба?..

Бұрын қызылшырайлы, ғыңқылып жүретін Гриша,  
жіңішкергендіктен соңғы күндер ішінде белбеуінен бір  
неше жаңа тесік шығарып үлгірген-ді. Ол сылбыр жа-  
уап қатты:

— Егер де әкелсе, несі бар... Мейлі, әкелсін... Әри-  
не... — Бір кезде есін жаңа жыйғандай: — Ұста, сіз жұ-  
мысты тоқтатып тастағаннан кейін қарнымыз бұрын-  
ғыдан бетер шұрқырап кетті. Жұмысты қайта бастауға  
болмас па екен?

Жігіттер тағы да күліп жіберді.

— Белләһи, шын айтам! — деп Гриша дауыстап  
жіберді. — Біз міндеттеме алдық қой, ұста?... Уақыт өтіп  
баралы... Жоқ, мен риза емеспін... Қандай капитан  
әкелмесін, бәрібір, ол менің досым ғой... Неге оны суға  
кетсін дейміз?.. Мен риза емеспін!..

— Менің де досым! Мен де риза емеспін!.. — деді  
Қайдар.

Рамазан өзінің көз алдында жаңа ғана төлтіректен  
кұлап қала жаздаған жирен шашты жеткіншекке қарай  
сөйледі:

— Ал сен қалайсың, Андрюша?.. Енді бір сағатқа

шыдай алсаң, одан кейін саған медицина жедел жәрдемің шақыруға тура келеді.

Андрей қолын сермеп:

— Қойыңызшы соны!.. — деді.

— Демек, риза емессің ғой!

— Жоқ, Рамазан Искендерович... Азық әкелетін де сәлет адамы ғой... Олай болмас... Керек емес. Мен ашық туралы ойлауды ұмытып та кеттім...

«Олай болса, шағым еткен кім болды екен?» — деп ойлаған Рамазан, өзінің болжауынан жаңылды. Ол тағы да барлығын көзімен шолып өтті.

— Таир, әкелу керек пе?..

— Жоқ, ұста!.. — деп Таир бірден жауап қайырды.

— Неге? Сен аш емессің бе?..

— Нағыз шын айтқанда... — деп Таир кідіріп қалды. — Васильев ұста дұрысын айтты... Кей кездері көзім қарайып кетеді... жалғыз менің ғана көзім емес, жұрттың барлығының... Бірақ әкелудің қажеті жоқ.

— Әкелудің неге қажеті жоқ?..

— Жоқ, ұста, қажеті жоқ. Неге десеңіз оны алып келуді нағыз ержүрек жігітке тапсыратыны сөзсіз... Ал мен оны тура өлімге барсын демеймін... Шыдаған жақсы болар... Шыдаймыз да, ұста!..

— Мүмкін, біреу шыдай алмаса ше? — деп біреу бүйірден іліп-қақты.

— Мен өз атымнан айтып тұрмын... — деді Таир, саз-балшық ертіндісіне былғанған қолын сүртіп тұрып. — Жоқ, мен барлығының атынан айтып тұрмын... Керек емес!.. Кім әкелетін болса да біздің адамымыз ғой. Мен риза емеспін...

Рамазан Таирды мысқылдап, іліп-қаққан жұмысшы туралы ойлады: «Жоқ, бұл да телефон соқпайды. Мен мұның сырын білемін. Құңкілдеуге бар да, бірақ бригадаға сөз келтірмейді».

— Демек, сендердің ешқайсыларың риза емессіңдер? Олай болса, Құдіретке телефон соғып жүрген қайсың?..

Танданған жұмысшылар, барлығы да мастерге қарай қалды.

Осы минутте теңізден желдің ұлыған даусына араласқан бір дыбыс естілді. Алғашқыда бұған ешкім де көңіл аударған жоқ. Осындай кезде буровойға жақындауға кім өмірін қыя алар? Бірақ бұл дыбыс барған

сайын ұлғая түсті. Барлығынан да Таирдың көзі көреген еді. Ол теңізге қарап, зәулім толқындар арасымен кішкене кемеңі көрді, ол өзін жаңқадай төңкерістірген толқынмен алысып буровойға жақындап келе жатты. Таир Рамазанға бұрылып, айқайлап жіберді:

— Уста, «Чапаев» келе жатыр!

Барлығының назары теңізге аударылды. Балалар Таирдың айқайына қосылып, жаңғырықтыра жөнөді:

— «Чапаев!» «Чапаев!»

Өз көзіне сену де қиын еді. Үлкен кемелер қойнауа тұрғанда «Чапаев» табиғаттың дүлей күшімен алысып, буровой мұнарасына жақындап келеді. Кішкене кемеңің тағдыры үшін барлығы үрейленіп қобалжый бастады.

Кеме буровойға жүз метрдей қалғанда таудай толқын оны жауып жіберді, ол көзден таса болды да кетті. Бірақ «Чапаев» берілмеді. Ол өркештенген ақ көбік ішінен қайтадан көрінді, өршелене қайта ұмтылды. Кемедегі адамдардың ешқайсысы апатқа ұшыраймыз деп ойлаған да жоқ. Олардың барлығының бойын бір ғана ой биледі: «Тез жетіп, жолдастарға көмектессек екен». Сонымен, «Чапаев» алған нысанасына жақындап келеді.

— Ей, ұста! — деп айқайлаған капитан даусы естілді. Буровойдағы барлық адам кеме тоқтаған тұсқа топталып қалды. Жәміл мен Таир қолдарын бұлғап тұр. Толқын кемеңі кенет кейін лақтырып жіберді, бірақ буровойда тұрғандар капитанды анық көрді, ол қолына бір арқан ұстап тұр, оның көмекшісі кемеңі басқарып келеді. Сол кезде капитан айқай салды:

— Ей! Арқанды ұстандар!..

Ұшына салмақты нәрсе байлаған арқанды капитан дәл лақтырды. Ол Таир мен Жәмілдің аяқ астына келіп түсті. Балалар арқанды шапшаң ұстай алды да, оны тарта жөнелді.

— Жетеді! Енді тартпандар!.. Мен буровойға тақалмаймын.

Капитанның не істегелі тұрғанын түсінген жігіттер арқанды тартуды қойып оны бөренеге бірнеше қайтара орап тастады. Толқын баркасты олай да, былай да лақтырды, бірақ капитан орнынан қозғалмай тұр. Ол су шашыраған нан, консервалар, тағы басқа тамақтарды матрестан алып, жіңішке ұзын арқанның ұшына мата-

ды да, буровой тақтайына қарай құлаштап лақтырып тұрып:

— Ей, ұтылған ойышшылар, ұстандар!.. — деп өзін-өзі айтті.

Қарт Рамазан капитанға таңдана қарап тұрып, күбірлеп сөйлеумен болды:

— Е, ол нағыз батыр жігіт екен ғой!.. Апыр-ай! қарашы оған...

Нан жоғары көтеріліп, үйірліп барып суға түсті. Таир мен Жәмил сандарын бір соқты.

— Жәмил, әттең мұнда Самандардың жоғын, ол болса нанды теңіз түбінен де алған болар еді-ау, — деді Таир.

— Ештеңе емес, өкінбендер! — деп дауыстады капитан. — Совет жерінде нан жетеді! Ол суға түскен арқанды қайта жыйнап алды, оның ұшындағы нан суға кетіп те үлгірген. — Лақтырамын! Арқанды ұстандар! — Бұл жолы капитан нан байлаған арқанды сақпанша басынан айналдыра бұлғап, құлаштап лақтырды.

Жәмил нанды жерге түспей-ақ қағып алды.

Капитан өзінің кеудесін қақты:

— Мен жараймын ғой!..

Жәмил жіңішке кендірмен шырмаған нанды шешіп алып, Таирға берді.

— Біз енді өлмейміз!

Капитан арқанды өзіне тарғып алып, оған үлкен консерва банкаммен байлады да, бұрынғысынан да дәлірек тастады:

— Ей, аздап жендер: мен енді келмеймін! Осының өзінде-ақ зәрем ұшып кетті!..

Арқан қайтадан лақтырылды. Бұл жолы бір була колбаса Жәмилдің дәл аяқ астына келіп түсті. Капитан мұнымен тынбады, тағы айқайлады:

— Ей, естіп тұрсындар ма? Сендерге тек арақ жетпей тұр! Мен әдейі алмадым. Әйтпесе жолшыбай ішіп алып, теңіз түбіне барып балықтарға жем болған болар едім.

— Бері қара, Аббаскули! — деп айқайлады Васильев. — Сен арақты бекер әкелмеген екенсің, әттең, жігіттерге жылынып алған теріс болмас еді.

Капитан мастерге тағы да жауап қатты:

— Әй, ұста! Өмірі сендерден бір қайырымды сөз еститін көзім болар ма, сіре?

Рамазан ұста күнін жіберді:

— Жарайды, біз сенімен енді татуласамыз!.. Рахмет. Кішкене демал! Сенің қолың темірден жаралмаған ғой!.. Демал!..

Бірақ Аббаскули өзінің ісін бітіргенше тыным тапқан жоқ, барлық азықты лақтырып болмай демін де алмады. Жел аз уақыт бәсеңсіді. Осы минутті пайдаланып капитан кейін бұрылып жағаға қарай тартты.

Мәдени будкасынан Ләтифаның кенет қатты даусы естілді. Барлығы дауыс шыққан жаққа жүгірді. Қыз жеңішке көпірмен жүгіріп шықты.

— Өрт, өрт!

Ашық пен шөлді ұмытқан адамдар будкаға қарай жүгірді.

— Бұл қалай болды? — деді қатты саскалақтаған Васильев.

— Электр сымдары жанып барады. Мен электрді бұрап жағып едім будканың жартысын жалын алып кетті.

— Ал, жігіттер, тек саспаңдар! — деп команда берді Васильев. — Су тасындар...

Таур шелекке қарай жүгірді де, кенет электр үйірмесіндегі монтердің айтқаны есіне түскеннен кейін рубильникке барып электр тогін үзіп жіберді. Содан кейін біреудің қолындағы шелекті жұлып алып, ішіндегі суын будка терезесіне шашты. Іштен түтін бұрқырады. Бірақ жалын өлі сөнген жоқ. Мұндай дауылда жалын бүкіл буровойды алып кетуі мүмкін. Өте қауыпты.

Жәміл кұм салған жәшікті ашып, кұмды күрекпен терезеден ішке қарай лақтыра бастады.

Бұл арада тағы да Ләтифаның даусы естілді:

— Рация!.. Рация жанып кетеді!..

Мұндай дауылда байланыссыз қалудың мәніне барлығы да жақсы түсінетін-ді. Ләтифа будкаға кіруге ұмтылған кезде Васильев оны ұстай алды:

— Ләтифа, керегі жоқ! Керегі жоқ деймін мен саған!

Таур көп ойланған жоқ. Босаған шелекті лақтырып жіберіп, будкаға кіріп кетті. Оны жалын жалап, түтін гүншықтырды.

Көзін жұмып, аппаратты сыйпалап тапқанша, ол өрттің қармауымен болды. Оның демі бітіп бара жағыр.



Біреу терезеден мұздай суды кенет ләк еткізіп күйіп жібергенде, оның көзі шайдай ашылды.

Таир будкаға болған бірнеше секунд ішінде қаншама кыйналғанын Ләтифаның өзі ғана білді. Таирдың жалын атып тұрған будкаға кіргенін көргенде Ләтифаның қолы үзіліп кеткендей болды. Қорыққаннан тостағандай көзін бажырайта тесіле қарап, бір орнында мелшіп тұрып қалды.

Тап осы минутте оның басын бір ғана ой шатын тұрды: «Күйіп қалады, күйіп!»

Будкадан рацияны алып шыққан Таирды көргенде, бәрі де қуанып кетті. Оның жұмыс киімі тұтанып жүр, шашын жалын шарпыған, түтіннен көзі жасаурап кеткен. Жәміл оған тағы да су шашып жіберіп, оның киімінің әлі де тұтанып жүрген жерлерін сөндірді.

Тізбектеліп сапқа тұрған жұмысшылар шелектерді қолдан-қолға жүгіртіп, будкаға су шашып жатыр. Будканың жалыны мен түтіні басыла бастады, оның ішіне кіруге толық мүмкіншілік болып қалды. Васильев ақырғы шелекті будканың ішкі қабырғасына шашып жіберді де, Ләтифаға қарап:

— Балам, будка қабырғаларын плакат, газеттермен әшекейлей берудің қажеті жоқ еді, мұны бекер істегенсің, — деді, түтіні бұрқырап, жыртылып жатқан қағаз күйіктерін нұсқап. — Біз енді кішкене ғана кешіккенімізде өртеніп кететін екен.

Өзі кінәлы болған соң Ләтифа бұған тіл қатпады. Шынында, жалынның тез лапылдап, өршіп кетуі тек желдің күштілігінен ғана емес, будка қабырғаларының плакат, газеттермен шоқпытталып көп жапсырылғанынан болды.

— Енді бұл біздің қажетімізге жарар ма екен? — деді біреу.

Түгел сөніп болды ма екен деп шүбәланған Ләтифа тағы да будкаға үніле қарады.

— Сен қорықпай-ақ қой, — деді Таир, — өшірілді.

Жалын шалып күйе болған столға рацияны қойып тұрып Жәміл:

— Мына сымдарды жөндегеннен кейін Ләтифа қаладан қуанышты хабар ұстайтын болады... — деді.

— Жөндейді? — деп қайталады, ойға шомған Рамазан ұста, таңданған пішінмен. — Кім жөндейді?

— Монтер шақырамыз! — деді, аңдамай сөйлеп қалған Грина.

— Рация қатардан шығып қалды, телефон таңертең бұзылған, капитан Аббасқұли қайтып кетті, біз мөңілерді қалай шақырамыз, балам?

Бұл жағдай есіне түсіп қынжылған Васильев:

— Қазір қараңғы түседі. Бізде байланыс та, жарық та болмайды. Жұмысты қалай істейміз? — деді.

Барлығы тұнжырап, үндемей тұрып қалды.

Жәміл Таирды шынтағымен түртіп қалды да:

— Ал, жаңадап болған электр технигі, көрсет өнерді! — деді.

Мұны естіген Таир қармана бастады.

«Шынында, мен нені күтіп тұрмын? Мен бұл өнерді не үшін үйрендім?» Алайда, ол өзіне-өзі әлі жете сенбейтін. Бір күні жатақханадағы электр жолы бұзылып қалғанда ол өзінің үйірмеде алған білімін іс жүзінде сынауға ұйғарған-ды. Ол сақтандырғыш пробканы ұзақ уақыт шұқылады, ток тиген сайын қолын жұлып ала берді. Балалар оған шек-сілесі қатып күлісіп: «Саған электр технигі емес, етікші болу керек!» — деп мазақтаған болатын-ды.

Ал қазір Таир өзін тәжірибелімін деп есептеп, одан да жауапты істі қолға алуға тәуекел етті.

— Ұста, — деді ол мастерге қарап, — электр жолын жөндеуге рұқсат етіңіз!

Мастер үндемеді. Сыртынан қарағанда ол қынжылмаған адам тәрізді, бірақ оның іші күйіп тұр: «Скважинаны пайдалануға беруге аз-ақ уақыт қалғанда, көрмейсің бе кенет... Таир жөндей ала ма?.. Жарықсыз жұмыс істеуге де болмайды. Мұндай жағдайда нағыз апатқа ұшырап қалу да онша қыйын емес». Ол өз басынан кешкен жағдайлардан табиғаттың дүлей күшімен күрес жолында болмашы кездейсоқ уақыттардан екі, үш ай істеген еңбекті зая жіберетінін есіне түсіріп тұр. Ал қазір ше? Болмашы бір мүкіс кеткен іс скважинаның апатқа ұшырауына қауып туғызып тұрды. Бұл шешуші сағаттарда электр жарығы өте қажет.

— Жөндеп көрейін бе, ұста? — деп Таир қайта сұрады.

— Жөндеу қолыңнан келе ме?

— Келтіру керек, ұста!

— Жарайды, олай болса кіріс. Тек жалғыз өзің емес, балалардың көмегімен істе.

Буровойда сым да табылды. Рацияның жапқан сы-

мың қалпына келтіру оңша қыйын емес-ті. Бұл істе Таирға Ләтифаның өз де көмектесті. Бірақ электр сымдарымен айналысу, оны жөндеу оңай болмады. Алдымен сымның үзілген жерін табу керек, содан кейін бүтін сымды тексеріп, оның сыртының сыдырылған жерін анықтау қажет. Қараңғы түсіп барады. Шапшаң қыймылдау керек болды.

— Жәміл, сеніңше, сымның үзілген жерін қайдан іздеу керек? — деді Таир.

— Монтер мен емес, сенсің ғой, — деді, қатуланған Жәміл.

— Олай болса мұнара басынан бастап зерттейміз.

Ол кішкене батарей шырағын қолына алып, басқышпен өрмелеп жоғары көтерілді. Солқылдап тұрған жіңішке басқышпен мұнара басына көтерілу оған енді қорқынышты болмады. Қандай кұтырған желдің күшіне болмасын бұл басқыштың құлмайтынын ол әбден біліп алған-ды.

Жоғары барған сайын жел долдана түсті. Тайыр баскиімің құлағына түсіріп, баса киді де, шырағын алдында ұстаған бойы, соққан жел күшімен шайқалып тұрған сымдарды қарап өтті.

— Мұнда үзілген жері жоқ, барлығы да өз қалпында, — деді ол.

— Қайта қайтайық, — деп Жәміл оған ұсыныс жасады. — Бұл біздің ақылымыз жетер іс емес тәрізді.

— Қайтсақ қайтайық, — деп Таир бұған ризалық білдірді. — Бірақ бұған біздің ақылымыз жетеді.

Олар мұнара басынан қайта түсіп келеді. Кішкене шырақтың сәулесі екеуінің жолын көрсетіп келеді. Басқа жұмысшылар да сымның үзілген жерін сыйпалап, іздеп жүр.

— Мында, мында! — деп айқайлады Гриша, бір Кезде. — Монтер жолдас, мында келіп шеберлігіңді көрсет!

Электр линиясы буровойдың төменгі бір тіреуі тұсынан, судан бір метрдей жоғарыдан үзіліпті. Онда барып жарықсыз жұмыс істеу оңай емес.

Таир көп ойланып тұрмады. Өзінің белбеуін алып, оған кішкене шырағын байлады да, кеудесіне іліп қойды. Содан кейін басқа жігіттерге:

— Арқан әкеліңдер! — деп айқайлады.

Қайдар арқан әкеліп, Таирдың қолтығынан орай бай-

лады. Сымның бір ұшын аузына тістеп алғап Таир, тіреуге жармасып төменге түсе бастады.

— Енді мені мықтап ұстандар. Егер де суға түсіп кетсем қайта тартып алыңдар. Оқасы жоқ, жаман емес!

Бір аяғын тіреудің кетік жеріне тіреп толқынмен шайқала тұрып, жанындағы шаппа пышағын алды. Тісімен тістеп тұрған сымның екі ұшын кезекпен қырып, аршый бастады.

Тағы бір пәлесі кездесті ғой? Ол асығып жүріп изоляция лентасын ұмытып кетіпті.

— Гриша! — деп айқайлады, төменде тұрған Таир. Тап сол кезде ол әлсіреп бара жатқанын сезді. — Бір жапырақ изоляция лентін бер! Тез!..

Ұйтқый сокқан жел толқынымен буровой солқылдай түсті. Сәл қолапайсыз қыймылдаса болғаны, Таирды жұлып әкеткелі тұр. Бірақ Жәміл арқанды табандап ұстап тұр. Изоляция лентін де алып келді. Бірнеше минуттен кейін төменнен Таирдың қарлыққан даусы естілді:

— Рубильникті қосып көріндер!

Көзді ашып-жұмғанша, буровой жарқыраған электр сәулесіне бөленді. Шам бұрынғысынан да мол жарық бергендей болып кетті..

Жұмысшылар еріксіз қолдарын шапалақтап жіберді. Таирды тақтайдың үстіне тартып алды. Оның тұлабойында су өтпеген жер қалмаған. Қимнен де, бетінен де су тамшылап тұр.

Оның үстіне кенеп плащ жапты. Әлсіреген Таир тақтайдың үстінде мелшиіп біраз тұрып қалды.

— Ол мактауға тұрарлық жігіт дедім ғой мен, — деді қалтыраған даусымен Рамазан ұста, Васильевке қарап. — Ал, жігіттер, жұмысқа кірісіңдер!

Кенет қозғалысқа енген механизмдердің гүрсілі азынаған дауылдың даусымен ұласып кетті.

Ротор ұршықтай айналды. Бұрғылау бұрынғы қарқынымен жүріп жатты. Рамазан ұста тормоздың жанында тұрып, дрлометр көрсеткішін өзі бақылады. Бұрғылау балтасының жұмсақ жерге келгенін сезген карт мастер оған салмақ қысымын көбейтіп, оның айналымын тездетті. Жұмыстың қызғандығынан барлығының жүйесі саз ішегіндей керіліп шыйрай түсті. Бұрғылау балтасы жобалы тереңдікке таялып келеді.

Қарт шебер оқтып-оқтып скважинадап шығып жат-

қан саз-балшық ертіндісін қолымен сапырып, оны ісік-кеп қойып тұр. Өзінің қуанышқа бөленген даусын сөз-дірмеуге тырысқан Рамазан ұста сөзін қайталап:

— Жақсы, балаларым, өте жақсы!.. — дей берді.

## 6

Баркастар ештеңеге шалдықпай буровойларға аман жетті. Жүз елу бесіншімен байланыс жасалды. Ондағы жұмыстың ақаусыз жүріп жатқанына Құдреттің көзі жетті, ол иығынан зіл түскендей болды. Енді оның үйге қайтуына жағдай туды. Осы кеште Ширмаи жас талаптылар концертінде ән салуға тиісті болатын. Құдірет-үйге келгенде қызы да, Ләйла да үйде жоқ еді.

Концерт басталуға тек он минут-ақ қалды. Баласының сасқалақтап жүргенін байқаған Тоғызбан оның себебін сұрады. Құдірет өзінің аталық мақтанышын жасыра алмады:

— Мен сол үшін келдім ғой. Олар мені күте-күте шаршағандықтан кеткен шығар.

— Ой, ұлым-ай, оның қалай киініп-таранғанын өзін көруің керек еді! Ол киініп тұрып есіктен көзін айырмай: «Папашым әлі келмеді ме?» — деумен болды ғой. Сен де сонда барасың ба?

— Барам, кеттім. Олар онда мені күтіп отыр ғой!..

Ол тамағын асыға ішті де, шығып кетті.

Филармонияда концерт басталып та қалған. Билет тексеретін ақ шашты әйел Құдіретті тоқтатып:

— Тек балконға ғана барып отыруға болады, — деді.

— Оқасы жоқ, — деп Құдірет әлгі әйелдің нұсқаған басқышымен жоғары көтерілді.

Сахнада Ширмаи жасындағы бір бала скрипка ойнап тұр, Құдірет біресе сахнаға қарады, біресе Ләйласын іздеп залдағыларды көзімен шолып өтті. Концерттың даушылардың тең жартысы концерт берушілердің туған-туысқаны екені айтпай-ақ белгілі болып тұр. Залдан отыруға орын таба алмаған адамдар жарды жағалай тұрып алған.

Құдірет те отыра алмады. Жас музыканттың ойынына ұйыған, өзінің Ширмайы туралы ойда болған. Құдірет бос тұрған орынға отырып та үлгірмеді. Бұл баланың тамаша ойынына барынша түсінсе де, таңдалған жоқ. «Біздің балаларымыздың тағдыры туралы»

хаалық қам жейді», — деп ойлады Құдірет. Ол өзінің кемтарлығымен өткен жартылай жетімдік балалық шағын өзі есі түсірді. Әкесінің, өзінің жолдастарының еңбектері тегін кетпегенін ол анық сезді. Ол тек Ширмаидың қуанышы үшін ғана емес, сондай-ақ, осылардың бәрін көріп сүйсіну үшін, өз басынан өткен қиын-қыстау күндерді еске түсіру үшін келгенін сезді.

Әлгі бала скрипкасын ойнап бола берген кезде концерт көрушілердің қол шапалақтаған қошеметі залда теңіз тасқынындай лықсыды. Сахнадан скрипкашы бала кете берген кезде оның орнына үкідей қызбен, тағы да бір музыкант бала келіп тұра қалды. Бұлардың қайсысының жақсы ойнағанын айырып айту қиын еді.

Ақыры, бір әйел конференсье сахнаға шығып, Ширмандың атын атады. Құдірет сахнаға қарай қадала қарап қалды, оның барлық ықласы сахнада болды, оның жүрегі лүпілдеп жні соға бастады.

Ол ілгері енгелей түсуге мәжбүр болды.

— Шопеннің этюдi орындалады, — деп хабарлады, әлгі әйел.

Міне, Ширман сахнаға шықты. Рояльға қарай беттеп келе жатқан жолында ол залдан біреуді іздегендей болды. Оған Құдірет те қарады. Ол бірінші қатардан Лайла мен Садәфті көрді. Олардың қатарында бір орын бос тұр еді. «Мұны олар маған арнап қалдырған екен ғой», — деп ойлады Құдірет. Ол енді Ширмаидың кімді іздеп тұрғанын білді, оның «Қызым-алтыным, мен мыңдамын!» — деп айқайлап жібергісі де келді.

Ширман рояльға жақындап келіп, орындыққа отырды. Орындыққа отырғанда оның аяғы жерге тимеді. Кішкентай саусақтары рояльдің тілдерін билете жөнелді. Зал қайтадан жым-жырт болды. Ширман үлкен адамша, жүрексіңбей, өзіне зор сеніммен, батыл ойнады. Тыңдаушылар шын жүректерінен күлімсіреп, әсерлі сезіммен тыңдады. Жас өнерпаздардың туған-туысқандары әрбір жеткіншектердің шеберлігіне қуануда.

Құдірет төкірегіндегі жұрттың не туралы сыбырласын сөйлеп отырғандарын естіген де жоқ.

— Жарайсын, Ширманым!

— Бұл сіздің қызыңыз ба? — деді оның қатарында отырған бір әйел.

Құдірет үндеместен басын изеді.

— Қызыңыз тамаша пианистка болады, — деді тағы

— Әнді әйел. — Мен оны өз группама қуана қабылдағым болар едім.

— Соншалық жақсы ойнады ма. — деді Құдірет.

— Оның жасына қарағанда жаман емес.

Құдірет көршісін енді таныды, бұл сөйлеп отырған музыкадан сабақ беретін белгілі Шейда ханым болатын.

Ширман ең ақырғы аккордын тартып жіберіп, орнынан тұрды да жүгіріп сахнадан кетіп қалды.

Қол шапалақтау көпке дейін басылмады. Айқайлаған дауыстар естілді.

— Бис! Бис!

Құдірет қолорамалымен жасаураған көзін сүртті.

## 7

Жас талапкерлер концерті болған күннен бері екі апта өтті. Ләйла өз кабинетінде орындалған жұмыс графигін қарап отыр. Ол кенеттен шарбак ішінен шыққан гармонь даусын естіді де, терезеге барды.

Трест шарбағы ішінде шулаған топ сап түседі, шенбер құрып айнала тұрған бойы алақан соғып тұр, бұл қоршаудың дәл ортасында біреу билеп жүр.

— Бұл немене? Жұмыс кезінде не қылған сауық? — деді Ләйла есіктен кіріп келе жатқан трестің бас инженеріне қарап.

— Бұл біздің адамдарымыз емес. Бұл жігіттер Құдірет Исмаилзаданың тресінен келген. Олар алып қетуге келген...

— Нені әкетеді?

— Олар жарыста озып шықты ғой.

Аңғарып тұрып қалған Ләйла бұлардың нені алуға келгенін енді есіне түсірді.

Я, бүгін ол треске Мемлекеттік Қорғау Комитетінің туын тапсыру керек екен-ау!

— Олар Рамазан ұстаның бригадасына алғыс айтуға тиіс, — деді Ләйла, бас инженерге қарамастан.

— Жарыста озып шығуы үшін сіз Құдірет Исмаилзадаға алты ай уақыт бердіңіз. Ол осы уақытты пайдаланба бiлді. Ал біз болсақ негізгі бір мәселені ескермедік. — деді инженер Ләйлаға қарап.

Ләйла жауап қатып үлгірмей-ақ, дабырлап, баспал-

дақтан өрмелеп келе жатқан адамдар дыбыстары естілі.

Есік те ашылды. Бұл келген топтың көпшілігі жастар еді. Алдыңғы сапта қолына баян алған Миша, сазын қолтықтаған Таир, бұлардан кейін Гриша, Ләтифа келе жатты.

— Сәлематсыз ба, Исмаилзада жолдас! — деді нығыта сөйлеген Миша. Ол, Ләйланың столы тұсында ілулі тұрған туды нұсқады. — Жарыс нәтижесін тексерген комиссия, жарыста біздің озып шыққанымызды анықтап, туды біздің треске көшуге тиіс деп ұйғарыпты... Жалпы жыйналыс туды қабылдауды бізге тапсырды.

Столдың арғы жағында отырған Ләйла орнынан тұрды. Бұларға жауап қатуға ыңғайланды.

— Біз өте қуаныштымыз, жолдастар! — деп бастады да, тоқталып қалды. — Біз достарымыздың жеңіп шыққанына, осындай данққа не болғанына өте қуаныштымыз. Бірақ... бұл біздің жалпы жұмысымыздың бастамасы ғана. Біздің тресіміз мұнан өзіне қажетті қортынды жасайды.

Ол өз тұсындағы қабырғада тұрған туды алды да, Ләтифаға ұсынды.

Төбесі көкке жеткендей қуанған Ләтифа көтеріңкі, ашық даусымен оған жауап қатты:

— Ал біз, бұл туды мәңгі қолымызда ұстаймыз деп уәде береміз!

Телефон шылдырлады.

— Я, мен, — деді Ләйла. — Ал, Құдірет, құттықтаймын! Барлығының кілті тек екі процентте болып тұр ғой... Сіздер — жүз жыйырма екі процент, ал біз — жүз жыйырма. Біз де өзіміздің барлық күшімізді жиярмыз... Бұл туды біздің екі жыл ұстағанымызды ұмытпа! Мейлі, бұл енді сіздерде бола тұрсын. Кейін көрерміз!

Миша гайтагіні ойнады. Туды қолына ұстаған Ләтифа келгендерді бастап Ләйланың кабинетінен шығып кетті.

Ләйла бас инженеріне қарап:

— Рамазанның буровойы тәулігіне қанаша тонна береді? — деді.

— Бес жүзден артығырақ.

— Мен оған өте қуаныштымын, — деді де Ләйла бас инженерге қарады. — Ал сіз қалай дейсіз?

— Әрине, туды өз қолымыздан шығарғым келмей



еді: біздің трест соғыстың қызын жылдарында мұнай өндіруді бір процент те төмендетпеді ғой.

— Барлығымыз жұмысшымыз керек, — деп қорытты сөзін Ләйла. — Осы уақытқа дейін біз тек озаттарға ғана сүйеніп келдік. Мұнан былай қатардағылар озып шығуға тиіс те, озаттар отличник болулары керек.

Күдіреттің машинасы теңіз жағасында тұр. Оның өзі жай ғана толықсып жатқан теңізге көз жібере отырып, газет тілшісімен әңгімелесіп отырды.

— Әзірше Рамазан ұстаның бригадасы туралы айтар ештеңе жоқ, — деді Күдірет. — Қазір Рамазан поэзиядан прозаға көшті.

Бұл сөзге түсіне алмай қалған тілші оған қарап бажырая қалды. Исмаилзада оған қайталап түсіндірді:

— Проза деп біз демалысты айтамыз. Енді екі күннен кейін ғана Рамазан бригадасы жаңа скважинаны бұрғылай бастайды.

Тағы да бір мәліметтерді білгісі келген тілші Күдіретке тағы да сұрақ қоя бастады.

— Қазір менің бір жалпы мәселені білгім келеді: Апшеронның мұнай қоры қандай жағдайда? Бұл туралы барлау нені көрсетіп отыр?

Теңіз айдыны аспанмен түйісіп жатқан көкжиекке қарап отырған Күдірет, оған жауап бере бастады.

— Апшеронның мұнай қорын Каспий теңізімен салыстыруға болады. Шынында, теңіз суы жылма-жыл тартылып барады. Бірақ, кім білген, түгесіле қоймас. Бұл теңдестіруді де дұрыс деуге болмайды. Каспийге бірде-бір жаңа өзен құймайды. Ал Апшеронды алсақ, оған Азербайжанның талай мұнай бұлақтары құйып жатыр. Совет елінің сарқылмас мұнай бұлағы мәңгі қайнай бермекші, деп жазуыңызға болады.

Теңіз бетінде қандай тізілген баркастар көрінді. Олар өте қыйсапсыз көп, қарақұрымдай қаптап барады.

— Олар қайда жүзіп барады?

Бұл сұраққа дәл жауап беруге болмайды, сондықтан Күдірет:

— Олардың жүзу шегін мен өзім де дәл білмеймін. Олар туралы бір ғана нәрсе айта алам: олар барлау жүргізуге жүзіп барады — жаңа мұнай аралының контурын сызуға тиіс, демек, теңіз түбіндегі мұнай алаңын әзірше шамамен анықтауға тиіс, — деді.

Толқындар дауыл болған кездерде асып түскен

өрнекке жете алмай, біркелкі жағаға жетіп барып, кейін сөрип жатты. Теңіз беті емескі шайқалып тұр.

Алыстан бара жатқан кемелдің бірінен шырқаған әсем ән естіліп барады. Онда мұнайшылар армиясының жастық пен жеңіс жырлары айтылып жатты. Кемелер нөкері көкжиекпен ұласып жатқан айдын теңіз төріне қарай өрмелеп барады.

...Бұл өлең айтып бара жатқан Таир болатын. Ол өзінің қарсы алдында отырған достары үшін, Ләтифа үшін өлең айтып, даусын барған сайын шынға өрлетіп келеді.


Құдірет жағада отырып, жүрегін тербеткен жас ақынның шырқаған әнін еңсесін сала тындады.

Кемелер айнадай теңіз бетін тілгілеп ілгері ұмтыла түсуіне карағанда, олардың алдында теңіздің бас иіп, өз қойнындағы сарқылмас байлығын түгел беруге даяр екенін білдіргендей боп көрінеді.

Ал жас ақын Таирдың өлеңі өмірдей сарқылмас, махаббаттай күшті, шырындай тәтті боп жалғаса түсті.

1947—1948

Баку



Перевод Б. Сланова

**Мехти Гусейн**

**АПШЕРОН**

Роман

(На казахском языке)

Издание Казгослитиздата—1951

Редактор *Т. Хайдаров*

Художники *В. Хомулло и С. Альферов*

Техредактор *Е. Круглов*

Корректор *А. Джангалли*


Сдано в набор 17-VII-1951 г. Подписано к печати 12-X-1951 г.


Изд. № 138 УГО 6871. Бум. 84X:081<sub>32</sub>—4,5 б. л.—14,76 п. л.

(уч.-изд. 16,2 л.) Тираж 15.000 экз. Цена 14 руб.

г. Алма-Ата, Гостипография № 1. Заказ № 639







Бағасы 14 сом.